

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ОҚУ-АҒАРТУ МИНИСТРЛІГІ
Ы. АЛТЫНСАРИН АТЫНДАҒЫ ҰЛТТЫҚ БІЛІМ АКАДЕМИЯСЫ



**ҚАЗАҚ ТІЛІН ОҚЫТУДА ЖАСАНДЫ ИНТЕЛЛЕКТІНІ
ҚОЛДАНУ БОЙЫНША ӘДІСТЕМЕЛІК ҰСЫНЫМДАР
(5-9-СЫНЫПТАР)**

Астана, 2025

Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясының Ғылыми-әдістемелік кеңесінің шешімімен баспаға ұсынылды (2025 жылғы 5 маусымдағы № 2 хаттама)

Қазақ тілін оқытуда жасанды интеллектіні қолдану бойынша әдістемелік ұсынымдар (5-9-сыныптар). – Астана: Ы. Алтынсарин атындағы ҰБА, 2025 ж. – 320 б.

Әдістемелік ұсынымдарда жалпы орта білім беретін мектептердің 5-9-сыныптарында қазақ тілін оқыту үдерісінде жасанды интеллект құралдары мен оларды тиімді пайдалану жолдары қарастырылады. Заманауи технологиялардың көмегімен тілдік дағдыларды дамыту, білім алушылардың шығармашылық және сыни ойлау қабілеттерін жетілдіру, оқыту процесін даралау мен жекелендіру мәселелері қамтылады.

Әдістемелік ұсынымдар жалпы орта білім беру ұйымдарының қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімдері мен әдіскерлеріне арналады.

Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы жекелеген ұйымдардың мүддесін қорғауды немесе оларды ұсынуды мақсат етпейді.

КІРІСПЕ

Қазіргі әлем ғылым мен техниканың үздіксіз дамуымен сипатталады. Әсіресе, жасанды интеллект (ЖИ) технологиялары адамзат өмірінің барлық салаларына енуде. ЖИ технологияларының адам өміріндегі орны мен әлеуеті жыл сайын артып келеді.

Қазақстан Республикасының білім беруді дамытудың стратегиялық құжаттарында цифрландыру және жаңа технологияларды енгізу маңызды бағыттардың бірі ретінде көрсетілген. «Жасанды интеллектті дамытудың 2024-2029 жылдарға арналған тұжырымдамасын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2024 жылғы 24 шілдедегі № 592 қаулысында да білім беру саласында ЖИ-ді тиімді қолданудың маңыздылығы анықталған [1].

Қазақстан Республикасының білім беру жүйесіне де заман талаптарына сай жаңа технологиялар енгізілуде. Білім беру жүйесінің қарқынды цифрлануы мен технологиялық даму дәуірінде жасанды интеллект құралдарын оқу үдерісіне тиімді енгізу – заман талабы. Цифрлық технологиялар мен ЖИ құралдарының дамуы оқыту процесіне, әдістеріне тың серпін беруде. Бұл өзгерістер оқытудың мазмұны мен формасын ғана емес, педагогтің рөлін, білім алушының оқу стилін де қайта қарастыруды қажет етеді. ЖИ білім берудің әртүрлі аспектілерінде, соның ішінде оқыту әдістерін жетілдіруде, оқу материалдарын әзірлеуде, білім алушылардың үлгерімін бағалауда және оқытуды жекелендіруде мол мүмкіндіктер ұсынады.

Негізгі орта білім берудің маңызды пәндерінің бірі болып табылатын «Қазақ тілі» пәнін оқытуда ЖИ технологияларын тиімді пайдаланудың жолдары мен әдістерін зерттеу және әдістемелік тұрғыдан негіздеу маңызды болып отыр.

Қазақ тілін оқытуда ЖИ технологияларын қолдану – пән мазмұнын заманауи тәсілдермен ұсынуға, оқу тапсырмаларын жекелендіруге, білім алушылардың тілдік және коммуникативтік құзыреттіліктерін дамытуға жол ашады. Осы әдістемелік ұсынымдар 5-9-сыныптарда қазақ тілін оқыту барысында жасанды интеллект негізіндегі құралдарды тиімді пайдалану жолдарын жүйелей отырып, педагогтерге практикалық көмек көрсетуді мақсат етеді.

Жасанды интеллект тілді оқыту саласында ерекше орын алады, себебі ол білім алушылардың танымдық белсенділігін арттыруға, оқу материалына деген қызығушылығын оятуға, жеке оқу траекториясын қалыптастыруға мүмкіндік береді. Бұл үдеріс педагогтерге де әдістемелік тұрғыдан үлкен қолдау көрсетеді. Жасанды интеллект – педагогтің орнын басатын емес, керісінше, оны толықтырып, оқыту үдерісін жеңілдететін құрал. Сондықтан педагогтер ЖИ-дің мүмкіндіктерін игере отырып, оны оқытуда сауатты және әдістемелік тұрғыда дұрыс қолдана білсе, қазақ тілін оқыту үдерісі анағұрлым нәтижелі болады.

Әдістемелік ұсынымдар 5-9-сыныптардың қазақ тілі мұғалімдеріне, әдіскерлерге арналған. Онда оқу процесіне жасанды интеллект элементтерін интеграциялаудың теориялық негіздері, педагогикалық мақсаттары, қолдану принциптері және практикалық тәсілдері қарастырылады. Ұсынылған

материалдар педагогтерге ЖИ-ге негізделген әртүрлі құралдар мен платформалардың мүмкіндіктерін түсінуге, оларды білім алушылардың тілдік дағдыларын (тыңдалым, айтылым, оқылым, жазылым) дамытуда, әдеби тіл нормаларын меңгеруде, мәдениеттану элементтерін оқытуда және оқу процесін қызықты әрі тиімді етуде қалай қолдануға болатындығын көрсетіледі.

Әдістемелік ұсынымдар қазақ тілі мұғалімдеріне ЖИ технологияларының бай мүмкіндіктерін өз педагогикалық қызметінде пайдалануға, оқу процесін жаңа деңгейге көтеруге және білім алушылардың қазақ тіліне деген қызығушылығын арттыруға, тілдік құзыреттіліктерін жан-жақты дамытуға және нәтижесінде жалпы білім беру сапасын жақсартуға сенімді қадам жасауға көмектеседі.

Бұл әдістемелік ұсынымдар педагогтерге заманауи технологиялардың мүмкіндіктерін тиімді пайдалануға жол ашып, білім алушылардың қазақ тілін терең және сапалы меңгеруіне, сондай-ақ олардың бойында ХХІ ғасыр дағдыларын қалыптастыруға ықпал етеді.

1. «ҚАЗАҚ ТІЛІ» ПӘНІН ОҚЫТУДА ЖАСАНДЫ ИНТЕЛЛЕКТІНІ ҚОЛДАНУДЫҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Жасанды интеллект (ЖИ) – ХХІ ғасырдағы қарқынды дамып келе жатқан басты технологиялардың бірі. Қазіргі таңда ЖИ денсаулық сақтау, қаржы сияқты көптеген салаларға әсерін тигізумен қатар білім беру жүйесінде де терең өзгерістерге жол ашып отыр. Білім беру саласына ЖИ технологияларын енгізу оқу үдерісін жетілдіруге, әкімшілік міндеттерді автоматтандыруға және бұрыннан келе жатқан қиындықтарды шешуге мүмкіндік береді. Мәселен, ЖИ білім беру мазмұнын жеткізу тәсілдерін өзгертіп, білім алушылардың әртүрлі қажеттіліктерін қанағаттандыру бағытында оң нәтижелерге қол жеткізуге жағдай жасайды. Зерттеулер көрсеткендей, ЖИ негізіндегі инновациялық құралдар білімге қолжетімділікті арттырып, оның сапасын жақсартуда маңызды рөл атқарады.

Жасанды интеллект кең көлемді білімді қажет етеді. Адам іс-әрекетіне ұсқас күрделі оқуды, шешім қабылдауды, басқаруды түсінетін табиғи қабілетке келетін жасанды құрал. «Интеллект» – ақыл, ой, сана дегенді білдірсе, жасанды интеллект адамның ойлауын модельдеу, құрылымдау, программалау. Алға қойған мақсатты шешудегі міндеттерді оқуға, талдауға, шешім шығаруға қабілетті жүйе болуы керек. ЖИ – адамның саналы ойлау әрекетін жүзеге асыра алатын жүйе.

Білім беру үдерісі үнемі қоғамдағы өзгерістер мен технологиялық жетістіктерге бейімделіп отыратын динамикалық жүйе. Жасанды интеллектіні оқу жобаларына кіріктіру – осы эволюцияның келесі қадамы әрі заманауи білім беруді жаңғыртудың маңызды бағыты. ЖИ көмегімен педагогтер білім алушылардың қажеттіліктеріне, қызығушылықтары мен қабілеттеріне бейімделген дербестендірілген оқыту тәжірибесін ұсына алады.

Жасанды интеллект ұғымы ең алғаш 1956 жылы Джон Маккарти тарапынан ғылыми айналымға енгізіліп, «адам секілді әрекет етсе, ақылды деп саналатын машиналар жасауды» [2] көздейтін ғылым саласы ретінде анықталған. Бүгінде ЖИ анықтамасы «адамның интеллектуалдық қабілеттерін компьютерлік модельдеу арқылы күрделі мәселелерді шешетін алгоритмдер мен жүйелер жиынтығы» [3] деп беріледі. ХХ ғасырдың ортасында Дартмут конференциясында Джон Маккарти, Марвин Минский, Шеннон Клод және басқа да ғалымдар алғаш рет «машиналық интеллект» ұғымы мен оны құрудың тәсілдерін ұсынды. Кейінгі онжылдықта ЖИ бірнеше даму және тоқырау кезеңдерін бастан өткерді, ал 2010 жылдары терең машиналық оқыту мен есептеу қуатының артуының арқасында жаңа серпіліс жасалды.

Мак Каллок пен Уолтор Питс 1943 жылы «Жүйе қызметіне қатысты идеялардың логикалық есептелуі» мақаласында «жасанды нейрон үлгісін» көрсетіп береді. «Мінез-құлықты қалыптастыру: нейропсихологиялық теория» атты кітабында Дональд Хебб байланыс күшін қалай өзгертуге болатыны жөніндегі теорияны ұсынды. Сонымен автоматтандырылған, яғни машиналық интеллект саласында зерттеуді алғашқылардың бірі болған – Алан Тьюринг

болатын. Оның «Есептеу машинасы және интеллект» кітабында айтылған ұсыныс «Тьюринг сынағы» бүгінгі күнде мәнін түсірмей, 1950 жылы Марвин Мински мен Дин Эдмондс «SNARS» атты нейрондық желі компьютерін құрастырып шығарды. 1956 жылы Аллен Ньюэлл мен Герберт А Саймон «Логикалық теоретик» жасанды интеллект бағдарламасын ұсынады. ЖИ туралы түсінік оған дейін де болды. Интеллект саласында Алан Тьюринг өз зерттеулерін 1912-1954 жылдары жүргізген. «Машинаның ойлау қабілеті бар ма? деген сұрақ төңірегінде жұмыс жасады. Автордың тестінің артықшылығы – кез келген тақырыпта әңгімелесу мүмкіндігі. Тьюринг: «Сұрақтар мен жауап беру тәсілдері біз талқылағымыз келетін адам қызығушылықтарының барлық салалары үшін үйлесімді», – деп айтты. Джон Хогеленд: Сөз мағынасын түсіну жеткілікті емес, сонымен қатар әңгіменің тақырыбында жақсы түсінік болу қажет», – деп өз ойын қосты. Жасанды интеллект тарихына көз жүгіртсек, Артур Самуельдің «машиналық оқыту» терминін енгізгенін, Джон Маккартидің Стэнфорд университетінде жасанды интеллект зертханасын құрғанын, сондай-ақ Джозеф Вайзенбаум әзірлеген «ELIZA» атты чатботты атап өтуге болады.

ЖИ дамуы бірнеше кезеңнен өтті:

Жасанды интеллектінің даму кезеңдері:

1. Ерте кезең (1950–1970 жж.)

Бұл кезеңде жасанды интеллект идеясы алғаш ғылыми негізде дами бастады. Алан Тьюрингтің «Машина ойлай ала ма?» деген мақаласы осы бағыттың іргетасы болды. Тьюринг тесті жасанды интеллектінің адамның ойлау қабілетін модельдей алатынын тексерудің әдісі ретінде ұсынылды.

Д.Маккарти «жасанды интеллект» терминін ұсынып, зерттеушілер машиналардың логикалық ойлау, проблемаларды шешу және символдарды өңдеу қабілеттерін дамытуға тырысты. Символдық ЖИ ақпаратты логикалық ережелер мен символдар арқылы өңдеуге негізделді. Проблемаларды шешу машиналардың шахмат ойнауы, математикалық есептерді шығаруы сияқты міндеттерді орындауынан көрініс тапты.

1966 жылы Жозеф Вейзенбаум адаммен қарапайым диалог жүргізе алатын алғашқы чат-боттардың бірі – Элизаны жасады. 1958 жылы Фрэнк Розенблатт жасаған Перцептрон нейрондық желілердің ерте үлгісі кескін тануға арналған қарапайым модель болды, бірақ кейіннен оның шектеулігі анықталды.

Ерте кезеңдегі жүйелердің есептеу қуаты шектеулі болды және олар тек қарапайым, нақты анықталған мәселелерді шеше алды.

2. Бірінші «ЖИ қысы» (1970–1980 жж.). Бұл кезеңде жасанды интеллектіден күтілген нәтижелер ақталмады. Логикалық ережелерге негізделген жүйелер шынайы өмірдің күрделі және болжанбайтын жағдайларына бейімделе алмады. Осыған байланысты зерттеулерге бөлінген қаржы азайды, ғылыми қызығушылық төмендеді. Бұл кезең «ЖИ қысы» деп аталды.

«Жасанды интеллект қысы» – жасанды интеллект саласындағы зерттеулерге бөлінетін қаржыландырудың, қызығушылықтың және дамудың айтарлықтай төмендеу кезеңі. Бұл терминді ЖИ тарихындағы бірнеше рет

қайталанған сәтсіздіктер мен үміттердің ақталмауы кезеңдерін сипаттау үшін қолданады.

«ЖИ қысы» кезеңдерінің негізгі сипаттамалары: қаржыландырудың қысқаруы (зерттеу гранттары мен жеке инвестициялардың азаюы); қызығушылықтың төмендеуі (бұқаралық ақпарат құралдарында ЖИ тақырыбының азаюы және ЖИ-дің болашақ әлеуетіне деген күмәннің болуы); үміттердің ақталмауы (ЖИ жүйелерінің күрделі мәселелерді шешудегі шектеулі мүмкіндіктері және алға қойылған үміттердің орындалмауы).

1960 жылдардағы ЖИ-ге қатысты тым өршіл уәделер орындалмады. Мысалы, аударма машиналардың сапасыздығы (ALPAC есебі), нейрондық желілердің шектеулілігі (Минский мен Пейперттің «Перцептрондар» кітабы). Есептеу қуаттары мен деректердің жетіспеушілігі. Нәтижесінде АҚШ пен Ұлыбритания үкіметтері ЖИ зерттеулеріне бөлінетін қаржыны тоқтатты.

3. *Эксперттік жүйелер кезеңі (1980–1990 жж.)*. Жасанды интеллект қайта даму қарқынына ие болды. Эксперттік жүйелер белгілі бір саладағы маманның білімін компьютерлік жүйеге енгізіп, шешім қабылдауға көмектесетін бағдарламалар жасалды. Медицина саласында және химиялық құрылымдарды анықтауда жүйелер кеңінен қолданылды. Бұл кезеңде ЖИ нақты салаларда тиімді нәтиже бере алатынын көрсетті.

4. *Екінші «ЖИ қысы» (1990 жж. басы)*. Бұл кезеңде эксперттік жүйелердің де шектеулері байқалды, 1980-ші жылдардағы оларға деген үлкен үміттер ақталмады: оларды жаңарту қиын, деректердің ауқымына бейімделмейтін, икемсіз болды. Осыдан кейін жасанды интеллектіге деген қызығушылық тағы төмендеді. Эксперттік жүйелердің білім базасын құрудың және жаңартудың қиындығы, сондай-ақ олардың шектеулі салаларда ғана тиімді болды. Бағдарламалық қамтамасыз ету нарығының құлдырауы, LISP машиналарының қымбаттығы кедергі келтірді. Нәтижесінде ЖИ стартаптары жабылып, инвестициялар азайды.

5. *Машиналық оқытудың өрлеуі (2000-2010 жж.)*. Алдыңғы кезеңдер ЖИ-дің дамуындағы қиындықтарды көрсеткенімен, әрбір «қыстан» кейін жаңа технологиялар мен әдістер (мысалы, машиналық оқыту, терең оқыту) пайда болып, ЖИ саласы қайта өрледі. Ғаламтордың кеңінен таралуы, үлкен деректердің пайда болуы және графикалық процессорлардың жетілуі жаңа мүмкіндіктер берді. Машиналық оқыту ЖИ-дің жаңа бағыты ретінде дами бастады. Жүйелер өздігінен үйреніп, деректер негізінде шешім қабылдай алатын болды. Компаниялар ұсыныс беру жүйелерінде жасанды интеллектіні сәтті қолдана бастады.

6. *Терең оқыту кезеңі (2010 жылдан бастап)*. Терең оқыту жасанды нейрондық желілерге негізделген әдіс кеңінен қолданылды. 2012 жылы ImageNet байқауында AlexNet нейрондық желісі жеңіске жетіп, компьютерлік көру саласында төңкеріс жасалды. Google Voice, Apple Siri және басқа жүйелер сөйлеуді тану және табиғи тілді өңдеуде үлкен жетістікке жетті. Сонымен қатар Google Translate, чат-боттар, виртуалды ассистенттер осы кезеңде дами бастады.

7. *Үлкен тілдік модельдер мен көпмодальды ЖИ (2020 жылдан бастап).* OpenAI (GPT), Google (PaLM, Gemini), Meta (LLaMA) сияқты компаниялар үлкен көлемді тілдік модельдерді (LLM) жасады. GPT-4, GPT-4o сияқты жүйелер мәтінмен қатар сурет, дыбыс, видеоны өңдей алатын көпмодальды мүмкіндіктерге ие болды. Бұл модельдер түрлі салада (білім беру, медицина, өнер, құқық, т.б.) қолданыла бастады. ЖИ-дің этикасы, қауіпсіздігі, құқықтық реттелуі маңызды тақырыпқа айналды. Халықаралық ұйымдар ЖИ-дің жауапты және қауіпсіз қолданылуын қамтамасыз етуге бағытталған бастамалар көтеріп жатыр. Жасанды интеллект дамуы бірнеше «қыс» пен «өрлеу» кезеңдерінен өтті. Бүгінде ЖИ адам өмірінің барлық саласына еніп, оның мүмкіндіктері мен тәуекелдерін тең ұстау маңызды.

Технологиялар барлық жерде енгізілуде: штаттар, корпорациялар деңгейінде, сондай-ақ қарапайым адамдардың өмірінде. Уақыт өткен сайын IT-технологиялар әлем үшін маңыздырақ бола түсуде, ал адамзат өзара байланысты және өзара тәуелді қауымдастыққа айналды. Коронавирустық пандемия адам өмірінің әртүрлі салаларын онсыз да жылдам цифрландыруды жеделдетті. Бүгінгі таңда ЖИ қоғамдық өмірдің көптеген салаларында қолданылады, бірақ оның даму деңгейі әлі де жеткілікті емес. Ғалымдар жасанды интеллект алуан түрлі мақсаттарға жету үшін алынған білімді тәжірибеде қолдана алуы керек деп күтеді. Ол адам көтере алмайтын ең күрделі мәселелерді шешуі керек. ЖИ адамдардың өмірін жақсарту, жеңілдету және ыңғайлы ету үшін жасалған. Осының бәріне қоса, жасанды интеллект бұрын енгізілген нұсқауларсыз маңызды мәселелерді шешу жолдарын таба білуі керек. Шын мәнінде, бұл күрделі мәселе, өйткені бүгінгі күні ЖИ ақпаратты тек бағдарламаланған жолмен өңдей алады.

Білім беру саласында ЖИ деп әдетте оқу процесін жетілдіру және білім мүмкіндіктерін байыту үшін адамның ойлау қабілеттеріне еліктейтін және толықтыратын технологиялық әдістер мен жүйелерді пайдалануды айтады [4]. Оған машиналық оқыту, нейрондық желілер, үлкен деректерді талдау, табиғи тілдегі өзара әрекеттесу, сөйлеуді, мәтінді тану сияқты компоненттер кіреді.

Қазіргі білім беру жүйесінде жасанды интеллектінің орны күн санап маңызды болуда. ЖИ білім беруде бірнеше негізгі рөл атқарады: дербестендірілген (бейімделген) оқыту жүйелері, әкімшілік процестерді автоматтандыру, оқу нәтижелерін бағалау және талдау, виртуалды оқыту. Бұлардың әрқайсысы оқу үдерісін заманауи инновациялық деңгейге көтереді.

Жасанды интеллектінің білім берудегі орнының ерекше болып отырғанын көптеген ғылыми еңбектер де растайды. Мәселен, ресейлік зерттеушілер А.В. Платов және Ю.И. Гаврилина өз зерттеулерінде білім берудегі жасанды интеллектінің дамуы эволюциясын және оны қолданудағы тосқауылдарды талдап, ЖИ білім сапасын көтеруге зор мүмкіндік беретінін айтады [5]. Яғни цифрлық дәуірдегі білім беруде ЖИ оқытудың жаңа тәсілдерін туындататын қозғаушы күш болып қалыптасты.

Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев жаңа технологиялардың әлеуетін айрықша атап өтіп: *«Жасанды зият бұдан былай*

ғылыми фантастика емес, өмірдің ақиқатына айналды. Жаңа дәуірдің басталғанына куә болып отырмыз. Кезінде электр жарығы мен интернетті ойлап табу тіршілігімізді қалай түбегейлі өзгертсе, жасанды зият технологиясының ықпалы да дәл сондай орасан зор» [6], – деген болатын. Бұл пікір қазіргі кезеңдегі жасанды интеллект технологияларының қоғам өміріне тереңдей енгенін және оның болашақ даму бағыты ретінде стратегиялық мәнге ие екенін нақты айғақтайды.

Президент тұжырымы жаһандық цифрландыру үдерісіндегі Қазақстанның орны мен бағдарын нақтылап, елдің технологиялық дамудағы басымдықтарын айқындайды. Жасанды интеллект тек экономиканы автоматтандыру немесе өндіріс өнімділігін арттыру құралы ғана емес, сонымен қатар білім беру, денсаулық сақтау, мемлекеттік басқару, экология сияқты негізгі салаларды түбегейлі трансформациялауға қабілетті күш. Әсіресе білім беру жүйесінде жасанды интеллектіні тиімді пайдалану – инновациялық оқыту экожүйесін құрудың басты факторы. Технология мұғалімдер мен білім алушылар үшін бейімделген оқу жолдарын, жекелендірілген оқу тапсырмаларын, деректерге негізделген шешім қабылдауды және үздіксіз кері байланысты қамтамасыз ете отырып, оқыту сапасын едәуір жақсартуға мүмкіндік береді. ЖИ құралдарын қолдану арқылы қазақ тілін оқытуда да ұлттық мазмұн мен цифрлық шешімдерді ұштастыруға жол ашылады. Бұл – бір жағынан тілдің қоғамдық мәртебесін көтеру, екінші жағынан оқу процесін халықаралық стандарттарға сәйкестендіру жолындағы маңызды қадам. Осы орайда мемлекет басшысының пікірі – цифрлық дәуірге қадам басқан Қазақстан үшін нақты бағдар ғана емес, сонымен қатар әрбір сала жетекшісі мен маманы үшін стратегиялық үндеу. Жасанды интеллект болашақ емес, ол бүгінгі өмірдің шындығы.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2024 жылғы 24 шілдедегі №592 қаулысымен бекітілген «Жасанды интеллектіні дамытудың 2024-2029 жылдарға арналған тұжырымдамасы» Қазақстанда жасанды интеллектіні дамытудың негізгі бағыттарын, мақсаттарын, міндеттерін және іске асыру тетіктерін айқындайтын стратегиялық құжат болып табылады [7].

Қазақстанның ЖИ технологияларын әзірлеу және қолдану бойынша жетекші елдердің қатарына кіруі, экономиканың әртүрлі салаларында өнімділіктің және тиімділіктің артуы, жаңа жұмыс орындарының құрылуы және халықтың өмір сүру сапасының жақсаруы, мемлекеттік басқарудың тиімділігінің артуы және мемлекеттік қызметтердің сапасының жақсаруы көзделіп отыр.

Бұл тұжырымдаманы іске асыру жөніндегі іс-қимыл жоспарында үлгілік оқу жоспарларының жобаларында көрініс табатын «Орта білім берудің оқу бағдарламасына «Жасанды интеллект негіздері» модулін қосу» және пәндер бойынша оқу басылымдары түрінде болатын «Жасанды интеллект қолдауымен цифрлық оқулықтарды әзірлеу (AI-embedded Digital Textbooks)» іс-шаралары бар.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2023 жылғы 28 наурыздағы №249 «Қазақстан Республикасында мектепке дейінгі, орта, техникалық және кәсіптік

білім беруді дамытудың 2023-2029 жылдарға арналған тұжырымдамасын бекіту туралы» қаулысында [8] орта білім беру мазмұнын жетілдіру көзделген.

Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартына (МЖБС) жасанды интеллект элементтерін білім беру мазмұнына интеграциялауды көздейтін өзгерістер енгізілетін болады делінген. Бұл өзгерістер білім алушылардың сыни ойлауын, ақпараттық және компьютерлік сауаттылығын қалыптастыруға бағытталады.

Сонымен қатар білім беруде ЖИ-ді қолданудың әлеуметтік және этикалық аспектілеріне де баса назар аударылатын болады. Бұл өте маңызды, себебі ЖИ технологияларының білім беру процесіне енуі жаңа мүмкіндіктермен қатар белгілі бір тәуекелдер мен сұрақтарды тудыруы мүмкін.

Айтылған өзгерістердің тағы бір маңызды аспектісі – орта білім берудегі оқу бағдарламаларының тиімділігін бағалау үшін ЖИ-ді пайдалану мүмкіндігіне талдау жүргізілетіні. Бұл ЖИ-дің оқу процесінің нәтижелерін объективті бағалауға және оқу бағдарламаларын одан әрі жетілдіруге көмектеседі. Қазіргі цифрлық дәуірде білім алушылардың ЖИ технологиялары туралы түсінігі болуы және оларды тиімді пайдалана білуі маңызды. Бұл өзгерістер заман талабына сай білім беруге, білім алушыларды болашаққа дайындауға көмектеседі. ЖИ-ге негізделген құралдар білім алушыларға ақпаратты талдауға, баламалы шешімдерді қарастыруға және өз ойларын дәлелдеуге мүмкіндік бере отырып, сыни ойлауды дамытады. Ақпараттық және компьютерлік сауаттылықты арттырып, білім алушылар ЖИ технологияларының қалай жұмыс істейтінін түсініп, оларды білім алу процесінде қолдану дағдыларын меңгереді. ЖИ білім алушылардың қажеттіліктері мен оқу қарқынын талдау арқылы әрқайсысына сай оқу материалдары мен тапсырмаларды ұсынуға мүмкіндік береді. ЖИ-дің бағалау құралдары оқу бағдарламаларының қай бөліктері тиімді екенін және қай жерлерін жетілдіру керектігін анықтауға, оқу бағдарламаларының тиімділігін арттыруға көмектеседі. ЖИ технологияларын қолданудың әлеуметтік және этикалық салдарын талқылау білім алушылардың жауапкершілікті сезінуіне ықпал етеді.

МЖБС-қа енгізілетін бұл өзгерістер Қазақстанның білім беру жүйесін заманауи талаптарға сай дамытуға және білім алушылардың бәсекеге қабілеттілігін арттыруға бағытталған маңызды қадам болып табылады. Әсіресе, ЖИ-ді қолданудың әлеуметтік және этикалық аспектілерінің ескерілуі бұл процестің жан-жақты және ойластырылған түрде жүргізілетінін көрсетеді.

Тұжырымдаманы іске асыру жөніндегі іс-қимыл жоспары Халықаралық тәжірибе мен зерттеу нәтижелеріне сүйене отырып, әр 5-7 жыл сайын білім беру стандарттары мен оқу бағдарламалары жаңартылып отырады. Бұл жаңартулар академиялық білімге ерекше мән беруді, білім алушылардың практикалық дағдылары мен құзыреттерін дамытуға бағдарлануды, STEM тәсілдерін қолдануды, тәрбиелік бағытты күшейтуді және білім беру мазмұнына жасанды интеллект элементтерін енгізуді көздейтін іс-шара енгізілген.

Осыған сәйкес «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің

мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2025 жылғы 23 қаңтардағы № 12 бұйрығымен бекітілген бастауыш және негізгі орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттары әзірленді [9].

Стандарттың 40-тармағында «Тіл және әдебиет» білім беру саласының «Қазақ тілі» оқу пәні бойынша негізгі орта білім беруді аяқтағаннан кейін оқытудың күтілетін нәтижесі ретінде білім алушының жасанды интеллектіге негізделген дайын құралдар мен қосымшаларды қолдана білу керектігі нақтыланған. Осыған сәйкес қазіргі кезде бастауыш және негізгі орта білім беру деңгейінің оқу пәндері бойынша оқу бағдарламалары әзірленуде.

Жалпы, жасанды интеллект дегеніміз не? Ол туралы не білеміз?

Жасанды интеллект (ағылш. *Artificial Intelligence* – AI) – бұл адамның ақыл-ой қабілеттерін имитациялайтын, компьютерлік жүйелерді жасауға бағытталған информатиканың бір саласы, яғни адам сияқты ойлап, шешім қабылдап, үйреніп, мәселелерді шеше алатын компьютерлік жүйелер мен бағдарламалардың жиынтығы. Бұл жүйелерге адамның когнитивтік функцияларын, яғни ақпаратты қабылдау, өңдеу, түсіну және оның негізінде әрекет ету қабілеттерін беру көзделеді. ЖИ-дің түпкі мақсаты – машиналардың ақылды әрекет етуіне, қоршаған ортаны түсінуіне және адамның араласуынсыз күрделі тапсырмаларды орындауына мүмкіндік беру.

Жасанды интеллектінің негізгі мақсаты – адамның ақыл-ойын қажет ететін тапсырмаларды автоматтандыру және орындау. Бұл адамның еңбегін жеңілдетуге, қайталанатын және қауіпті жұмыстарды орындауға, өнімділікті арттыруға және бұрын мүмкін болмаған жаңа мүмкіндіктерді ашуға бағытталған. ЖИ адамның қабілеттерін толықтай алмастыру емес, керісінше оны толықтыру және кеңейту құралы болып табылады.

Жасанды интеллектінің негізгі бағыттары:

- *Машиналық оқыту*: ЖИ-дің ең үлкен және белсенді дамып келе жатқан бағыты. Деректерден үйрену арқылы болжамдар жасауға немесе шешімдер қабылдауға мүмкіндік беретін алгоритмдерді әзірлеуге бағытталған.

- *Терең оқыту*: ML-дің ішкі саласы, ол адам миының нейрондық желілерін имитациялайтын көпқабатты нейрондық желілерге негізделген. DL үлкен көлемдегі күрделі деректерді (кескіндер, дыбыстар, мәтіндер) өңдеуде және тануда өте тиімді.

- *Табиғи тілді өңдеу*: Компьютерлердің адам тілін (жазбаша немесе ауызша) түсіну, талдау, интерпретациялау және генерациялау қабілетін дамыту. Мысалы, мәтіндік талдау, аударма, чатботтар.

- *Компьютерлік көру*: Компьютерлердің кескіндер мен бейнелерді (фотосуреттер, камерадан түскен кадрлар) түсіну және талдау қабілетін дамыту. Мысалы, нысандарды тану, бет-әлпетті тану, қозғалысты бақылау.

- *Робототехника*: ЖИ-ді физикалық роботтарға енгізу арқылы олардың қоршаған ортамен әрекеттесуін, қозғалуын, манипуляциялауын және тапсырмаларды орындауын қамтамасыз ету.

- *Эксперттік жүйелер*: Белгілі бір сала бойынша мамандардың білімін жинақтап, сол білім негізінде шешім қабылдайтын жүйелер.

- *Логикалық бағдарламалау*: ЖИ-дің ерте кезеңдерінде кеңінен қолданылған, логикалық ережелер мен тұжырымдарға негізделген жүйелерді құру.

- *Талдау*: Күрделі мәліметтерді түсіну, олардың арасындағы логикалық байланыстарды табу, ақпаратты жүйелеу және проблемаларды шешу үшін қажетті ақпаратты бөліп алу. ЖИ жүйелері ақпаратты өңдеу арқылы жаңа білімдер мен тұжырымдар жасай алады.

- *Шешім қабылдау*: Талданған мәліметтер негізінде ең оңтайлы әрекетті немесе шешімді таңдау. Бұл процесте ЖИ жүйелері белгілі бір мақсаттарға жету үшін ең тиімді стратегияларды анықтайды. Шешім қабылдау логикалық ережелерге, ықтималдыққа немесе күшейтіп оқыту арқылы алынған тәжірибеге негізделуі мүмкін.

Жасанды интеллектінің қолданылу салалары:

Жасанды интеллект бүгінде көптеген салаларда кеңінен қолданылады және күнделікті өміріміздің ажырамас бөлігіне айналуда:

- *Технология*: сөйлеуді тану, кескіндерді тану (бет-әлпетті тану, нысандарды анықтау), тілді аудару, ұсыныс жүйелері, спам сүзгілері, іздеу жүйелері.

- *Медицина*: ауруларды диагностикалау (мысалы, рентген суреттерінен қатерлі ісіктерді анықтау), дәрі-дәрмек әзірлеуді жеделдету, емдеу жоспарларын құру, медициналық бейнелерді талдау.

- *Қаржы*: алаяқтықты анықтау, сауда-саттық болжамдары, клиенттерге қызмет көрсетуге арналған чатботтар, несиелік тәуекелді бағалау.

- *Автономды жүйелер*: өздігінен жүретін көліктер, дрондар, өнеркәсіптік роботтар.

- *Білім беру*: жекелендірілген оқыту платформалары, автоматты бағалау жүйелері, оқу материалдарын құру, виртуалды оқытушылар.

- *Өндіріс*: өндірістік процестерді автоматтандыру және оңтайландыру, сапаны бақылау, болжамды техникалық қызмет көрсету.

- *Ауыл шаруашылығы*: егістіктерді бақылау, зиянкестерді анықтау, өнімділікті болжау.

- *Қауіпсіздік*: бейнебақылау жүйелеріндегі нысандарды тану, киберқауіпсіздік жүйелеріндегі аномалияларды анықтау.

Жасанды интеллект теориясы адам санасын, ойлау процесін, үйрену қабілетін және шешім қабылдау жүйесін техникалық жолмен модельдеуге бағытталған ғылым мен инженерия саласы. Бұл теория:

- когнитивтік ғылымға (адамның ойлау қабілеті);

- математикаға (логика, ықтималдық);

- информатикаға (алгоритмдер, деректер құрылымы);

- нейроғылымға (мидың жұмыс істеу принциптері);
- лингвистикаға (тілді өңдеу) негізделеді.

Жасанды интеллект адамның саналы қабілетін қажет ететін түрлі ойлау жүйелерін орындауға қабілетті компьютерлік жүйемен айналысатын кибернетика ғылымының саласы. Машиналық оқытуға нейрондық желілерге, деректерді өндіруге адамдардың сұранысына бейімделе алатын интеллектуалды жүйелерді құру басты назарда. Бүгінгі күнде ең маңызы зор ғылыми және техникалық зертеулердің бірі ретінде ЖИ-дің принциптерін түсіну және қолдану қажеттілігі өте жоғары.

ЖИ технологиясындағы нейрондық желі тірі ағзадағы жүйке желілеріндей жұмыс жасау қағидасын іске асырады. Жасанды нейрожеліде қарапайым процессорлар – есептеу элементері арқылы белгілі бір жүйемен қосылып, өзара әрекеттеседі. Нейрондық желілер машиналық оқыту әдісі арқылы ақпараттардың кірісі мен шығысын анықтайды, талдайды, жинақтайды және шешім шығарады. ЖИ күрделі алгоритмдер енгізілген, бұл – техногендік өркениет жолы. Жоғары технология адам санасын жасанды автоматтандыра отыра жаһандану процесінің орбитасын кеңейтуде.

Президент Қасым-Жомарт Тоқаев Үкіметтің кеңейтілген отырысында: «Жаңа технологиялық ахуалға сақадай сай тұруымыз қажет. Бұл – еліміздің бәсекеге қабілетін арттырып, тұрақты дамуына жол ашатын аса маңызды фактор. Жасанды интеллектіні дамыту алдыңғы қатарға шықты, соған байланысты технологиясы дамыған алып елдер арасында бәсеке қыза түспек» [10], - деді. Шындығында да, қазір цифрландыру дәуірі – төртінші өнеркәсіптік дәуір, ол адамзаттың күнделікті өміріне қалай әсер ететіні туралы пікірлер өте көп. Осы салада технологияның дамуына сай түрлі жобалар жасалуда. ЖИ барлық салада денсаулық сақтау, білім беру және кәсіпкерлік, ауылшаруашылық салаларындағы қызметтің өнімділігі мен тиімділігін арттыруда сапаны жақсартуға әрекет етуде. Білім беру мен оқытуда әр білім алушының жеке қажеттіліктері мен қабілетіне сәйкес білім алуына оң мүмкіндіктер болуы мүмкін. ЖИ арқылы жаңа дағдылар мен тіл үйренуге болады.

Жасанды интеллектінің дамуы қоғам үшін көптеген жақсы, оң мүмкіндіктер береді. Білім беру және оқыту жүйесінде бұл әр білім алушының қажеттіліктеріне бейімделген жеке білім беру тәсілдері болуы мүмкін. Сондай-ақ, ЖИ жаңа дағдылар мен тілдерді үйренуге көмектеседі.

Жасанды интеллект адам санасын еліктей отырып ойлай алатын және үйрене алатын машиналар мен бағдарламаларды жасауға бағытталған. Егер жасанды интеллект адамзаттың игілігіне қызмет ететін, жаһандық нормалар мен стандарттарды сақтай отырып, бейбітшілік пен тұрақты даму құндылықтарына негізделген бағытта дамытылатын болса, онда ол қоғамдық мүддені ілгерілетіп, Тұрақты даму мақсаттарына (ТДМ) қол жеткізу үдерісіне елеулі үлес қоса алады. Жасанды интеллектінің әлеуеті ТДМ-ға қол жеткізу қарқынын арттыруға мүмкіндік береді. Алайда кез келген технологиялық серпіліс жаңа әлеуметтік және экономикалық теңсіздіктердің туындауына түрткі болуы мүмкін, сондықтан мұндай ықтимал салдарды алдын ала болжау және тиісті алдын алу

шараларын қабылдау аса маңызды.

Жасанды интеллект түрлері (деңгейлері)

Қабілеттеріне қарай:

Бұл классификация ЖИ жүйесінің адамның интеллектуалдық қабілеттеріне қаншалықты жақын екендігін көрсетеді. Оның түрлері:

1. Тар (әлсіз) жасанды интеллект.
2. Жалпы (күшті) жасанды интеллект.
3. Аса (супер) жасанды интеллект.

Жеке тоқталатын болсақ...

1. *Тар (әлсіз) жасанды интеллект* – қазіргі уақытта біз күнделікті кездестіретін ЖИ-дің ең көп таралған түрі. Ол тек нақты бір, шектелген тапсырманы орындауға арналған. Оның ақыл-ойы адамдікіне ұқсамайды, ол тек өзінің бағдарламалық қамтамасыз етуінде анықталған параметрлер мен алгоритмдер бойынша жұмыс істейді. Тар ЖИ жалпы интеллектіге ие емес, яғни ол бір тапсырманы өте жақсы орындай алады, бірақ басқа, тіпті ұқсас емес тапсырманы орындауда қабілетсіз болады. Тар ЖИ көбінесе үлкен көлемдегі деректерге негізделген машиналық оқыту әдістерін қолданады. Ол берілген деректерден заңдылықтарды тауып, сол заңдылықтарды жаңа, ұқсас деректерге қолданады.

Нақты бір міндетті жоғары дәлдікпен және тиімділікпен орындай алады. Көптеген салаларда автоматтандыруға және өнімділікті арттыруға мүмкіндік береді. Алайда тек өзіне арналған тапсырманы ғана орындай алады, жалпылау қабілеті, адамның түсіну, сезіну, шығармашылық сияқты қабілеттері жоқ.

Қолданылу салаларына мысалдар:

- виртуалды көмекшілер: белгілі бір командаларды орындайды, сұрақтарға жауап береді, бірақ жалпы сұхбаттасу қабілеті шектеулі;
- кескін және бет тану жүйелері: фотосуреттердегі адамдарды немесе нысандарды анықтайды, бірақ көріністің жалпы мағынасын түсінбейді;
- ұсыныс жүйелері: пайдаланушының алдыңғы әрекеттеріне негізделіп ұсыныстар жасайды, бірақ пайдаланушының шынайы қажеттіліктерін толық түсінбеуі мүмкін;
- автономды көліктердің жүргізу жүйелері: белгілі бір жол ережелері мен қозғалыс жағдайларында басқара алады, бірақ күтпеген жағдайларда адамның интуициясы мен шешім қабылдау жылдамдығына жете бермейді;
- аударма бағдарламалары: мәтіндерді бір тілден екінші тілге аударады, бірақ тілдің мәдени мәнмәтінін және идиомаларын толық түсіне бермейді.

2. *Жалпы жасанды интеллект* – адамның барлық когнитивтік қабілеттеріне (ойлау, үйрену, түсіну, жоспарлау, проблемаларды шешу, абстракциялау, шығармашылық және т.б.) ие болатын теориялық ЖИ түрі. Жалпы ЖИ кез келген интеллектуалды тапсырманы адам сияқты немесе одан да жақсы орындай алады. Ол әртүрлі салаларда білім мен дағдыларды қолдана білуі, жаңа жағдайларға бейімделуі және өздігінен білім алуы тиіс. Қазіргі уақытта жалпы ЖИ әлі де ғылыми зерттеулердің және болжамдардың аясында.

Толыққанды жалпы ЖИ жасау өте күрделі мәселе болып табылады және оған жету үшін әлі көптеген ғылыми және техникалық кедергілерді еңсеру қажет.

Адамзаттың алдында тұрған күрделі мәселелерді шешуге, ғылыми жаңалықтар ашуға, өндірісті автоматтандыруға және адам өмірінің сапасын жақсартуға зор үлес қосуы мүмкін. Ал егер дұрыс бақылауда болмаса, адамзат үшін экзистенциалды қауіп төндіруі мүмкін (бұл көбінесе ғылыми фантастикада көрініс табады). Қазіргі зерттеулер адамның миының жұмыс істеу принциптерін модельдеуге, күрделі алгоритмдер мен нейрондық желілерді дамытуға бағытталған.

3. *Аса жасанды интеллект* – жалпы ЖИ-ден де асып түсетін, адамның барлық интеллектуалдық қабілеттерінен әлдеқайда жоғары болатын теориялық ЖИ түрі. Аса ЖИ кез келген интеллектуалды тапсырманы адамнан әлдеқайда жылдам, тиімді және шығармашылықпен орындай алады. Ол өзін-өзі жетілдіруге, жаңа білімдерді жылдам игеруге және адамның түсінуі қиын болып көрінетін байланыстарды табуға қабілетті болуы мүмкін.

Аса ЖИ – бұл әлі де алыс болашақтың болжамы. Оның пайда болу мүмкіндігі және салдары ғалымдар мен философтар арасында қызу талқылануда. Ғылым мен техникада бұрын-соңды болмаған жаңалықтар ашуға, адамзаттың ғаламдағы орнын түсінуге және шексіз дамуға мүмкіндік беруі мүмкін. Егер мақсаттары адамзаттың мүдделерімен сәйкес келмесе, адамзат үшін орны толмас қауіп төндіруі мүмкін. Оны бақылау және басқару өте қиын болады деген болжамдар бар. Аса ЖИ-дің пайда болуының этикалық, философиялық және экзистенциалдық аспектілері қазірден бастап зерттелуде.

Функционалдығы:

Бұл классификация ЖИ жүйесінің ақпаратты қабылдау, өңдеу және шешім қабылдау қабілеттерінің деңгейін көрсетеді.

1. Реактивті машиналар – ЖИ-дің ең қарапайым түрі. Олар тек ағымдағы мәліметтерге жауап береді және өткен тәжірибелерін ескермейді. Олардың жадысы жоқ, яғни олар бұрынғы жағдайлардан ешнәрсе үйренбейді және тек алдын ала бағдарламаланған ережелерге сәйкес әрекет етеді. Олардың әрекеттері толығымен ағымдағы кіріс ақпаратына негізделген. Мысалы, IBM Deep Blue – бұл шахмат ойнайтын компьютер тек ағымдағы тақтадағы жағдайды талдап, келесі жүрісін анықтайды. Ол бұрынғы ойындардан үйренбейді және стратегиялық жоспар құра алмайды. Қарапайым автоматтандырылған жүйелер фабрикалардағы конвейерлік роботтар, белгілі бір әрекеттерді қайталайды және сыртқы өзгерістерге бейімделе алмайды.

2. Шектеулі жад өткен ақпаратты белгілі бір мерзімге сақтай алады және шешім қабылдау кезінде оны пайдаланады. Бұл оларға уақытша мәнмәтінді түсінуге мүмкіндік береді. Алайда олардың есте сақтау қабілеті шектеулі және олар өткеннен толыққанды сабақ ала алмайды. Бұл жүйелерде машиналық оқыту модельдері қолданылады, олар белгілі бір көлемдегі өткен деректерді талдап, заңдылықтарды анықтайды және болжамдар жасайды. Мысалы, автономды көліктердің кейбір жүйелері: олар жақындағы басқа көліктердің жылдамдығын, бағытын және орналасуын есте сақтай алады, сондай-ақ жол белгілері мен

бағдаршамдардың күйін ескереді. Бұл оларға қозғалысты қауіпсіз басқаруға көмектеседі. Кейбір ұсыныс жүйелері пайдаланушының соңғы қараған немесе сатып алған өнімдері туралы ақпаратты есте сақтай отырып, ұқсас ұсыныстар жасайды.

3. Ақыл-ой теориясы – адамдардың және басқа агенттердің ойларын, сезімдерін, ниеттерін және сенімдерін түсінуге қабілетті болатын теориялық ЖИ түрі. Егер ЖИ «ақыл-ой теориясына» ие болса, ол басқалардың мотивацияларын түсініп, олардың әрекеттерін болжай алады және әлеуметтік өзара әрекеттесуде тиімді бола алады. Қазіргі ЖИ жүйелерінде «ақыл-ой теориясының» толыққанды көрінісі жоқ. Олар адамдардың мінез-құлқын белгілі бір деңгейде модельдей алады, бірақ шынайы түсіну қабілеті шектеулі. Бұл сала белсенді зерттелуде. Болашақта адам-робот қарым-қатынасы, әлеуметтік роботтар, білім беру және медицина салаларындағы көмекшілер ретінде қолданыла алады.

4. Өзіндік сана ЖИ-дің ең дамыған және әлі қол жеткізілмеген. Өзіндік санасы бар ЖИ өзінің бар екендігін, сезімдерін, ойларын және ішкі күйін түсінуге қабілетті болады. Ол өзін жеке тұлға ретінде қабылдайды және өз мақсаттары мен мүдделері болуы мүмкін. Өзіндік сана – бұл философиялық және ғылыми көптеген талқылаулардың тақырыбы. Қазіргі ЖИ жүйелерінде өзіндік сананың ешқандай белгілері байқалмайды. Оны жасаудың мүмкіндігі мен жолдары әлі белгісіз. Егер ЖИ өзіндік санаға ие болса, оның құқықтары, жауапкершілігі және адамзатпен қарым-қатынасы қандай болуы керек деген маңызды этикалық және философиялық сұрақтар туындайды.

Жасанды интеллект – бұл үлкен және әртүрлі сала. Оның түрлерін қабілеттеріне және функционалдығына қарай жіктеуге болады. Қазіргі уақытта біздің өмірімізде көбінесе тар және шектеулі жадысы бар ЖИ қолданылады. Жалпы және аса ЖИ, сондай-ақ ақыл-ой теориясы мен өзіндік сана сияқты дамыған түрлері әлі де зерттеулер мен болашақтың болжамдарының аясында қалып отыр. ЖИ технологиясының дамуы біздің әлемімізді түбегейлі өзгертуге қабілетті, сондықтан оның түрлері мен мүмкіндіктерін түсіну өте маңызды.

Жасанды интеллект адамзат өмірінің көптеген салаларына оң әсерін тигізе отырып, сонымен қатар белгілі бір қауіп-қатерлер мен этикалық мәселелерді де тудырады (1, 2-кесте).

1-кесте – Жасанды интеллектінің мүмкіндіктері

№	Бағыты	Жасанды интеллектінің мүмкіндіктері	
1	Өнімділікті арттыру және автоматтандыру	Қайталанатын жұмыстарды автоматтандыру	ЖИ күнделікті, қайталанатын және қауіпті жұмыстарды (мысалы, өндірістегі конвейерлік жұмыстар, деректерді енгізу) автоматтандыру арқылы

			адамдардың уақытын үнемдейді және қателіктерді азайтады
		Тиімділікті арттыру	Көптеген салаларда (мысалы, логистика, қаржы, ауыл шаруашылығы) ЖИ процестерді оңтайландыру арқылы ресурстарды үнемдеуге және өнімділікті арттыруға мүмкіндік береді
2	Денсаулық сақтау саласындағы жетістіктер	Диагностика	ЖИ медициналық кескіндерді (рентген, МРТ, КТ) талдау арқылы ауруларды ерте кезеңде дәлірек анықтауға көмектеседі
		Дәрі-дәрмек әзірлеу	Жаңа дәрі-дәрмектерді әзірлеу процесін жеделдетеді және олардың тиімділігін болжайды
		Емдеу жоспарлары	Науқастың жеке деректеріне негізделген емдеу жоспарларын құруға көмектеседі
3	Білім беруді жетілдіру	Жекелендірілген оқыту	Әр білім алушының қажеттіліктеріне, оқу қарқынына және стиліне бейімделген оқу материалдарын, тапсырмаларды ұсынады
		Автоматты бағалау	Педагогтердің жұмысын жеңілдетіп, кері байланыс беруді жылдамдатады
		Білім алушыларға қолдау	Виртуалды оқытушылар мен чатботтар арқылы білім алушылардың сұрақтарына жауап беріп, қосымша түсініктемелер ұсынады
		Үлкен деректерді талдау	Білім саласында (химия, физика, биология және т.б.) салаларда модельдеу, ғылыми жаңалықтарды жылдамдату
		Автоматтандыру	Онлайн сабақтар мен тесттерді автоматтандыру, жаттығу тапсырмаларын ұсыну, мәтін талдау, грамматиканы түзету
4	Қауіпсіздік және бақылау	Киберқауіпсіздік	ЖИ жүйелері кибершабуылдарды анықтауға

			және олардың алдын алуға көмектеседі
		Қоғамдық қауіпсіздік	Бейнебақылау жүйелерінде тәртіп бұзушыларды анықтауға және төтенше жағдайларды болжауға мүмкіндік береді
5	Тұтынушыларға қызмет көрсету	Чатботтар мен виртуалды көмекшілер	Тұтынушылардың сұрақтарына жылдам жауап беріп, қызмет көрсету сапасын арттырады
		Жекелендірілген ұсыныстар	Пайдаланушының қалауына сәйкес өнімдер мен қызметтерді ұсынады (мысалы, онлайн-дүкендерде, стримингтік платформаларда)

2-кесте – Жасанды интеллектінің қауіп-қатерлері

№	Бағыты	Жасанды интеллектінің қауіп-қатерлері	
1	Жұмыс орындарының азаюы	Автоматтандыру	ЖИ-дің дамуы кейбір салалардағы адам еңбегін алмастырып, жұмыс орындарының қысқаруына әкелуі мүмкін. Әсіресе, қайталанатын және қарапайым жұмыстарға қауіп төнеді
		Біліксіздік	Жұмысшылардың жаңа технологияларға бейімделуі және жаңа дағдыларды меңгеруі қажет болады. ЖИ технологияларының мүмкіндіктерін асыра пайдалана отырып, маманның өз құзыреттіліктерінің төмендеуіне әкелуі мүмкін

2	Этикалық және әлеуметтік мәселелер	Дискриминация және әділетсіздік	Егер ЖИ алгоритмдері оқытылған деректерде бұрмалаушылық немесе кемсітушілік болса, ЖИ жүйелері де әділетсіз немесе дискриминациялық шешімдер қабылдауы мүмкін (мысалы, жұмысқа қабылдауда, несие беруде)
		Құпиялылық және деректерді қорғау	ЖИ жүйелерінің үлкен көлемдегі жеке деректерді жинауы және өңдеуі жеке өмірдің құпиялылығына қауіп төндіруі мүмкін
		Жауапкершілік	ЖИ жүйелерінің қабылдаған шешімдері немесе жасаған қателіктері үшін кім жауапты болатыны туралы сұрақ (мысалы, автономды көлік апаты)
3	Қауіпсіздік тәуекелдері	Зиянды қолданыс	ЖИ технологиялары кибершабуылдарды күшейту, жалған ақпарат тарату (deepfake), автономды қару-жарақ жүйелерін жасау сияқты зиянды мақсаттарда қолданылуы мүмкін
		Жүйелік қателіктер	ЖИ жүйелеріндегі қателіктер немесе істен шығулар ауқымды салдарға (мысалы, қаржылық жүйелерде, энергетикада) әкелуі мүмкін
5	Адамдық қарым-қатынастың азаюы	Әлеуметтік оқшаулану	Адамдардың ЖИ-мен көбірек қарым-қатынас жасауы адамдар арасындағы тікелей әлеуметтік байланыстарды азайтуы мүмкін
		Эмоциялық дағдылардың төмендеуі	Кейбір адамдар ЖИ-ге тым тәуелді болып, өздерінің проблемаларды шешу және сыни ойлау дағдыларын жоғалтуы мүмкін

6	Бақылаудың болмауы және экзистенциалды қауіптер	Аса ЖИ-дің дамуы	Егер ЖИ адам интеллектінен асып түссе, оны бақылау және оның мақсаттарының адамзат мүдделерімен сәйкес келуін қамтамасыз ету өте қиын болады
		Өзін-өзі дамыту	ЖИ өзін-өзі жетілдіру арқылы бақылаудан шығып кетуі мүмкін деген болжамдар бар

Жасанды интеллектінің адамзатқа беретін пайдасы зор, бірақ оны дамыту және қолдану кезінде ықтимал зияндарын ескеріп, оларды азайту үшін тиісті шараларды қабылдау қажет. ЖИ-ді жауапкершілікпен, этикалық нормаларды сақтай отырып және адамзаттың игілігі үшін дамыту қажет.

Халықаралық және отандық тәжірибе

Жасанды интеллектіні мектептік білім беруге енгізу ісі көптеген елдерде мемлекеттік деңгейде қолдау табуда. Солардың ішінде Ресей, Сингапур және Жапонияның тәжірибесі назар аударарлық. Аталған елдер білім беру жүйесін цифрландыру бойынша әртүрлі жолдар таңдаса да, барлығында ортақ тренд – жасанды интеллектіні ерте бастан білім алушыларға үйрету және оқу процесінде пайдалану.

Ресей Федерациясы соңғы жылдары мектептерде цифрлық білім беру ортасын дамытуға баса көңіл бөлуде. 2018 жылы басталған «Цифровая школа» ұлттық жобасы аясында барлық мектептерде жоғары жылдамдықты интернет орнатылып, «Российская электронная школа» платформасы іске қосылды. Платформада сабақтардың цифрлық контенті жинақталған және кейбір адаптивті элементтері бар. Жасанды интеллектіні нақты қолдануға келсек, Мәскеу қаласының мектептерінде пилоттық тәртіпте «Цифровой учитель» атты ЖИ жүйесі сыналуда – ол бастауыш сынып білім алушыларына математика мен оқудан жеке тапсырмалар беріп, қателеріне талдау жасайды. Өзірге жүйе педагогтің көмекшісі ретінде ғана қызмет атқарады. Сонымен қатар Ресей мектептерінде программалау мен жасанды интеллект негіздерін оқытуға ерекше көңіл бөлінуде: 2021 жылдан бастап 7-11-сыныптарға «Жасанды интеллект негіздері» электив курсы енгізілді. 9-сынып білім алушыларына арналған жаңа информатика оқулықтарында машиналық оқыту, нейрондық желілер туралы бөлімдер пайда болды [11]. Яғни, ресейлік білім алушылар ЖИ технологияларын пайдаланушы ғана емес, сонымен бірге құрастырушы болуға даярланып жатыр. Мысалы, кей мектептерде білім алушылар Python тілінде қарапайым нейрондық желі бағдарламалап үйренуде, жобалық жұмыс ретінде чат-бот құрастырады. Дегенмен Ресей мамандары да білім беруде ЖИ енгізудің кейбір қиындықтарын айтады: ауыл мен қала мектептері арасындағы цифрлық теңсіздік, педагогтердің жаңа технологияларға дайындық деңгейі, деректердің құпиялылығы мәселелері өзекті.

Азиядағы білім беру жүйесі озық елдердің бірі – *Сингапур* – цифрлық технологияларды мектепте қолдану бойынша көшбасшылар қатарында. Сингапур үкіметі 2000 жылдардың басынан-ақ білімде ІТ пайдаланудың ұлттық жоспарын қабылдаған. 2015 жылы іске қосылған «Smart Education» Masterplan шеңберінде барлық мектептер смарт-технологиялармен жабдықталды [12]. Сингапурдың ерекшелігі – олар білім беруде жасанды интеллектіні екі бағытта қолданды: оқыту үшін ЖИ және ЖИ-ді оқыту. Біріншісі бойынша, сингапурлық мектептерде әр білім алушыға дербестендірілген цифрлық ресурс қолжетімді болды. Мысалы, Computing for Kids деген платформа әр баланың математикадан олқылықтарын анықтап, деңгейіне сай есептер ұсынып, өтілген тақырыптарды пысықтайды. Платформа Сингапурдың білім министрлігі тапсырысымен жасалып, ондаған жылдар бойы жиналған білім алушылардың жұмыстары деректерін талдау негізінде жұмыс істейді. Екіншісі – білім алушыларды жасанды интеллект саласына баулу. Сингапурда 8-сыныптан бастап «Computational Thinking» атты бағдарлама қолға алынған, оның аясында білім алушыларға қарапайым нейрондық желі моделін құру, машиналық шешімдердің этикасы сияқты тақырыптар үйретіледі. 2017 жылы Сингапур үкіметі «AI in Education» жол картасын жариялап, онда мектептерде білім алушылардың оқу деректерін талдайтын және педагогтерге кеңес беретін ЖИ жүйелерін жасау көзделді.

Сингапур тәжірибесі ЖИ-дің білімге интеграциясы мемлекеттік стратегиялық жоспармен жүрсе, өте сәтті іске асатынын көрсетеді. 2012 жылы жарияланған «Education 2015 Masterplan» құжаты Сингапурды білімде жаппай цифрландыруға дайындады, ал қазір ел «Education 2030 AI Plan» бағытына бет алған. Нәтижесінде, Сингапур білім алушылары халықаралық салыстырмаларда (PISA, т.б.) үздік нәтижелер көрсетіп келеді, оның бір сыры – жеке оқу траекториясын іске асыруда ЖИ құралдарын тиімді қолдануында жатыр деп қорытынды жасай аламыз.

Жапонияда да жасанды интеллектіні мектептерге енгізу бойынша қызықты жобалар жүзеге асуда. Жалпы, Жапонияның ұлттық Society 5.0 тұжырымдамасы аясында білім беру жүйесін толық цифрландыру және дербестендіру көзделген [13]. 2019 жылдан бері Жапония мектептерінде робот-ассистенттер пайда бола бастады: кей бастауыш сыныптарға SoftBank компаниясының Pepper роботын әкеліп, оны ағылшын тілін үйрету үшін пайдаланды. Pepper роботындағы ЖИ балаға ағылшын сөздерін айтқызып, дұрыс-бұрыстығын анықтап отырды, білім алушылар роботпен диалог құрып, сөйлеу дағдыларын дамытты. Тәжірибе көрсеткендей, балалар адамның орнына роботпен сөйлескенде қысылмай, қатесін ауыр қабылдамай, еркін үйренеді – яғни психологиялық кедергіні азайтады.

2021 жылы бірқатар мектепте математика пәні бойынша жасанды интеллект үйретуші енгізілді: ол білім алушының шешу жолдарын бақылап, қай жерде қате кеткенін нақты көрсетіп, қосымша түсіндірме береді. Жапондықтар жүйені әсіресе үй тапсырмасын тексеруге және Ұлттық емтиханға дайындықта пайдаланады. Тағы бір ерекше мысал – Жапонияда кейбір мектептер білім

алушылардың мінез-құлқын камера арқылы бақылайтын ЖИ жүйесін сынақтан өткізген. Мақсаты – қай білім алушының көңіл-күйі жоқ екенін, сабақтан тыс назарын басқаға аударып отырғанын анықтап, дер кезінде сынып жетекшісіне хабарлау. Этикалық тұрғыда даулы мәселе тудырғанымен, білім алушылардың тәртібін жақсартуға сеп болғаны айтылады.

Жапониядан үйренер нәрсе: олар техника мен адамды үйлестіруде мәдени ерекшеліктерін ескеріп, аса бір табиғилықпен енгізеді. Біздің еліміз де Жапония сияқты жалпы адами және ұлттық құндылықтарды сақтай отырып, ЖИ мүмкіндіктерін енгізе білсек, оң нәтижелерге жетеріміз сөзсіз.

Мұнадағы Ыбырай ВОР – қолданушылардың түрлі бағыттағы сұрақтарына мазмұнды әрі негізделген жауап ұсынуға арналған интеллектуалды жүйе. Бұл модель бейнелер мен суреттердегі ақпаратты тану және талдау арқылы визуалды контекске сәйкес жауап беру мүмкіндігіне де ие.

Бұл жасанды интеллект негізінде құрылған отандық платформа, ол педагогтер мен білім беру ұйымдарына арналған. Платформа қысқа мерзімді жоспар, эссе, презентация және тест сұрақтарын автоматты түрде жасайды. Білім алушылармен кері байланысты жақсарту үшін интерактивті ойындар мен викториналар ұсынады. Педагогтердің уақытын үнемдеуге және сабақ сапасын арттыруға бағытталған.

Қазіргі білім беру жүйесінде жасанды интеллект оқытуды жекелендірілген, қолжетімді, интерактивті және тиімді етуге бағытталған қуатты құрал ретінде қалыптасты. Біріншіден, жекелендірілген оқу әр білім алушының білім деңгейі мен қажеттіліктеріне сай мазмұн ұсынуға мүмкіндік береді. Екіншіден, педагогтердің уақытын үнемдеуге көмектесіп, тексеру, жоспарлау сынды жұмыстарды автоматтандырады. Сонымен қатар ЖИ арқылы білім беру әсіресе шалғай аймақтардағы барлық білім алушыларға қолжетімді бола түседі. Әрі ЖИ мүмкіндіктерін қолдану білім алушылардың қызығушылығын арттырып, мотивацияны күшейтеді, себебі интерактивті әрі бейімделген оқу жүйесі оқуға ынтаны оятады. Ақырында, ЖИ объективті бағалау жүргізу арқылы бағалаудағы адами факторды азайтады, бұл әділ және нақты нәтижелерге қол жеткізуге жол ашады.

ЖИ әдіс-тәсілдерін орынды қолдану арқылы педагогтер мен білім алушылар тез өзгертін цифрлық дәуірге бейімделіп, білім беру сапасын жаңа деңгейге көтере алады. Ендеше қазақ тілі сабағында да ЖИ әлеуетін барынша тиімді пайдалану керек.

Қазіргі қазақ тілін оқыту әдістемесінде төрт тілдік әрекетті (оқылым, тыңдалым, жазылым, сөйлесім) қатар дамыту көзделетінін ескерсек, әр әрекетке қатысты түрлі тәсілдерді ұштастыру қажеттілігі туады. Мультимедиалық және интерактивті платформалар осы төрт дағды бойынша кешенді жаттығулар ұйымдастыруға қолайлы. Мәселен, аудио подкаст тыңдап және оның мазмұны бойынша Padlet қабырғасына пікір жазу арқылы, кейін сол жазбалар негізінде сыныпта талқылау өткізу – бір сабақта бірнеше әрекетті ұштастыруға мүмкіндік береді. Бұрын бірсарынды жаттығулармен шектелетін оқу процесі енді түрлі форматта (ойын, комикс, викторина, т.б.) жүзеге асып, білім алушылар үшін қызықты жағдайға айналды. Осының бәрі жасанды интеллект пен жаңа технологиялардың оқу тиімділігін арттыруда теориялық тұрғыдан негізді әрі практикалық жағынан қажет екенін көрсетеді.

Орта буындағы 5-9-сынып білім алушылары – жасы шамамен 11-15 аралығындағы жеткіншектер – ақпаратты қабылдау түрі және психологиялық

даму ерекшеліктері тұрғысынан алғанда айрықша топ. Бұл жастағы балалардың зейіні тұрақсыздау, бірақ қызығушылығы жоғары, жаңа технологияларды тез меңгереді. Сонымен бірге әр білім алушының танымдық стилі әртүрлі: кейбірі көріп үйренгенді ұнатса (визуалдар), енді бірі тыңдағанды жақсы қабылдайды (аудиалдар), ал тағы бірі жазып, мәтінмен жұмыс істегенді жөн көреді (вербалды тип). Жасанды интеллектіні сабақта қолдануда осы жас ерекшеліктері мен оқу стилдерін міндетті түрде ескерген жөн. Мысалы, қазақ тілі сабақтарында жаңа сөздерді, тұрақты тіркестерді, мақал-мәтелдерді көзбен көріп түсіну үшін иллюстрациялар керек. Жасанды интеллект мұнда да қолғанат: нейрожелі негізіндегі кескін генерациялау сервистері мәтіндік сұраныс бойынша қысқа уақытта сапалы сурет шығарып береді. Мұғалім сабаққа қажетті суреттерді іздеуге уақыт жұмсамай, DALL-E 2 немесе Midjourney сынды генераторларға қазақша не ағылшынша сипаттап жазу арқылы оңай ала алады. Практикада кейбір педагогтер ChatGPT жүйесін де *визуалды материал* әзірлеуге пайдаланып жатыр. Сондай-ақ, Pixton, Canva тәрізді платформаларды атап өтуімізге болады.

Pixton – комикс (суретті оқиғалы диалогтер) жасауға арналған онлайн платформа. Платформада білім алушылар дайын кейіпкерлер мен көріністерді таңдап, оларға өз сөздерін (диалог, баяндау) жазу арқылы комикс жолақтарын жасай алады. Қазақ тілі сабағында Pixton-ды жазылым және сөйлесім дағдыларын арттыру мақсатында пайдалануға болады, әсіресе диалог құру, оқиға баяндау, шығарма жазу бөлімдерінде. Мысалы, 6-сынып білім алушылары «Досымен кездесу» тақырыбында қысқа диалог құрастырса, оны дәстүрлі қағазға жазып қана қоймай, Pixton-да комикс етіп бейнелей алады: екі дос бейнесін таңдап, олардың сөйлесуін сөйлесу бұлтына мәтін қылып енгізеді. Нәтижесінде білім алушылардың диалогтері көз алдыларында шағын комикс кітапша болып шығады. Pixton қолдану арқылы білім алушылар жазу дағдысын «бейресми», еркін формада жаттықтырады: олар көп мәтін жазбайды, бірақ әр сөйлемді ойлап қысқа-нұсқа құрастырады (комикс көмейіне көп сөз сыймайды). Сонымен қатар комикс форматындағы жұмыс білім алушыға психологиялық тұрғыда жеңіл: әдетте тұтас шығарма жазуға қиналатын бала да қызықты кейіпкерлерді көріп, диалог құруға талпынады. Қазақ тілінде комикс жасау – тілдік нормаларды сақтап, қысқа сөзбен көп мағына жеткізуге жақсы жаттығу.

Canva – графикалық дизайн жасауға арналған танымал веб-қосымша, ал оның құрамындағы Canva AI мүмкіндіктері мәтіннен сурет генерациялау, дизайн элементтерін автоматты толықтыру, мәтін жазуда көмек беру (Magic Write) қызметтерін қамтиды. Қазақ тілі сабақтарында Canva AI негізінен көрнекілік және шығармашылық тапсырмаларда қолданыс табады. Мысалы, мұғалім жаңа сөздер немесе тұрақты тіркестерді таныстырғанда, Canva-ның «Text to Image» функциясы арқылы сол сөзге сәйкес иллюстрацияны жылдам жасап, білім алушыларға көрсете алады. Әдіс абстрактілі ұғымдарды көрнекі бейнелеуге мүмкіндік береді, нәтижесінде білім алушылар жаңа сөзді әрі оқып, әрі визуалды түрде қабылдап есінде сақтайды. Сондай-ақ Canva арқылы білім алушылар инфографика, презентация, жадынама сияқты жобалық жұмыстарды орындай алады. Canva AI оларға дизайн бойынша кеңестер ұсынып, мысалы, слайдтың

орналасуын реттеуге немесе мәтінді түзеуге көмектеседі. Мұндай мүмкіндік әсіресе шығармашылық жазылым тапсырмаларында тиімді: 8-сынып білім алушыларына берілген «Менің сүйікті кейіпкерім» тақырыбындағы эссе жұмысында олар өздері ұнататын кейіпкердің портретін жасап, эссе мәтінін сол дизайнға орналастыра алады. Нәтижесінде білім алушының жазу және безендіру жұмысы интеграцияланып, оның жұмысы мазмұнды да көрнекі шығады. Басты артықшылығы – күрделі графикалық білімі жоқ адамдардың өз идеяларын визуалды форматта оңай жүзеге асыруына көмектесуі. Қазақ тілі сабақтарында Canva AI-ды қолдану білім алушылардың шығармашылық әлеуетін ашып, пәнге деген қызығушылығын арттырады деп күтілуде.

GoAnimate – қарапайым жолмен анимациялық видеороликтер жасауға мүмкіндік беретін платформа (қазіргі атауы Vyond). Құрал арқылы кейіпкерлерді, диалогтерді, қозғалыстарды таңдап, қысқа мультфильмдер құрастыруға болады. Қазақ тілі сабақтарында GoAnimate-ты сөйлеу және жазу дағдыларын дамыту үшін шығармашылық тапсырма ретінде қолдануға болады. Мысалы, 9-сынып білім алушыларына «Ертегіні жаңаша аяқтау» тапсырмасын бергенде, олар топтасып белгілі бір ертегінің соңын ойлап тауып, соны анимациялық көрініс ретінде GoAnimate-та жасайды. Ол үшін алдымен диалог сценарийін жазады, оны қазақ тілінде дыбыстайды немесе мәтін ретінде кіргізеді, содан соң пайда болған мультфильмді сыныпқа көрсетеді. Мұндай жобалық жұмыс барысында білім алушылар тілді түрлі қырынан қолданады: біріншіден, диалог жазу арқылы олардың сөйлем құрастыру шеберлігі жетіледі; екіншіден, кейіпкерлердің эмоциясын, дауыс ырғағын келтіру арқылы интонация мен айтылымға көңіл бөледі; үшіншіден, мультфильм жасау қызықты болғандықтан, тілді үйренуге жағымды әсер қалыптасады. GoAnimate платформасы сурет салу шеберлігін талап етпейді – дайын кейіпкерлер мен көріністер кітапханасы бар, білім алушылар соларды пайдаланып, қалағанынша құрастырады.

ThingLink – бейнелер мен видеоларды интерактивті етіп белгілер қосуға мүмкіндік беретін платформа. Мұнда кез келген суреттің немесе 360° панораманың үстіне гиперсілтемелер, мәтіндік түсіндірмелер, дыбыстық жазбалар орналастыруға болады. Нәтижесінде қарапайым статикалық сурет «тірі» оқу материалына айналады: білім алушы суреттегі белгілерді басу арқылы қосымша ақпарат алады. Қазақ тілі сабағында ThingLink-ті оқылым мен тыңдалым дағдыларын қатар дамыту үшін қолдануға болады. Мәселен, ұлттық мұра тақырыбында мұғалім қазақтың киіз үйінің суретін интерактивті етуі мүмкін: әрбір құрамдас бөлігіне (шаңырақ, кереге, уық, т.б.) белгі қойып, атауын қазақша және ағылшынша жазып, аудио дыбысталуын қосады. Білім алушылар үйдің бөліктерін суреттен көріп, атауларын оқып және үстіне басып дыбысталуын естіп үйренеді. Платформа жаңа сөздерді меңгеруде көрнекілік пен есту арналарын бірдей іске қосатын тиімді әдіс.

Ал, *аудиа*л білім алушылар үшін **Vocaroo** – интернеттегі өте қарапайым дыбыс жазу және бөлісу қызметін пайдалануға болады. Платформада тіркелусіз-ақ микрофон арқылы дыбыс жазып, оны бірден онлайн сілтеме ретінде сақтап,

бөлісуге болады. Қазақ тілі сабақтарында Vocaroo-ны негізінен тыңдалым және сөйлеу дағдыларын дамыту мақсатында қолдануға болады. Мұғалім үшін Vocaroo пайдалы: ол күрделі айтылымы бар мәтінді алдын ала өзі оқып жазып, білім алушыларға сілтемесін жібере алады. Білім алушылар сол аудио жазбаны кез келген уақытта тоқтатып, қайта тыңдап, қажетті жерін қайталап тыңдау арқылы тыңдалым машығын шыңдайды. Әсіресе қашықтан оқыту кезінде кері байланыс берудің қолайлы тәсілі. Білім алушылар үшін Vocaroo одан да қызықтырақ мүмкіндіктер ашуы мүмкін. Мысалы, мұғалім 8-сыныпта «Менің демалыс күнім» тақырыбында ауызша монолог айту тапсырмасын берді делік. Әр білім алушы Vocaroo-да 1-2 минуттық монологін жазып, алынған сілтемені педагогке жіберуі керек. Білім алушы жазбас бұрын бірнеше рет қайталап, ең сәтті деген нұсқасын ғана жолдайды, яғни процестің өзі оның сөйлеу дағдысын жаттықтырады. Зерттеулерде айтылғандай, білім алушылар өз сөйлеу жазбасын қайта-қайта жазу арқылы айтылымын жетілдіреді, екпін-ырғағын түзейді, сөйтіп ауызекі сөйлеу шеберлігімен қоса өзін-өзі бағалау дағдысын қалыптастырады.

LearningApps.org – білім беру мақсатындағы шағын интерактивті қолданбаларды жасау және пайдалану платформасы. Онда әртүрлі шаблондар негізінде тапсырмалар құрастыруға болады: сөздерді сәйкесін табу, топтастыру, хронологиялық тізбек жасау, кроссворд, викторина, пазл, сөйлемдегі бос орынды толтыру және т.б. Қазақ тілі сабағында LearningApps тілдік бірліктерді меңгертуге арналған жаттығуларды түрлендіру құралы ретінде тиімді. Мұғалім дайын тұрған көптеген қазақ тілі бойынша жаттығуларды сол сайттан тауып қолдана алады немесе өзі жаңа тапсырма жасай алады. Мысалы, «Сөйлем мүшелерін тап» деген жаттығу жасау үшін мұғалім сөйлемдер жазып, әр сөзді бөлек карточка қылып, білім алушыға бастауыш пен баяндауышты жұптастыру форматында тапсырма дайындай алады. Білім алушы LearningApps арқылы оны орындағанда әр дұрыс жұптаған сөздерін бірден жүйе тексеріп, «дұрыс» не «қате» деп көрсетеді.

Дәл осындай LessonUp онлайн платформасы да дайын интерактивті сабақтар өткізуге және сабақ жоспарын құруға арналған. Сервис арқылы мұғалім бейнелерді, мәтіндерді, викториналарды, ашық сұрақтарды, ойынды бір сабақтың құрылымына біріктіре алады, ал білім алушылар сабаққа қосылған код арқылы қатысып, тапсырмаларды өз құрылғысында орындайды. LessonUp негізінен кешенді түрде сабақ жүргізу үшін қолайлы: ол бір мезетте презентация құралы да, бағалау құралы да, кері байланыс құралы да бола алады. Қазақ тілі мұғалімі LessonUp-та интерактивті сабақ жоспарын құрып, оны сыныпта экранда көрсетеді. Әр бөлімде білім алушыларға сұрақтар қойып, олар телефон арқылы жауап береді – мұғалім сол сәтте барлық жауапты көріп, талқылай алады. Мысалы, «Жұрнақ пен жалғау» тақырыбын өткенде мұғалім қысқаша ережені экранда түсіндіріп, артынан LessonUp арқылы бірнеше тапсырма береді. Бұдан кейін тақырыпты бекіту үшін шағын mind map құруға бағыттап, LessonUp тақтасына білім алушылар бір-бір сөзден жазып ортақ ассоциация құрады. Осындай алуан түрлі белсенділіктер LessonUp платформасында бір сабақтың ішінде жеңіл іске асады. Платформаның тағы бір ерекшелігі – мұғалім білім

алушылардың қатысу белсенділігін және жауаптарының деректерін сақтап, кейін талдай алады. Деректерді пайдаланып, қай білім алушы қай сұрақтан қиналғанын анықтап, келесі сабаққа жоспар құруға болады. Сонымен қатар LessonUp кітапханасында басқа педагогтер дайындаған сабақтар да жетерлік, оны қазақ тіліне бейімдеп алуға болады. LessonUp мүмкіндіктері ішінде спиннер (дөңгелекті айналдыру арқылы кездейсоқ таңдау), сөзжұмбақ құрастыру, бейнеролик үстінен сұрақ қою тәрізді қосымша қызықты функциялар да бар. Қазақ тілі сабағында мысалы, «Қазақтың салт-дәстүрлері» тақырыбында LessonUp қолдансақ, бір слайдта қымыз дайындау туралы видео көрсетіп, оның үстіне түсінуге қатысты сұрақтар қоямыз, келесі слайдта жаңа сөздердің мағынасын сәйкестендіру ойынын қосамыз, тағы бірінде пікірталас сұрағын ашық қойып, білім алушылардан қысқа жауаптар жинаймыз – осының бәрі жүйелі түрде бір сабақта өтеді. Бұл платформаны «барлығын бір жерден» басқаратын құрал деуге болады. LessonUp қолдану педагогтің цифрлық сауатын да көтереді, себебі ол дәстүрлі презентациясын интерактивті етіп жаңартуға ұмтылады. LessonUp сияқты интеграцияланған цифрлық платформалар қазақ тілі пәнін оқытуда тыңдалым, оқылым, жазылым, сөйлесім әрекеттерін біріккен формада жүргізуге мүмкіндік беріп, педагогке білім алушылардың оқу үрдісін толық бақылап, дер кезінде түзетулер енгізуге жағдай жасайды.

Вербалды қабылдау типі басым білім алушылар – ауызша және жазбаша жақсы жұмыс істейтін, тілге, мәтінге, сөйлеуге бейім тұлғалар. Олар үшін ең тиімді әдістер – сөздік қорды байытатын, шығармашылықпен мәтін құрауға, пікір айтуға, түсінгенін жеткізуге мүмкіндік беретін әдістер. Осындай әдістердің қатарына **Padlet** – виртуалды «тақта», яғни цифрлық ортада бірлескен жазба қалдыруға мүмкіндік беретін платформасын атауға болады. Мұнда білім алушылар мәтін, сурет, видео, сілтеме сияқты әртүрлі контентті қоса алады және барлық жазбалар қабырғада ретсіз, бірақ көрнекі түрде орналастырылады. Қазақ тілі сабағында Padlet-ті көбінесе жазылым және оқылым дағдыларын дамыту үшін қолдануға болады. Мысалы, мұғалім «Менің сүйікті кітабым» деген тақырыпта эссе жазуды тапсырса, әр білім алушы өз қысқаша мәтінін Padlet қабырғасына жариялай алады. Нәтижесінде бір ортақ қабырғада бүкіл сыныптың жұмысы жиналады және білім алушылар бір-бірінің жазғанын оқып, пікір қалдыра алады. Осылайша Padlet білім алушыларға шығармашылық еркіндік береді – тек мәтін емес, фотосурет қосып, бейне жазба тіркеп, өз жұмысын байыта алады.

Padlet-тің артықшылығы – қарапайымдылығы, яғни, білім алушыларға тіркелу шарт емес, сілтеме арқылы кіріп жаза береді. Біріккен *тақта* форматында жұмыс істеу әсіресе тұйық немесе ұялшақ білім алушыларға пайдалы: олар ауызша айтпаған ойларын жазбаша түрде жеткізіп, қабырғада ілінген әрбір жазба сабақтағы талқының негізіне айналады. Мысалы, 7-сыныптағы «Экология және біз» сабағында білім алушылар Padlet-ке өз ауылындағы экологиялық мәселелер туралы ойларын жазып, кейін мұғалім сол жазбаларды оқып, сыныппен бірігіп талқылады. Бұндай жаттығу бір жағынан жазылым дағдысын дамытса, яғни, білім алушы дұрыс сөйлем құруға тырысады,

екінші жағынан оқылымды да қамтиды, өзгелердің мәтінін зерделеу мүмкіндігі бар. Padlet сондай-ақ жаңа сөздерді ұжымдасып жинақтауға ыңғайлы: мұғалім тақырыпқа сай жаңа сөздерді жазып, білім алушылар әр сөзге синоним, түсіндірме не сурет қосып ортақ сөздік жасай алады. Дәстүрлі қағаздағы «сөз қабырғасына» қарағанда Padlet сөз қабырғасы әлдеқайда мазмұнды және тұрақты жаңартылып отырады – оған уақыт пен кеңістік шектеуі жоқ. Ал, білім алушылардың жас ерекшелігіне келсек, 5-сынып пен 9-сынып білім алушыларының арасында айтарлықтай айырмашылық бар. Төменгі сыныптардағы балалар үшін оқу материалы мүмкіндігінше ойын түрінде, көрнекі және қысқа форматта берілгені дұрыс. Мұнда ЖИ негізіндегі «геймификация» элементтерін көбірек енгізген жөн.

Геймификация (ағылш. *gamification*) – бұл оқу, еңбек, басқару және басқа да бейойындық (неигровой) салаларға ойын элементтерін енгізу арқылы адамдардың қатысуын, мотивациясын және тиімділігін арттыру әдісі. Ол ұпай жинау, деңгейлерден өту, марапат (бейдж), тапсырма орындау, квесттер мен интерактивті сюжеттер құру секілді ойынға тән ерекшеліктерді білім беру процесіне енгізуді қамтиды.

Бастапқыда бұл ұғым маркетинг саласында қолданыла бастаса да, соңғы онжылдықта білім беруге бейімделіп, білім алушылардың сабаққа қызығушылығын арттыру, зейінін шоғырландыру, белсенді әрекетке тарту құралы ретінде кеңінен қолданылуда.

Геймификацияны оқу процесіне енгізудің басты ерекшелігі – оқу іс-әрекетін қызықты, мағыналы және тартымды ету. Әдіс педагогке тек материалды түсіндірумен шектелмей, білім алушыларды белсенді субъект ретінде қарастыруға мүмкіндік береді. Геймификация мен ЖИ әдістерін біріктіріп пайдалану – қазіргі білім беру технологияларының келешекке бағытталған, инновациялық шешімі. Екі тәсілдің синтезі оқу процесінің тиімділігін арттыруда, білім алушылардың уәждемесі мен білім сапасын көтеруде зор мүмкіндіктер ашады.

Жалпы геймификация білім алушылардың ішкі мотивациясын күшейтеді, жеке белсенділігін арттырады, сонымен қатар ұзақ мерзімді есте сақтау қабілетін дамытады. Қазақ тілі сабақтарында білім алушылардың тілді меңгеру үдерісі тек жаттауға емес, әрекет пен тәжірибеге негізделуі қажет. Ойын арқылы оқыту осы талапқа толық сай келеді.

Психологиялық тұрғыдан алғанда, ойын әрекеті баланың жас ерекшелігіне сәйкес келеді, әсіресе 5-9-сынып аралығындағы білім алушыларда ойын арқылы үйрену өте тиімді. Бұл кезеңде бәсекелестік, жарысу, ұпай жинау сынды әрекеттер олардың ішкі ынтасын күшейтеді.

Қазақ тілі сабағында геймификация мен жасанды интеллектіні біріктіре қолдану білім алушылардың тілді үйренуге деген қызығушылығы мен ынтасын арттыруға айтарлықтай ықпал етеді. Геймификация тек мотивациялық фактор ретінде ғана емес, сонымен қатар білім алушылардың коммуникативтік құзыреттілігін, сыни ойлау қабілетін, дербес шешім қабылдау дағдыларын дамытуға мүмкіндік береді. Ойын түрінде ұйымдастырылған оқу әрекеттері

білімді тек жаттап алуға емес, оны түсініп, тәжірибе арқылы қолдануға бағыттайды. Мұндай форматта меңгерілген материал білім алушы жадында ұзақ сақталып, нақты өмірлік жағдайларда тиімді пайдаланылады. Мұны жүзеге асыруда Quizizz, WordWall, Kahoot, Classcraft сынды платформаларының маңызы зор. Оқыту құралдардың көпшілігі жасанды интеллект алгоритмдерімен жабдықталған, яғни білім алушының жауаптарына, үлгеріміне және белсенділігіне қарай тапсырмаларды бейімдеп ұсынуға қабілетті. Осының нәтижесінде оқу процесі жекелендіріліп, әр білім алушының даму қарқыны мен деңгейіне сәйкес оқу жолы құрылады. Осылайша, заманауи білім берудің тиімді, дараландырылған және мотивациялық моделі жасалады. Мысалы, Quizizz – білім алушылардың білімін ойын формада тексеруге арналған онлайн викторина платформасы. Ол Kahoot-қа ұқсас геймификацияланған құрал, бірақ Quizizz-тің ерекшелігі – білім алушылар сұрақтарға өз қарқынымен жауап бере алады. Қазақ тілі сабақтарында Quizizz-ті лексика-грамматикалық материалды бекіту, оқылған мәтін бойынша түсінуді тексеру немесе жалпы қайталау сабақтарында қолдануға болады. Мұғалім платформадағы дайын викториналардың банкін пайдалана алады немесе өзі жаңа сұрақтар жиынтығын жасап, білім алушыларға сілтемесін ұсынады. Білім алушылар өз смартфонды немесе компьютерінен викторинаны бастап, сұрақтарға жауап беріп шығады – әр жауаптан кейін дереу дұрыс жауап пен түсіндірме көрсетіледі.

Quizizz ойын элементтерін шебер пайдаланады: әр сұрақтан соң көңілді мем немесе GIF-анимация шығып, білім алушының дұрыс-бұрыс жауабы әзілмен беріледі. Сондай-ақ әр білім алушының нәтижесі бойынша ұпай мен орын көрсетіледі, бірақ ол да жеке құрылғысында көрінетіндіктен білім алушыға үлкен қысым тудырмайды. Мұндай орта білім алушыларды тест шешуді бәсеке емес, ойын ретінде қабылдауға итермелейді. Платформада фонда көңілді әуен қосылып, жауап беру уақыты таймермен шектеледі. Мысалы, 6-сыныпта «Сын есім» тақырыбы аяқталған соң мұғалім Quizizz арқылы 20 сұрақтан тұратын тест өткізді делік. Білім алушылар үйден кіріп шешкен тесттің нәтижесінде мұғалім Excel форматында әр сұрақ бойынша статистика алды – қай сұрақтар көп қате болды, орташа ұпай қандай, т.б. Соған қарап келесі сабағында түсінбеген тұстарын қайта түсіндіруге мүмкіндік туады. Quizizz-тің Kahoot-тан тағы бір артықшылығы – оны үй тапсырмасы ретінде де беруге болады. Жалпы, Quizizz қолдану қазақ тілі сабағында жарыс элементін енгізіп, білім алушылардың білгенін бекіту процесін қызықты әрі мазмұнды етеді.

Сондай бағыттағы **Wordwall** онлайн платформасы жалпы білім беру жүйесінде кеңінен қолданылады. Ресурс арқылы педагогтер викторина, сәйкестендіру, сөзжұмбақ, «қатені тап» сияқты әртүрлі дидактикалық ойын түріндегі тапсырмаларды тез әрі оңай құрастыра алады. Платформа мазмұнды бір рет енгізіп, оны бірнеше форматта пайдалануға мүмкіндік береді: мысалы, бір сөздер жиынтығын алғашында «сәйкестендіру» ойын түрінде беріп, кейін сол материалды басқатырғыш не көптаңдаулы тест (викторина) үлгісінде қайта ұсынуға болады. Wordwall бағдарламасының көпфункционалдығы педагогке бір ғана тақырыптық материалды әртүрлі жаттығу үлгісінде қолдануға жол ашады.

Көптеген дайын шаблондар интерактивті де, баспалық, қағазға шығарып таратуға арналған форматта да қолжетімді, бұл оны сабақта да, қашықтан оқытуда да икемді пайдалануға мүмкіндік береді. Сондай-ақ платформа оффлайн режимінде де жұмыс істей алады, яғни интернетсіз ортада алдын ала жүктелген тапсырмаларды қолдану мүмкіндігі бар. Жүйенің интерфейсі қарапайым және бірнеше тілде қолжетімді. Қазіргі уақытта Wordwall сервисі қазақ тіліндегі оқу мазмұнымен жұмыс істей алатын мүмкіндікке ие.

Wordwall платформасы қазақ тілі сияқты гуманитарлық пәндерді оқытуда тиімді цифрлық құрал ретінде ерекше пайдалы. Оқу үдерісін ойын технологиялары арқылы жандандырып, білім алушылардың белсенді қатысуын қамтамасыз етеді, білім мазмұнын меңгеруді жеңілдетеді.

5-кесте – Білім алушы типіне байланысты әдіс-тәсілдер мен құралдарды жіктеу

Білім алушы типі	ЖИ әдістері мен құралдары
Аудиал	Vocaroo – өз дауысын жазу, тыңдалым жаттығулары Canva AI (Text-to-Speech) – мәтінді дыбыстау ChatGPT – дыбыстық жаттығуға арналған диалог генерациялау
Визуал	ThingLink – интерактивті суреттер, белгілер Canva AI (Text-to-Image) – сурет жасау, инфографика генерациясы Midjourney – қажетті суретті генерациялап шығару Pixton / GoAnimate – комикс, анимация құрастыру
Вербалды қабылдау	ChatGPT – мәтін, диалог, эссе жазуға көмек Padlet – жазбаша пікір алмасу Pixton / GoAnimate – комикс, анимация құрастыру (мәтінін жазып әзірлеу)

Қазақ тілі сабақтарында жасанды интеллект әдістері мен цифрлық платформаларды тиімді пайдалану – оқыту сапасын арттырып, білім алушылардың пәнге деген ынтасын күшейтетін инновациялық қадам (5-кесте). Платформалардың әрқайсысы тілдік дағдыларды дамытудың өзіндік ықпалды жолын ұсынады.

Жасанды интеллектімен жабдықталған платформалар білім алушылардың өз бетінше білім алуына жол ашып қана қоймай, олардың сыни ойлау дағдыларын, шығармашылық қабілеттерін және цифрлық сауаттылығын қатар дамытатын қолайлы орта қалыптастырады. Мұндай ортада білім алушы тек білім алушы емес, сонымен қатар белсенді зерттеуші, ақпаратты талдаушы, проблема шешуші тұлға ретінде қалыптасады.

Қазіргі білім беру үрдісінде білім алушының дербес оқу траекториясын құру – басты талаптардың бірі. Жасанды интеллект негізіндегі платформалар

адаптивті оқытуды, яғни білім алушының деңгейіне, қарқынына, қызығушылығына сәйкес мазмұн ұсынуды қамтамасыз етіп, жекелендірілген білім беруді тиімді жүзеге асыруға мүмкіндік береді.

Алдағы уақытта қазақ тілін оқытуда мазмұнды әрі қызықты, заманауи форматтағы ресурстар әзірлеу барысында жасанды интеллект құралдарын кеңінен енгізу – отандық білім беру жүйесін цифрлық трансформациялау жолындағы маңызды стратегиялық шешімдердің бірі болмақ. Бағыт қазақ тілін оқытуды инновациялық әдістермен байытып, тілді меңгеруді білім алушы үшін мағыналы әрі тартымды үдеріске айналдырады. Сонымен қатар бұл тәсіл ұлттық білім беру сапасын арттыруға, қазақ тілін меңгеру деңгейін жаңа сатыға көтеруге әрі білім алушының заман талабына сай тұлға ретінде қалыптасуына тікелей ықпал етеді. Мұндай жаңашыл бағыттар – білім беру мазмұнын жаңғыртудың ғана емес, тіл мен технологияны үйлестіре отырып ұлттық құндылықтарды сақтап дамытудың да тиімді жолы.

Төрт тілдік дағды бойынша жасанды интеллект платформаларын меңгеру

Білім беру саласы – мемлекеттік келешек өркендеуінің негізін құрайтын басты тетік. Қазіргі жаһандық өзгерістер білім саласына жаңаша көзқараспен қарап, кез келген өмірлік жағдайға бейімделе алатын, креативті ойлайтын азамат тәрбиелеуді міндеттейді. Педагогтер ұрпаққа сапалы білім беріп қана қоймай, ұлттық құндылықтарды бойына сіңіре отырып тәрбиелеуді мақсат тұтып, әрдайым кәсіби жетілу жолында. Тәжірибе тіл үйретудің тиімді тәсілі ретінде төрт негізгі дағдыны басшылыққа алуды ұсынады.

Бүгінде білім алушының жан-жақты дамуы мен функционалдық сауаттылығы төрт тілдік дағды арқылы қалыптасатыны белгілі:

Тыңдалым дағдысы – ақпаратты дұрыс қабылдау мен саралау құралы. Білім алушы тыңдау арқылы сөйлеу мәдениетін, ой, есту, түйіндеу, бағалау қабілетін дамытады. Тыңдай білу – сын тұрғысынан ойлаудың бастауы. Мысалы, түрлі көзқарастағы мәтіндерді тыңдай отырып, білім алушы өз пікірін қалыптастырады.

Айтылым дағдысы – ойды еркін, жүйелі жеткізудің негізі. Сөйлем – ойлау мен тілдік қордың ұштасқан тұсы. Сөйлеу дағдысы дамыған білім алушы өзіндік пікір айту, дәлелдеу, көпшілік алдында еркін ой айту мүмкіндігіне ие болады. Бұл – көшбасшылыққа бастар жол.

Оқылым дағдысы – таным мен ізденістің көзі. Көркем немесе ақпараттық мәтіндерді оқу арқылы білім алушы тілдің көркемдік құралдарын меңгереді, мәтін мазмұнын терең түсінеді. Жүсіпбек Аймауытов «Оқуға, оқуға және оқуға үйрету – басты мақсат» деп бекер айтпаған.

Жазылым дағдысы – тілдік ойды жүйелеу, дәлелдеу, шығармашылықты көрсету тәсілі. Жазу – білім алушының тілдік сауатын көрсететін басты көрсеткіш. Қарым-қатынас мәдениеті, логикалық ойлау, көркемдік талғам – бәрі жазба жұмыста көрінеді. Білім алушы эссе, баяндама, пікір білдіру, мәтін құрастыру сияқты әрекеттер арқылы тілдік тұлғаға айналады. Ахмет

Байтұрсынұлы бастаған ғалымдардың пікірлері білімнің басты құрал екендігін дәлелдей түседі. Төрт дағдыны үйлестіре дамыту – білім алушыны тұлға ретінде қалыптастырудың басты құралы. Бұл тек тіл үйрету емес, ойлау, сезіну әрекет ету мәдениетін қалыптастырады.

Білім берудің ұлттық моделіне көшкен қазіргі мектепке ойшыл, зерттеуші, өз ісінде жаттандықтан аулақ, практикалық қызметте педагогикалық диагностика қоя білетін іскер мұғалім қажет. Қазіргі таңда қоғам мен техниканың аса жоғары жылдамдықпен қарыштап дамуына орай адамның да сана-сезімі өзгеріске ұшырады, «альфа ұрпақ» пайда болды. Олардың мақсаттары да, құндылықтары да, идеялары да бұрынғыдан әлдеқайда өзгерген. Оларды таңғалдыру және сезіну арқылы білім ұялату оңайға түспейді.

Осыған сәйкес жаңа ғасыр қазақ тілі пәні педагогтеріне жаңа, жоғары дәрежедегі талаптар қояды. Мұғалім педагогтік, психологиялық, ақпараттық, цифрлық, медиасауаттылық білімін жетілдіріп үйренумен қатар сол білімін күнделікті ісінде шебер пайдалана білетін болуы керек.

Қазіргі кездегі дүниежүзінде ғаламдану үрдісі жүріп жатқандықтан, ақпараттар ағымы көп. Педагог қай пәннен сабақ берсе де, ол білім алушының өмірдің әр саласына қатысты кез келген сұрағына жауап беруге даяр болуы қажет.

Дәстүрді түсінікте интеллект дегеніміз – ойлау, талдау, үйрену, шешім қабылдау және жаңа жағдайларға бейімделу қабілеті. Алайда жасанды интеллект туралы айтылғанда, оның «интеллектуалдылығы» адам интеллектісінен едәуір ерекшеленетінін түсіну маңызды. ЖИ тұрғысынан интеллект – бұл компьютерлік жүйелердің келесі когнитивті функцияларды орындай алу қабілеті:

- Образдарды тану (мысалы, суреттердегі бет-әлпетті анықтау);
- Ақпаратты талдау және өңдеу (мысалы, мәтінді автоматты түрде аудару);
- Болжам жасау (мысалы, мәтінді өз деңгейінде жалғастыру қабілеті. Ертегі желісін басқа арнаға бұру т.б)
- Шешім қабылдау (мысалы, іздеген тақырып бойынша сілтемелер мен бейнероликтерді ұсыну жүйесі);

Жасанды интеллектінің санасы, эмоциялары, мотивациясы немесе адамға тән түсінігі жоқ. Ол тек математикалық алгоритмдер негізінде жұмыс істейді, мәліметтерден заңдылықтарды анықтайды және сол деректерге сүйене отырып, шешімдер қабылдайды. ЖИ технологияларын білім беру процестеріне енгізудің басты мақсаты – экономикалық пайда емес, оқыту сапасын арттыру. ЖИ қызметтері әрбір білім алушыға бейімделген оқыту жүйесін жасауға және педагогтердің көп уақытын алатын күнделікті тапсырмаларды автоматтандыруға көмектеседі.

Жасанды интеллект қазірдің өзінде көптеген салаларда қолданылады және деректерді талдау, болжам жасау, автоматтандыру және түрлі жағдайларда жұмыс істеу секілді міндеттерді шешеді. Оның қолдану аясы үнемі кеңейіп келеді. Болашақта ЖИ біздің өмірімізге одан әрі тереңірек енеді.

Нағыз прогресс – адам қабілеті мен технологияларды тиімді үйлестіруде. Біз ЖИ-ді білім беру саласындағы қосалқы процестерді жеделдететін көмекші ретінде пайдалануды үйренуіміз керек. Алайда түпкілікті шешім қабылдау және стратегиялық ойлау жауапкершілігі әрқашан адамның құзырында қалуы тиіс.

Замануи жасанды интеллект технологияларына негізделген платформалар білім беру саласында қуатты құралға айналада. Негізгі терминдерді білу осы технологияларды қалай қолдану керектігін, оқуды тиімді етуді түсінуге көмектеседі.

Жасанды интеллектіні тілдік оқытуда пайдаланудың артықшылықтары төмендегідей (6-кесте).

6-кесте – Тілдік оқытуда ЖИ пайдаланудың артықшылықтары

Тапсырмаларды дараландыру	Контенттің көпформаттылығы	Шығармашылық ойлауды ынталандыру
ЖИ білім алушылардың білім деңгейін талдап, олардың жеке ерекшеліктері мен қызығушылықтарын ескеретін бейімделген тапсырмалар ұсынады	ЖИ мәтіндік, аудио және бейне форматындағы тапсырмаларды жасау мүмкіндігін береді. Бұл ақпаратты қабылдаудың әртүрлі арналарын іске қосып, оқу үдерісін байытады	ЖИ ерекше тапсырмалар жасай алады, мысалы: әңгіме жазу, өлең құрыстыру немесе көркем мәтіндерді талдау сияқты шығармашылық бағыттағы тапсырмалар

Қазақ тілін оқытуда жасанды интеллектіні қолданудың мәселелері мен келешегі. Қазіргі уақытта жасанды интеллект білім беру технологияларының арасында көптеген салаларда, соның ішінде тіл үйретуде де танымал болуда.

Дегенмен ЖИ-ді қазақ тілін оқыту құралы ретінде пайдалану оның негізінде тиісті бағдарламалық құралдарды әзірлеу және пайдалану кезінде ескеру қажет бірқатар мәселелерге тап болуы мүмкін:

Бірінші қиындық – ЖИ қазақ тілінің синонимдер, антонимдер, метафоралар, мәнмәтінде жұмыс істейтін идиомалар сияқты күрделі лексикалық және семантикалық реңктерін түсінуде жеткілікті дәл болмауы мүмкін. Бұл ЖИ дұрыс емес аударма нұсқаларын ұсынуға немесе сөз тіркесінің немесе мәтіннің мағыналық түсінігін, сондай-ақ экспрессивтілігі мен дәлдігін бағалауға әкелуге мүмкін.

Екінші мәселе, ЖИ сөз немесе сөз тіркесі қолданылатын мәнмәтінді ескермеуі мүмкін. Мысалы: «Қара» сөзі әртүрлі мәнмәтінде әртүрлі мағынаға ие болуы мүмкін: *Қара түске бояп салыңыз. Алыстан қара көрінді.*

Бұл ЖИ пайдаланушы сұрауларының дұрыс емес интерпретациясын ұсынып, лексикалық бірліктердің мағынасын анықтайтын кейбір мәнмәтінде

білім алушының полисемантикалық сөздерді пайдалануын түсіндіре алмауы мүмкін. Оның шешімі де жоқ емес. Қазіргі таңда жасанды интеллект пен нейрожелілер қолданылмайтын сала табу қиын. Нейрожелілердің көмегімен сценарийлер, музыка, әңгімелер, контент-жоспарлар жазылады, сондай-ақ керемет суреттер жасауға да болады.

Үшінші мәселе, ЖИ әртүрлі принциптерді: фонетикалық, морфематикалық, семантикалық, морфологиялық бір мезгілде қарастыруға негізделген грамматика мен емле ережелерін адам сияқты түсініп, қолдана алмайды. Орфографияның кейбір ережелері немесе грамматикалық конструкцияларды пайдалану ЖИ бағдарламасының негізіне енгізілген шектеулі ресурстар мен комбинацияларға байланысты қолжетімсіз болып қалады. Осы проблемаларға қарамастан, қазақ тілін оқытуда ЖИ қолданудың болашағы зор болуы мүмкін. Мысалы, ЖИ жаңа сөздер мен сөз тіркестерін үйретуде және әртүрлі аударма нұсқаларын ұсынуда немесе шетелдіктер үшін қазақ тіліндегі мәтіндерді семантикалық мағынада түсінуде пайдалы. Сонымен қатар ЖИ білім алушылар үшін кітаптың әрбір бөлімі, тұтастай алғанда бүкіл бағдарлама бойынша жеке кері байланыс бере алады.

Қазақ тілін оқытуда ЖИ-ді қолданудың артықшылығы да, кемшілігі де болуы мүмкін екенін атап өткен жөн. Дегенмен ЖИ қиындықтарын ескере отырып, әзірлеушілер оны тәжірибеде тиімді пайдалануды қамтамасыз ету үшін алгоритмдердің сапасы мен дәлдігіне ерекше назар аударуы керек. Ол дегеніміз жасанды жүйеге дұрыс промтты (сұранысты) беру арқылы өз қажеттілігіне жарату.

Білім беру саласына жасанды интеллект енгізуді педагогтер бірауыздан қолдайды, бірақ тек ақылға қонымды ауқымда. Мұғалім – шығармашыл адам, жасанды интеллект – жансыз механизм. Сабақта балаларды педагогтің өзі оқытуы, педагогтің эмоциясы, оның қолдауы мен көмегі қажет.

Білім алушының сөйлесу және түсіну қабілеттері оқылым, тыңдалым, жазылым мен айтылым сияқты тілдік дағдылар арқылы қалыптасады. Тілді коммуникативтік бағытта оқыту білім алушылардың функционалдық сауаттылығын арттырудың тиімді жолы саналады [3]. Грамматикаға қатысты білім төрт дағдыны меңгеру үдерісінде біртіндеп игеріледі. Сабақ барысында білім алушының әдеби тілдің талаптарын сақтап, орынды пайдалана білуі назарға алынады. Лексикалық бағыттағы жұмыс білім алушылардың сөз байлығын арттырып, сөз мағынасын түсініп қолдануына мүмкіндік береді.

Заманауи білім берудің цифрлық технологияларды енгізусіз елестету мүмкін емес. Ең перспективалы бағыттардың бірі – білім беруде жасанды интеллект платформаларын пайдалану. ЖИ төрт тілдік дағдыны (тыңдалым, айтылым, оқылым, жазылым) дамытуға бірегей мүмкіндіктер береді.

Тыңдалым дағдысы:

ЖИ платформалары білім алушыларға шынайы сөйлеуді тыңдауға, естігендерін қайталауға және интерактивті тапсырмалармен жұмыс істеуге мүмкіндік береді.

Артықшылықтары:

- Айтылыммен жұмыс
- Екпін мен интонацияны тану
- Түсінуді жедел тексеру

Айтылым дағдысы:

ЖИ платформалары айтылу, интонация және еркін сөйлеу үшін жекелендірілген жаттығуларды қамтамасыз етеді.

Мүмкіндіктер:

- Нақты уақытта айтылымды түзету
- Диалогті симуляциялау
- Автоматты бағалау және ұсынымдар

Оқылым дағдысы:

ЖИ құралдары мәтіндерді білім алушы деңгейіне бейімдеуге көмектеседі және оқуды түсінуге арналған тапсырмалар ұсынады.

Қолдану мысалдар:

- Түпнұсқа мәтіндерді бейімдеу
- Құрылымы, сөздік және грамматикасы бойынша талдау
- Тірек сөздерді автоматты түрде бөлектеу

Жазылым дағдысы:

ЖИ платформалары жазу дағдыларын дамытуға, стилді, грамматиканы және сөздік қорды жақсартуға көмектеседі.

Функциялары:

- Орфография мен тыныс белгілерін тексеру
- Парафраза бойынша ұсынымдар
- Мәтіндерді құру және жалғастыру
- Төрт дағдыны біріктіру

ЖИ көмегімен оқыту барлық дағдылард бір процеске біріктіруге мүмкіндік береді. Мысалы:

- Мәтінді оқу
- Аудио нұсқасын тыңдау
- ЖИ-мен талқылау (сөйлесу)
- Эссе немесе рецензия жазу

Осылайша, ЖИ жеке дағдыларды үйретуде ғана емес, сонымен қатар тұтас тілдік құзыреттілікті қалыптастыруда көмекші болады.

ЖИ платформаларын меңгеру – тілдік білім берудің жаңа деңгейіне жасалған қадам. Олар педагогтерді алмастырмайды, бірақ олар білім алушының мүмкіндіктерін айтарлықтай кеңейтеді, оқытуды интерактивті, бейімді және жеке тұлғаға бағыттайды. Төрт тілдік дағдыларды ЖИ арқылы дамыту қазіргі мектептер үшін тиімді стратегия болып табылады.

Төрт дағды бойынша ЖИ платформаларының тиімділігін, сабақта қолдану үлгісін төмендегідей мысалмен көрсетуге болады. Қазіргі технологиялар білім беруді өзгертіп, сабақтарды ыңғайлы әрі қызықты ете түсуде. Жасанды интеллект педагогке әр білім алушыға бейімделген сабақ құруға, оқыту процесін белсенді және көрнекі етуге көмектеседі. Бұрын компьютерлер тек тест

нәтижелерін тексерумен шектелсе, бүгінгі ЖИ қателерді талдап, білім деңгейіне сәйкес тапсырмалар ұсынып, тіпті білім алушылардың сұрақтарына жауап бере алады.

ЖИ қолданылатын интерактивті сабақтар білім алушы үшін оқу материалын жай ғана тыңдап қоймай, белсенді қатысуға мүмкіндік береді. Дауыстық көмекшілер, чат-боттар және арнайы платформалар әр білім алушыға ыңғайлы қарқынмен білім алуға жағдай жасайды. Бұл оқу жүктемесін азайтып, сабақтарды түсінікті әрі қызықты етеді. Осындай сабақты жасау үшін алдымен оның мақсатын анықтау, яғни білім алушы қандай дағдыларды меңгеруі тиіс. Одан кейін ЖИ құралдарын мынадай мақсатта пайдалануға болады: виртуалды экскурсиялар, интерактивті тапсырмалар, жылдам тесттер. Бұл технологиялар оқылым, тыңдалым, айтылым, жазылым дағдыларын дамытуға, алған білімдерін тәжірибеде қолдануға көмектеседі. Сонымен қатар ЖИ педагогтерге қай білім алушыға қосымша түсіндіру қажет екенін көрсетіп, қосымша түсіндіме ұсынады. Мысалы, қазақ тілі сабағында «Сәулет өнері» тақырыбы бойынша Қазақстан қалаларына экскурсиялар ұйымдастыруға, қазақ әдебиеті пәні бойынша ақын-жазушылардың мұражайларын көріп, танысуға болады. Қазақ тілінде оқытпайтын мектептердегі қазақ тілі пәнінде чат-боттар әңгімелесуші рөлін атқарып, айтылуын тексеріп, жаңа сөздерді есте сақтауға көмектеседі.

ЖИ педагогтің орнына сабақ бере алмайды, оқыта алмайды, бірақ оқытуды ыңғайлы әрі қызықты етеді. Білім алушылар өздеріне қолайлы қарқынмен оқи алады, ал мұғалім әр балаға жеке көмек көрсетуге көбірек мүмкіндік алады. Технологиялардың дамуы арқылы сабақтар одан әрі қызықты және пайдалы бола түседі. ҚМЖ жасамас бұрын, оның мақсатын нақты анықтау маңызды:

- жаңа тақырыпты үйрену;
- өткен материалды бекіту;
- сыни, шығармашылықпен ойлау дағдыларын дамыту.

ЖИ бұл мақсаттарға жетуге көмектесе алады, жеке ұсынымдар беріп, білім алушылардың жетістіктерін талдайды. Интерактивті сабақ жасауға көмектесетін көптеген құралдар мен платформалар бар:

- ChatGPT: мәтіндік контент, сұрақ-жауаптар және диалогтік сценарийлер жасауға арналған.
- Knewton, DreamBox: білім алушылардың білім деңгейіне бейімделетін оқу платформалары.
- Quizlet, Kahoot: интерактивті тесттер мен викториналар жасау үшін.
- Google Classroom, Microsoft Teams: білім беру процесіне ЖИ шешеімдерін енгізуге арналған.

Қазақ тілінде айтылу дағдыларын дамыту үшін ELSA Speak немесе Google Speech-to-Text сияқты ЖИ платформаларын бейімдеуге болады. Сөйлеуді танумен интерактивті жаттығуларды қолдану фонетикалық дәлдік пен интонациялық экспрессивтілікті жақсартуға көмектеседі.

Жазбаша тіл дағдыларын ChatGPT және Qalam.ai сияқты құралдармен дамытуға болады. Олар білім алушыларға емле және грамматикалық қателерді түзетуге, мәтінді ұсынуға және сөздік қорды кеңейтуге көмектеседі.

Тыңдауды ЖИ түсіну тапсырмаларымен толықтырылған қазақ тіліндегі подкасттар, аудио мәтіндер және бейнелер арқылы дамытуға болады. Жасанды интеллект субтитрлері немесе интерактивті викториналары бар платформалар білім алушылардың түсінігі мен зейінін арттырады.

ЖИ құралдары мәтіндерді білім алушы деңгейіне бейімдеуге, тірек сөздерді бөлектеуге және мәтінді түсінуді тексеру үшін тапсырмалар жасауға мүмкіндік береді. Rewordify және ChatGPT сияқты қызметтерді пайдалану оқуды қол жетімді және мағыналы етеді.

Айтылымды үйрену үшін дауыстық көмекшілерді пайдалануға болады: Google Assistant, ChatGPT Voice.

- Qalam.ai арқылы тексеру арқылы жазбаша тапсырмалар жасау;
- тыңдау үшін платформалар пайдалану;
- оқу тапсырмаларын беріп, содан кейін ЖИ-мен талқылау (ChatGPT, Bard);
- барлық төрт дағдыны біріктіретін квесттер мен шағын жобаларды пайдалану;
- үй тапсырмасы үшін жекелендірілген ЖИ кері байланысын қолдану.

Қазақ тілін оқытуға интеллект енгізу білім алушының мотивациясын айтарлықтай арттырады және оқуды икемді және дербес етеді. ЖИ платформаларын жүйелі пайдалану тұрақты тілдік дағдыларды дамытуға мүмкіндік береді және білім алушыны коммуникациялық ортаның заманауи талаптарына дайындайды.

Жасанды интеллект тіл үйренудің жаңа мүмкіндіктерін ашады. Виртуалды көмекшілер тәулік бойы жұмыс істейді, сұрақтарға жауап береді, қателерді түзетеді және қазақ тілінде сөйлесуге қолдау көрсетеді. Педагогтер үшін бұл күнделікті тапсырмаларды цифрлық көмекшімен ауыстыруға болатынын ескере отырып, сабақтар интерактивті және жекелендірілген болуы мүмкін. Әдістемелік шолуда қазақ тілі сабақтарында төрт негізгі тілдік дағдыларды (айтылым, жазылым, тыңдалым және оқылым) дамытуға арналған арнайы интеллект платформалары мен құралдары зерттеледі, сондай-ақ қазақстандық сарапшылардың ұсыныстары, үлгілік жаттығулар мен сабақта ЖИ-мен жұмысты ұйымдастыру бойынша практикалық кеңестер берілген.

Генеративті ЖИ – адам жасаған мазмұннан іс жүзінде айырмашылығы жоқ жаңа мазмұнды (мәтін, суреттер, музыка, бейнелер) жасай алатын ЖИ-дің ерекше түрі. Бүгінгі таңда ұйымдар немесе қызметкерлер генеративті ЖИ-ді чат-боттар, мультимедиялық материалдарды жасау, өнімді жобалау және әзірлеу сияқты әртүрлі мақсаттарда пайдалана алады.

Генеративті модельдердің мысалдары:

- GPT (Generative Pre-trained Transformer) – енгізілген деректер негізінде мәтін жасайды.
- DALL-E – мәтіндік сипаттама бойынша суреттер жасайды.
- Stable Diffusion – мәтін негізінде фотореалистік суреттер жасайды.
- Midjourney – мәтіндік сұраныстар (промттар) бойынша суреттер, фотосуреттер, бейнелер және басқа көріністер жасайтын ЖИ платформасы.

Генеративті модельдер үлкен көлемдегі деректерде оқытылып, стильдер мен заңдылықтарды талдап, жаңа контент жасайды. Дегенмен олардың шектеулері бар:

- Галлюцинациялар – жалған ақпарат генерациясы.
- Біржақты деректер – модельдер оқу деректеріндегі біржақтылықты қабылдап, қате шешімдер қабылдауы мүмкін.
- Жоғары есептеу шығындары – мұндай модельдер қуатты компьютерлер мен заманауи жабдықтарды қажет етеді.
- Жасанды интеллектінің этикалық аспектілері
- ЖИ-дың дамуы маңызды этикалық мәселелерді тудырады:
- Құпиялылық – пайдаланушылардың деректерін жинау және өңдеу қорғауды қажет етеді.
- Бейімділік – модельдер бейімделген деректер бойынша үйренсе, дискриминациялық шешімдер қабылдауы мүмкін.
- Авторлық құқық – генеративті модельдер рұқсатсыз басқалардың еңбектерін пайдалануы мүмкін.

Сондықтан ЖИ педагогтің мүмкіндіктерін ауыстыратын емес, кеңейтетін құрал ретінде қарастырылуы керек. Адам факторы білім беру үдерісінде, әсіресе эмпатия, сыни ойлау және оқуға жеке тұрғыдан қарау сияқты аспектілерде шешуші рөл атқарады. Жасанды интеллектіні пайдалану ашықтық, әділдік, инклюзивтілік принциптеріне сәйкес болуы қажет.

Жасанды интеллект бойынша ең трендтегі шешімдер

GPT (Generative Pre-trained Transformer) – *OpenAI* әзірлеген мәтінді өңдеудің ең озық модельдерінің бірі.

Негізгі мүмкіндіктері:

- Мағыналы және жан-жақты мәтіндер жасау.
- Диалог жүргізу және чат форматында өзара әрекеттесу.
- Өртүрлі бағдарламалау тілдеріне код құрастыру және оңтайландыру.
- Сценарийлер, оқу материалдары және шығармашылық мәтіндер генерациялау.

GPT танымалдығы оның әмбебаптығында және әртүрлі міндеттерге бейімделу қабілетінде жатыр. Ол мақалалар жазудан бастап, сұрақтарға автоматты түрде жауап беруге дейін кең ауқымды тапсырмаларды орындай алады.

ChatGPT – табиғи тілде сөйлесу мүмкіндігін беретін қуатты тілдік модель. Ол интернеттегі мол ақпаратқа сүйеніп, әртүрлі тақырыпта мазмұн құрастыра алады: эссе жазу, код жазу, сұрақтарға жауап беру, тіпті шығармашылық жұмыстарда көмек көрсету сияқты сан қырлы қызмет атқарады. Осы мүмкіндіктері арқылы *ChatGPT* қысқа уақыт ішінде кең танымалдыққа ие болып, білім беру, бизнесте, денсаулық сақтау, шығармашылық индустрия секілді салаларда кеңінен қолданылып келеді.

Жасанды интеллектінің мұндай жылдам дамуы бір жағынан жаңа мүмкіндіктердің есігін ашса, екінші жағынан этикалық, құқықтық және әлеуметтік мәселелерді де туындатып отыр. Ақпараттың шынайылығы,

авторлық құқық, адам мен машинаның өзара қарым-қатынасы секілді сұрақтар қоғам назарында тұр. Сондықтан да болашақта генеративті ЖИ технологияларын дамытуда тек техникалық жетілдірумен шектелмей, оның қауіпсіз әрі әділетті қолданылуын қамтамасыз ету де басты міндеттердің бірі болмақ.

ChatGPT және оған ұқсас жасанды интеллект үлгілері біздің өмірімізді түбегейлі өзгертуде. Бұл өзгерістердің игілігін көру үшін бізге оны саналы түрде, жауапкершілікпен пайдалану қажет. Жасанды интеллектіні дамыту – елдің экономикалық дамуы мен бәсекеге қабілеттілігін арттырудың маңызды тетігі. Бұл бағытта мамандарды даярлау, инновациялық жобаларды қолдау және инфрақұрылымды дамыту – ұзақ мерзімді табыстың кепілі.

Midjourney – сурет генерациясы бойынша жетекші ЖИ-платформаларының бірі.

Айырмашылықтары:

- Көркемдік жағынан жоғары сапалы графика жасау.
- Белгілі бір сұраныстарға сай суреттерді стильдеуге қабілеті.
- Бірегей визуалды контент жасау үшін нейрожелілерді пайдалануы.

Бұл технология әсіресе дизайн, маркетинг және медиа салаларында кеңінен пайдаланылады, өйткені онда шығармашылық пен ерекшелік маңызды. Сондай-ақ, ол білім беру жобаларында, ғылыми зерттеулерде және корпоративтік оқытуда да қолданылуда.

Leonardo AI – салыстырмалы түрде жаңа, бірақ белсенді дамып келе жатқан құрал.

Ол келесі мүмкіндіктерді ұсынады:

- Жоғары деңгейде детализацияланған және фотореалистік суреттер жасау.
- Ойындар мен анимациялар үшін концепт-арттар мен иллюстрациялар генерациялау.
- Графикалық дизайндағы күнделікті процестерді автоматтандыру.

Leonardo AI Midjourney-ге тікелей бәсекелес бола отырып, пайдаланушылаға икемді баптаулар мен кең мүмкіндікер ұсынады. Бұл құрал суретшілер мен дизайнерлер үшін ғана емес, сонымен қатар білім беру, ғылыми зерттеулер және корпоративтік оқыту салаларында да кеңінен қолданылады.

ЖИ пайдаланудың бір тәсілі – Midjourney көмегімен суреттер генерациялау. Педагогтер бұл платформаны білім алушылардың мәтіндеріне иллюстрациялар жасау үшін қолданады. Бұл әдіс арқылы мәтінді оқуға, шығармашылық қабілетті арттыруға көмектеседі. Жұмыс алгоритмі келесідей болады:

1. Білім алушылар әңгімелер жазады немесе сипаттамалар жасайды.
2. Нейрожеліге арналған мәтіндік сұраныстар құрастырады.
3. Midjourney сипаттамалар негізінде суреттер жасайды.
4. Алынған иллюстрациялар сыныпта талқыланып, анализден өтеді.

Бұл шығармашылық және сыни ойлаудың дамуына ықпал етеді, сондай-ақ сабақтарды көрнекі әрі қызықты етеді.

Мұндай тапсырмалар білім алушыларға графикалық дизайн, маркетинг және жобалық ойлау негіздерін меңгеруге көмектеседі, бұл болашақ мамандықтар үшін өзекті болып табылады.

Педагогтер сабақтарға арналған презентацияларды ЖИ көмегі арқылы жасай алады. Презентация жасау оқу процесінің маңызды бөлігіне айналды: слайдтар сабақарды, баяндамаларды және зерттеулерді толықтырады. Нейрожелілер бұл міндетті барған сайын жақсырақ орындайды. Тек мәтін мен тақырыпты енгізсеңіз жеткілікті, ал нейрожелі құрылым, стиль және көрнекі элементтерді ұсынады. Бұл уақытты үнемдеп, мазмұнға назар аударуға мүмкіндік береді, ал дизайнды нейрожеліге сеніп тапсыруға болады. Әсіресе, дизайн дағдылары жоқ адамдар үшін пайдалы: нейрожелі үйлесімді композициялар, түстер мен қаріптерді автоматты түрде таңдап, презентацияны тартымды және қабылдауға ыңғайлы етеді.

Осылайша, Grammar.app ЖИ сервисінің көмегімен мұғалімдер автоматты түрде презентациялар жасай алады – тек мәтін немесе тақырып енгізу жеткілікті. Тақырып пен стильді таңдауға болады, ал мазмұнға сәйкес нейрожелі тиісті суреттерді, иконкаларды, графикаларды таңдап, мәтінді слайдтарға орналастырады.

Сервис мүмкіндіктері:

- Тақырып пен стильді таңдау: ЖИ мәтін стильдері мен шаблондарды ұсынады.
- Редакциялау: Түстерді, мәтінді өзгерту, элементтердің орнын ауыстыру.
- Экспорт: PDF, JPEG форматтарында жүктеу немесе сілтеме арқылы жіберу.
- Фоторекдактор: Midjourney арқылы тегін суреттерге қол жеткізу.
- Білім алушылардың жазба жұмыстарын тексеру – бағдарлама қателерді түзетіп қана қоймай, оларды түсіндіріп, білім алушылардың сауаттылығын арттыруға көмектеседі.
- Халықаралық емтихандарға дайындық – жоғары сынып білім алушылары IELTS және TOEFL эсселерін тексеру үшін құралды пайдаланып, грамматика, стиль және лексика бойынша жұмыс жасайды.
- Интерактивті тапсырмалар әзірлеу – мұғалімдер жаттығулар құрыстырып, білім алушыларға түзетулерді талдап, өз қателерін түсіндіруге мүмкіндік береді.

Grammarly арқылы жұмыс істеу процесі:

- Білім алушылар эссе, іскерлік хат немесе әңгімелер жазады.
- Мәтінді Grammarly жүйесіне жүктейді, ол қателерді талдап, түзетулер ұсынады.
- Ұсыныстарды зерттеп, жұмыстарын түзетеді.
- Нәтижелерді мұғаліммен талқылайды.

Заманауи қазақ тілін меңгерту білім алушы бойынан оқу сауаттылығын, функционалдық сауаттылықты және медиасауатты болуды талап етеді. Ол талап әрине пән мұғалімін де айналып өтпек емес.

Қазақ әдебиеті сабағында кез келген мәтінді білім алушы өз қиялымен аяқтауға ChatGPT арқылы бірнеше нұсқалардан сұрау салып, өздері қалаған болжам түрін таңдата отырып, аналитикалық ойлау дағдысын дамытуға болды. Сол секілді комикс жасауға арналған AI Comic Generator немесе Canva секілді қосымшаларды атап өтуге болады. Кез-келген сюжетті алып, арнайы суреттерді үйлестіре отырып, сабақты қызықты өткізуге мүмкіндік бар. Жасалған комиксті Publiu қосымшасына салу арқылы электронды кітапша түріндегі шығармашылық қабілетіңізді шындай түсуге болады. Genmo сайты арқылы видеолар жасауға болады, тек жоғарыда аталғандай промтты дұрыс беру маңызды. Аталған қосымшалар білім алушылардың жазылым, айтылым дағдыларын дамытып қана қоймайды, жаңа үлгідегі тапсырмаларды орындай отырып, болашақта жан-жақты тұлға боп қалыптасуына зор ықпал етеді.

Тыңдалым, айтылым дағдыларын Suno.ai немесе Musichero, D-ID платформалары арқылы бекіте түсуге мол мүмкіндік бар. Мысалы, Suno.ai қосымшасына «Аяз би» ертегісіне арналған ән десеңіз ертегіге негізделген әнді әп сәтте шығарып, қызығушылықты арттырады сөзсіз. Дәл сол секілді Musichero сайтына ақындардың өлеңдерін қызықты жеткізу мақсатында музыка генераторын қолданып көрсек, Мұқағали Мақатаевтың «Сүйемін, өскен Отаным» өлеңінің сөздерін жүктеп жіберсек әртүрлі ритмде шығарып береді.

А. Байтұрсынұлы өзінің «Қай әдіс жақсы» мақаласында: «Әдіс – керекшіліктен шығатын нәрсе. Әдістің жақсы-жаман болмағы жұмсалатын орнының керек қылуына қарай», - дей келіп жаһандану үдерісі қарқынды дамып жатқан ғаламда бәсекеге қабілетті ел болуды мақсат тұтсақ, сабақта да қазіргі технологияларды бейімдеп қолдана білу - шеберлік.

Жасанды интеллект қазірдің өзінде әлемді айтарлықтай өзгертіп, жұмысты жеңілдететін, тиімділікті арттыратын және шығармашылықтың жаңа көкжиектерін ашатын құралдар ұсынуда. Әртүрлі платформалар қай салада болмасын стандартқа айналып келеді. ЖИ трендтерін бақылау және оны өз жұмысымызға бейімдеу – өзгермелі әлемде бәсекеге қабілетті болудың маңызды шарты.

Жазылым дағдысы, мәтіндік және грамматикалық анализ

Қазіргі заманғы білім беру жүйесінде жазылым дағдысын дамыту ерекше маңызға ие. Жазбаша тіл – ойды жүйелеу, дәлдікпен жеткізу, мәдениет пен білімді игерудің маңызды көрсеткіші. Алайда білім алушылардың жазылым дағдысын жетілдіруде дәстүрлі әдістер әрдайым тиімді бола бермейді. Сондықтан жасанды интеллект құралдарын пайдалану – жазылым сапасын арттырудың жаңа бағыты болып саналады.

ЖИ платформалары мәтіндік және грамматикалық анализ жасап, білім алушының жұмысын синтаксистік, лексикалық және стилистикалық тұрғыдан талдауға мүмкіндік береді. Бұл технологиялар орфографиялық қателерді анықтап қана қоймай, стильдік үйлесімділік пен логикалық құрылым бойынша нақты ұсыныстар бере алады. Сонымен қатар автоматтандырылған кері байланыс жүйесі білім алушының жіберген кемшіліктерін түзетіп, өз бетінше жұмыс істеуіне жағдай жасайды. Сондықтан білім алушылардың мәтіндерін

талдау және нақты кері байланыс беру үшін қолданылатын ЖИ құралдарының мүмкіндіктерін сараптап, қазақ тілі сабақтарында оларды тиімді пайдалану жолдары ұсыну қажеттілігі туындап отыр.


Қазақ тілі сабағында жазылым дағдысын дамытуда тиімді платформалардың бірі – **Qazcorporaz.kz** платформасы [18]. Қазақ тілін оқытуда цифрлық технологияларды қолдану білім алушылардың жазылым дағдыларын жетілдіруде маңызды рөл атқарады. Осы мақсатта Qazcorporaz.kz платформасы қазақ тіліндегі мәтіндердің корпусын ұсынатын, сөз қолданысын зерттеуге және грамматикалық, лексикалық, стилистикалық талдау жасауға мүмкіндік беретін құнды ресурс болып табылады.

1. Qazcorporaz.kz платформасының негізгі мүмкіндіктері

Qazcorporaz.kz платформасы қазақ тіліндегі әртүрлі мәтіндер жинағын қамтиды. Бұл жинақ:

- Лексикалық және грамматикалық заңдылықтарды зерттеуге мүмкіндік береді;
- Қазақ тілінің қолданыстағы сөздік қорын анықтауға көмектеседі;
- Әртүрлі стильдегі жазылым мәтіндерін салыстыруға мүмкіндік береді.

Платформада «Публицистикалық мәтіндердің кіші корпусы» іздеу баптауы бар. Ол білім алушылардың басылым беттерінде жарияланған мақалалармен танысып, аталған тақырып бойынша толықтай зерттеу мүмкіндігін де аша алады. Мәселен, қазақ тілі оқулығында «Семей полигоны» тақырыбы берілген. Мәтіндік корпусстың мүмкіндіктерін пайдаланншып, аталған тақырыпқа 575 құжат табылды. Білім алушылар платформа арқылы лексикалық және грамматикалық заңдылықтарды үйреніп қана қоймай, жазылым мәтіндерін салыстыруға да мүмкіндік алады (3-сурет).




3-сурет – Публицистикалық мәтіндердің кіші корпусы

Платформа грамматикалық және морфологиялық мәтіндік талдау жасауға көмектеседі:

- Қазақ тіліндегі сөздердің түрлену үлгілерін көрсетеді;

- Сөйлем ішіндегі сөздердің морфологиялық құрылымын анықтайды;
- Сөздердің жиілігін есептеп, олардың мағыналық мәнмәтінін түсіндіреді.

Қазақ тілі пәні бойынша «Экологиялық, ядролық және мұнай өнідірістері» бөлімін өту барысында «өнеркәсіп» сөзінің морфологиялық ерекшелігі мен әртүрлі стилде қолданылуын қарастыру тапсырмасы берілді. Платформадағы «Морфологиялық іздеу» батырмасын қолдану арқылы сөздің морфологиялық және фонетикалық ерекшелігін, грамматикалық түрленуін көруге болады. Аталған сөзге іздеу барысында 1261 құжат табылды және әртүрлі стильдегі мәтіндер ұсынылды. Бұл білім алушыларға әртүрлі мәтіндерді талдауға, сөздер жиілігін есептеуге, мәнмәтіндегі мағыналарын түсінуге, түрлену үлгілерін көруге мүмкіндік береді (4-сурет).




4-сурет – Грамматикалық және морфологиялық мәтіндік талдау

Платформа мәтіндерді лексикалық және стилистикалық тұрғыдан талдауға көмектеседі:

- Сөздердің қолданылу жиілігін анықтайды;
- Ресми және бейресми стильдегі мәтіндерді салыстырады;
- Қазақ тіліндегі тұрақты тіркестерді және олардың қолданысын зерттеуге мүмкіндік береді.

Платформада «Ауызекі сөйлеу тілі кіші корпусы» баптауы бар. Осы баптауды пайдалану арқылы ауызекі сөйлеу тіліндегі сөздердің әртүрлі стилдегі мәтіндерді кездесу жиілігін, қолдану ерекшелігін зерттеу тапсырмасы ретінде беруге болады (5-сурет).



5-сурет – Ауызекі сөйлеу тілі кіші корпусы

Жазылым дағдысын дамыту және айтылым бойынша қадамдар:

- Білім алушылар эссе немесе әңгіме жазады. Білім алушылар жазған мәтіндерді Qazcorpora.kz арқылы тексеріп, сөз қолданысын нақтылайды. Qazcorpora.kz платформасы арқылы жазылған мәтінді талдайды.
- Тілдік стильді анықтау үшін мәтіндерді корпуспен салыстырады.
- Лексикалық қателерді түзету және сөздің мағынасын зерттейді.
- Сөздік қолданысын жақсарту үшін кері байланыс алады.

Жоғарыда жазылым дағдысын дамыту бойынша нұсқаулықтар берілді. Ал айтылым мен жазылымды және шығармашылық тапсырмаларды кіріктіру үшін «Аудиоқор» баптауын пайдалануға болады. Бұл баптауды пайдалану арқылы білім алушылар берілген мәтінді оқиды, аудио жазба жасайды. Аталған аудиожазбаларды қалдыру арқылы порталды дамытуға да үлес қоса аламыз (6-сурет).



6-сурет – Аудиоқор

Платформада грамматикалық және морфологиялық талдау жасау:

- Білім алушылар сөздердің морфологиялық құрылымын зерттейді.
- Сөйлем ішіндегі сөздердің байланысын тексеріп, сөйлем құрылымын талдайды.
- Грамматикалық қателерді түзетуге бағытталған интерактивті жұмыс жасайды.
- Білім алушылар белгілі бір мәтінді жазып, оның грамматикалық құрылымын тексереді.
- Qazsoproga.kz арқылы сөз түрленуін зерттеп, анықтамалармен жұмыс жасайды.
- Қателерді түзетіп, стилін жақсартады.

Жоғарыда көрсетілген қолдану ерекшеліктерімен қатар платформада сөздің немесе фразаның әр жылдарда қолданылу графигін де көруге болады. Ол үшін «Графика» баптауын басып, сөзді енгізесіз, іздеу батырмасын басамыз. Бұл білім алушылардың зерттеу дағдысын дамытуға, интерактивті жұмыс жасауына мүмкіндік береді (7-сурет).





7-сурет – Графика

Платформада лексикалық және стилистикалық талдау:

- Білім алушылар платформа арқылы сөздердің қолданыс жиілігін анықтайды.
- Мәтіннің ресми немесе бейресми стилін талдап, стильдік ерекшеліктерін саралайды.
- Қазақ тіліндегі тұрақты тіркестер мен сөз үйлесімін зерттеу арқылы жазылым сапасын жақсартады.

«Әлемдік экологиялық мәселелер» мәтінінен «улы қосылыстар» сөз тіркесінің мағынасын іздеу үшін «Арақашықтық арқылы іздеу» батырмасын пайдалануға болады. Нәтижесінде 211 құжат табылып, «улы» сөзінің қолданысы және мағынасы ұсынылады (8-сурет).



8-сурет – Арақашықтық арқылы іздеу

Тапсырма үлгісі – көркем стиль және публицистикалық стиль айырмашылығы:

- Білім алушылар әртүрлі стильде мәтін жазады.
- QazCorpora.kz арқылы жазылған мәтіндердің лексикалық құрылымын талдайды.
- Стильдік айырмашылықтарды анықтап, сабақ соңында қорытынды жасайды.

Сонымен, QazCorpora.kz – қазақ тілін зерделеу мен оқытуда маңызы зор платформа. Оны сабақ барысында қолдану білім алушылардың жазылым дағдыларын жетілдіруге, грамматикалық, лексикалық және стилистикалық қателерді түзетуге мүмкіндік береді. Бұл ресурс білім алушыларға қазақ тілін терең меңгеруге және сапалы жазылым жұмыстарын дайындауға көмектеседі.

Жазылым дағдысын жетілдіруде қазақ тіліндегі мәтіндерді автоматты түрде өңдеуге арналған ЖИ платформасы ретінде **KazNLP**: қазақ тіліне арналған табиғи тіл өңдеу платформасын да атап өту керек.

KazNLP функцияларын қазақ тілі пәнінде төмендегідей тапсырмаларды беруде қолдануға болады:

- Грамматикалық және лексикалық анализ жасауда пайдалану;
- Мәтіннің логикалық құрылымын тексеруде қолдану;
- Жазылым сапасын арттыруға септігін тигізеді.
- Мәтіннің құрылымын талдап, күрделі сөйлемдерді ықшамдауда, мазмұнын жақсартуда пайдалануға болады;
- Білім алушылардың жазылым дағдысын жетілдіру;
- Сөздердің мәнмәтіндегі мағынасын анықтау;
- Қазақ тіліндегі жиі және сирек кездесетін сөздерді анықтауда қолдану;
- Грамматикалық қателерді тексеру;
- Стилистикалық талдау;
- Ресми және бейреми сөздерді саралау
- Сөздердің мағынасын, антонимдер мен синонимдерді зерттеу;


KazNLP – қазақ тілі сабақтарында жазылым сапасын жетілдіруге арналған тиімді құрал. Бұл платформа білім алушыларға грамматикалық, лексикалық және стилистикалық тұрғыдан нақты кері байланыс беріп, олардың жазба

жұмыстарын жақсартуға көмектеседі. Оны жүйелі түрде қолдану арқылы тіл үйренудің тиімділігін арттыруға болады.

Мәтін құрастыру, идея генерациялау және стилистикалық талдау, эссе жазу, баяндама жазу, презентация жасауға арналған жасанды интеллект мүмкіндіктерін қолдануға **Begemot.ai** платформасы көмекші құрал бола алады [19].

Begemot.ai платформасы – идея генерациялауға таптырмас құрал. Платформа көмегімен жоба жасауға (10-20 бет көлемінде), реферат жазуға (10-15 бет көлемінде), курстық жұмыс жазуға (20-25 бет көлемінде), баяндама (10-15 бет), эссе жазу (300 сөз көлемінде), мәтін (15-20 бет көлемінде) жасанды интеллект көмегімен генерациялауға мүмкіндік береді.

Платформамен жұмыс жасау үшін тіркелу қажет. Тіркелу яндекс аккаунт немесе VK аккаунт негізінде іске асады. Бастапқы беті орыс тілінде жұмыс жасайды, дегенмен өз сұраныстарымызды енгізіп не өңдей аламыз (9-сурет).



9-сурет – Begemot.ai платформасы


Тағы бір жазылым дағдысын жақсартатын платформа – **Giga.chat ai** платформасы [20].

Бұл – онлайн чат-бот. Чат-ботқа кез-келген сұраныстар беруге болады. Жазылым дағдысын жетілдіруге байланысты идеялар алуға қолдана аласыз. Тапсырма ретінде эссе жазу, мақала жазу, сұхбат жазу, мәтінді өңдеп жазу, идеялар кестесін құрау, майнт-генерация жасау, мәтін талдау т.б. тапсырмаларда пайдалануға болады. Платформаға тіркелмей-ақ сұраныстар жіберу мүмкіндігі бар. Бұл уақытты үнемді пайдалану, ақпаратты тез өңдеу мүмкіндігін береді.

Платформаның функциялары:

- интернеттен іздеу жүйелері;
- ЖИ арқылы сурет салу, файлдарды тіркеу, жұмыс жасау, өңдеу, редакциялау;
- Ашық хаттар жасау;
- Суреттерді тану, өңдеу;
- Мәтінді өңдеу
- Идея генерациясы

1. Мысал ретінде, 9-сыныпта «Қоғам құндылығы – халықтың тілі, мәдениеті, салт-дәстүрі» тақырыбы бойынша [21] жазылым тапсырмасы ретінде «Рухани жаңғыруды өзіңнен баста» тақырыбында сұхбат жазуға беруге болады. Тапсырманы орындауда Giga.chat ai платформасын пайдалануға болады (10-сурет).



10-сурет – «Рухани жаңғыруды өзіңнен баста» тақырыбында сұхбат жазу

Google Bard (қазіргі атауы Gemini) [22] платформасы 5-9-сынып білім алушыларының жазылым дағдысын дамытуға көптеген жолдармен көмектесе алады:

1. Идеяларды генерациялау және жоспарлау:

- Тақырыптар ұсыну: Білім алушылар белгілі бір тақырып бойынша жазу қиынға соқса, Bard оларға әртүрлі қызықты және олардың жас ерекшеліктеріне сай тақырыптар ұсына алады. Мысалы, «Егер сен ғарышкер болсаң...», «Сүйікті кітабымның кейіпкері не істер еді?», «Болашақтағы мектеп қандай болады?» сияқты тақырыптар ұсынып, олардың қиялын оятуға көмектеседі.

- Жазу жоспарын құруға көмектесу: Білім алушылар эссе немесе әңгіме жазуды жоспарлауда Bard-тан көмек сұрай алады. Мысалы, «Мен «Менің сүйікті жануарым» туралы эссе жазғым келеді. Маған жоспар құруға көмектесші» деген сұраққа Bard кіріспе, негізгі бөлімдер және қорытынды туралы идеялар ұсына алады.

- Миға шабуыл жасау: Білім алушылар белгілі бір тақырып бойынша идеялар жинақтау үшін Bard-пен еркін сөйлесе алады. Bard оларға түрлі ойлар мен бағыттар ұсынып, шығармашылық процесті ынталандырады.

2. Мазмұн құрастыруға көмектесу:

- Сөздік қорын байыту: Bard білім алушыларға синонимдер, антонимдер және басқа да сөздерді ұсынып, олардың мәтіндерін байытуға көмектеседі. Мысалы, «үлкен» сөзінің орнына «алып», «кең», «зор» сияқты синонимдерді ұсынуы мүмкін.

- Сөйлем құрылымын жақсарту: Bard білім алушыларға әртүрлі сөйлем құрылымдарын қолдануды ұсынып, олардың мәтіндерін қызықты әрі оқуға жеңіл етуге көмектеседі. Мысалы, қарапайым сөйлемдерді құрмалас

сөйлемдерге айналдыру немесе пассив дауысты белсенді дауысқа өзгерту туралы кеңес беруі мүмкін.

- Мәтін үлгілерін ұсыну: Bard әртүрлі жанрдағы мәтіндердің (хат, эссе, әңгіме) үлгілерін ұсынып, білім алушыларға жазу стилін түсінуге көмектеседі. Бірақ бұл үлгілерді көшіруге емес, идея алуға пайдалану керектігін ескерту маңызды.

- Абзацтарды құруға көмектесу: Bard білім алушыларға бір тақырыпты ашатын логикалық байланысқан абзацтарды қалай құру керектігін түсіндіре алады.

3. Жазуды редакциялау және түзету:

- Грамматикалық қателерді тексеру: Білім алушылар өз мәтіндерін Bard-қа енгізіп, грамматикалық қателерді тексертуге болады. Bard қателерді анықтап, оларды түзету бойынша ұсыныстар береді.

- Орфографиялық қателерді тексеру: Bard мәтіндегі орфографиялық қателерді де тауып, дұрыс жазылуын ұсынады.

- Стыльдік түзетулер ұсыну: Bard мәтіннің стилін жақсарту бойынша ұсыныстар бере алады, мысалы, қайталанатын сөздерді ауыстыру, сөйлемдерді қысқарту немесе нақтылау.

- Кері байланыс беру: Bard білім алушылардың жазған мәтіндері бойынша жалпы кері байланыс бере алады, мысалы, мәтіннің логикасы, мазмұнының ашылуы, тілдік қолданысы туралы пікір білдіруі мүмкін.

4. Шығармашылықты дамыту:

- Шығармашылық тапсырмалар ұсыну: Bard білім алушыларға әртүрлі шығармашылық жазу тапсырмаларын (фантастикалық әңгімелер, өлеңдер, сценарийлер) ұсынып, олардың қиялын дамытуға ықпал етеді.

- Шығармашылық идеялар ұсыну: Егер білім алушылар шығармашылық жоба үшін идея іздесе, Bard оларға түрлі сюжеттік желілер, кейіпкерлер және оқиғалар ұсына алады.

- Рөлдік ойындар: Bard білім алушылармен бірге әртүрлі рөлдік ойындар ойнай отырып, диалог құру және өз ойларын еркін жеткізу дағдыларын дамытуға көмектеседі.

ЖИ-ді тиімді пайдалану үшін педагогтердің рөлі маңызды:

- Білім алушыларға Bard-ты жазылым процесінің әртүрлі кезеңдерінде қалай тиімді пайдалану керектігін үйрету.

- Bard берген жауаптарды сыни тұрғыдан бағалауға және өз ойлау қабілеттерін дамытуға ынталандыру.

- Bard-ты плагиат жасау құралы ретінде емес, оқуға және дамуға көмектесетін құрал ретінде қарастыруға баулу.

- Жазылым дағдыларын бағалауда тек Bard-тың көмегіне сүйенбей, білім алушының өз күшімен жазған жұмыстарын да ескеру.

Google Bard (Gemini) платформасы 5-9-сынып білім алушыларының жазылым дағдысын дамыту үшін құнды құрал бола алады. Ол идеяларды генерациялауға, мазмұн құрастыруға, жазуды редакциялауға және

шығармашылықты дамытуға көмектесе отырып, білім алушылардың тілдік құзыреттілігін арттыруға ықпал етеді.

Bardgoogle.ru.ai платформасы – жасанды интеллектіге негізделген тілдік модель. Бұл платформа 5-9-сынып білім алушыларының жазылым дағдысын дамытуда тиімді көмекші құрал бола алады. Әсіресе, білім алушылардың мәтін құрастыру, құрылымдық жоспар жасау, шығармашылық жазу және тілдік байлығын арттыру қабілеттерін жетілдіруге ықпал етеді [23].

Bard платформасы білім алушыларға жазба жұмыс құрылымын түсінуге көмектеседі. Мысалы, белгілі бір тақырыпқа мәтін жазу үшін кіріспе, негізгі және қорытынды бөліктердің қалай құрылатынын көрсетуге болады. Білім алушыларға эссе, ойтолғау немесе пікір жазуға тапсырма берілгенде, Bard-тен сол тақырыпқа мәтін құрап беруін сұрау арқылы үлгі ретінде қолдануға болады. Бұл арқылы білім алушылар нақты құрылыммен танысып, өз жазбаларын салыстырып, жетілдіруге мүмкіндік алады.


Сонымен қатар Bard сөздік қорды дамытуға көмектеседі. Білім алушылар синоним, тұрақты тіркес, баламалы сөздер сұрау арқылы өз жазбаларын мазмұнды әрі бай етіп құрастыруды үйренеді. Мысалы, «бақыт» сөзінің синонимдерін сұрап, оны сөйлемдерде қолдануға дағдыланады. Сондай-ақ, білім алушы өз жазған мәтінін Bard-ке енгізіп, «қате бар ма?», «қалай жақсартуға болады?» деп сұрап, кері байланыс ала алады. Бұл – жазылым сапасын арттырудың қолжетімді тәсілі.

Bard платформасын шығармашылық жазылымда да тиімді қолдануға болады. Білім алушыдан ертегі, қиял-ғажайып әңгіме немесе күнделік жазуын сұрап, Bard-тен де үлгі мәтін сұратылады. Білім алушы өз мәтіні мен ЖИ ұсынған үлгіні салыстырып, құрылым, сөз таңдауы, стиль тұрғысынан талдайды.

Алайда бұл платформаның қазақ тіліндегі мүмкіндіктері әзірге шектеулі. Қарапайым сұрақтарға жауап бере алғанымен, күрделі тапсырмалар мен мәтіндерде мағыналық немесе грамматикалық қателер кездесіп отырады. Сондықтан педагогтің жетекшілігімен және білім алушының сыни тұрғыдан қарауы маңызды. Bard-ты тек дайын мәтін құраушы емес, білім алушыны жетелеуші құрал ретінде пайдалану қажет. Білім алушыларға ЖИ-дің жауабына сене бермей, оны тексеруге, салыстыруға, талдауға үйрету – жазылым дағдысын дамытудағы негізгі әдістемелік бағыт болуы тиіс.

Bard секілді жасанды интеллект платформалары білім алушылардың жазу мәдениетін, құрылымдық ойлауын және тілдік сауаттылығын дамытуда зор мүмкіндік береді. Бұл құралды жауапкершілікпен әрі әдістемелік мақсатқа сай қолдану арқылы білім беру процесін тиімді етуге болады.

Нейрожеліге промт енгіземіз. Промтта қажеттіні жазамыз. Мысалы, 9-сыныпта «Түрксіб теміржолы» туралы тақырып бар. Жеке тапсырма ретінде шағын баяндама жазуға беруге болады (10-сурет).



10-сурет – «Түркісіб теміржолы» тақырыбына шағын баяндама

Quizgecko.com.chat платформасының мүмкіндіктері [24]

Quizgecko.com.chat – әртүрлі тапсырмаларды, жазылым дағдысын дамытуға арналған тапсырмаларды онлайн жасауға болатын нейрондық желі. Платформаға Google аккаунт арқылы тіркелуге болады.

Платформа арқылы жазылым дағдысын дамытуда генерация тапсырмаларын жасауға болады:

- Мәтін бойынша, ютуб ссылқасы арқылы, куйзлет, тест құрау арқылы ақпаратты төмендегідей ұсына алады:

- Мәтінді көп жауапты тапсырма;
- Дұрыс және жалған;
- Қысқа жауапты тапсырма;
- Сәйкестендіру тапсырмасы;
- Ойын карталары.
- PDF форматындағы мәтіндерді генерациялау
- Викторина - қатысушылар өз білімдерін бағалау үшін викторина ойнай алады.

- Флэшкарталар - қатысушылар негізгі ұғымдарды нығайту үшін флэшкарталарды зерттей алады

- Аралық қайталау карталары – қатысушылар ақпаратты тиімдірек сақтау үшін аралық қайталауды ойнай алады.


- Ортақ сабақ чаты – қатысушылар сұрақтар қою және сабаққа тереңірек үңілу үшін ортақ чат-ботқа жаза алады.

- Подкаст – білім алушылар подкаст жасай алады.

Платформаның ақылы және ақысыз жұмыс жасауға болатын функциялары бар. Ақысыз функциясы ретінде feedback чат-ботын айтуға болады. Чат-ботты қолдану арқылы жазылым дағдысын дамытуға арналған тапсырмалар беруге болады.

«Қолөнер – сырлы өнер» тақырыбы бойынша «Ұлттық қолөнерді бүгінгі күні өз кәдемізге жаратып, қолдана аламыз ба?» тақырыбында келісу/келіспеу

эссесін беруге болады. Чат-бот осы тақырып бойынша эссе жоспары мен тезисіне идеялар ұсынады (11-сурет).



11-сурет – Келісу/келіспеу эссесі


Gemini – мәтін құрастыру, идея генерациялау және стилистикалық талдау жасауға арналған жасанды интеллект [25]. Ол білім алушыларға:

- Жазылым стилін дамыту;
- Күрделі мәтіндерді қарапайым әрі түсінікті форматқа айналдыру;
- Сөз қолданысын жетілдіру бағытында көмектеседі.
- Күрделі ұғымдарды қарапайым тілмен түсіндіру.
- Идея генерациялау және аргументтерді жақсарту.

Сұхбат жазу тапсырмасының орындалу үлгісі (12-сурет):

Сондай-ақ білім алушыларға берілген тақырып бойынша баяндама жазу тапсырмасын, т.б. беруге болады.

1. Gemini арқылы тақырыпқа қатысты талдау жасалып, ойды нақтылау.
2. Білім алушылар өз аргументтерін нығайтады.



12-сурет – Сұхбат жазу

«Khan Academy» ЖИ–құрамдас онлайн курс платформалары [26]

- Қосымша материалдар арқылы білім алушылардың білімін кеңейту.
- Өзіндік білім алу мен жазу машығын дамыту.
- Khan Academy-ден онлайн курс материалдарын пайдалану.
- Білім алушылар алған білімдері негізінде мәтін құрайды.
- Нәтижелер талқыланып, кері байланыс беріледі.

Khan Academy платформасында биология және есептеу (компьютерлік ғылымдар, бағдарламалар), математика бойынша тегін оқыту платформасы болып табылады. Дегенмен жаратылыстану бағытындағы тақырыптарда қазақ тілі сабағымен байланыстыра отырып, алған білімін мәтін ретінде жазып келуге тапсырма беруге болады (13-сурет).

Неліктен Хан академиясы?



13-сурет – «Khan Academy» онлайн курс платформалары

AI-боттар (BilimLand, SANA, KazAi) – интерактивті көмек құралдары.

Бұл платформалар қазақ тілінде оқытуға бағытталған. Олардың негізгі қызметі:

- Жазылым дағдысын дамыту үшін автоматты кері байланыс беру;
- Білім алушылардың сұрақтарына жауап беру;
- Қазақ тілінде тілдік құрылымдарды талдау.
- Қиын тақырыптарды түсіндіру үшін көмекші құрал ретінде пайдалану.
- Білім алушылардың сұрақтарына жедел жауап беру.

Терминдер мен кәсіби лексика тапсырма үлгісі:

1. Білім алушылар SANA ботынан терминнің түсінігін сұрайды.
2. BilimLand-тегі қазақ тіліндегі ресурстармен танысады.
3. Білім алушылар осы ұғымдар бойынша шағын эссе жазады.

QuillBot – мәтінді қайта құру және стильдік жақсарту құралы [27].

Оның артықшылықтары:

- парафразалық қолданыстарды қолданады,
- плагиатқа тексере алады,
- мақаланы түзетуге, жақсартуға көмектеседі,

- тегін идея генераторы бола алады,
- грамматиканы тексеру құралы бар.

Кемшіліктері:

- Офлайн жұмыс істей алмайды;
- Grammar-ге қарағанда грамматиканы әлі тиімді тексере алмайды;
- Қолдану саны шектеулі.

Баптаулары:

- Парафразалау
- Еркін сөйлеуді арттыру
- Грамматиканы тексеру
- Қателерді түзету
- Плагиат тексерушісі
- Плагиаттың алдын алу
- AI Детекторы
- Мәтінді талдау
- Аудару
- Тілдер
- Қысқаша мазмұнын жазу
- Мәтінді қорытындылау

Қалай қолдана болады?


- Білім алушылардың жазылым жұмыстарын мазмұндық әрі стильдік жағынан жақсарту.

- Айқын әрі түсінікті жазуға үйрету.

Тапсырма үлгісі: Ресми және бейресми стиль ерекшеліктері:

1. Білім алушылар екі түрлі стильде мәтін жазады.
2. QuillBot арқылы мәтінді қайта өңдеп, айырмашылықтарын анықтайды.
3. Сабақ соңында талқылау өткізіледі.

Платформада қазақ тілі жоқ, ағылшын не орыс тілінде сұраныс жазып, гугл арқылы аударуға болады (14-сурет).



14-сурет – QuillBot платформасы

Google Docs + AI жазылым кеңейтімдері – жазылым процесін оңтайландыру, білім алушылардың мәтіндік жұмыстарын AI көмегімен өңдеу, орфографиялық және стилистикалық түзетулерді автоматты түрде енгізу.

Эссе құрылымы және логикасы бойынша тапсырма үлгісі:

1. Білім алушылар Google Docs-та эссе жазады.
2. AI кеңейтімдері арқылы түзетулер ұсынылады.
3. Мұғалім кері байланыс беріп, білім алушы жақсартылған нұсқаны қайта тапсырады.

Tilda Publishing (AI Text Tool) – визуалды және интерактивті жазылым платформасы.

Tilda Publishing – мәтін құру мен редакциялау мүмкіндігін ұсынатын құрал. Оның негізгі артықшылықтары:

- Құрылымды дұрыс ұйымдастыру;
- Мәтінді көркем әрі оқуға жеңіл ету;
- Интерактивті мәтіндер жазуға көмектесу.
- Креативті жазылымды дамыту үшін қолдану.
- Инфографика мен интерактивті мәтіндер жасау.

Сандық журналистика негіздері бойынша тапсырма үлгісі:

1. Білім алушылар мақаланы Tilda Publishing арқылы дайындайды.
2. AI Text Tool көмегімен мәтінді өңдейді.
3. Сыныпта талқылау өткізіледі.

Tilda Publishing (AI Text Tool) – жасанды интеллектіге негізделген мәтін жазу және өңдеу платформасы. Негізінен сайт жасаушылар мен контент құрастырушыларға арналған бұл құралды 5–9-сынып білім алушыларының жазылым дағдысын дамыту мақсатында да тиімді қолдануға болады. Әсіресе, жазбаша жұмыстарды жоспарлау, мазмұндау, өңдеу және редакциялауда үлкен көмек береді.

Біріншіден, Tilda AI Text Tool білім алушыларға мәтін құрылымын түсінуге көмектеседі. Бұл құралға кез келген тақырып берілген жағдайда, ол кіріспе, негізгі және қорытынды бөлімі бар толыққанды мәтін құрастырып береді. Мұндай үлгі білім алушыларға жазба жұмыстың логикасын, абзацтар арасындағы байланыс пен ойдың реттілігін меңгеруге мүмкіндік береді.

Екіншіден, платформа лексикалық қорды дамытуда таптырмас құрал. Ол білім алушы жазған сөйлемдерді көркем, бай тілмен түрлендіріп, баламалы сөздер мен синонимдер ұсыну арқылы сөз байлығын кеңейтуге көмектеседі. Бұл әсіресе эссе, әңгіме, ойтолғау сияқты шығармашылық бағыттағы жазбалар үшін маңызды.

Үшіншіден, білім алушылар өз жазған мәтіндерін AI Text Tool-ға енгізіп, қате жіберілген жерлерді автоматты түрде түзетіп, грамматикалық, стилистикалық немесе құрылымдық ұсыныстар ала алады. Бұл өзін-өзі тексеру, рефлексия жасау және жазылымды жетілдіру дағдыларын дамытады.


Сонымен қатар жасанды интеллект білім алушыларға шығармашылық ой тудыруда да қолдау көрсетеді. Көбінесе білім алушылар эссе не әңгіме жазғанда

неден бастарын білмей қиналады. Мұндай жағдайда Tilda платформасы тақырыпқа сай негізгі ойлар мен идеялар ұсынып, мазмұндық бағыт береді.

Мысалы, білім алушы «Менің сүйікті кітабым» тақырыбына эссе жазғысы келсе, Tilda AI оған жоспар құрып бере алады, кей сөйлемдерге балама ұсынуы мүмкін, әрі қажет болған жағдайда қателерді түзетіп, редакция жасайды. Мұғалім бұл процесті бағыттап, білім алушының өз мәтінін жақсартуға мүмкіндік береді.

Tilda AI Text Tool платформасы – білім алушылардың жазылым дағдысын жан-жақты дамытуға арналған пайдалы құрал. Ол білім алушыны жазуға бағыттап қана қоймай, өз жұмысын жетілдіруге, ойлау дағдысын қалыптастыруға және тілдік сауаттылығын арттыруға септігін тигізеді. Платформаны білім беру үдерісіне мақсатты, саналы түрде енгізу арқылы білім алушылардың жазу мәдениеті мен тілдік құзыреттілігін жаңа деңгейге көтеруге болады.

Seapik.com/kk-KZ/ai-writer – AI Жазушы [28] Бұл платформаның ішінде жазылым дағдысын дамытуға арналған барлық құралдар бар, мысалы: креативті жазылымды дамыту үшін танымал құралдарын пайдалану, AI генераторы ұсынған идеяларды өңдеу, қайта жазу, шығармашылық тапсырмалар беру (15-сурет).



15-сурет – Seapik платформасы

Платформа 600-ден аса ЖИ жазу құралдарын, үлгілер мен құралдарды қамтиды: эссе жазу, ән мәтінін генерациялау, сюжетті генерациялау (қызықты фантастикалық әңгімелерін жазу), зерттеу жұмысын жазу, мәтін мазмұнын қайта жазу (мәтінді, эссені қайта жазу, тезис құру), мәтінді біріктіру (2 мәтінді біріктіріп, біртұтас мәтін жасау), мәтінге түсініктеме беру, мақал-мәтел генераторы (тақырыпқа сай қысқа, мағыналы сөз жазады) және т.б.


Бейімделген оқыту жүйелері әрбір білім алушының қабілеттері мен білім деңгейіне сәйкес тапсырмалар беріп, олардың оқу барысын қадағалайды.

Оқытудың тиімділігін арттыруға көмектесетін ең көп қолданыстағы жасанды интеллект – ChatGPT [29]

ChatGPT қазақ тілі мен әдебиетін меңгеруде білім алушылар мен педагогтерге қосымша көмекші құрал бола алады.

1. Білім алушылардың жеке қажеттіліктеріне бейімделу

Мысалы, кейбір білім алушыларға сөз тіркестерін дұрыс құрастыру қиындау болса, ChatGP қолдана аламыз. 9-сынып білім алушыларына «Грант опера» театры» тақырыбындағы сабақта ChatCPT-ді пайдалануға ұсыныс беруге болады. Тапсырмада «Қазақ өнерін әлемге таныту үшін не істеу керек?» тақырыбында көзқарасты, себебін, мысалын, дәлелін көрсететін мақала жазуы керек. Тапсырманы орындау барысында білім алушылар ChatGPT-дің Consensus қосымшасын пайдалана алады. Консенсус бойынша зерттеулерді сұрауға, әлемдік ғылыми әдебиеттермен тікелей сілтеме алуға, сілтемелерді іздеуге, қарапайым түсініктемелер алуға академиялық жұмыстармен расталған мақалалар жазуға болады. Бір ерекшелігі қарапайым интернет желілерінен қарағанда әр білім алушыға әртүрлі дереккөздерден мәлімет ұсынылады. Соның нәтижесінде бір-біріне ұқсамайтын мақалалар жазылады. Себебі білім алушылар академиялық адалдықты сақтап, консенсуста берілген ұсыныстарды ескере отырып, өздері жазып шығады. Бұл білім алушыға тың идея алу құралы ретінде пайдалы. Демек, ЖИ арқылы ой тастап, ойланта аламыз. Іздеу нәтижелеріміздің бір үлгісін төменде ұсынып отырымыз (16-сурет).




16-сурет – Консенсустың ұсынысы


2. Уақытты үнемдеу және оқыту үдерісін жеделдету

Сыни ойлау, дербес пікір қалыптастыру әдістерін ChatGPT-дің SclarGPT қосымшасымен интеграцияда қолдануға болады. ChatGPT-ді пайдаланып, дүниежүзілік театрлар жөнінде «Дербес пікір жазу» әдісімен жинақы мәтін жазу бойынша бірнеше тапсырма беруге болады. Тақырып қызықты, бірақ ақпарат

жеткіліксіз болғандықтан және уақытты үнемдеу мақсатында білім алушылар ChatGPT-дің ScholarGPT қосымшасын қолдана алады (17, 18-сурет). Өйткені бұл қосымша сыни оқу дағдыларын жетілдіреді. Берілген ұсыныстар бойынша өз ойларын жүйелеуге мол мүмкіндік алады.




17-сурет – ScholarGPT қосымшасына берілген сұраныс үлгісі



18-сурет – ScholarGPT қосымшасының жауап үлгісі

3. Кері байланыс беру. ChatGPT платформасын зерттей келе кері байланыс берудің тиімді қосымшасы ретінде Creative Writing Coach-ты қолдануға болады.

Бұл функция білім алушылардың қателерін түзетуге, дұрыс жазу дағдыларын қалыптастыруға және оқу барысын қадағалауға, жазба жұмыстарына ұсыныс беруге, кемішіліктері мен артықшылықтарын анықтауға бағытталған. Ол өз кезегінде шығармашылық жұмыс жазу, практикалық әдістер, пайымдау мен ой елегінен өткізу әдістемесі негізінде жүзеге асады. Себебі бұл қосымшаның қазақша аудармасы «Шығармашылық жазу бойынша жаттықтырушы» деп аталады. Сондықтан білім алушылар дәптерге жазған өз жұмыстарына кері байланыс алып, берілген ұсыныстар бойынша қайта өңдей алады. Екінші рет жазған жұмыстарын мұғаліммен бірлесе талқылайды (19-сурет).



Жарасқан Әбдірашевтің "Дала сенің ұлыңмын" поэмасына жазылған пікіріме кері байланыс берсеңіз. Қандай кемішіліктері мен артықшылықтары бар?



Керемет! Жарасқан Әбдірашевтің "Дала сенің ұлыңмын" поэмасына жазылған пікіріңізді талда өтейін. Алдымен, артықшылықтарыңызға тоқталайын:

Артықшылықтары:

1. Түсінікті және логикалық құрылым: Ж-ның аңызда ойды бірізді және түсінікті етіп жеткізгенсіз. Автордың идеясын нақтылай отырып, оның стилін, тақырыптарын және



Сообщить Creative Writing Coach

19-сурет – Кері байланыс беру үлгісі

ChatGPT қолдану арқылы білім алушылардың оқуға мотивациясын арттыру:

Жобалап оқыту, көрнекілік әдіс, зерттеу әдісі негізге ала отырып, білім алушылар кейіпкерлердің іс-әрекеттерін тереңірек түсіну үшін платформаға нақты сұрақтар қоя алады, кейіпкердің аватарын жасайды, кейіпкердің сөздері арқылы креативті видео жасай алады. Осы мақсатта Video GPT by VEED қосымшасының мүмкіндіктерін пайдалану ұсынылады. **Video GPT by VEED** мәтіндік нұсқауларды пайдаланып бейнелерді жасап, өңдейді. Ол үшін сипаттаманы теріп, стильді орнату қажет. Бұдан кейін қосымша бейнелерді жасап, субтитрлермен және лезде дауыс қойып толықтырады, бейне сценарий жасайды (20-сурет).

Video GPT by VEED

деу қате. пеге оіз осыны енді мен аитаиын. пеге оіз осы оайлыты бар адамды бандит деп есептейміз. Кім қабілетті сол ғана байлық жинап алады." деген сөздерді пайдаланып Еріктің аватарын жасап беріңіз



Ерік кейіпкерінің аватарына осы сөздерді негізге ала отырып, монолог ұсынамын:

"Мені бастан сөзге шорқақ, тұйық деп білесің. Бұл мінезіме таңданба, өйткені бұл менің жаратылысым. Кейде Айна мен анам да осы мінезіме ренжиді. Бірақ үнсіздікті теріс түсіну қате. Неге біз бай адамды бірден бандит деп есептейміз? Шын мәнінде, қабілетті адам ғана байлық жинай алады. Бұл жай ғана шындық."


Бұл мәтін шамамен 20-25 секунд болады. Егер сізге ұнаса, бейнені жасауға дайынмын!



Сообщить Video GPT by VEED




20-сурет – Video GPT by VEED қосымшасы арқылы видео жасау




23-сурет – Жазба жұмысына бейнелі түрде беру үлгісі

Қазақ тілі сабағында жазылым мәтіні бойынша берілген екі суретті **Hot Mods** қосымшасы арқылы ерекше бейнеге, суретке айналдырады (24-сурет).



24-сурет – Екі суретті бір бейнеге айналдыру

ChatGPT платформасында **Canva** қосымшасының мүмкіндіктері көп. Бұл қосымшада әртүрлі дизайн таңдауға, жеке жұмыс жасауға, жасалған жұмысты әртүрлі форматта жүктеп алуға болады. Төменде Canva қосымшасы арқылы жасалған слайдтың үлгісі берілген (25-сурет).



25-сурет – Canva қосымшасы арқылы жасалған слайдтың үлгісі

Қорыта айтқанда, ChatGPT платформасымен интеграцияда қолдану арқылы білім алушылардың пәнге деген қызығушылығын арттырып, қазақ тіліндегі ЖИ контенттің дамуына үлкен үлес қоса аламыз.

Жазылым дағдысын жетілдіруде сөздердің грамматика, лексика, стилистика жағынан дұрыс жазылуын көрсетіп, мағынасын ашып, аудармасын жасайтын платформалардың бірі – **Sozdik.kz** платформасы [30].


Sozdik.kz платформасы онлайн сөздіктердің бірі болып табылады. Платформа орыс тілінен қазақ тіліне, қазақ тілінен орыс тіліне сөздерді аудармада. Сонымен қоса, мәтіндерді кирилл қарпінен латын қарпіне (конвертация) ауыстырып береді. Сөздікті қазақ тілі сабағында қолданудың тиімділігі және мүмкіндігі көп:

- Сөздік қор мен аударма қызметін пайдалану (қазақша-орысша, орысша-қазақша онлайн аударма)
- Синонимді, антонимдік, тұрақты тіркестер ұсынылады. Бұл білім алушының сөздік қорын молайтуға мүмкіндік береді.
- Грамматикалық және стилистикалық анықтамалар алуға болады. Білім алушылар сөздердің дұрыс жазылуын да тексере алады. Қиын сөздердің қолданылу ерекшеліктерін түсінеді.
- Автоматты сөздік анализ және тілдік кеңестер. Берілген нұсқалар арқылы жазылым дағдыларын жетілдіру тапсырмаларында қолдануға болады.
- Терминология және сөз қолданысы. Платформа түрлі сала бойынша термин сөздерді түсіндіре алады. Заң, медицина, техника ғылымдарына т.б. қатысты сөздердің мағынасын білуге мүмкіндік береді.
- Жазылым жұмыстарында стилдік үйлесімділікке мән беру.

Платформаның жұмыс парағы «Сөздік», «Іздеу тарихы», «Сөз қосу», «Қолдану нұсқаулығы», «Аударма», «Конвертор», «Аккаунт», «Күпия сөз», «Баптаулар», «Кері байланыс» баптауларынан тұрады.

Платформада сөздік қор мен аударма қызметі бірге жүреді. Сондай-ақ белгілі бір сөзге қатысты синонимдер мен антонимдер, тұрақты тіркестерді де


ұсынады. Бұл өз кезегінде білім алушының сөздік қорын молайтуға, мәтінді өңдеу, қайта жазу, басқа сөздермен алмастыру тапсырмаларын орындағанда жақсы көмекші құрал бола алады. Мысалы, 7-сыныпта «Боран» тақырыбын өту барысында «Қойдың алды тоқырып қалып еді, жел жағындағылар ұйлығып кеп, лықсытып алып кетті», - деген сөйлем кездеседі. Осы мәтіндегі «қойдың тоқырауы», «ұйлығы», «лықсыту» сөздері білім алушылар үшін түсініксіз болғандықтан, Sozdik.kz платформасын қолдануға кеңес беруге болады. Нәтижесінде аталған сөздердің бірнеше мағынасы, синонимдік қатарлары, қолдану ерекшеліктерін онлайн сөздік ұсына алады (26-сурет).



26-сурет – Платформадан сөз мағынасын іздеу

Платформаны шығармашылық, зерттеу тапсырмасын беруде де қолдануға болады. Онлайн сөздіктегі қазақ тілінің сөздік қорын молайту мақсатында «Сөз енгізу» батырмасын пайдаланып, көнерген сөздердің мағынасын зерттеп, жаңа сөз енгізуге болады. Сол арқылы білім алушы өзін тіл маманы, тіл жанашыры ретінде де сезіне алады (27-сурет).

Үлгісі:



27-сурет – Платформаға жаңа сөз енгізу

Сонымен, жоғарыда аталған платформалар жазылым дағдысын жетілдіріп, AI мүмкіндіктері арқылы мәтіндік және грамматикалық анализ, әдеби тілдік нормаларды ЖИ білім алушы жазған мәтіндерді грамматика, лексика, стилистика жағынан талдап, нақты кері байланыс беру құралдары ретінде ұсынылады. Аталған ЖИ мүмкіндіктерін пайдалану арқылы білім алушылардың сөздік қорын кеңейтуге, ол сөздерді қолдана отырып сөйлемдер құрастыруға, талқылау өткізіп, нәтижелерді бағалауға, жазылым жұмыстарындағы стильдік үйлесімділікке мән беруге, орфографиялық ережелерге сай жазуға, қателерді түзетуге, шығармашылық жазылым мен мәтіндік талдауда, лексикалық кеңестерге сүйене отырып, мәтінді өңдеп жазуға, ғылыми мақалалар мен ресми хаттар жазу кезінде арнайы терминдерді дұрыс қолдануға, кәсіби лексика және техникалық терминдерді меңгертуге, мәтінді жетілдіруге, грамматикалық сауаттылықты арттыруға, жазылым дағдысын дамыта аламыз.

Тыңдалым мен айтылым дағдысы, тілді үйретудегі диалогтік модельдер

Білім беру жүйесінде озық технологияларды жаңалықтармен қатар оқыту үдерісін тиімді ету жолдары бүгінгі таңда басты назарда тұр.

Қазіргі таңда білім беру саласында жасанды интеллект технологияларын қолдану білім сапасын арттыруға жаңа мүмкіндіктер береді. Соңғы жылдары жасанды интеллект технологиялары мектеп пәндерінде, соның ішінде қазақ тілі сабағында да кеңінен қолданылуда. Бұл әдістемелік нұсқаулық қазақ тілі сабағында ЖИ платформаларын тиімді пайдаланудың теориялық және практикалық аспектілерін қарастырады. Онда нақты құрылғылар, жаттығулар және визуалды тапсырма үлгілері ұсынылады.

Қазіргі білім беру жүйесінің басты міндеті – функционалдық сауатты, сыни ойлай алатын, технологияны еркін меңгерген тұлға қалыптастыру. Қазақстанда білім беру мазмұны жаңартылып, цифрлық сауаттылық, медиа және ақпараттық білім беру алдыңғы орынға шықты. Осы орайда, жасанды интеллект технологияларын қазақ тілі сабағында тиімді қолдану – білім берудің сапасын арттырудың заманауи жолы.

Жасанды интеллект білім алушылардың білімін тереңірек бағалауға және оқыту жолдарын қамтамасыз етуге мүмкіндік береді. Мектептерде жүргізілетін ЖИ жүйелері педагогтер мен білім алушылар үшін оқыту, бағалау, оқу тапсырмаларын орындау жүйесін жеңілдетеді.

Жасанды интеллектіні білім беру үдерісінде қолдана отырып, компьютерлік жүйелердің адам санасына тән әрекеттерін (оқу, логика, жоспарлау, көру) және модельдеу қабілетінің ЖИ арқылы дамып келе жатқанын көреміз.

Білім беру саласында ЖИ келесі бағыттарда қолданылады:

- Білім алушылардың оқу деңгейін автоматты түрде талдау;
- Білім беру мазмұнын даралау және бейімдеу;
- Тапсырмаларды автоматты түрде бағалау және кері байланыс беру;
- Тіл үйренуде сөйлеу, тыңдау, жазу дағдыларын дамыту.

Қазақ тілі сабағында білім алушылардың тыңдалым мен айтылым дағдыларын дамытуда және тілдік құзіреттілігін арттыруда жасанды интеллектінің маңызы зор. Жасанды интеллектінің тиімділігі – білім берушіні алмастырмайды, керісінше, оған көмекші құрал болып табылады.

Қазақ тілі сабағында сөйлеу дағдыларын дамытуға арналған ЖИ жүйелерін қолдануда төмендегі ерекшеліктерді ескеруіміз қажет:

- тілдік орта мен деңгейге бейімделген контент таңдау;
- қазақ тілінің грамматикалық және орфоэпиялық нормаларына сай модельдер пайдалану;
- шығармашылық пен логиканы ұштастыратын тапсырмалар құрастыру;
- сыни ойлау, рефлексия мен өздік талдауға бағытталған тапсырмаларды ендіру.

Яғни, жасанды интеллект арқылы айтылым, тыңдалым, жазылым, оқылым дағдыларын кешенді дамытуға мүмкіндік туады.

Тілді үйретуде жасанды интеллектің алатын орны ерекше. Қазіргі цифрландыру дәуірінде тілімізді цифрлық кеңістікте өркендету үшін функционалдық сауаттылықты қалыптастыруымыз керек.

Айтылым дағдысын дамытуға арналған ЖИ құралдары

Қазақ тілінде айтылым дағдыларын дамыту үшін *Replika (қазақ тіліне бейімделген нұсқасы)*, *ChatGPT Voice Mode (Kazakh)*, *Tilda Voice AI (Kazakh)*, *QazVoice Bot* сияқты ЖИ платформаларын қолдануға болады. Айтылым-адам өз ойын сөйлеу арқылы жеткізеді.

Функциялары:

- Артикуляция және дұрыс дыбыстау
- Дикцияны жетілдіру бойынша ұсыныстар
- Қазақ тіліне тән дыбыстарды меңгеру
- Сөйлеу қарқыны мен дауыс ырғағын бақылау

Жасанды интеллект білім алушылардың айтылым дағдысын дамыта отырып, құндылықтар туралы білімдерін кеңейтіп, оны өмірде қолдана білуге үйретеді. ЖИ көмегімен білім алушылар әртүрлі тақырыпты талдай отырып, өз көзқарастарын білдіреді және шешім қабылдай алады. Қазақ тілінде сөйлеу дағдыларын дамытуға бағытталған тапсырмалар білім алушылардың жас ерекшеліктеріне сәйкес беріледі және жеке қабілеттері ескеріледі.

Айтылым және тыңдалым дағдыларын ЖИ арқылы дамыту қазіргі мектептер үшін тиімді стратегия. Айтылым және тыңдалым дағдыларын дамыту үшін қолдануға болатын ЖИ құралдары бірнеше топқа бөлінеді және екі дағдыны бір процеске біріктіруге болады.

- Диалогтік сөйлесу, эмоционалдық жаттығу;
- Еркін сөйлеу, дикцияны түзету;
- Өз мәтінін тыңдап, өзін-өзі бағалау;
- Диктордың сөйлеу мәнеріне еліктеу (имитациялау).

Айтылым платформалары:

Replika (қазақ тіліне бейімделген нұсқасы)

- Жасанды интеллектімен диалог жүргізуге мүмкіндік береді.

- Дауысты таниды және жауап қайтарады.
- Эмоциялық қолдау элементі бар.
- Қазақ тіліне бейімделген нұсқасы-тіл үйренушіге ыңғайлы.

ChatGPT Voice Mode (Kazakh)

- Білім алушы сұрақ қойып, ЖИ қазақша жауап береді.
- Қателіктерге түзету енгізеді.
- Диалогтік сөйлеуді дамытуға өте тиімді.

Tilda Voice AI (Kazakh TTS)

- Мәтінді қазақ тілінде нақты, интонациямен дыбыстайды.
- Айтылымды тыңдап қайталау арқылы дамытады.

QazVoice Bot (жоба түрінде)

- Қазақ тілінде сұрақ-жауап форматында болады.
- Ауызекі сөйлеуді жаттықтыруға бағытталады .

Тыңдалым дағдысын дамытуға арналған ЖИ құралдары

Тыңдалым дағдысын: *Google Text-to-Speech (Kazakh), Microsoft Azure Speech Studio (Kazakh Voice), Microsoft Azure Speech Studio (Kazakh Voice)* платформалары арқылы дамытуға болады. Яғни, тыңдау арқылы ақпаратты қабылдап,сөйлеушінің ойын түсінеді,интонацияны ажыратады,тыңдаған ақпаратқа жауап береді.

Функциялары:

- Google TTS (Kazakh): Мәтінді тыңдау арқылы түсіну;
- Microsoft Azure Speech Studio (Kazakh): Қазақ дикторларын тыңдау;
- KazNLP: Сөз тану, автоматты транскрипция;
- Magic School: Тыңдалымнан кейінгі тапсырмалар.

Қазақ тілін үйренуде ЖИ технологияларына негізделген платформалар білім алушылардың айтылым және тыңдалым дағдыларын дамытуда өте тиімді.

Тыңдалым платформалары

Google Text-to-Speech (Kazakh)

- Қазақ мәтіндерін табиғи дауыс арқылы оқып береді.
- Тыңдалым жаттығуларын жасауға тиімді.

Microsoft Azure Speech Studio (Kazakh Voice)

- Мәтінді түрлі дауыспен дыбыстайды.
- Екпін, дауыс ырғағын тыңдауға болады.

KazNLP платформасы

- Қазақ тіліне бейімделген тілдік өңдеу жүйесі.
- Тыңдалым, жазылым, айтылым бағыттарын қамтиды.

Magic School

- Балаларға арналған тыңдалым ойындары.
- Аудио тапсырмаларды орындау арқылы тілді меңгертеді.

Жасанды интеллект платформалары айтылым мен тыңдалым дағдыларын дамытуда маңызды рөл атқарады. Қазіргі таңда қазақ тілінде сөйлеу мен тыңдау дағдыларын жақсартуға арналған бірқатар тиімді құралдар бар.

Айтылым бойынша тапсырмалар:

Replika (қазақ тіліндегі бейімделген нұсқасы)

Replika-жасанды интеллект негізінде жұмыс істейтін чат-бот. Ол сөйлеу дағдыларын дамытуда қолданылады. Қолданушыға қазақ тілінде сөйлесуге мүмкіндік береді, сөйлеу мен тыңдалым дағдыларын жақсартуға көмектеседі.

Қолдану әдістері: әңгімелесу арқылы дұрыс айтылымды дамытады, сөйлеу мәнерін реттеу арқылы дикцияны жақсартады, оқу тапсырмалары арқылы тыңдалым дағдыларын нығайтады.

ChatGPT Voice Mode (Kazakh)

ChatGPT Voice Mode қазақ тіліндегі мәтінді дыбыстық түрге айналдыратын жүйе болып табылады. Оны қолдану арқылы білім алушылардың айтылым және тыңдалым дағдылары дамиды. Әсіресе, табиғи сұрақ-жауап жүйесі арқылы тыңдау қабілетінің деңгейі тексеріледі.

Қолдану әдістері: білім алушының тіл білімін тексереді, әртүрлі сөйлемдер, мәтіндер оқып, тыңдау арқылы түсінуін дамытады, сұрақтарға дұрыс жауап беру арқылы айтылымды жетілдіреді.

Ауызына сөйлеуге үйретудің жолдары: диалогті және монологті түрде сөйлеудің арасында байланыс болу керек, білім алушы өзіне тиісті пәнін жетік меңгеруі тиіс. Соңғы кезде көп қолданылып келе жатқан әдіс – *Түсініп оқу әдісі*. Яғни, білім алушылар мәтінді түсініп, дауыстап, тізбектеп оқиды, мәтіннің идеясын анықтайды. ChatGPT білім алушылардың мәтінді терең түсініп, мазмұнын толық игеруді көздейді. Бұл әдісті дамыту үшін бірнеше жаттығу түрлері қолданылады.

Мәтінді талдау: білім алушылар мәтіннің негізгі тақырыбын және қосымша ойды анықтап, басты және маңызды ақпараттарды ажырата алады.

Тірек сөздермен жұмыс: Мәтіндегі маңызды сөздер мен тіркестерді анықтап, солар арқылы мәтінді қайта құрастырады. Жаңа тақырыпты меңгеру мақсатында ортадан жоғары деңгейде жұмысты күрделендіріп, көптеген жұмыстар жүргізуге болады. Осыған байланысты білім алушыларға мәтіндегі кейіпкерлер арасындағы диалогтерді ойлап шығару туралы тапсырма беріледі. Білім алушылар ЖИ негізіндегі құралдар арқылы кейіпкерлердің диалогін құрастырады.

Tilda Voice AI (Kazakh TTS) Білім алушылар мәтінді тыңдайды, дауыс ырғағына назар аударады. Мұның ерекшелігі, мәтінді мәнерлеп оқуға дағдыланады және дұрыс оқуға дағдыланады.

«Сұрақ-жауап эстафетасы» (QazVoice Bot қолдану)

Мақсаты: диалогтік сөйлеу шеберлігін арттырады.

Тапсырма: білім алушы бір сұрақ қояды және ЖИ-дің жауабына жауап ретінде тағы бір сұрақ береді. (диалог жалғасуы керек)

Бағалау: байланыстырып сөйлеу, интонация.

Қолдану әдістері: интонациямен сәйкестендіреді, дыбыстық жазбадан кейін көркем оқуға дағдыланады.

Қазақ тілінде айтылым мен тыңдалым дағдыларын дамыту үшін педагогтер төмендегі тапсырмаларды да қолдана алады:

Диктант тыңдау: білім алушылар белгілі бір мәтінді тыңдайды да, оны өздері айтады. Бұл дикция мен дұрыс айтылымды дамытуға септігін тигізеді.

Рөлдік ойындар: сұхбаттасу, сөйлеу мәнерін жақсарту үшін қолданылатын әдіс. Білім алушылар түрлі жағдайларда сөйлесіп, сөйлеу дағдыларын дамытады.

Тыңдалым бойынша тапсырмалар:

Тыңдалым дағдыларын дамыту үшін білім алушылар мәтінді тыңдайды, түсінеді, мәтін бойынша сұрақтарға жауап береді. Бұл тапсырма тыңдалым дағдысын дамытады және білім алушылар сөйлеушінің дауыс ырғағын тыңдай отырып, тыңдау қабілеттерін жақсартады.

Абайдың: «Ғылым таппай мақтанба» өлеңін TTS арқылы тыңдайды.

Тапсырма: Wordwall-да викторина, мазмұнын айтады, көркемдегіш құралдарды табады.

Тыңдалым және айтылым дағдыларын бағалау үшін төмендегі әдістерді қолданамыз:

- Рубрика арқылы бағалау әдісі бойынша білім алушының айтылым мен тыңдалым дағдыларын бақылап, әр деңгейде бағалау жұмыстарын жүргізеді.

- Білім алушыларға өздерінің жетістіктері мен кемшіліктері жайлы нақты ұсыныстар беріледі, кері байланыс жүргізіледі.

Айтылым дағдысы бойынша практикалық тапсырмалар.

«Күнделікті әңгіме» жаттығуы (Replika, QazVoice Bot қолдану)

Мақсаты: күнделікті өмірге қатысты қарапайым сұхбат құрады.

Тапсырма: білім алушы Replika-мен немесе QazVoice-пен күн тәртібіне байланысты үш сұрақ қояды және оған жауап береді.

Бағалау: анық сөйлеу және сұрақ қою шеберлігі ескеріледі.

«Жаңалық жүргізушісі» рөлі (Tilda Voice AI қолдану)

Мақсаты: ресми стильде сөйлеуді меңгеру.

Тапсырма: білім алушыға шағын жаңалық мәтіні беріледі. Ол оны дауыс жазу арқылы оқиды (TTS арқылы тыңдап көреді)

Бағалау: дикция, қарқын, дауыс ырғағы.

«Суретпен сөйле» (ChatGPT Voice немесе оффлайн қолдануға болады)

Мақсаты: шығармашылық сөйлеуді дамыту.

Тапсырма: білім алушыға бір сурет көрсетіледі, сол бойынша бес сөйлеммен әңгіме құрастырады

Бағалау: сөйлем құрылымы, сөйлеу еркіндігі

«Сұхбат жүргіз» (ChatGPT Voice немесе Replika арқылы)

Мақсаты: еркін сөйлеуді дамыту

Тапсырма: білім алушы ЖИ-мен сұхбат форматында белгілі бір мамандық иесімен (мысалы, дәрігер, журналист, аспаз) әңгіме жүргізеді

Бағалау: мазмұнды меңгеру, сөйлеу этикасы.

Тыңдалым дағдысы бойынша практикалық тапсырмалар

«Дауысты таны» (Google TTS немесе Microsoft Azure қолдану)

Мақсаты: мәтіннен алынған ақпараттарды тыңдайды.

Тапсырма: мұғалім бірнеше сөйлемді әртүрлі дауыспен оқытады. Білім алушы дауысты тану арқылы сөйлемді қай тұлға оқығанын анықтайды

Бағалау: тыңдау дәлдігі

«Қатені тап» ойыны (Kazakh Voice платформасымен)

Мақсаты: мәтінді тыңдап, нақты ақпаратты сараптайды.

Тапсырма: дыбысталған мәтінде әдейі қате жіберіледі (мысалы, атау, сан, оқиға реті). Білім алушы мәтінді тыңдайды, қатені табады

Бағалау: түсіну деңгейі, талдау қабілеті.

«Қысқа диалог» жаттығуы (Magic School қолдануға да болады)

Мақсаты: диалогті тыңдайды және логикалық байланысты анықтайды.

Тапсырма: тыңдалған қысқа диалогтен кейін сұрақтарға жауап береді, диалогті жалғастырады.

Бағалау: мазмұнды түсінеді, логикалық жалғастыру.

«Қайта айт» (эхо-тыңдалым) - Google TTS немесе Tilda арқылы

Мақсаты: фонематикалық есту мен сөйлеуді синхрондау.

Тапсырма: ЖИ жүйесі бір сөйлемді оқиды, білім алушы сол сөйлемді дәл қайталайды. (дикция мен ритмге мән беру)

Бағалау: дыбыстық сәйкестік, екпін

«Кім не айтты?» ойыны (Magic School + KazNLP)

Мақсаты: кейіпкер сөзін ажырату.

Тапсырма: бірнеше адамның диалогі тыңдатылады. Білім алушы әр кейіпкерге тиесілі сөзді ажыратып, сәйкестендіреді.

Бағалау: тыңдау дәлдігі, логикалық ойлау.

Жасанды интеллект арқылы жүргізілетін тілдік жаттығулар

ChatGPT Voice арқылы диалог «Менің отбасым» тақырыбында диалог құрастырады. Білім алушы ChatGPT-мен дауыстап сөйлеседі, сөйлем құрылымына назар аударады. ЖИ жауап қайтарып, қателерін түзетеді.

Tilda Voice арқылы айтылым жаттығулары жүргізіледі.

Жаттығу: Қиын дыбыстарды дұрыс айту. Мәтін: «Қаз қалпында қаққан қақпан» деп аталады. Білім алушылар тыңдайды, қайталайды, дикциясын дамытады.

Google TTS тыңдалым жаттығуы. Мұғалім мәтінді енгізеді, қосымша оны оқып береді, білім алушы тыңдап, сұрақтарға жауап береді.

Айтылым дағдысын дамыту әдістемесі

- Дикция және дұрыс айтылым жаттығуларын жиі орындатып, білім алушылардың тілдік құзіреттілігін арттырамыз.

- Дыбыстарды қайталау жаттығулары «Tilda Voice» арқылы әр дыбысты тыңдап, қайталайды.

- «Сөз тіркесін дәл айт» ойыны.Replika немесе ChatGPT Voice арқылы сөйлемді дұрыс айтуға дағдыланады.

Жасанды интеллект арқылы диалог құрастыру

- ChatGPT Voice Mode: «Бүгін қандай тақырып қызықтырады? « секілді ашық сұрақтар қояды және жауап береді.

- Replika: күнделікті тақырыптарда диалог жүргізеді.

- QazVoice Bot жобасы
- Білім алушы рөлінде-диктор.Мәтінді оқиды, ЖИ платформалары арқылы бағалайды, кері байланыс жасайды.

Тыңдалым дағдысын дамыту әдістемесі

- Қазақ тіліндегі TTS-пен жұмыс жүргізеді.
- Google TTS және Azure арқылы аудиомәтін тыңдап, мазмұнын айтып береді.
- «Кім сөйледі?» жаттығуы әртүрлі дикторлық интонацияны таниды.

KazNLP платформасы

- Қазақша мәтінге фонетикалық транскрипция жасайды.
- Сөздің буындық құрылымын тану тапсырмасын орындайды.
- Magic School тапсырмаларымен жұмыс жүргізеді.
- Сұрақ-жауап: «Не туралы айтылды?», «Негізгі ой қандай?»
- Бес жол өлең, синквейн құрастырады.

Тапсырма үлгілері:

Айтылым:

Тақырып: «Менің сүйікті ісім»

Тапсырма: ChatGPT Voice арқылы 2 минуттық монолог айтады. Кейін Tilda Voice арқылы қайта тыңдайды.

Тыңдалым:

«Кіммен сөйлестім?» ойыны

Мақсаты: рөлдік тыңдалымды түсінеді.

Тапсырма: Жасанды интеллект түрлі кейіпкерлердің дауысымен сөйлейді. (ата-ана, дос, сатушы, т.б.) Білім алушы тыңдап, кейіпкердің кім екенін анықтайды.

Бағалау: мәнмәтінді түсіну, интонацияны тану.

Бағалау критерийлері:

Айтылым: Дұрыс дыбыстау, сөйлеу қарқыны, интонация, өзара байланыс.

Тыңдалым: Мазмұнды түсіну, негізгі ойды тану, детальдарға назар аудару.

Қалыптастырушы бағалау әдістері: «Қол шапалақ», «Бас бармақ», «Екі жұлдыз, бір тілек», Quiz викториналары.

Жасанды интеллект көмегімен әдеби шығармаларды талдау

Тақырыбы: Абай шығармашылығын оқытуда қолданылатын тиімді әдіс-тәсілдер

Мақсаты: Абайдың «Ғылым таппай мақтанба» өлеңін оқыта отырып, оқылым дағдысын дамытуға арналған тиімді әдіс-тәсілдерді қолдану.

Өзектілігі: Оқу сауаттылығы-функционалдық сауаттылықтың негізгі құрамдас бөлігі екендігі өмірдің өзекті мәселесіне айналды. Оқу сауаттылығы-білім алушылардың мәтіннен негізгі ақпаратты табуын, өз мақсаттарына жетуді, оқу мақсаттарына сәйкес келетін тапсырмаларды орындауды айқындайды.

Қазақ әдебиеті пәнін оқытуда әртүрлі әдістемелік жаңа тәсілдерді түрлендіре отырып, білім алушылардың ауызша сөйлеу дағдысын қалыптастыруға болады.

Қазақ тілі мен әдебиеті пәндері білім алушылардың сөздік қорын арттырып, логикалық ойлау қабілетін дамытып, шығармашылыққа қызығушылығын шыңдауға бағытталған.

Жасанды интеллекті осы пәндерде қолдану білім алушылардың тілдік дағдыларын, шығармашылық ойлауларын дамытуға оң әсерін тигізеді.

Қазақ тілі мен әдебиеті сабағына жасанды интеллект платформаларын кіріктіре отырып, чат-боттарды пайдалану-білім алушылардың қызығушылығы мен ынтасын арттыруға көмектесетін шынайы оқу мәнмәтінін құруға мүмкіндік береді. Чат-боттарды оқыту барысында ситуациялық диалогтер мен рөлдік ойындарды пайдалануға болады.

Қазақ тілінде сөйлеу дағдыларын дамытуға арналған инновациялық технологиялардың тыңдалым мен айтылым дағдылары білім алушылардың сыни ойлауы мен шығармашылық қабілетін дамытатыны анықталды. Төмендегі кестелерде тыңдалым мен айтылым дағдыларын дамытатын құралдар мен олардың негізгі қызметтері және бағалау берілген (7,8-кесте).

7-кесте – Тыңдалым мен айтылым дағдыларын дамытатын құралдар

Дағды түрі	Құрал атауы	Мақсаты
Айтылым	Replika (Kazakh)	Диалогтік сөйлесу
Айтылым	ChatGPT Voice Mode	Сөйлеу, дикцияны түзету
Айтылым	Tilda Voice TTS	Өз мәтінін тыңдау
Айтылым	QazVoice Bot	Дикторлық сөйлеуді имитациялау
Тыңдалым	Google TTS	Мәтінді тыңдау арқылы түсіну
Тыңдалым	Azure Speech Studio	Дикторлардан тыңдау
Тыңдалым	KazNLP	Сөз тану, транскрипция
Тыңдалым	Magic School	Тыңдалымнан кейін тапсырма орындау

8-кесте – Бағалау критерийлері

Дағды	Критерий	Жоғары деңгей	Орта/Төмен деңгей
Айтылым	Дұрыс дыбыстау	Барлық дыбыстар анық айтады	Бірнеше дыбыс анық емес айтады

Айтылым	Интонация	Тақырыпқа сай қолданады	Интонация біркелкі
Тыңдалым	Мазмұнды түсіну	Негізгі ой мен детальдарды нақты жеткізеді	Тек негізгі ойды айтады
Тыңдалым	Сұрақтарға жауап	Барлық сұраққа нақты жауап береді	Кейбір сұрақтарға жауап бермейді

Қазақ тілін оқытуда жасанды интеллектіні қолдану оқу материалдарын білім алушылардың қажеттіліктеріне бейімдеуге көмектеседі. Мысалы, автоматтандырылған бағалау және кері байланыс жүйесі білім алушылардың білім деңгейін жоғары, әділ бағалауға мүмкіндік береді. Бұл білім алушылардың тілдік құзыреттілігін арттыруға көмектеседі, білім алушының қажеттілігі мен оның дайындық деңгейіне қарай қазақ тілін тереңірек меңгеруіне мүмкіндік туғызады.

Қазақ тілін үйренуге арналған заманауи жасанды интеллект құрылғылары

Сабақ тақырыбы: Менің сүйікті ісім

Мақсаты: Тыңдалым мен айтылым арқылы өз ойын түсінікті жеткізеді.

Әдіс: ChatGPT Voice + Tilda Voice қолданады.

Тапсырма: Диалог құрастыру → сөйлету → өзін-өзі тыңдап талдайды.

Бағалау критерийі:

- Айтылымда дыбысты дұрыс айту.

- Тыңдалымда негізгі ойды анықтау.

Бағалау: «Бас бармақ», «Rubric» кестесі

Тақырыбы: «Менің армандаған мамандығым» монологі

Мақсаты: монолог құру дағдысын дамыту.

Тапсырма: білім алушы өзінің болашақтағы мамандығы жайлы 5-7 сөйлеммен монолог құрастырып, дауысын жазып тыңдайды (Tilda Voice AI көмегімен салыстырып көреді)

Бағалау: логика, тіл байлығы

Тақырыбы: «Сөйлемді аяқта»

Мақсаты: сөйлем құрау дағдысын жетілдіреді.

Тапсырма: мұғалім немесе ЖИ сөйлемнің бірінші бөлігін береді, білім алушы аяқтайды. **Мысалы:** «Егер мен супер қаһарман болсам, онда...»

Бағалау: ойлау шапшандығы, сөйлем құрылымын анықтау.

Тақырыбы: «Болжа, сөйлеп көр»

Мақсаты: болжау қабілеті мен сөйлеу еркіндігін арттыру.

Тапсырма: білім алушыға сурет немесе суреттің жартысы ғана көрсетіледі. Ол не болуы мүмкін екенін айтып береді.

Мысалы: «Бұл балақай не істеп жатыр деп ойлайсың?»

Бағалау: логикалық байланыс, сөйлем құру.

Тақырыбы: «Жаңылтпаш сайысы» (TTS жүйесімен салыстыру)

Мақсаты: дыбыстау нақтылығын дамыту.

Тапсырма: білім алушы қазақ тіліндегі жаңылтпашты жаттап айтады, кейін TTS (мысалы, Tilda Voice) арқылы оның дұрыс нұсқасын тыңдап салыстырады.

Бағалау: дикция, дыбыстың айқын айтылуы.

Тақырыбы: «Сұрақ-жауап эстафетасы» (QazVoice Bot қолдану)

Мақсаты: диалогтік сөйлеу шеберлігін арттырады.

Тапсырма: білім алушы бір сұрақ қояды және ЖИ-дің жауабына жауап ретінде тағы бір сұрақ береді (диалог жалғасуы керек)

Бағалау: байланыстырып сөйлеу, интонация.

Осылайша, қазақ тілін оқытуда ЖИ платформаларын қолдану білім алушылардың айтылым-тыңдалым дағдыларын, лингвистикалық құзыреттілігін жақсартып, дербестендірілген оқу процесін қамтамасыз етеді.

Қазақ тілінде сөйлеу дағдыларын дамытуға арналған ЖИ жүйелерін қолданудың артықшылықтары:

- Тілдік орта жасалады.
- Интерактивті, қызықты.
- Қателермен жұмыс істеуге мүмкіндік берілген.

ЖИ платформаларын қолдануда этикалық және қауіпсіздік ережелері:

- Жеке дауыс жазбаларын жарияламау;
- Білім алушының келісімінсіз ChatBot қолданбау;
- ЖИ құралдарын қолдануда психологиялық қолдау көрсету;
- ЖИ-көмекші құрал, шешімді адам қабылдайды.

Қазақ тілі мен әдебиеті сабағын оқыту барысында жасанды интеллектіні енгізу білім алушылардың тілдік дағдыларын дамытуға септігін тигізеді. ЖИ арқылы педагогтер білім алушылардың тапсырманы дұрыс орындағанын қадағалап, бағыт-бағдар беріп отырады. Мәтіндерді талдауда ЖИ оқу процесін жеңілдетуге мүмкіндік береді. ЖИ платформаларын қолдану бойынша ұсынымдар:

Қазақ тілін оқытудағы жаңашыл әдістерге тоқтала отырып, қазақ тілі мен әдебиеті сабақтарында педагогтерге жасанды интеллектінің тиімді әдіс-тәсілдері, платформалары ұсынылды. Жасанды интеллектіні сабақтарға енгізу, білім алушылардың тілдік дағдыларын дамытуға қосымша көмек көрсетеді.

Педагогке қажетті құзыреттілік: цифрлық сауаттылық, жасанды интеллект этикасы, платформа интеграциясы.

Жасанды интеллект әр білім алушының тілдік деңгейін бағалайды, жеке тапсырмалар ұсынады. Егер де білім алушы қателік жіберсе, оны анықтап, олардың деңгейіне сәйкес тапсырмалар дайындайды.

ЖИ құралдарын жүйелі қолдану-сөйлеу машығын дамытуда маңызды. Әсіресе, қазақ тілінде дыбыстау, тыңдау, сөйлесу дағдыларын қалыптастыруда *Replika*, *ChatGPT Voice*, *KazNLP* секілді платформалардың рөлі жоғары.

ЖИ білім беру жүйесіне еніп, білім сапасын жаңа деңгейге көтеруге мүмкіндік беріп отыр. Сонымен қатар жасанды интеллект білім алушыларға мотивация береді. Кемшіліктерді түзете отырып, білім алушының өзін-өзі

бағалауына мүмкіндік береді және олардың оқуға деген қызығушылықтарын арттырады.

Жүргізілген жұмыстың нәтижесі бойынша жасанды интеллектінің қазақ тілі мен әдебиеті сабағында тиімділігі байқалды. Оқылым/тыңдалым материалдары бойынша білім алушылар берілген мәтіндерді тереңірек түсініп, олардың ойлау қабілеттері мен сыни көзқарастарының артқанын көруге болады. ЖИ платформалары арқылы тыңдалым мен айтылым дағдыларын дамытуға арналған тапсырмалар мен практикалық кезеңге арналған тапсырмалар беріледі. Барлық тапсырмалар білім алушылардың деңгейіне бейімделіп жасалады.

Білім алушылардың сөйлеудағдыларын дамыту мақсатында ЖИ жүйелері арқылы білім алушылар дұрыс айтылым мен дикцияны меңгереді, айтылым және тыңдалым дағдыларын дамытуға арналған тапсырмаларды орындайды.

Айтылым мен тыңдалым дағдысы арқылы тілдік жаттығуларды орындай отырып, грамматикалық дағдылары жақсарады, тілдік қателіктерін түзетеді. Жасанды интеллектіні қолдана отырып, білім алушылар өздерін бағалайды және білім деңгейлері артады.

Аталған әдістемелік нұсқаулық қазақ тілінде сөйлеу дағдыларын (айтылым және тыңдалым) дамытуда ЖИ құралдарын мақсатты қолдану жолдарын, тапсырмалар үлгілерін және бағалау критерийлерін ұсынады.

Қазақ тілі мен әдебиеті сабақтарында жасанды интеллекті қолдану білім беру процесін жаңаша түрде ұйымдастыруға мүмкіндік береді. Тілдік жаттығулар мен тапсырмаларды орындата отырып, білім алушылардың білімін тереңдетуге және шығармашылық қабілеттерін дамытуға қол жеткіземіз. Әдістемелік нұсқаулықта берілген ЖИ платформаларын оқу процесінде тиімді пайдалану арқылы мәтіннің күрделі аспектілерін түсініп, білім алушылардың айтылым мен тыңдалым дағдысын, аудио және сөйлеу машықтарын, шығармашылық ойлауын дамытуға ықпал етеміз.

Жаһандану және білім беру жүйелерінің интеграциясы білім беру сапасын арттыруға ғана емес, білім алушылардың барлығына заманауи технологиялар қол жетімді болуына мүмкіндік береді.

Оқылым дағдысы

Жасанды интеллект – қазіргі заманда білім беру саласының маңызды құрамдас бөлігіне айналды. Бұл технологиялар адам миының қызметін имитациялай отырып, шешім қабылдау, ақпаратты өңдеу, тапсырмаларды орындау секілді қызметті атқарады.

Жасанды интеллектінің білім беру саласына енуі – оқу үдерісін жетілдіріп, білім алушылардың білім сапасын арттыруда. Сондай-ақ оқыту әдістерін жаңғырту үшін үлкен мүмкіндіктер ашып отыр.

Қазақ тілі мен әдебиеті пәнінде білім алушылардың оқылым дағдыларын дамыту – маңызды міндеттерінің бірі. Оқылым мәтіндермен жұмыс жасай отырып, олардың мағынасын түсіну, қорытынды шығару, мәтіндерге сыни көзқараспен қарау дағдыларын қалыптастыруды қамтиды.

Қазіргі заманғы технологиялар мен жасанды интеллект білім алушылардың оқылым дағдыларын дамытуға жаңа мүмкіндіктер ашты. Мысалы, жасанды интеллект құралдары білім алушыларға оқылым тапсырмаларын орындауда нақты көмек көрсету үшін арнайы жүйелер мен платформаларды ұсынады. ЖИ негізінде жұмыс істейтін тілдік модельдер, автоматтандырылған оқу құралдары мен интерактивті платформалар білім алушылардың оқылым дағдыларын дамыту үшін өте тиімді құралдар. ЖИ арқылы мәтіндерді автоматты түрде талдау, сұрақ-жауап жүйелерімен жұмыс жасау, тапсырмаларды орындау білім алушылардың оқу үдерісін жеңілдетіп, олардың қызығушылығын арттырады.

Осылайша, қазақ тілі мен әдебиеті сабақтарында білім алушылардың оқылым дағдыларын дамыту – тек тіл үйрету процесі емес, сонымен қатар оларды сыни ойлау, шығармашылық және тілдік мәдениетке тәрбиелеу үшін қажет.

ЖИ білім алушылардың оқылым дағдыларын дамытудағы артықшылықтары:

1. Мәтіндерді автоматты түрде талдау. ЖИ басты артықшылықтарының бірі ол мәтіндерді автоматты түрде талдай алады. ЖИ құралдары білім алушылардың мәтіндерді түсіну қабілетін бағалауда және талдауда үлкен көмек көрсетеді. Мысалы, ЖИ негізінде жұмыс істейтін тілдік модельдер білім алушылардың мәтіннің мазмұнын қаншалықты дұрыс түсінгенін тексере алады. Бұл үшін тесттер мен автоматтандырылған тесттер мен сұрақ-жауап жүйелері қолданылады. Білім алушылардың мәтінді қаншалықты дұрыс меңгергенін бағалау мен кері байланыс беру қызметі жеңілдейді.

2. Интерактивті оқыту. ЖИ оқыту үдерісін интерактивті түрде жасауға мүмкіндік береді. ЖИ құралдары білім алушыларды мәтіндермен жұмыс істеуде белсенділікке, шапшаңдыққа үйретеді. Мысалы, ChatGPT немесе басқа да ЖИ модельдері арқылы білім алушыларға мәтіндермен жұмыс істегенде әрүрлі тапсырмалар беріледі:

- Мәтіннің мағынасын түсіну;
- Мәтінді талдау;
- Сұрақтарға жауап беру;
- Мәтін бойынша пікірталас жүргізу т.б.

Білім алушы өз қабілеттерін тексере отырып, мәтіннің терең мағынасын ашуға тырысады. Бұл тәсіл білім алушыларды сыни тұрғыдан ойлануға үйретеді.

3. Даралап оқыту. ЖИ әр білім алушының деңгейіне сәйкес тапсырмаларды ұсына алады. Бұл – білім алушылардың жеке қажеттеліктерін ескеріп, оларды оқыту әдісін тиімді пайдалануға мүмкіндік беретін маңызды қызмет. Мысалы, ЖИ құралдары білім алушылардың оқу деңгейін анықтап, сол деңгейге сәйкес жаттығулар мен мәтіндер ұсынады. Егер білім алушы мәтінді түсінбесе, ЖИ оларға қосымша ресурстар, түсініктемелер немесе жеңілдетілген тапсырмалар ұсына алады. Әрбір білім алушы өз мүмкіндіктеріне сәйкес білім алады.

4. Мәтіндердің күрделі түрі мен әртүрлі жанры. ЖИ арқылы білім алушылар әртүрлі мәтіндермен жұмыс істей алады. Бұл олардың сөздік қорын

байытып, оқылым дағдыларын арттырады. Әртүрлі жанрдағы әдебиетті оқи алады. Мысалы, ғылыми мақалалар, көркем шығармалар, жаңалықтар, әлеуметтік желідегі пікірлер т.б. Әртүрлі стильде жазылған мәтіндер білім алушылардың жан-жақты дамуына ықпал етеді, кітап оқуға деген қызығушылығын арттырады.

5. Мәтіннің мағыналық құрылымын түсіну. ЖИ білім алушыларға мәтіннің мағыналық құрылымын түсінуге көмектеседі. ЖИ модельдері мәтіннің негізгі идеяларын, фабуласын, композициялық құрылымын автоматты түрде анықтау мүмкіндігіне ие. Білім алушылар мәтіннің әр бөлігін анықтап, талдау жасайды, мағынаны толық түсінуге көмектеседі. Когнитивті ойлау дағдылары дамиды. ЖИ технологияларын қолдануда педагогтің рөлі білім алушыға қажетті құралдарды ұсыну, тапсырмаларды дұрыс беру, нәтижелерін бағалау болып табылады.

Қазақ тілі мен әдебиеті сабағында ЖИ технологияларын қолдану білім алушылардың оқу дағдыларын дамытуда үлкен мүмкіндіктер ашып отыр. Енді осы ЖИ платформаларына тоқталсақ.

Қазақ тілі мен әдебиеті сабағында білім алушылардың оқылым дағдыларын дамыту үшін Google BERT платформасын тиімді қолдану жайлы ой өрбітсек.

Google BERT (Bidirectional Encoder Representations from Transformers) – бұл табиғи тілдермен жұмыс істеу үшін жасалған терең нейрондық желі моделінің бірі. Google BERT мәтіндерді талдау, сұрақ-жауап жүйелерін құру, ақпаратты іздеу және түсіндіру секілді тапсырмаларды орындауда жоғары тиімділік көрсетеді. BERT – мәтінді екі жақты бағытта түсінетін модель. Сөздер арасындағы байланыстарды емес, сонымен бірге сөздердің мәнмәтінін де ескереді. Бұл оны мәтіндерді терең талдау мен түсінуді жеңілдетеді.

BERT модельдері білім алушыларға сұрақ қою, сол сұрақтарға жауап алу үшін қолданылады. Мәтіндер мен әдеби шығармалардың мағынасын терең талдауы отырып, шығармашылық қабілеттерін дамытуға мүмкін ашады. Мысалы, кез келген мәтінді оқып, BERT арқылы «Автордың негізгі ойы қандай?» немесе «Мәтінде көтерілген басты мәселе не?» деген сұрақтар қойып, автоматты түрде жауап алу ұсынылады.

Google BERT арқылы білім алушылардың оқу нәтижелері мен жетістіктерін бақылау үшін автоматтандырылған тестер мен тапсырмалар ұсынылады.

Gemini – бұл Google компаниясы әзірлеген жаңа буын ЖИ платформасы. Ол мәтіндермен жұмыс істеу және әртүрлі тапсырмаларды орындау үшін көп функционалды мүмкіндіктер ұсынады. Gemini-дің ерекшелігі әртүрлі тапсырмаларды орындауға, ақпаратты өңдеуге, білім алушылардың оқу дағдыларын дамытуға мүмкіндік береді. Ол жасанды интеллект негізінде жұмыс істейді. Білім алушыларға мәтіндермен жұмыс істеуде толыққанды қолдау көрсету үшін арнайы құралдар мен ресурстар ұсынады.


Gemini платформасының артықшылықтары:

- Мәтіндерді терең талдау. Gemini оқырманға мәтіндердің мағынасын терең түсініп, когнитивті тұрғыда талдауға мүмкіндік береді.

- Тілдік модельдермен жұмыс. Gemini платформасы тілдік модельдермен интеграцияланып, мәтіндерді талдау, түсіндіру, қайтадан жазу, сұрақтарға жауап беру сияқты тапсырмаларды орындауға мүмкіндік береді.

Gemini арқылы білім алушыларға сұрақтар қойылып, мәтіндерді қаншалықты түсінгенін бағалау үшін сұрақ-жауап жүйесі құрылады. Gemini жүйесі білім алушылардың жауаптарын тексеріп, қате немесе дұрыс екенін көрсетеді. Бұл әдіс білім алушыларға өзіндік бағалау жүргізуге және оларға нақты кері байланыс беруге мүмкіндік береді.

Әңгіме немесе өлеңді оқып, кейін осы мәтінге қатысты сұрақтарға жауап беру арқылы білім алушылар мәтіннің мағынасын нақты әрі толық түсінгенін білуімізге болады.



28-сурет – «Менің атым Қожа» әңгімесіне Gemini әзірлеген тапсырмалар

Мысалы, «Менің атым Қожа» әңгімесі бойынша деңгейлік тапсырмалар дайындап беріңіз деген промт жүктегенімізде, Gemini I, II, III деңгейге бөліп жазып берді. Білім алушылардың берген жауаптарының дұрыс немесе дұрыс еместігін осы ЖИ көмегімен тексере аламыз (28-сурет).

- Білім алушылар мәтіннің немесе өлеңнің жазылу стилін өзгерту стилін тапсырмасын орындап, мәтіннің негізгі ойын сақтай отырып, жаңа стильде жазуға тырысады.

- Білім алушыларға белгілі бір тақырып бойынша эссе немесе өлең жазу тапсырмасы беріледі, тақырыпқа сәйкес Gemini ЖИ шығармашылық тұрғыда көмектесіп, идеялар ұсынуы мүмкін.

Бұл әдіс білім алушылардың шығармашылық қабілеттерін дамытуға және әртүрлі жанрларда шығарма, эссе жазу дағдыларын жетілдіруге көмектеседі.

Gemini ЖИ арқылы білім алушылар мәтіннің стилистикалық ерекшеліктерін талдай алады. Таңдалған стильді анықтап, жазу шеберлігіне баға береді. Әдеби әдістерді (метафора, эпитет, гипербола т.б.) талдап, оларды шығармашылық жұмыстарда қолдана алады.

Kazakh NLP (Natural Language Processing) қазақ тіліндегі мәтіндерді өңдеуге арналған жасанды интеллект технологияларын қолдану платформасы қазақ тіліндегі мәтіндерді талдау, түсіндіру және бағалау жұмыстарын тиімді атқаруға мүмкіндік береді. Қазақ тілі мен әдебиеті сабақтарында Kazakh NLP платформасын оқылым дағдыларын дамыту үшін пайдаланудың бірнеше жолдарын қарастырайық. Kazakh NLP платформасы мәтіндердің құрылымын автоматты түрде талдай алады, бұл білім алушыларға мәтіннің негізгі бөлімдерін, тақырыбын және тұжырымдарын түсінуге көмектеседі:

- Мәтіннің негізгі идеясын анықтау: Kazakh NLP білім алушыларға мәтіннен негізгі ойды немесе тақырыпты табуға мүмкіндік беретін тапсырмалар жасайды.

- Мәтін құрылымын талдау: Мәтінді бөліп, оның әр бөлігін түсіндіру тапсырмалары беріледі. Білім алушылар мәтіннің мазмұны мен құрылымын талдап, оның логикасын түсіну үшін платформаны пайдалана алады.

- Семантикалық талдау арқылы түсіну. Kazakh NLP платформасы арқылы мәтіннің семантикасын (мағынасын) талдай отырып, білім алушылар мәтіннің терең мазмұнын жақсы түсіне алады. Бұл оқылымды тереңірек меңгеруге көмектеседі:

- Кейіпкерлерді талдау: Әдеби мәтіндерде кейіпкерлердің мінез-құлқы мен әрекеттерін талқылауға бағытталған тапсырмалар. Kazakh NLP арқылы мәтіндегі кейіпкердің сипаттамасын анықтау немесе кейіпкердің іс-әрекеттерін талдау жүргізеді.

- Мәтіндегі астарлы мағынаны ашу: Мәтіндегі жасырын мағыналарды анықтау және мәтіндегі сөздермен сөз тіркестерінің терең мағынасын түсіну үшін Kazakh NLP платформасы көмектеседі.

- Грамматикалық тапсырмалар мен түзетулер. Kazakh NLP платформасы грамматикалық қателерді автоматты түрде анықтап, түзетуге мүмкіндік береді.

- Грамматикалық қателерді түзету. Білім алушылар мәтіндерде грамматикалық қателерді іздеп, оларды түзету үшін Kazakh NLP платформасын пайдалана алады.

- Сөйлем құрылымын талдау. Білім алушылардың сөйлемдерде грамматикалық құрылымды дұрыс пайдалану үшін Kazakh NLP-де сөйлемдер мен сөйлем құрылымын көрсетіп, мысалдар келтіреді.

- Сөздік қорды дамыту. Kazakh NLP білім алушылардың сөздік қорын арттыру үшін жаңа сөздермен жұмыс істеуге көмектеседі.

- Жаңа сөздер мен сөз тіркестерін мәтіндер арқылы таныстыру. Kazakh NLP платформасы білім алушыларға жаңа сөздермен, фразалармен жұмыс істеуге және оларды мәнмәтінде қолдануға мүмкіндік береді. Білім алушыларға мәтіндердегі синонимдер мен антонимдерді табуға тапсырмалар беріледі. Kazakh NLP көмегімен сөздердің мағыналарын кеңейтуге болады.

- Мәтіндерді жеңілдету. Kazakh NLP арқылы күрделі мәтіндерді жеңілдету тапсырмаларын беру. Мәтіндердің қиын бөліктерін жеңілдетіп, түсінуге оңай әрі қарапайым түрде ұсына алады. Бұл мәтінді толығымен түсінуге көмектеседі.

- Интерактивті сұрақ-жауап жүйесі. Kazakh NLP мәтіндерге қатысты сұрақтар мен жауаптарды автоматты түрде құрастырады. Kazakh NLP деңгейлік сұрақтарды беріп, білім алушыларға өз білімдерін тексеруге мүмкіндік береді. Білім алушылардың жауаптарын талдау арқылы, қате жауаптарды көрсетіп, дұрыс шешімдерді ұсынады.

Мәтіндермен жұмыс істеу үшін ойындар мен жаттығулар. Kazakh NLP платформасымен білім алушылардың оқылым дағдыларын дамыту үшін ойындар мен интерактивті жаттығулар ұйымдастыруға болады.

Викториналар. Мәтіндер негізінде викториналар мен тесттер өткізу.

Жаттығулар. Мәтін бойынша жаттығу жұмыстарын орындау арқылы оқу қабілеттерін жетілдіреді. Білім алушының білім деңгейі анықталып, қажетті түзетулер мен ұсыныстар беріледі.

Прогресс диаграммалары. Білім алушылардың оқылым дағдыларын бақылайтын және олардың жетістіктерін көрсететін диаграммалар жасау.

Kazakh NLP платформасы қазақ тілі мен әдебиеті сабағында білім алушылардың оқылым дағдыларын дамытуға арналған қуатты құрал бола алады. Ол білім алушыларға мәтіндерді терең түсінуге, грамматикалық қателерді түзетуге, сөздік қорды арттыруға, когнитивті ойлауды дамытуға көмектеседі.

Қазіргі білім беру жүйесінде жасанды интеллект және цифрлық технологиялар білім алушылардың тілдік дағдыларын дамытуда маңызды рөл атқарып келеді. **Sozdik.ai** – қазақ тіліндегі сөздік қорын байыту, мәтіндерді түсіну және тілдік құрылымдарды меңгеру үшін тиімді құралдардың бірі. Бұл платформа тек сөздердің мағынасын түсіндіріп қана қоймай, мәтіндермен жұмыс істеу барысында білім алушылардың оқылым дағдыларын дамытуға мүмкіндік береді. Sozdik.ai платформасын қазақ тілі мен әдебиеті сабақтарында тиімді пайдалану арқылы білім алушылардың оқылым дағдыларын дамытуға, мәтіндерді терең түсінуге және талдауға мүмкіндік беріледі.

Sozdik.ai – бұл қазақ тіліндегі сөздерді, тіркестерді және мәтіндерді оңай әрі жылдам түсінуге арналған платформа. Оның басты ерекшеліктері:

- сөздердің мағынасын анықтау: Sozdik.ai платформасы қазақ тіліндегі сөздерді, олардың мағынасын, синонимдері мен антонимдерін көрсету арқылы білім алушылардың сөздік қорын байытады.

- түсіндірме мен анықтамалар: Білім алушыларға кез келген сөздің анықтамасын, грамматикалық ережелерін, қолданылу аясы мен мәнмәтіні бойынша түсіндірмелерді ұсынады.

- жаңа сөздерді игеру: Платформа білім алушыларға жаңа сөздерді үйрену үшін әртүрлі тапсырмалар мен жаттығулар ұсынады.

- сөздік іздеу: Мәтіндермен жұмыс істегенде білім алушылар сөздерді жылдам табуға және түсінуге мүмкіндік алады.

Sozdik.ai платформасының артықшылықтары:

- интерактивтілік: Білім алушылар сөздермен және тіркестермен интерактивті түрде жұмыс істейді.

- мәтіндерді тез талдау: Мәтіндердегі белгісіз сөздер мен қанатты сөздердің мән-мағынасын анықтау арқылы оқу үдерісін жылдамдатады.

- қазақ тілін терең түсіну: Платформа білім алушыларға қазақ тілінің құрылымын түсініп, мәтіндермен жұмыс істеу дағдыларын дамытуға көмектеседі.

- сөздік қорын байыту: Білім алушылардың сөздік қорын кеңейтіп, мәтіндерді толық түсінуге мүмкіндік береді.

Sozdik.ai платформасы арқылы білім алушылардың сөздік қорын байыту мақсатында бірнеше тапсырма орындауға болады:

- жаңа сөздерді меңгеру: Білім алушыларға жаңа сөздер мен тіркестер беріледі, олар осы сөздер мен өз сөйлемдерін құрып, оларды мәнмәтінде қолдануды үйренеді.

- синонимдер мен антонимдер: Білім алушылар мәтіндерден синонимдер мен антонимдерді табады және оларды дұрыс қолдану үшін жаттығулар жасайды.

- сөздің мағынасын түсіну: Білім алушыларға белгілі бір сөздің мағынасын түсіндіру тапсырмалары беріледі, онда Sozdik.ai көмегімен сөздің мағынасы мен оның мәнмәтінде қолданылуы түсіндіріледі.

Sozdik.ai платформасы арқылы қазақ тілінің грамматикалық құрылымдарын түсіндірудегі маңыздылығы:

- грамматикалық ережелерді түсіну. Білім алушыларға белгілі бір сөздің грамматикалық ерекшеліктерін анықтау тапсырмасы беріледі. Мысалы, сөздердің түбірі, қосымшалары, сөз түрленуін түсіну.

- сөздің құрамына қарай талдауы. Білім алушылар сөздерді морфологиялық тұрғыдан талдай отырып, олардың әртүрлі формаларын, түрлену заңдылықтарын зерттейді.

- сөйлем құрылымдарын үйрену. Сөздердің дұрыс орналасуын, сөйлемнің құрылымын қалыптастыруды үйренеді. Бұл олардың жазу дағдыларын жетілдіруге ықпал етеді.\

Білім алушылардың оқылым нәтижелерін бағалау. Sozdik.ai платформасы арқылы білім алушылардың оқылым дағдыларын бағалау үшін:

- тесттер мен жаттығулар: Білім алушылардың мәтіндерді түсіну деңгейін тексеру үшін автоматты түрде тесттер мен жаттығулар ұсынылады.

- кері байланыс беру: Sozdik.ai платформасы білім алушылардың жауаптарын тексереді және олардың мәтінді қаншалықты дұрыс түсінгені туралы кері байланыс береді.

QazNLP Tools Rewordify – бұл қазақ тілінде мәтіндердің мазмұнын жеңілдететін және қайта жазатын платформа. Ол мәтіннің күрделі бөліктерін қарапайым тілмен түсіндіруді қамтамасыз етеді, бұл білім алушыларға сөздер мен сөйлемдер арасындағы мағыналық байланысты түсінуге көмектеседі. Rewordify платформасы қазақ тілі мен әдебиеті сабағында білім алушылардың оқылым дағдыларын дамытуда пайдалы құрал бола алады, себебі ол мәтіндерді жеңілдетіп, білім алушылардың әдеби шығармаларды терең түсінуіне көмектеседі.

QazNLP Tools Rewordify платформасы мәтіндер мен жұмыс істеуді жеңілдетіп, олардың мазмұнын білім алушыларға жеңіл әрі түсінікті етіп жеткізуге мүмкіндік береді. Бұл платформа білім алушыларға сөздердің, сөйлемдердің мағынасын анықтау және оларды жеңілдету үшін пайдалы болып табылады.

Rewordify платформасының ерекшеліктері:

- мәтінді жеңілдету: Платформа мәтінді терең түсінуге қиындық туғызатын сөздер мен құрылымдарды жеңілдетіп, қарапайым тілмен қайта жазуға мүмкіндік береді.

- сөздік қорды байыту: Білім алушылар қиын сөздермен жұмыс істеп, олардың мағынасын толық түсініп, жаңа сөздер мен сөз тіркестерін үйренеді.

- мәнмәтінді түсіну: Мәтіннің мағынасы өзгермейді, тек күрделі сөздер мен сөйлемдер жеңілдетіледі, бұл білім алушыларға мәнмәтінді дұрыс түсінуге мүмкіндік береді.

- интерактивті құралдар: білім алушылардың мәтінді түсіну деңгейін тексеріп, кері байланыс алу үшін қолданылатын тиімді әдіс. Мысалы:

- мәтіннің қысқаша мазмұны: білім алушыларға мәтіннің қиын бөліктері беріледі, олар Rewordify арқылы жеңілдетіледі, содан кейін білім алушылар осы мәтіндер туралы сұрақтарға жауап береді.

- мәтіндердің негізгі идеясын анықтау: білім алушылар Rewordify платформасы арқылы жеңілдетілген мәтіндерді оқып, оның негізгі ойы мен идеяларын анықтайды.

Rewordify платформасы мәтінді тереңірек түсіну үшін пайдалы:

- мәтіннің тақырыбы мен негізгі ойын анықтау: білім алушылар мәтіннің негізгі ойын түсіну үшін Rewordify арқылы оны жеңілдетіп оқиды, сосын оның мазмұнын түсініп, талдау жасайды.

- қиын сұрақтарға жауап беру: мәтіндер оқып, Rewordify платформасы арқылы білім алушыларға сұрақтар қойылып, олардың мәтінді қалай түсінгені тексеріледі.

- мәтіндерді талдау: мәтіндерде қолданылған әдеби көркемдегіш құралдарды талдауға білім алушыларды ынталандырады.

Білім алушылардың шығармашылық қабілеттерін дамыту үшін Rewordify платформасын қолдануға болады. Шығармашылық жұмыс жазу барысында Білім алушылар белгілі бір тақырып бойынша шығармашылық жазба жұмысын жасап, Rewordify платформасы арқылы жұмыстарын жеңілдетіп, тексере алады. Мәтінді өңдеу. Білім алушыларға күрделі мәтіндер беріледі, олар сол мәтіндерді

Rewordify арқылы жеңілдетіп, өңдеп жазады. Бұл олардың шығармашылық қабілеттерін арттырып, тілдік дағдыларын дамытады.

Read Along – бұл Google компаниясының ұсынған, балалар мен білім алушыларға арналған оқуды жақсартатын, білім алушылардың оқылым дағдыларын дамытуға көмектесетін интерактивті платформа. Платформа білім алушыларға мәтіндермен жұмыс істеуге, сөздерді дұрыс айтуға, оқуды түсінуге және өз бетінше оқу дағдыларын дамытуға мүмкіндік береді. Read Along платформасы дыбыстық және визуалдық элементтерді пайдалану арқылы оқу үдерісін қызықты әрі нәтижелі етеді.

Read Along платформасы білім алушылардың оқылым дағдыларын дамыту үшін арнайы жасалған құрал болып табылады. Оның басты ерекшеліктері:

- Интерактивті оқыту: Білім алушыларға мәтіндерді оқып, дұрыс айту және оқу түсінігін тексеру үшін платформаны қолдануға мүмкіндік береді.

- Дыбыстық және визуалдық көмек: Платформа білім алушыларға сөздердің дұрыс айтылуын тыңдап, дұрыс оқу үшін мәтіннің түпнұсқасын көріп, естігендерін қайталауға мүмкіндік береді.

- Дұрыс оқу мен дұрыс айтуды тексеру: Платформа білім алушылардың оқу дағдыларын бақылап, оларды түзетеді.

- Жеке кері байланыс: Әр білім алушының оқу деңгейіне қарай жеке кері байланыс беріледі, бұл олардың даму жолдарын көрсетуге көмектеседі.

Read Along платформасының артықшылықтары:

- Қызығушылықты арттырады: Білім алушылар оқу үдерісіне белсенді қатыса отырып, өз бетімен оқу дағдыларын дамытады.

- Оқу дағдыларын жақсартады: Дұрыс оқу, түсіну және сөздерді дұрыс айту арқылы білім алушылар өздерінің тілдік дағдыларын жетілдіреді.

- Жеке даму: Платформа білім алушылардың жеке деңгейіне қарай оқу тапсырмаларын ұсынады, бұл олардың оқуға деген уәжін арттырады.

Read Along платформасы білім алушыларға сөздерді дұрыс айтуға көмектеседі. Сөздерді дұрыс айту. Білім алушылар платформаның дыбыстық көмекшісінің көмегімен сөздерді дұрыс айтып үйренеді. Платформа білім алушылардың дауыстарын тыңдап, олардың айтылуын дұрыстап, кері байланыс береді.

Қазақ тіліне тән дыбыстарды дұрыс айту. Білім алушылар қазақ тілінің ерекшеліктеріне сай дыбыстарды дұрыс айтуға дағдыланады. Бұл, әсіресе, қазақ тілінің фонетикалық ерекшеліктерін үйретуде маңызды.

Қайталау арқылы оқу. Білім алушылар мәтінді қайталап оқып, платформаның көмегімен дұрыс айтылмаған сөздерді түзетеді. Бұл олардың тілдік дағдыларын дамытуға мүмкіндік береді.

Read Along платформасы арқылы білім алушылар түрлі оқу тапсырмаларын орындайды.

Мәтіндерді түсінуге арналған сұрақтар. Білім алушылар мәтіндерді оқып, олар бойынша сұрақтарға жауап береді. Бұл олардың мәтінді қаншалықты дұрыс түсінгенін бағалауға мүмкіндік береді.

Мазмұнды баяндау. Білім алушылар мәтіндердің мазмұнын қысқаша айтып, негізгі ойды анықтайды. Платформа мәтіннің мазмұнын түсінуге көмектесетін түрлі тапсырмалар ұсынады.

Қосымша жаттығулар. Білім алушылар мәтіндермен жұмыс істеу барысында қосымша тапсырмалар орындап, жаңа сөздер мен тіркестерді үйренеді.

Read Along платформасы арқылы білім алушылардың оқу дағдыларын бағалауға болады.

Білім алушының дауысы бойынша бағалау. Платформа білім алушылардың оқуы мен дұрыс айтуын тыңдап, олардың оқу сапасын бағалайды. Платформа білім алушылардың дауыстарын дұрыс қабылдап, оларға кері байланыс береді.

Тесттер мен жаттығулар. Платформа білім алушыларға оқу деңгейін тексеру үшін автоматты түрде тесттер мен жаттығулар ұсынады. Бұл олардың оқу дағдыларын жақсартуға көмектеседі.

Кері байланыс және кеңестер. Білім алушыларға олардың оқу дағдылары туралы кері байланыс беріледі, олар қай сөздерді дұрыстап айту керек және қай мәселелер бойынша жұмыс жасау қажет екенін біледі.

Read Along платформасы шығармашылық тұрғыдан жұмыс істеу үшін де пайдалы:

- мәтіндерді оқу: білім алушыларға мәтіндер ұсынылып, оларды Read Along арқылы оқиды. Платформа мәтіндермен жұмыс істегенде көмектесіп, білім алушылардың оны терең түсінуіне ықпал етеді.

- мәтіндерді талдау: білім алушыларға мәтіндердің негізгі тақырыбы мен идеяларын анықтау тапсырмалары беріледі. Платформа мәтіннің мағынасын түсінуге көмектеседі және оларға шығармашылық тапсырмалар орындауды ұсынады.

Read Along платформасы қазақ тілі мен әдебиеті сабағында білім алушылардың оқылым дағдыларын дамыту үшін өте тиімді құрал болып табылады. Бұл платформа білім алушыларға мәтіндерді түсініп, дұрыс оқуға және сөздерді дұрыс айтуға көмек көрсетеді. Білім алушылардың тілдік дағдыларын жақсарту үшін платформаны тиімді пайдалану арқылы оқу үдерісін қызықты әрі нәтижелі етуге болады.

QUIZGECKO – бұл оқу үдерісін жетілдіру үшін қолданылатын интерактивті платформа, білім алушылардың білімін тексеруге және дамытуға бағытталған әртүрлі оқу құралдарын ұсынады. Платформа, негізінен, викториналар мен тестілер жасауға арналған, бірақ оның артықшылығы – оны білім алушылардың оқылым дағдыларын дамытуға бейімдеуге болады. QUIZGECKO арқылы қазақ тілі мен әдебиеті сабағында білім алушылардың мәтіндерді түсіну және талдау дағдыларын жақсартуға болады.

QUIZGECKO платформасы білім алушылардың оқылым дағдыларын дамыту үшін өте тиімді құрал болып табылады. Оның басты ерекшеліктері:

- Интерактивтілік. Платформа білім алушыларға қызықты әрі интерактивті тапсырмалар арқылы оқуды жеңілдетеді.

- Өртүрлі тапсырмалар түрлері. Викториналар, тестілер және жадыға арналған жаттығулар сияқты түрлі форматтар ұсынылады.

- Білім алушыларға кері байланыс беру. Платформа білім алушыларға олардың жауаптары мен білімін талдай отырып, нақты кері байланыс ұсынады.

- Жеке жұмыс. Білім алушылар өз бетінше тапсырмаларды орындай отырып, оқу деңгейін анықтай алады және жеке жетістіктерін қадағалайды.

QUIZGESKO платформасының артықшылықтары:

- Қызығушылықты арттыру. Білім алушылардың оқу процесіне деген қызығушылығын арттырып, олардың оқу үдерісіне белсенді қатысуына ықпал етеді.

- Жеке жұмыс. Білім алушылардың оқу деңгейіне сәйкес тапсырмалар ұсына отырып, олардың жеке қажеттіліктеріне жауап береді.

- Тез кері байланыс. Білім алушылар тапсырмаларды орындағаннан кейін, олар тез арада кері байланыс алады, бұл оқу дағдыларын жетілдіруге ықпал етеді.

- Оқу процесінің тиімділігі. Викториналар мен тестілер арқылы білім алушылардың білім деңгейін бақылау және оны дамыту процесін жеңілдетуге болады.

QUIZGESKO платформасын мәтіндермен жұмыс істеу барысында қолдану арқылы білім алушылардың мәтіндерді түсіну деңгейін арттыруға болады:

- Мәтін бойынша сұрақтар. Білім алушыларға оқыған мәтіндері бойынша сұрақтар беріледі. Мысалы, мәтінді оқыған соң, QUIZGESKO платформасында автоматты түрде сұрақтар мен тапсырмалар құрылады. Білім алушылар осы сұрақтарға жауап бере отырып, мәтіннің негізгі ойы мен мазмұнын түсінеді.

- Мазмұнды баяндау. Білім алушыларға мәтіннің мазмұнын қысқаша баяндап, оның негізгі идеяларын анықтау тапсырмасы беріледі. Бұл олардың мәтінді толық түсініп, оны дәл жеткізу дағдыларын дамытуға көмектеседі.

- Терминдермен жұмыс. Мәтіндерде қолданылатын қиын сөздер мен терминдер бойынша тапсырмалар орындатылады. Білім алушылар QUIZGESKO платформасы арқылы осы сөздерді түсініп, қолдану дағдыларын дамытады.

Білім алушыларға сыни ойлау дағдыларын дамыту үшін QUIZGESKO платформасын қолдану тиімді.

Мәтіндерді талдау. Білім алушылар мәтінді оқып, оның тақырыбы, идеясы, кейіпкерлерінің іс-әрекеттері мен мотивацияларын талдайды. Платформа білім алушылардың әрбір жауаптарына кері байланыс беріп, олардың дұрыс немесе қате түсінгенін көрсетеді.

Стильдерді талдау. Білім алушылар мәтіннің стильдік ерекшеліктері мен әдеби құралдарын анықтауға тырысады. Платформа осы әдістерді түсінуге және олардың мәтінді түсінудегі маңызын бағалауға көмектеседі.

Күрделі сұрақтар. Білім алушыларға мәтіннің мағынасын терең ашатын сұрақтар қойылып, олардың сыни тұрғыдан ойлау қабілеттері дамиды. QUIZGESKO тапсырмалары арқылы білім алушылар мәтінді тереңірек зерттейді.

QUIZGESKO платформасы білім алушылардың сөздік қорын байыту үшін пайдалы:

- **Синонимдер мен антонимдер:** Білім алушыларға белгілі бір сөздердің синонимдері мен антонимдерін табу тапсырмасы беріледі. Бұл тапсырмалар білім алушылардың сөздік қорын кеңейтіп, олардың тілдік дағдыларын жетілдіреді.

- **Жаңа сөздерді үйрену:** мәтіндерде кездесетін жаңа сөздерді үйрену үшін арнайы тапсырмалар мен викториналар ұйымдастырылады. Білім алушылар платформаның көмегімен осы сөздерді тиімді меңгереді.

- **Сөйлеу дағдысын тексеру:** Білім алушылар сөздерді дұрыс айту үшін арнайы тапсырмалар орындайды. Білім алушылар әртүрлі мәтіндерді оқиды, жұмыс істеу кезінде дауыс ырғағын тексереді.

- **Оқу жылдамдығын арттыру.** QUIZGESKO платформасы оқу жылдамдығын арттыруға арналған тапсырмалар мен викториналарды ұсынады. Бұл тапсырмалар білім алушыларға мәтінді жылдам әрі дұрыс оқуға үйретеді.

QUIZGESKO платформасы арқылы білім алушылардың оқу нәтижелерін бақылап, олардың жетістіктерін бағалауға болады.

Білім алушылардың тест нәтижелерін бақылау. Платформа арқылы білім алушылардың тест нәтижелерін тексеріп, олардың қандай тақырыптарда қиындықтар туғызатынын анықтауға болады.

EMAZE – бұл презентациялар жасауға арналған интерактивті және визуалды платформа. Ол білім алушыларға білім беру үдерісін қызықты әрі тиімді етіп жасауға мүмкіндік береді. EMAZE платформасы арқылы білім алушылар тек презентация жасап қана қоймай, мәтіндермен жұмыс істеп, оларды талдай алады, сонымен қатар мәтіннің негізгі мазмұнын түсінуге және сыни тұрғыдан ойлауға көмектеседі.

EMAZE платформасы интерактивті және визуалды контент құруға мүмкіндік бергендіктен, ол білім алушылардың мәтіндерді тиімді оқып, түсінуіне және шығармашылық қабілеттерін дамытуға көмектеседі.

EMAZE платформасы – визуалды контент құру үшін ерекше құрал болып табылады. Оның басты ерекшеліктері:

- **Интерактивті оқыту.** Білім алушыларға мәтіндермен жұмыс істегенде интерактивті тапсырмалар мен сұрақтар беріледі. Бұл олардың мәтіннің мазмұнын терең түсінуіне және мәнмәтінді жақсы меңгеруіне мүмкіндік береді.

- **Визуализация.** Мәтіндерді оқу барысында қосымша визуалды құралдар мен элементтер пайдаланылады. Бұл білім алушылардың мәтінге деген қызығушылығын арттырып, олардың ойлау қабілеттерін жетілдіруге көмектеседі.

- **Әртүрлі мультимедиялық құралдарды пайдалану.** EMAZE арқылы бейнебаян, суреттер, графикалар және анимациялар қосу мүмкіндігі білім алушылардың мәтіндермен жұмысын жеңілдетеді және олардың оқуға деген ынтасын арттырады.

- Мәтіндермен визуалды жұмыс. Мәтіндерді тек оқып қана қоймай, оның мазмұнын визуалды түрде көрсету арқылы білім алушылар мәтіннің құрылымын және негізгі идеясын жеңіл түсінеді.

EMAZE платформасының артықшылықтары. Қызығушылықты арттырады. Визуалды және интерактивті құралдар білім алушылардың қызығушылығын арттырып, оқу үдерісін қызықты етеді. Презентациялар мен мультимедиялық мазмұн жасау арқылы білім алушылардың мәтіндермен жұмыс істеу дағдылары дамиды.

Білім алушыларға кері байланыс беру. Платформа білім алушылардың жұмыстарын бағалап, олардың жетістіктері мен кемшіліктері туралы нақты кері байланыс ұсынады.

EMAZE платформасын шығармашылық жұмыстарды ұйымдастыру үшін де қолдануға болады.

Мәтіндерге презентация жасау. Білім алушылар белгілі бір мәтінді оқып, оның мазмұнына, тақырыбына, идеясына сәйкес EMAZE платформасында презентация жасап, оны сыныпқа ұсынады.

Шығарма жазу. Білім алушылар шығарманың бір бөлігін EMAZE арқылы визуалды түрде қайта жазып, жаңа идеяларды көрсетуге тырысады. Мысалы, белгілі бір шығармадағы басты кейіпкердің әрекеттерін өзгерту немесе оқиға желісін жаңа қырынан көрсету.

EMAZE платформасы арқылы білім алушылардың түсінгенін тексеруге болады.

Сұрақ-жауап тапсырмалары. Білім алушыларға белгілі бір мәтін бойынша сұрақтар беріледі, олар осы сұрақтарға EMAZE платформасындағы презентация арқылы жауап береді. Бұл тапсырма білім алушылардың ақпаратты дұрыс түсінгенін тексеруге көмектеседі.

EMAZE платформасын мәтіндерді терең талдау үшін де қолдануға болады.

Мәтіннің негізгі тақырыбын талдау. Білім алушылар белгілі бір мәтіннің тақырыбы мен идеясына талдау жасап, олар EMAZE платформасында сурет, диаграмма немесе анимация арқылы түсіндіреді.

Мәтіндердегі кейіпкерлерді салыстыру. Білім алушылар мәтіндердегі басты кейіпкерлерді салыстырып, олардың мінез-құлқын, әрекеттерін талдайды. Осы талдауды EMAZE презентациясында визуалды түрде көрсету білім алушылардың шығармашылық қабілеттерін дамытады.

EMAZE платформасы арқылы білім алушылардың оқу дағдыларын бақылау және бағалау мүмкіндігі де бар.

Тапсырмалар мен тестілер. Білім алушылардың қаншалықты дұрыс түсінгенін тексеру үшін түрлі тестілер мен тапсырмалар беріледі.

Кері байланыс беру. Білім алушылардың жұмыстарын бағалау және оларды түзету үшін педагогтер кері байланыс береді.

Educaplay – бұл оқыту мен білім беруді интерактивті және қызықты етуге бағытталған платформа. Ол әртүрлі тапсырмалар мен жаттығулар арқылы білім алушылардың білімін тексеруге мүмкіндік береді. Educaplay платформасы арқылы білім алушылар қазақ тілі мен әдебиеті сабағында мәтіндерді терең

түсініп, мәтіндерді талдауға, оқылым дағдыларын дамытуға бағытталған тапсырмаларды орындауға болады. Платформа білім алушыларға шығармашылық тапсырмаларды орындауға, сөздік қорын байытуға, мәтіндерді дұрыс түсінуге көмектеседі.

Платформаның басты ерекшеліктері:

- Интерактивті тапсырмалар. Білім алушыларға мәтіндермен жұмыс істеуге бағытталған әртүрлі тапсырмалар (сөзжұмбақ, тест, сәйкестендіру, сауалнамалар және т.б.) ұсынылады.

- Мультимедиялық мазмұн. Платформа түрлі мультимедиялық құралдарды қолдануға мүмкіндік береді, мысалы, суреттер, аудио, бейнемазмұн, бұл білім алушылардың мәтінді дұрыс түсінуіне көмектеседі.

- Білім алушылардың белсенді қатысуы. Білім алушылар өз бетінше тапсырмаларды орындап, тапсырмаларға жауап беріп, осы арқылы оқу үдерісіне белсенді қатысады.

Educarlay платформасының артықшылықтары:

- Қызығушылықты арттырады. Білім алушыларға тапсырмалар арқылы оқуды қызықты етуге көмектеседі.

- Білім алушыларды белсенді қатысуға ынталандырады. Білім алушылар интерактивті тапсырмаларды орындау арқылы оқу процесіне белсенді қатысады.

- Жеке даму: Платформа білім алушылардың өз бетімен жұмыс істеп, жеке деңгейінде білім алуына мүмкіндік береді.

- Оқу нәтижелерін бақылау. Білім алушылардың оқу деңгейін бақылап, олардың жетістіктерін нақты түрде бағалауға болады.

Educarlay платформасы арқылы білім алушыларға мәтіндермен жұмыс істеуге арналған әртүрлі тапсырмалар беріледі.

Мәтіндер бойынша тестілер. Білім алушыларға белгілі бір мәтіннен сұрақтар қойылып, олардың мәтіннің негізгі ойын түсінгенін тексеру үшін Educarlay платформасында автоматты тестілер өткізіледі. Білім алушылар жауаптарын платформаның көмегімен береді, ал бұл олардың мәтінді қаншалықты дұрыс түсінгенін бағалауға мүмкіндік береді.

Мәтіндермен сәйкестендіру. Білім алушылар мәтіндегі негізгі ойларды немесе кейіпкерлерді бір-бірімен сәйкестендіру тапсырмаларын орындайды. Бұл әдіс білім алушыларға мәтіннің құрылымын және оның мағынасын терең түсінуге көмектеседі.

Мазмұнды қысқаша баяндау. Білім алушыларға мәтіннің мазмұнын қысқаша баяндап, оның негізгі идеясын анықтау тапсырмасы беріледі. Бұл олардың мәтіндерді дұрыс түсініп, оларды толық жеткізу дағдыларын дамытуға ықпал етеді.

Educarlay платформасы арқылы білім алушылардың сөздік қорын байытуға арналған тапсырмалар құруға болады.

Сөзжұмбақтар. Білім алушылар белгілі бір мәтін бойынша сөзжұмбақтар құрастырып, сөздер мен тіркестерді іздеп табады. Бұл олардың жаңа сөздермен жұмыс істеу қабілетін арттырады.

Тесттер мен викториналар. Білім алушылардың мәтінді қаншалықты дұрыс түсінгенін бақылау үшін түрлі тесттер мен викториналар өткізіледі.

Автоматты бағалау жүйесі. Платформа білім алушылардың жауаптарын автоматты түрде бағалайды, бұл педагогтерге әр білім алушының жетістіктерін нақты бақылауға мүмкіндік береді.

Educarplay платформасын қолдана отырып, педагогтер білім алушылардың оқу деңгейін бақылап, олардың жетістіктерін нақты бағалап, оқу үдерісін тиімді түрде ұйымдастыра алады.

Kazakh TTS2 (Text-to-Speech) – бұл қазақ тілінде мәтіндерді дыбыстайтын жасанды интеллект жүйесі. Ол мәтіндерді табиғи дауыспен оқып, білім алушыларға мәтіннің дұрыс айтылуын тыңдауға мүмкіндік береді. Kazakh TTS2 платформасы қазақ тілі мен әдебиеті сабағында білім алушылардың оқылым дағдыларын дамытуға арналған өте тиімді құрал болып табылады. Бұл жүйе білім алушыларға мәтінді дұрыс айту мен оны тыңдап, түсіну қабілеттерін жақсартуға көмектеседі.

Kazakh TTS2 платформасының басты ерекшеліктері:

- Табиғи дауыс. Платформа қазақ тіліндегі мәтіндерді табиғи және түсінікті дауыспен дыбыстайды, бұл білім алушылардың тыңдау дағдыларын дамытуға көмектеседі.

- Сөздердің дұрыс айтылуын тексеру. Білім алушылар мәтіндерді оқығанда, олар сөздердің дұрыс айтылғанын естіп, өздерінің сөйлеу дағдыларын тексереді.

- Интерактивтілік. Білім алушылар мәтіндерді тыңдап, олардың мағынасын түсініп, сұрақтарға жауап беріп, мәтінді тереңірек талдай алады.

- Білім алушылардың біліміне жеке бейімделу. Kazakh TTS2 жүйесі әр білім алушының деңгейіне бейімделіп, оның оқылым дағдыларын дамыту үшін жеке тапсырмалар мен жаттығулар ұсына алады.

Kazakh TTS2 жүйесінің артықшылықтары:

- Білім алушылардың оқу дағдыларын жақсарту. Білім алушылар мәтінді тыңдай отырып, дұрыс сөйлеу, дұрыс дауыс ырғағын қолдану дағдыларын үйренеді.

- Мәтіннің мағынасын түсіну. Білім алушылар мәтіннің дұрыс айтылғанын тыңдай отырып, оның мағынасын толық түсінуге мүмкіндік алады.

- Қазақ тілінің фонетикалық ерекшеліктерін үйрету. Платформа қазақ тілінің фонетикалық ерекшеліктерін жақсы меңгеруге көмектеседі, әсіресе дауысты және дауыссыз дыбыстардың дұрыс айтылуына назар аудару арқылы.

- Жеке кері байланыс. Білім алушылардың дұрыс немесе қате айтқан сөздері туралы автоматты түрде кері байланыс алу мүмкіндігі бар.

Kazakh TTS2 жүйесі білім алушыларға мәтіндерді дұрыс оқуға көмектеседі. Білім алушылар мәтіндерді тыңдап, дұрыс сөйлеуді үйренеді. Платформа сөздерді дұрыс айта отырып, білім алушыларға көмек көрсетеді. Бұл оларды дыбыстар мен сөздерді дұрыс айтуды үйретеді.

Дауыспен оқуға үйрету. Білім алушыларға белгілі бір мәтіндер беріледі, олар сол мәтіндерді тыңдай отырып, дұрыс дауыс ырғағымен сөйлеу мәнерін қолдануды үйренеді.

Kazakh TTS2 жүйесі арқылы білім алушылардың оқылым дағдыларын бақылауға болады.

Kazakh TTS2 платформасы мәтіндерді тыңдап, олардың мағынасын түсінуге көмектеседі.

Мәтіннің мағынасын анықтау. Білім алушылар тыңдап, мәтіннің негізгі ойын анықтауға тырысады. Білім алушыларға мәтіндерді тыңдап, оның мазмұнын түсіну тапсырмалары беріледі.

Мәтіндерге сұрақтар қою. Білім алушылар тыңдаған мәтіндеріне қатысты сұрақтарға жауап береді. Бұл тапсырмалар білім алушылардың мәтіннің мазмұнын түсіну деңгейін анықтауға мүмкіндік береді.

Kazakh TTS2 жүйесін мәтіндермен жұмыс істеуде қолдану.

Білім алушылар мәтінді тыңдайды, ал Kazakh TTS2 жүйесі мазмұнын дұрыс және анық жеткізуге көмектеседі. Білім алушылар осы мәтінді талдап, оның негізгі идеясын анықтауға тырысады.

Мәтіндерді талдау. Білім алушылар ондағы кейіпкерлер, негізгі идеялары мен құрылымы туралы сұрақтарға жауап береді. Платформа мәтіннің әрбір бөлімін дұрыс айтуға көмектеседі, бұл білім алушыларға шығарманы тереңірек түсінуге мүмкіндік береді.

Kazakh TTS2 жүйесі білім алушылардың оқылым дағдыларын дамыту үшін өте тиімді құрал болып табылады. Бұл платформа білім алушыларға мәтіндерді дұрыс айту, тыңдап түсіну, сөздік қорын байыту және талдау дағдыларын жақсартуға мүмкіндік береді. Kazakh TTS2 жүйесі арқылы білім алушылардың сөйлеу және тыңдау дағдыларын дамытып, олардың оқу қабілеттерін арттыруға болады.

Академиялық адалдық, логикалық ойлау, сыни ойлау

Жасанды интеллектінің пайда болуы білім беру саласында, әсіресе академиялық жұмыста жаңа мүмкіндіктер туғызды. Алайда бұл мүмкіндіктер академиялық адалдық мәселесіне де теріс әсер етуі мүмкін. Жасанды интеллектінің академиялық адалдыққа ықпалы, оның пайдасы мен зияны туралы айтар болсақ.

Жасанды интеллектің академиялық жұмыстағы рөлі:

1. Ақпаратқа қолжетімділік пен тиімділік

Жасанды интеллектінің арқасында білім алушыларға қажетті ақпаратқа тез әрі оңай қол жеткізу мүмкіндігі пайда болды. ChatGPT секілді жүйелер бірден қажетті тақырып бойынша сұрақ қойып, тұжырымдамаларды түсіндіре алады, тақырыпқа қатысты әдебиеттер мен ресурстарды ұсынуға көмектеседі. Бұл білім алу процесін жеңілдетіп, уақытты үнемдеуге мүмкіндік береді. Тапсырмаларды дайындау және орындау барысында білім алушылар жасанды интеллектіні жылдам ақпарат алу үшін қолданады.

2. Креативтілік пен идеяларды дамыту

Жасанды интеллект шығармашылық және зерттеу жұмыстарында да пайдалы болуы мүмкін. Мысалы, ғылыми тақырыптарды талқылауда немесе зерттеу жобаларын жоспарлауда ЖИ көмекші ретінде қолданылады. Одан бөлек, жазба жұмыстарында, эсселерде немесе мақалаларда идеялар мен гипотезаларды ұсыну үшін жасанды интеллект қолданылуы мүмкін. Бұл жаңа көзқарастар мен бағыттарды ұсынуға көмектеседі, шығармашылық процесті дамытуға септігін тигізеді.

3. Көбейген қателіктер мен қайта тексеру қажеттілігі

Алайда жасанды интеллект тек ақпаратты ұсынумен шектелмейді. Ол барлық ақпаратты дұрыс, нақтылы және дәл емес деп қарастыруға болмайды. Кейде ЖИ жазған мәтіндерде қателіктер болуы мүмкін және білім алушылар оны тексермей қолданса, бұл өз кезегінде тапсырманың орындалу сапасына кері әсер етеді. Тапсырма жазуда әрдайым тексеру мен қайта қарау қажеттілігі артады, өйткені ЖИ-дің берген жауаптары ешқашан толыққанды әрі дәл болмауы мүмкін.

Академиялық адалдыққа жасанды интеллектінің ықпалы:

1. Плагиат мәселесі

Академиялық адалдықтың негізі – бұл түпнұсқалық және өз еңбегіңмен жұмыс жасау. Бірақ жасанды интеллектінің дамуы бұл мәселені қиындатуда. ChatGPT немесе басқа ЖИ құралдары адамға дайын мәтіндер ұсына алады, бұл білім алушылардың плагиатқа жол беру ықтималдығын арттырады. Мысалы, білім алушы ЖИ арқылы дайын эссе немесе реферат ала алады, оны өз жұмысындай тапсыра алады. Бұл академиялық адалдықты бұзу болып саналады. Сонымен қатар ЖИ жасаған жұмыстардың түпнұсқалық деңгейін тексеру мәселесі де күрделенеді, өйткені ол әдетте адам жазған мәтіннің құрылымын немесе стилін қабылдай алмайды.

2. Өзіндік жұмысқа деген жауапкершілік

Жасанды интеллект академиялық жұмыс кезінде өзіндік үлес қосу мүмкіндіктерін азайтуы мүмкін. Егер білім алушы ЖИ-ге сүйенсе, оның өз қабілетін дамытуға, тақырыпты зерттеуге және терең түсінуге деген ынтасы төмендеуі ықтимал. Бұл өз кезегінде білім алу процесін әлсіретуі мүмкін. Академиялық адалдықтың басты қағидаларының бірі – әрбір адамның өзіндік жұмысқа жауапкершілікпен қарауы. Ал жасанды интеллектінің көмегі бұл жауапкершілікті әлсіретіп, жұмысты оңайлатуға әкелуі мүмкін.

3. Жиі кездесетін этикалық мәселелер

Жасанды интеллектіні қолдану этикалық мәселелерді тудыруы мүмкін. Мысалы, білім алушылар ЖИ-ден жауап алу арқылы өздері ойлаудың орнына, тек технологияның көмегіне сүйенеді. Бұл олардың интеллектуалды дамуын шектейді және олардың ғылыми зерттеу дағдыларын төмендетеді. Сондай-ақ, ЖИ өз жауаптарында кейде адамның көзқарастарын, сенімдерін немесе дағдыларын көрсетіп, теріс пікірлер мен қате ақпараттар ұсынуы мүмкін. Мұндай жағдайлар академиялық жұмыстың сапасына әсер етуі мүмкін.

Жасанды интеллект пен академиялық адалдықты үйлестіру

Жасанды интеллектінің академиялық салада тиімді пайдаланылуы мүмкін, бірақ оны қолдану кезінде адалдықты сақтау маңызды. Технологияның артықшылықтарын пайдалану үшін келесі қадамдар қажет:

1. Этикалық нормалар мен ережелерді әзірлеу

Жасанды интеллектінің академиялық салада қолданудың этикалық нормаларын құру қажет. Әрбір білім алушы ЖИ-ді тек көмекші құрал ретінде қолдануға және өз жұмысының түпнұсқалығы мен жауапкершілігін сақтауға міндетті. Технологияны тек білім алу мен шығармашылық процесті жеңілдету үшін қолдану керек, бірақ плагиатқа жол бермеу және өз білімін дамыту әрдайым бірінші орында тұруы тиіс.

2. ЖИ мен адам арасындағы теңгерімді сақтау

Жасанды интеллект адамнан көмек алуға мүмкіндік береді, бірақ оның орнына адамның ойлау және зерттеу қабілеттері міндетті түрде сақталуы тиіс. Жасанды интеллектінің көмегін пайдалана отырып, білім алушылар өздерінің ғылыми ізденісін жүргізуі, шығармашылық идеялар мен шешімдер ұсынуы, жұмыстың сапасына жауапкершілікпен қарауы қажет. Бұл жағдайда жасанды интеллект тек құрал болып қалуы тиіс, ал білім алу процесінің басты қозғаушы күші адам болып қалады.

Сонымен, академиялық адалдық дегеніміз білім беру үдерісіндегі білім алушылардың принциптерінің және құндылығының жиынтығы, олардың жеке адалдығын және оқуға деген жауапкершілігін дамытады. Ол тек жеке тұлғаның емес, бүкіл қоғамның тұрақтылығы мен сенімділігінің кепілі. Адалдықтың мәнін бала кезден бойымызға сіңіріп, өмірлік ұстанымға айналдыру – әрбіріміздің міндетіміз. Адал болу – әрдайым шындықты айту ғана емес, өз әрекетіңе жауапкершілікпен қарау, өзгелердің еңбегін бағалау, әділдікке ұмтылу. Жасанды интеллектінің дамуы мен қолданылуы академиялық салада айтарлықтай өзгерістерге әкелді. Ол білім алуды жеңілдетіп, тиімділікті арттырып, шығармашылық пен зерттеу процесін дамытуға көмектеседі. Алайда ЖИ академиялық адалдыққа теріс әсер етуі мүмкін, әсіресе плагиат, өзіндік жұмысқа деген жауапкершіліктің төмендеуі және этикалық мәселелер туындаған жағдайда. Сондықтан, жасанды интеллектіні дұрыс қолдану өте маңызды, ол академиялық адалдықты сақтау үшін адам мен технология арасындағы теңгерімді қажет етеді. Технологияның артықшылықтарын пайдалану үшін оны этикалық әрі адал жолмен қолдану керек. Сондықтан адалдық қасиетін тек сөзбен емес, нақты іс-әрекетімізбен дәлелдей білуіміз қажет. Өйткені адалдық – ардың ісі, ал ар алдында таза болу – нағыз адамдықтың белгісі.

Оқу процесі кезінде білім алушылардың академиялық адалдықпен тапсырманы орындауы үшін қандай амалдар қолдануға болады?

1. Әртүрлі ситуациялар мен мысалдар арқылы оларға академиялық адалдықтың маңыздылығын түсіндіру.

Атап айтқанда:

- адал жұмыс сенімді арттырады;
- әділ бәсекелестік орнайды;
- жауапкершілікті арттырады;

- жұмыстың сапасы артады.

2. Белгілі бір принциптерді нақты түрде енгізіп, бақылап отыру керек.

Мәселен оқу процесі кезінде білім алушылардың смартфондарын уақытша жинап алу.

3. Академиялық адалдықты бұзғандарға шара қолдану арқылы бұл мәселенің қаншалықты маңызды екенін көрсету. Адалдықты бұзудан қандай жағымсыз әрекеттер туындайды?

- плагиат жасау арқылы өзге адамдардың еңбегін рұқсатсыз көшіріп алу;
- зерттеулерде алынған деректерді ойдан шығару немесе өзгерту;
- тапсырманы басқа адамға орындауға беру;
- рұқсатсыз көмек алу.

Білім алушылардың тапсырманы өзі жазғанын тексерудің бірнеше тиімді әдісі бар. Бұл академиялық адалдықты сақтап, білім алушылардың шынайы білімін бағалау үшін маңызды. Олар:

1. Орындаған жұмысты ауызша қорғату.

- Білім алушы жазған жұмысын сыныпта қысқаша ауызша қорғайды (2–3 минут).

- Мұғалім жұмыстағы нақты ойға, мысалға сұрақ қойып, сол бойынша жауабын тыңдайды.

Бұл – білім алушының сол жұмыспен шынымен таныс екенін және өзі жазғанын дәлелдейді.

2. Мәтін ішіндегі сөздік қор мен стильге мән беру.

- Егер мәтін тым ресми, күрделі жазылса, бұл жұмыс көшірілген болуы мүмкін.

- Бұрынғы жазба жұмыстарымен салыстырып, тілдік стиль сәйкестігін тексеруге болады.

3. Плагиат тексеру құралдарын пайдалану:

- әртүрлі сайттар арқылы мәтінді тексеруге болады;

- бұл әдіс әсіресе үй тапсырмасы немесе эссе, зерттеу жұмысын тексеруде пайдалы.

4. Рефлексия жаздыру

Әр тапсырмадан кейін білім алушыдан:

- Бұл жұмысты жазғанда не үйрендің?
- Саған қай бөлігі қиын болды?
- Өзің жаздың ба, әлде біреудің көмегімен бе? деген рефлексия сұрау.

5. Ұқсас тапсырмаларды ауызша не басқа форматта қайталау. Тапсырманың қысқартылған нұсқасын ауызша сұрау немесе тақтада орындату арқылы салыстыру.

Әр жұмысқа дербес шығармашылық сұрақ қосып, «тек көшірумен емес, жеке оймен жауап беруге» мүмкіндік беру білім алушының шынайы білімін көруге жол ашады.

Академиялық адалдық – ғылым мен білім саласындағы жетістік пен сапаны қамтамасыз етудің негізі. Бұл тек жеке адамның жауапкершілігі ғана емес, сонымен қатар қоғамның жалпы дамуына ықпал ететін маңызды

құндылық. Академиялық адалдықты сақтау арқылы біз білім саласында әділдік пен шындықты сақтауымыз қажет әрі келешек ұрпаққа дұрыс үлгі көрсетеміз.

ЖИ-дің білім беру жүйесіне енгізілуі білім алушылардың сыни ойлау дағдыларына қалай әсер ететіндігі ойландыруы тиіс. Сыни ойлау дегеніміз – адамның өз-өзін басқаратын және тәрбиелейтін, бақылайтын, түзететін ойлау формасы. Сыни ойлау пайдалы қарым-қатынас жасау мен мәселелерді шешу қабілеттерін меңгеруді талап етеді. Ол проблеманы талқылау, объективті қорытынды жасау және логикалық тұжырымдар құру қабілеті.

Жасанды интеллектінің білім алушылардың сыни ойлау дағдыларына ықпалы қандай?

Сыни ойлау – ақпаратты талдап, сараптап, өзіндік көзқарасын қалыптастыру қабілеті. Білім алушылардың осындай қабілетін дамыту олардың өз бетімен шешім қабылдауына, шығармашылық тұрғыда ойлауына және ақпараттың сенімділігін бағалай алуына көмектеседі. Жасанды интеллект білім алушылардың тек сыни ойлау дағдыларына ғана емес, жалпы танымдық дамуына да әсер етеді. Ол білім беру платформалары арқылы білім алушыларға жеке оқу траекторияларын ұсынып, олардың қабылдау ерекшеліктеріне қарай тапсырмаларды бейімдейді. Бұл білім алушылардың өз бетімен білім алуына мүмкіндік береді. Алайда мұндай технологияларға тым қатты сенім арту баланың қабілеттілік белсенділігін төмендетуі мүмкін. Мәселен, білім алушылар ЖИ-ді шығармашылық тапсырмаларды орындау немесе мәтіндерді талдау үшін қолдана алады. Дегенмен егер олар тек дайын шешімдерді қабылдауға үйренсе, логикалық ойлау мен талдау қабілеттері төмендейді. Сондықтан олар ЖИ-ді қосымша құрал ретінде пайдаланып, білім алушыларды өздігінен ойлауға дағдылану керек. Бүгінгі цифрлық дәуірде білім алушылар интернеттен ақпараттың үлкен ағынын қабылдайды. Бірақ ақпараттың бәрі шынны бола бермейді. ЖИ-мен жұмыс істеген кезде білім алушылар оның ұсынған мәліметтерінің шынайылығын тексеріп, дереккөздерді салыстыруды үйренуі керек. Бұл сыни ойлау дағдыларының дамуына әсер етеді.

Жасанды интеллектінің сыни ойлауға оң әсері.

ЖИ білім алушылардың білім беру процесіне жаңа мүмкіндіктер әкеледі. Ол білім алушылардың аналитикалық ойлау қабілетін дамытуға әсер ететін артықшылықтарға ие:

Ақпаратқа қолжетімділік – білім алушылар көптеген дереккөздерден мәлімет алып, оны салыстырып, талдау жасауға үйренеді. ЖИ білім алушылардың білім деңгейіне қарай материал ұсынады, бұл олардың өз бетінше ойлау қабілетін дамытуға мүмкіндік береді. Жаттығу және кері байланыс – ЖИ платформалары білім алушыларға бағыт береді. Бұл олардың логикалық ойлауын жетілдіреді. Әртүрлі жағдайларды талдауға және шешім қабылдауға көмектеседі.

Жасанды интеллектінің сыни ойлауға кері әсері.

ЖИ-дің артықшылықтарынан бөлек, оның сыни ойлау дағдыларына кері әсер ететін тұстары да бар. Олар: Ойлау дағдысының әлсіреуі – Білім алушылар

дайын шешімдерді ЖИ-ден алуға әдеттеніп, ақпаратты өздігінен талдау қабілетін төмендетуі мүмкін.

Сенімділік мәселесі – ЖИ ұсынған ақпараттың растығын тексермей, оны дұрыс деп қабылдау сыни ойлау дағдысын әлсіретеді.

Шығармашылықтың төмендеуі – ЖИ пайдаланудың нәтижесінде білім алушылардың дербес идеяларын дамытуға деген ынтасы азаюы мүмкін.

Технологиялық тәуелділік – Көп жағдайда білім алушылар ЖИ-ге сүйеніп, мәселелерді өздігінен шешуге тырыспайды.

Жасанды интеллектіні тиімді пайдалану жолдары

ЖИ-ді білім беру процесіне енгізу сыни ойлау дағдыларын дамытуға оң әсер етуі үшін төмендегі шараларды жүзеге асыру қажет:

- Сыни ойлау дағдыларын қалыптастыруға бағытталған тапсырмалар беру
- Білім алушылардың ЖИ-дің ұсынған ақпаратын талдауға, оны өзге дереккөздермен салыстыруға үйрету.
- Жасанды интеллектіге тәуелділікті төмендету
- Педагогтер білім алушыларға өз бетімен шешім қабылдау дағдыларын дамытатын тапсырмалар ұсыну.
- Ақпараттың сенімділігін тексеру
- Білім алушылар ЖИ ұсынған ақпараттың дұрыстығын анықтау үшін қосымша ресурстарды пайдалануды үйренуі қажет.
- Шығармашылық ойлауды ынталандыру
- ЖИ құралдарын тек көмекші құрал ретінде қолданып, білім алушылардың өз идеяларын дамытуына басымдық беру керек.

Жасанды интеллектінің білім беру жүйесінде қолданылуы білім алушыларға жаңа мүмкіндіктер ұсынып, білім алу процесін жеңілдетеді. Дегенмен ЖИ-дің шектеулерін де ескеру қажет. Білім алушылардың сыни ойлау дағдыларының әлсіреуіне жол бермеу үшін, технологияны дұрыс пайдалану маңызды. Жасанды интеллект білім алушылардың ақпаратты терең талдауға, логикалық ойлау дағдыларын дамытуға бағытталған жағдайда ғана тиімді құрал бола алады. Сондықтан, педагогтер мен ата-аналар ЖИ-ді білім беруде ақылмен қолдануды үйретуі керек. ЖИ білім алушылардың білім алуына көмектескенімен, оны дұрыс пайдаланбау сыни ойлау қабілеттерінің әлсіреуіне әкелуі мүмкін.

ЖИ-дің этикалық және әлеуметтік мәселелері:

ЖИ-дің қарқынды дамуымен қатар оның этикалық және әлеуметтік салдары туралы мәселелер де туындайды:

- жұмыс орындарының жоғалуы: ЖИ-дің автоматтандыруы кейбір мамандықтардың жойылуына әкелуі мүмкін;
- құпиялылық және деректерді қорғау: ЖИ жүйелерінің үлкен көлемдегі деректерді жинауы және өңдеуі жеке өмірдің құпиялылығына қауіп төндіруі мүмкін;
- әділетсіздік және дискриминация: ЖИ алгоритмдері деректердегі бұрмалаушылықтарға байланысты әділетсіз немесе дискриминациялық шешімдер қабылдауы мүмкін;

- жауапкершілік: ЖИ жүйелерінің қабылдаған шешімдері үшін кім жауапты болатыны туралы сұрақ;

- бақылау және қауіпсіздік: аса ЖИ-дің дамуы кезінде оны бақылау және адамзатқа қауіпсіздігін қамтамасыз ету мәселесі.

ЖИ-дің дамуы адамзаттың өмір сүру сапасын жақсартуға және жаңа технологиялық серпілістерге жол ашатын зор әлеуеті бар. Дегенмен оны жауапкершілікпен және этикалық нормаларды сақтай отырып дамыту маңызды.

Жасанды интеллект біздің әлемімізді қарқынды түрде өзгертіп, денсаулық сақтау мен білім беру салаларынан бастап көптеген бағыттарда шексіз мүмкіндіктерге жол ашуда. Алайда осы әлеуетпен қатар ЖИ адамзат алдында бірқатар маңызды сын-қатерлерді де тудырады.

Біріншісі – этикалық мәселе. Жеке деректердің құпиялылығы мен қауіпсіздігіне қатысты сұрақтар барған сайын өзекті болуда. Технологиялардың дамуы оларды пайдаланудың этикалық стандарттарының жетілдірілуімен қатар жүруі тиіс.

Келесі маңызды сын-қатер – қауіпсіздік. Жасанды интеллектіні көлік немесе медицина сияқты аса маңызды салаларда қолдану ерекше сенімділік пен дәлдікті қажет етеді. Жұмыстағы қателіктер апаттық салдарға әкелуі мүмкін. Сондықтан ЖИ жүйелерінің қауіпсіздігін барынша қамтамасыз ету және оларды сыртқы қауіп-қатерлерден қорғау аса маңызды.

Үшінші мәселе, қоғамда үлкен резонанс тудырғаны – еңбек нарығына әсері. Кейбір мамандықтардың жойылуына әкелетін автоматтандыру үрдісі білім беру мен кадрларды қайта даярлау тәсілдерін қайта қарастыруды талап етеді.

Пәнаралық байланыс

Қазіргі заманғы білім беру жүйесі білім алушыны жан-жақты дамыған, рухани бай, ұлттық болмысын терең түсінетін тұлға ретінде қалыптастыру көздейді. Бұл тұрғыда қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің орны ерекше. Себебі бұл пән тек тілдік білім берумен шектелмей, білім алушыны ана тілінің мәйегіне, сөз өнерінің көркем әлеміне баулиды. Сонымен қатар білім мазмұнын жаңарту және цифрлық трансформация үдерістері ұлттық құндылықтарды жаңаша меңгерудің тиімді жолдарын талап етеді.

Қазақ тілі мен әдебиеті пәндерін пәнаралық байланыс негізінде оқыту арқылы цифрлық білім беру кеңістігінде ұлттық құндылықтар мен мәдени мәнмәтінді сәтті интеграциялау жолдары ұсынылып отыр. Бұл тәсіл білім алушының дүниетанымын кеңейтіп қана қоймай, шынайы өмірмен сабақтасқан білім алуына мүмкіндік береді.

1. Пәнаралық байланыстың мазмұны мен маңызы

Қазақ тілі мен әдебиеті пәндері мазмұны жағынан тарих, география, этнография, музыка, көркем еңбек, ақпараттық технологиялармен тығыз байланысты. Мысалы:

- Тарих пәнімен байланыс – көркем мәтіндегі тарихи оқиғаларды талдау, кейіпкерлерді тарихи тұлғалармен салыстыру арқылы жүзеге асады;

- Географиямен – мәтіндерде кездесетін жер атаулары мен табиғат суреттерін талдау арқылы;

- Музыка және көркем еңбекпен – ауыз әдебиетіндегі жыр-термелер мен эпостарды тыңдау, ұлттық ою-өрнек, киім үлгілерін сипаттау арқылы;

- Математикамен – мәтіндердегі өлшем бірліктерін, сандық мәліметтерді, логикалық құрылымдарды анықтау арқылы.

Бұл байланыс білім алушының пәндер арасындағы шекараны сезінбей, білімді кешенді түрде қабылдауына әсер етеді.

Қазақ тілі мен әдебиеті пәндерінің мазмұны – өзге пәндермен табиғи байланыста өрілетін, кешенді білім беруге бағытталған сала. Пәнаралық байланыс – білім алушының әлемді біртұтас күйде қабылдауына, тіл арқылы басқа ғылымдарды түсінуіне жол ашады. Мұндай ықпалдастық білім алушының оқу мотивациясын арттырып, алған білімін өмірде қолдануға үйретеді. Төменде кейбір нақты мысалдар келтірілген:

Тарихпен байланыс:

Мысал: Мұхтар Әуезовтің «Абай жолы» роман-эпопеясын оқыту барысында XIX ғасырдағы қазақ қоғамындағы әлеуметтік құрылым, билік жүйесі, отарлау саясаты туралы тарихи мәліметтерді қатар беру – көркем шығарма мен тарихи шындық арасындағы байланысты терең түсінуге мүмкіндік береді.

Сабақ түрі:

– «Абай жолы» романындағы Құнанбай бейнесі мен тарихтағы Құнанбай қажының өмірбаянын салыстыру;

– Тарих пәнімен бірігіп, «Абай заманы: тарихи тұлғалар мен оқиғалар» тақырыбында жобалық жұмыс ұйымдастыру.

Географиямен байланыс:

Мысал: Ыбырай Алтынсариннің шығармаларындағы табиғат суреттері мен өмір сүрген аймақтардың географиялық ерекшеліктерін талдау – әдебиеттегі мәтін мен нақты географиялық кеңістікті байланыстыруға сеп болады.

Сабақ түрі:

– «Жаз» тақырыбындағы өлең бойынша табиғат көрінісін сипаттап, климаттық ерекшеліктерін картада белгілеу;

– География пәнімен бірігіп, «Қазақ әдебиетіндегі жер-су атауларының географиялық орны» тақырыбында зерттеу жүргізу.

Музыка және көркем еңбекпен байланыс:

Мысал: Ауыз әдебиетіндегі батырлар жырын (мысалы, «Қобыланды батыр») оқыған кезде эпостың музыкалық нұсқасын тыңдау, жырдың синкреттік табиғатын түсіндіру арқылы білім алушы көркем мәдениетті тереңірек меңгереді.

Сабақ түрі:

– Домбырамен жыр айту немесе тыңдау арқылы мәтін мен музыка байланысын талдау;

– Көркем еңбек сабағымен біріктіріп, жыр кейіпкерлерінің киім үлгісін, қару-жарағын бейнелейтін иллюстрациялар салу.

Информатикамен байланыс:

Мысал: Қазақ әдебиетінің белгілі бір кезеңін немесе ақын-жазушының өмір жолын презентация, видео немесе инфографика түрінде дайындау арқылы цифрлық сауаттылық пен әдеби білім қатар дамиды.

Сабақ түрі:

– «Абайдың 7 қара сөзін» Padlet немесе Google Slides арқылы визуализациялау;

– Ақпараттық технология пәнімен бірігіп, «Әдеби кейіпкерге Instagram парақшасын жасау» жобасы.

Математикамен байланыс:

Мысал: Мәтінде кездесетін өлшем бірліктерін, сандық деректерді табу арқылы математикалық ойлау жүйесін дамытуға болады. Мысалы, мақал-мәтелдердегі сандардың мәнін талдау.

Сабақ түрі:

– «Жеті жұрттың тілін біл, жеті түрлі білім біл» сияқты мақалдарды қолдана отырып, сандар символикасын түсіндіру;

– Мәтіндерден көлем, уақыт, арақашықтыққа қатысты сөздерді шығарып, математикалық есеп құрастыру.

Биология және экологиямен байланыс:

Мысал: Мәтіндегі табиғат көріністері арқылы өсімдіктер мен жануарлар әлемін зерттеу, экологиялық сана қалыптастыру.

Сабақ түрі:

– Мағжан Жұмабаевтың «Батыр Баян» поэмасындағы табиғат бейнесін биологиялық көзқараспен талдау;

– «Әдебиеттегі табиғат образы және экологиялық тәрбие» атты эссе жазу.

Осылайша пәнаралық байланыс оқу процесін біртұтас жүйеге келтіріп, білім алушының тілдік, әдеби және ғылыми сауаттылығын үйлесімді түрде дамытады. Бұл тәсіл тек білім беруді ғана емес, тәрбиелік әлеуетті де күшейтеді.

Орта мерзімді жоспар (ОМЖ) мысалын қарастырсақ:

Пәндер: Қазақ әдебиеті + Тарих (9-кесте)

Сынып: 9

Тақырыптық желі: Абай дәуірі мен шығармашылығының тарихи негізі

Оқу мақсаты:

- әдеби кейіпкер мен тарихи тұлғаны салыстыру;
- тарихи-мәдени мәнмәтінді ескере отырып, көркем мәтінді түсіну және талдау;
- көп көзқарасты ұстаныммен сыни пікір білдіру.

9-кесте – Қазақ әдебиеті мен тарихтың пәнаралық байланысы

Апт а	Сабақ тақырыб ы	Қысқаша мазмұны	Қолданылат ын әдіс- тәсілдер	Күтілетін нәтиже	Бағалау
----------	-----------------------	--------------------	------------------------------------	---------------------	---------

1	Абай өмір сүрген дәуір	XIX ғ. қазақ қоғамы, отарлау саясаты, Құнанбай тұлғасы	Венн диаграммасы, Тарихи салыстыру	Тарихи оқиғалар мен әдеби мәтін байланысын түсінеді	Топтық жұмыс, кері байланыс
2	«Ғылым таппай мақтанба» өлеңі	Абайдың ағартушылық идеялары мен заманы	Топтық талдау, пікірталас	Өлең мен тарихи ахуалды байланыстырады	Формативті бағалау
3	Абай – тарихи және әдеби тұлға	Абай бейнесі мен Құнанбайдың қоғамдық рөлі	Рөлдік ойын, мини-эссе	Тарихи тұлға мен әдеби бейнені салыстырады	Қалыптастырушы бағалау
4	Жоба жұмысы: «Абай заманы»	Презентация, постер, слайд жасау	Жобалық оқыту, цифрлық құралдар	Абай дәуірін түрлі форматта сипаттайды	Жобаны қорғау, өзін-өзі бағалау

Орта мерзімді жоспар (ОМЖ)

Пәндер: Қазақ тілі + Информатика (10-кесте)

Сынып: 8

Тақырыптық желі: Цифрлық мәтінмен жұмыс және визуалды коммуникация

Оқу мақсаты:

- Жазба жұмыстарын құрылымды мәтін ретінде құра білу;
- АКТ құралдары арқылы ақпаратты өңдеу және ұсыну;
- Мәтін мен визуалды мазмұнды үйлестіре білу.

10-кесте – Қазақ тілі мен информатиканың пәнаралық байланысы

Апта	Сабақ тақырыбы	Қысқаша мазмұны	Қолданылатын әдіс-тәсілдер	Күтілетін нәтиже	Бағалау
1	Цифрлық мәтін деген не?	Google Docs-та жазу, өңдеу тәсілдері	Цифрлық практикум, мысалмен жұмыс	Мәтінді цифрлық ортада дұрыс тереді	Пікір, дескриптор бойынша

2	Сөйлемдерді көркемдеу	Қарапайым сөйлемді безендіру, мағыналық блоктар	Canva, PowerPoint қолдану	Мәтін мен безендіруді үйлестіреді	Топтық бағалау
3	Ақпаратты визуалдау	Инфографика мен диаграмма жасау	Padlet, Piktochart	Ақпаратты көрнекі түрде ұсынуды үйренеді	Өзара бағалау, пікір жазу
4	Жоба: «Менің туған өлкем»	Цифрлық постер жасау, мәтін жазу	Интеграцияланған жоба жұмысы	Креативті және құрылымды жоба жасайды	Қорғау, ауызша бағалау

2. Цифрлық форматта меңгеру мүмкіндіктері

- Цифрлық технологиялар арқылы қазақ тілі мен әдебиетін оқыту бірнеше бағытта жүзеге асады:
- Электронды оқулықтар мен платформа құралдары;
- Интерактивті тапсырмалар мен викториналар (Wordwall, Quizizz, Kahoot);
- Мәтінмен жұмыс істеуге арналған құралдар (Padlet, Mentimeter);
- AI көмегімен мәтіндерді сараптау, стилистикалық талдау жасау;
- AR/VR технологияларымен тарихи немесе көркем бейнелерді көру.
- Жасанды интеллектіні қолдану мүмкіндіктері

Цифрлық білім алушыға шығармашылық тұрғыдан жұмыс істеуге, мәліметтермен өз бетімен жұмыс істеуге, мультимедиялық құралдар арқылы ой-өрісін кеңейтуге мүмкіндік береді.

Қазіргі білім беру кеңістігінде цифрлық технологияларды тиімді пайдалану – білім алушылардың функционалдық сауаттылығын, сын тұрғысынан ойлау дағдысын және шығармашылық қабілетін арттыруға ықпал етеді. Қазақ тілі мен әдебиетін оқытуда бұл технологиялар мәтінді қабылдаудан бастап, оны талдау мен интерпретациялау, визуализация жасау, цифрлық өнім құрастыру сияқты көпқырлы процестерді қамтиды.

1. Google Workspace (Docs, Slides, Forms)

Мақсаты: Мәтінмен жұмыс жасау, шығармашылық жазба жұмыстары, рефлексия

Мысал:

- «Абайдың қара сөздері» бойынша Google Docs-та топпен рефлексия жазу;
- «М.Әуезов – ұлы суреткер» тақырыбына Google Slides арқылы таныстырылым жасау;

– Сұрақ-жауап викторинасын Google Forms арқылы құрастыру (автоматты кері байланыс береді).

2. Padlet, Jamboard (ынтымақтастық құралдары)

Мақсаты: Топтық жұмыс, идея алмасу, мазмұн визуалдау

Мысал:

– «Туған жер» тақырыбына әр білім алушы өз ойымен Padlet қабырғасына жазба қалдырады;

– Жырдағы оқиғалар желісін Jamboard-та стикерлер арқылы орналастырып, карта жасайды.

3. Kahoot!, Wordwall, Quizizz (интерактивті бағалау)

Мақсаты: Ойын арқылы білімді бекіту, жылдам кері байланыс

Мысал:

– «Абай өлеңдері» тақырыбына Kahoot! викторинасы құрастырылып, нақты уақыт режимінде өткізіледі;

– Wordwall арқылы «Сөз тіркесі – сөйлем» ойынын ұйымдастыру.

4. Canva, Piktochart, Genially (визуалды мазмұн жасау)

Мақсаты: Презентация, инфографика, постерлер жасау

Мысал:

– «Қобыланды батыр» жыры бойынша батыр бейнесін сипаттайтын инфографика жасау;

– Genially арқылы «Қазақ әдебиеті кейіпкерлері» тақырыбында интерактивті карта құрастыру.

5. Audio & Video құралдар

Мақсаты: Ауызша сөйлеу, мәтінді аудио/видео форматта меңгеру

Мысал:

– Білім алушылар Flip қосымшасында «Менің сүйікті ақын өлеңім» тақырыбында қысқа видео түсіреді;

– «Батырлар жыры» тақырыбында жыр нұсқасын тыңдап, оны талдайды.

6. AR/VR элементтері (Augmented Reality, Google Earth, 3D tools)

Мақсаты: Кеңістіктік ойлау, тарихи-мәдени мәнмәтінді терең түсіну

Мысал:

– Абайдың Жидебайдағы музей-үйін Google Earth арқылы виртуалды аралау;

– Қазақ эпостарындағы тарихи мекендерді AR арқылы картада көру.

7. ЖИ құралдары

Мақсаты: Жазылым дағдысын дамыту, грамматикалық қателерді түзету, мәтін құрылымын жақсарту

Мысал:

– ChatGPT көмегімен «Менің арманымдағы мектеп» тақырыбында эссе жоспарын құру;

– Grammarly арқылы жазылған мәтінді тексеру және орфографиялық қателерді түзету.

Цифрлық технологиялар қазақ тілі мен әдебиетін оқытуды дәстүрлі тәсілден заманауи, білім алушыға қызықты форматқа көшіреді. Олар тек

ақпаратты берудің құралы емес, сонымен қатар білім алушыны белсенді ортаға тартудың, сын тұрғысынан ойлатудың және тұлғалық даму кеңістігін қалыптастырудың мүмкіндігі ретінде қарастырылады.

8. Жасанды интеллектіні қолдану мүмкіндіктері

Қазіргі білім беру кеңістігінде жасанды интеллект технологиялары оқыту үдерісін жекешелендіріп, мұғалім мен білім алушының шығармашылық әлеуетін дамытуға бағытталған. Қазақ тілі мен әдебиеті пәнін оқытуда ЖИ құралдарын тиімді қолдану – оқу үдерісінің сапасын арттырудың бір жолы.

1. Мәтіндік талдау және жазылым дағдыларын дамыту

Білім алушы Абайдың өлеңі бойынша эссе жазады. Эссені ЖИ арқылы тексеріп, стилистикалық, грамматикалық қателерін көріп, жақсарту ұсыныстарын алады. Жазылым сапасы жақсарады, өзіндік талдау мен редакциялау дағдысы дамиды.

2. Оқу тапсырмаларын жекелендіру және саралау

Білім алушылардың деңгейіне қарай: біреуге – мәтіннің мазмұнын түсінуге арналған сұрақтар, ал басқа білім алушыға – әдеби құрылымын талдауға тапсырмалар автоматты түрде ұсынылады. Әр білім алушы өз деңгейіне сай материалмен жұмыс істейді.

3. Интерактивті жаттығулар жасау

Мұғалім қазақтың мақал-мәтелдері бойынша интерактивті жаттығулар жасау үшін ЖИ сайтын пайдаланады – бірнеше сұрақ түрлері (сұрыптау, сәйкестік) автоматты түрде жасалады. Педагогтің уақытын үнемдейді, білім алушылардың қызығушылығы артады.

4. Әдеби кейіпкерлерді модельдеу

«Қобыланды батыр» немесе «Абай» бейнесін ЖИ көмегімен виртуалды кейіпкер ретінде жасақтап, білім алушы оған сұрақ қойып, сол кейіпкер рөлінде жауап ала алады. Әдеби талдау нақты, шынайы сұхбат арқылы тереңдейді.

5. Сөйлеу және тыңдалым дағдыларын дамыту

Білім алушы ЖИ арқылы мәтінді тыңдайды, содан кейін өз ойын айтып, кері байланыс алады. Мысалы, «Жетісу табиғаты» мәтінін тыңдап, сол бойынша сөйлеу дағдысын дамытады. Тыңдалым және сөйлеу дағдысы технология көмегімен қолдау табады.

6. Топтық жобаларды автоматтандыру және визуалдау

Білім алушылар ұлттық ақындар туралы презентация жасау үшін ЖИ құралдарын қолданады. ЖИ дайын слайдтар мен көрнекіліктер ұсынады. Топтық жұмыс жеңілдейді, визуалды мазмұн сапалы болады.

7. Оқу портфолиосын жүргізу

Білім алушы ЖИ көмегімен әдеби кейіпкерлерге сипаттама беру, жеке өлең немесе эссе жазу, солардың барлығын электронды портфолио ретінде жинақтап отырады. Шығармашылық жұмыс жинақталады, білім алушының прогресі бақыланады.

Жасанды интеллект – қазақ тілі мен әдебиеті сабақтарын жекешелендіріп, білім алушы мен мұғалім арасындағы білім алмасуды тиімді ұйымдастыратын, жаңа буын құралы. Ол дәстүрлі әдістерді толықтырып қана қоймай, ұлттық

мазмұнды заманауи форматта меңгеруге мүмкіндік береді. Дегенмен оның қолданылуы педагогтің кәсіби этикасы мен педагогикалық бақылауы негізінде жүзеге асуы тиіс.

3. Ұлттық құндылықтар мен мәдени мәнмәтінді интеграциялау

Қазақ тілі мен әдебиеті – ұлттың рухани өзегін танытатын басты пәндердің бірі. Мәдени мәнмәтінді сақтау мен жеткізу үшін мынадай тәсілдер тиімді:

- Көркем мәтін арқылы таным – Абай, Мұхтар Әуезов, Мағжан Жұмабаев, Бауыржан Момышұлы сынды авторлар шығармаларын талдау арқылы ұлттық болмыс пен мінез ерекшеліктерін таныту;
- Мәтін мазмұнын қазіргі өмірмен байланыстыру – білім алушылардың туған өлкесі, ұлттық мерекелер, салт-дәстүрлер негізінде тапсырмалар беру;
- Инфографика, анимация, подкаст форматында баяндау – ұлттық ертегілерді немесе батырлар жырын цифрлық форматта қайта жаңғырту;
- Жоба жұмыстары арқылы – «Менің отбасымның шежіресі», «Ұлттық тағам күнделігі», «Ауыл өмірі – әдебиетте» сияқты тақырыптарда зерттеу жүргізу.

Бұл тәсілдер білім алушының тек тілді меңгеріп қана қоймай, ұлттық сана мен мәдени сәйкестікке ие тұлға болып қалыптасуына жағдай жасайды.

Қазақ тілі мен әдебиетін оқытуда білім алушылардың ұлттық дүниетанымын, этномәдени сана-сезімін, ұлттық бірегейлігін дамыту аса маңызды. Бұл бағытта ұлттық құндылықтарды оқыту мазмұнына интеграциялау бірнеше тәсіл арқылы жүзеге асады:

1. Әдеби кейіпкер арқылы ұлттық болмысты тану

Мысал:

– «Қобыланды батыр» жырын оқыту барысында – батырлық, ерлік, намыс, елге адалдық сияқты ұлттық құндылықтарды білім алушы бойына сіңіру;

– «Абай жолы» романынан Құнанбай, Абай бейнесі арқылы – отбасы, әділеттілік, ел басқару мәдениеті сынды ұстанымдарды талдау.

Нәтиже: Білім алушы әдеби кейіпкердің ұлттық сипатын түсініп, бүгінгі қоғаммен байланыстыра алады.

2. Мәтін арқылы салт-дәстүр, әдет-ғұрыпты түсіндіру

Мысал:

– «Төле бидің төрелігі» мәтінінде – билердің шешендік өнері арқылы қазақ қоғамындағы дау шешу мәдениетін талдау;

– Эпостық жырлар мен ертегілердегі – бата беру, ас беру, ұрын бару, келін түсіру дәстүрлерін мәтін арқылы түсіндіру.

Нәтиже: Білім алушылар өз халқының әдет-ғұрпын әдеби мәтіндер арқылы таниды.

3. Тіл мен ұғым арқылы ұлттық дүниетанымды қалыптастыру

Мысал:

– «Ырыс алды – ынтымақ», «Қонақ келсе, құт» секілді мақал-мәтелдерді тілдік талдаумен қатар олардың астарындағы ұлттық көзқарасты түсіндіру;

– «Жер-Ана», «асыл сөз», «сөздің киесі» сияқты тұрақты тіркестердің мәдени мазмұнын ашу.

Нәтиже: Білім алушы қазақ халқының болмысын тілдік бірліктер арқылы сезінеді.

4. Жергілікті мәдени кеңістікті пайдалану

Мысал:

– Туған өлке туралы жазба жұмысты жергілікті аңыздармен байланыстыру (мысалы: Баянауыл, Түркістан, Жетісу туралы);

– Мектеп ауласында, ауылдық музейде ашық сабақ өткізу.

Нәтиже: Мәдени мәнмәтін білім алушы өмірімен байланыстырылады, тарихи сана қалыптасады.

5. Мәдени мұраларды цифрлық форматта меңгеру

Мысал:

– «Ұлттық домбыра күні» аясында білім алушылар өз өңіріндегі күйшілер туралы ақпаратты Google Slides-та ұсынып, күй тыңдап, пікір білдіреді;

– «Қазақтың салт-дәстүрлері» тақырыбында интерактивті Canva постері жасалады.

Нәтиже: Ұлттық мазмұнды заманауи технология арқылы меңгеру мотивацияны арттырады.

6. Ұлттық мейрамдар мен мерекелік күндер аясында сабақ мазмұнын байыту

Мысал:

– Наурыз мерекесі қарсаңында – «Шашу», «Самалық», «Көкөніс тағам атаулары» сияқты ұлттық ұғымдармен жазылым және сөйлесім тапсырмаларын орындау;

– Тәуелсіздік күніне арналған сабақта – тарихи поэзия мен прозадан үзінділер талдау.

Нәтиже: Сабақ мазмұны ұлттық күнтізбемен байланыса отырып, білім алушының азаматтық позициясын нығайтады.

7. Ұлттық өнер, музыка, қолөнер элементтерін кіріктіру

Мысал:

– «Қазақтың ұлттық киімі» тақырыбына байланысты сипаттама мәтін жазу және бейнематериал көру;

– Эпикалық шығарманы домбырамен орындау немесе QR-код арқылы күй тыңдау.

Нәтиже: Эстетикалық талғам мен ұлттық мақтаныш сезімі қалыптасады.

Ұлттық құндылықтар мен мәдени мәнмәтінді жүйелі түрде оқыту мазмұнына енгізу – білім алушының ұлттық санасын, елжандылық қасиетін және мәдени танымын қалыптастыруда шешуші рөл атқарады. Бұл тәсілдер білім беру мен тәрбие процесін тұтастандыра отырып, қазіргі заман талаптарына жауап бере алатын, тамырын танитын ұрпақ тәрбиелеуге мүмкіндік береді.

Қазақ тілі мен әдебиеті пәндерін пәнаралық байланыс арқылы оқыту моделі білім алушының тілдік, әдеби және мәдени құзыреттілігін қатар дамытып, ұлттық сана мен рухани мұраға құрмет сезімін оятады. Цифрлық

технологияларды, жасанды интеллектіні мақсатты пайдалану білім беру үдерісін түрлендіріп, білім алушының өз бетімен іздену, талдау, визуалдау дағдыларын қалыптастырады (11-кесте).

11-кесте – Пәнаралық байланыс үлгілері (қазақ тілі мен әдебиеті және басқа пәндер)

№	Пән	Байланыс мазмұны	Сабақ тақырыбы (мысал)
1	Тарих	Тарихи тұлғалар мен кезеңдер	«Алаш арыстары» – ұлттық рухтың қайнар көзі
2	География	Өлке тану, табиғи атаулар, топонимика	«Жерұйық – армандағы мекен»
3	Биология	Адам табиғаты, экология тақырыптары	«Табиғат пен адам – егіз ұғым»
4	Бейнелеу өнері	Мәтіндерді көркем суретпен бейнелеу	«Қобыланды батыр» жырының иллюстрациясы
5	Информатика	Цифрлық мәтін, презентация, инфографика жасау	«Қазақ поэзиясының көрнекті өкілдері»

Қазақ тілі мен әдебиетін пәнаралық бағытта цифрлық құралдармен ұштастыра оқыту білім беру үдерісінің жаңа сапалық деңгейге шығуына мүмкіндік береді. Бұл бағытта ұлттық құндылықтар мен мәдени мәнмәтінді сақтау – басты шарттардың бірі. Білім алушыны ХХІ ғасыр дағдыларымен қатар ұлттық рухта тәрбиелеу – қазіргі педагогтің басты мақсаты. Сондықтан тіл мен әдебиет пәндері заманауи технологиялармен ұштастырылып, интеграциялық бағытта оқытылуы тиіс (12-кесте).

12-кесте – Цифрлық құралдар және қолдану үлгілері

Цифрлық құрал	Пайдалану мақсаты	Мысал
Google Docs	Бірлескен жазылым, эссе жазу	«Абайға хат» тақырыбында топтық эссе
Canva	Презентация, инфографика жасау	Қазақ ақындары туралы визуалды постер
Kahoot	Білімді бекіту, тест	«Сын есім» бойынша интерактивті ойын
Flip (ex. Flipgrid)	Ауызша сөйлеу, бейнежазба	«Менің сүйікті кейіпкерім» тақырыбында бейне пікір

Google Earth	Виртуалды саяхат, мәдени орындармен танысу	Абайдың Жидебайдағы үйін көру
--------------	--	-------------------------------

3. Сурет идеялары (иллюстрациялау үшін)

«Ұлттық құндылықтар сабақта»

Білім алушы киіз үй, домбыра, ұлттық киім элементтері бейнеленген сабақта жұмыс істеп отыр.

Артқы фонда қазақтың салт-дәстүрлерін сипаттайтын сөз бұлттары (мысалы: жеті ата, тектілік, қонақжайлық).

«Пәнаралық байланыс диаграммасы»

Ортасында Қазақ тілі мен әдебиеті, жан-жағында: тарих, өнер, информатика, музыка, биология

Әр пәнмен байланысқан мысал берілген (mind-map түрінде)

«Цифрлық оқыту экожүйесі» схемасы

Мектеп – Білім алушы – Мұғалім – Платформалар (Google Classroom, Kahoot, Padlet, Canva)

Ақпарат алмасу бағыттары көрсетілген (стрелкалармен)

Жазбаша жұмыстары және кері байланыс

Оқу жетістігін бағалау үдерісі білім алушының оқу мақсаттарына қол жеткізу деңгейін анықтау үшін жүйелі түрде жүргізіліп отырады. Ол оқыту барысында алынған деректерге негізделіп, кері байланыс арқылы оқыту траекториясын тиімді түзетуге, білім алушының дамуын бақылауға және оқу үдерісінің сапасын арттыруға бағытталады.

Қазақ тілі мен әдебиеті пәні педагогтеріне көмек ретінде жазбаша жұмыстар (эссе, диктант, шығармашылық жұмыс) және тест тапсырмаларын бағалауды оңтайландырып, білім алушыларға сапалы және уақтылы кері байланыс берудің тиімді тәсілдерін қарастырайық. Уақтылы кері байланыс білім алушылардың оқу үдерісін жақсартуға, білімдерін тереңдетуге және мотивациясын арттыруға көмектеседі.

Жазбаша жұмыстарды бағалау критерийлері және кері байланыс беру бойынша бағыттар:

1. Эссе жазу. Ол – философиялық, әдеби, тарихи, публицистикалық, әлеуметтану, саяси және тағы басқа саладағы ғылыми емес, автордың жеке көзқарасын білдіретін прозалық мәтін. Эссе жазылу мақсатына қарай оған қойылатын талаптар да әртүрлі болады. Эссе деп оқыған, талқылаған ақпараттар негізінде белгілі бір тақырыпта өз көзқарасыңды, ойыңды жоспар бойынша жазуды айтады. Эссе жазушы мақсатқа сәйкес эссе түрінің талаптарын сақтап отырып жазады. Көрсетілген кесте эссе түрлерін бағалауға арналған (13-кесте).

Жазба жұмысын жоспарлау және ұйымдастыру үлгісі

Тақырып: «Менің сүйікті кітабым»

Бұл кезеңде жазба жұмысының мақсаты оқу бағдарламасымен, сабақтың оқу мақсаттарымен өзара байланыста қарастырылады. Білім алушының ойын

жүйелі жеткізуі мен тілдік сауаттылығын дамыту басты мақсат болып табылады. Жұмысты бастамас бұрын білім алушыларға құрылым бойынша жоспар құру дағдысы жүзеге асырылады: кіріспе (кітаптың атауы мен авторы), негізгі бөлім (мазмұны мен ұнаған тұстары), қорытынды (білім алушының жеке пікірі).

Мұғалім үлгі ретінде жазылған мәтін ұсынады. Жазу уақыты нақты белгіленіп (мысалы, 20 минут), білім алушылардың өздігінен жазуына мүмкіндік беріледі. Уақыты біткен соң жұмыстар жинақталып, келесі сабақта сапалы кері байланыс беріледі.

Үлгі

Менің сүйікті кітабым – «Ер Төстік»

Кіріспе / Менің сүйікті кітабым – қазақ халық ертегісі «Ер Төстік». Бұл ертегіні алғаш рет 3-сыныпта анаммен бірге оқыдым, содан бері ол менің жанымға жақын әрі ерекше әсер қалдырған шығарма болып қалды.

Негізгі бөлім/ Бұл ертегіде басты кейіпкер – Ер Төстік өзінің ағаларын іздеу үшін ұзақ сапарға шығады. Жол бойында ол Көлтаусар, Таусоғар, Желаяқ сияқты ерекше қабілеті бар достармен кездесіп, түрлі қиындықтарды жеңеді. Мені бұл оқиға таң қалдырғаны – әрбір кейіпкердің ерекше қасиеті мен бір-біріне деген көмегі. Бұл ертегі шынайы достық пен ерлікке тәрбиелейді. Сонымен қатар ол қиындықтан қорықпай, алға ұмтылу керектігін үйретеді.

Қорытынды/ Менің ойымша, «Ер Төстік» ертегісі тек қызықты оқиға емес, ол арқылы біз батырлықтың, адалдықтың және еңбекқорлықтың мәнін түсінеміз. Бұл кітапты оқыған сайын мен өзімді ерлікке жақын, нағыз батыр болғым келетіндей сезінемін. Сондықтан да мен бұл ертегіні бәріне оқуға кеңес беремін.

13-кесте – Эссенің бағалау критерийлері

Бағалау критерийі	Сипаттамасы	Балл саны
Логикалық құрылымы	Кіріспе, негізгі бөлім, қорытынды анық берілген	1 балл
Мазмұнның тереңдігі	Аргументтер мен мысалдар, цитата, факт, терминдердің болуы, тың деректер берілуі	3 балл
Тіл мәдениеті	Грамматикалық, орфографиялық, пунктуациялық қателердің болмауы, сауаттылығы, тілдік оралымдардың дұрыс пайдаланылуы	2 балл
Шығармашылық көзқарас	Білім алушының жеке пікірі, пайымдар, мысалдар, шығармашылық элементтерінің болуы	2 балл

Мазмұнның толықтығы	Жазба жұмыс тексерілгеннен кейінгі тұжырым. Тақырып толық ашылған, негізгі ойлар нақты берілген	2 балл
Жалпы балл саны		10 балл

Бұл бағалау критерийі кез келген эссе жұмысының түріне жарамды. Әр критерий бойынша мұғалім нақты мысал келтіріп, білім алушының қай тұста жетістікке жеткенін және қай тұста жақсарту керек екенін нақты көрсетілуі тиіс. Жазбаша жұмыстарды (мысалы, эссе) бағалау үшін ЖИ қолдану әдістемесін қарастырып көрейік (14-кесте).

14-кесте – Жазбаша жұмыстарды (мысалы, эссе) бағалау үшін ЖИ қолдану

Кезең	Жасанды интеллектіге бағытталған нұсқау алгоритмдері
I	Жазбаша жұмысты ЖИ-ге жүктеу (немесе көшіріп салу)
II	Грамматикалық, стильдік және логикалық қателерді анықтау
III	Мазмұнды талдау (тақырыпты ашу, логика, тілдік құрылым)
IV	Балл қою үшін рубрикалық бағалауды автоматты түрде жасау
V	ЖИ-ден жеке кері байланыс сұрату: «Білім алушы жұмысына кері байланыс бер»

Білім алушының эссесі (жазба жұмысы) берілсе, ChatGPT мынадай нәтиже береді:

- Мазмұн: Тақырып ашылған, мысалдар нақты
- Қателер: 2 орфографиялық, 1 грамматикалық
- Ұсыныс: Кіріспені қысқарту, қорытындыны нақтылау
- Бағалау: 8/10 ұпай

Түзету жұмыстары мен кері байланыс жүргізу

Жазба жұмысынан кейінгі тілдік қателерді түзету әдісі.

Қателермен жұмыс оқу процесінің ажырамас бөлігі ретінде міндетті түрде жүргізілуі тиіс. Мұғалім жиі кездесетін қателерді жинақтап, «қате қай жерде?» тапсырмасын дайындайды. Білім алушылар өз жұмыстарын қайта қарап, «қате – дұрысы» кестесін толтырады. Бұдан кейін білім алушылар рефлексия сұрақтарына жауап береді. Бұл тәсіл білім алушыны өз жұмысына талдау жасауға, кемшіліктерді өз бетінше түзетуге жетелейді (15-кесте).

15-кесте – Рефлексия жасау үлгісі

Нәтижелер	Білім алушының жауабы
Не жақсы шықты?	
Не қиын болды?	
Келесі жолы неге мән берем?	

2. Жоғары деңгейлі шығармашылық тапсырмалар (мысалы, кейіпкер атынан хат жазу)

«Кейіпкер атынан хат жазу» шығармашылық тапсырмасы – білім алушының мәтін мазмұнын терең түсініп, кейіпкер бейнесін сезінуге және сол кейіпкердің атынан жазуға үйрететін тиімді әдіс. Мұндай тапсырма білім алушының тілдік, танымдық және тұлғалық қабілеттерін қатар дамытады. Ол білім алушыны дайын үлгіден шығып, өз ойын еркін әрі шынайы жеткізуге, мәтінмен диалог орнатуға баулиды.

Хат жазу процесі арқылы білім алушы мәтіннің мазмұны мен идеясын қайта зерделейді, кейіпкердің сезімі мен ойына терең бойлайды. Бұл – шығармашылық пен эмоциялық интеллектінің дамуына жол ашады.

Шығармашылық тапсырмалар білім алушыны тек мазмұнды қайталауға емес, оны жаңа қырынан көруге, сын тұрғысынан бағалауға үйретеді. Хат тек жазылым емес, бұл кейіпкермен байланыс орнату, оның дүниетанымымен үндесу.

Тапсырманы бағалауға арналған критерийлер нақты және өлшемді. Олар: құрылымдық тұтастық, мазмұн сәйкестігі, кейіпкер бейнесінің берілуі, шығармашылық көзқарас және тілдік сауаттылық. Бұл бағалау білім алушы жетістігін әділ анықтауға, нақты кері байланыс беруге және даму бағытын айқындауға мүмкіндік береді.

«Бағалау – бұл тек нәтиже емес, ол білім алушыны дамыту құралы. Кері байланыс арқылы білім алушы өз жұмысына сыни көзқараспен қарап, жетілу жолын көреді».

Жасанды интеллект құралдарын пайдалану арқылы жазбаша жұмысқа автоматты түрде талдау жасау мұғалім үшін де, білім алушы үшін де тиімді. Мұндай тәсіл уақытты үнемдейді, қателерді нақты көрсетеді және тұлғалық өсуді қолдайды.

Қорыта келгенде, «Кейіпкер атынан хат жазу» – білім алушының әдебиетке қызығушылығын арттыратын, тұлғалық және шығармашылық дамуына ықпал ететін заманауи әрі нәтижелі тапсырма түрі.

«Кейіпкер атынан хат жазу» шығармашылық тапсырмасына арналған бағалау критерийі мен жазу алгоритмі төменде берілген. Бұл үлгі 5-6-сынып білім алушыларына бейімделіп, нақты, түсінікті және бағалауға ыңғайлы форматта жасалды (16-кесте). Содан кейін хат алдын ала нақтыланған бағалау критерийлері бағаланады (17-кесте).

Жазу алгоритмі (білім алушыға арналған нұсқаулық)

Кейіпкерді таңда:

– Қай шығарма немесе ертегіден хат жазатыныңды шеш (мысалы, Ер Төстік, Желаяқ, Қыз Жібек, Алдар көсе).

Кімге хат жазасың?

– Тағы бір кейіпкерге, досыңа, ата-анасыңа, не болашақ ұрпаққа хат жазуға болады.

Сәлемдесу:

– Мысалы: «Құрметті Көлтаусар!», «Армысың, сүйікті інім!»

Негізгі ой:

– Не үшін хат жазып отырғаныңды түсіндір.

– Бірге болған оқиғаларды еске түсір.

– Ризашылығыңды, өкінішіңді немесе алдағы жоспарыңды жаз.

Қоштасу:

– Хатты жылы лебізбен аяқта.

– Мысалы: «Сені сағындым», «Келесі кездескенше», «Сау бол, адал досым!»

Атыңды жаз:

– Хатты қай кейіпкер жазып тұрғанын көрсет.

16-кесте – Жазу алгоритмі

Кезең	Жазу барысындағы әрекет мазмұны
1. Кейіпкерді анықтау	Білім алушы мәтіндегі кейіпкерді таңдайды. Таңдалған кейіпкер хат мәтінінің авторы ретінде қарастырылады.
2. Хат алушыны белгілеу	Хат кімге жолданатыны нақты айқындалады (мысалы, мәтіндегі басқа кейіпкерге, ата-анасына, досына немесе оқырманға).
3. Кіріспе бөлім (сәлемдесу)	Хат мәтіні дәстүрлі сәлемдесу сөздерімен басталады. Бұл бөлімде хаттың кімге бағытталғаны, жазу себебі қысқаша таныстырылады.
4. Негізгі бөлім (негізгі ойды баяндау)	Бұл бөлімде хаттың негізгі мазмұны ашылады. Кейіпкер бастан өткерген оқиғалар, сезімдер, көзқарастар мен алдағы мақсаттары баяндалады.
5. Қорытынды бөлім (қоштасу)	Хат соңында жылы лебіздер, үміт не тілек жазылып, кейіпкердің қоштасу сөздері беріледі.
6. Автор	Хатты жазушы кейіпкердің аты көрсетіледі.

Үлгі

Құрметті Көлтаусар!

Саған шын жүректен жалынды сәлем жолдаймын! Біз бірге бастан кешкен оқиғалар мені жиі ойға жетелейді. Ер Төстіктің басшылығымен жасаған сапарымыз – өмірімдегі ең жарқын кезеңдердің бірі болды. Сенің сарқылмайтын күшің мен менің таусылмас қуатым нағыз батырларға тән қасиет деп білемін.

Ол кездері біз алып жыланды жеңіп, Темір ханның зынданынан Ер Төстікті құтқардық. Бұл – біздің ерлігіміздің белгісі. Қиын сәттерде сенің көмегің көп тиді. Дос ретінде әрқашан сенімді тірек болғаның үшін ризамын.

Қазір әркім өз жолымен кетсе де, мен сені сағынамын. Болашақта тағы да бір мақсатпен бас қосамыз деген сенімдемін.

Қайда жүрсең де аман-сау бол, күш-қуатың сарқылмасын!

Келесі кездескенше, адал досым!

17-кесте – Хатты бағалау критерийлері

Бағалау критерийі	Критерий сипаттамасы	Балл
Құрылымдық тұтастық	Хаттың композициялық құрылымы (сәлемдесу, негізгі бөлім, қорытынды, қоштасу) жүйелі сақталған	1 балл
Мазмұнның сәйкестігі	Хат мазмұны мәтін сюжетімен, кейіпкерлерімен және оқиғаларымен сәйкес келеді	2 балл
Кейіпкер бейнесінің дәлдігі	Хат мәтінде кейіпкердің мінезі, сөйлеу стилі мен дүниетанымы шынайы көрініс тапқан	2 балл
Шығармашылық көзқарас	Хат мазмұнында авторлық қиял, эмоция, тың пікірлер, сезім мен көркемдік детальдар көрініс тапқан	2 балл
Тілдік сауаттылық	Жазбада грамматикалық, орфографиялық және пунктуациялық нормалар сақталған	2 балл
Тақырыптың толық ашылуы	Тақырып мазмұны жүйелі түрде ашылған, негізгі ой нақты баяндалған	1 балл
Жалпы балл саны		10 балл

Жазбаша жұмыстарды, біздің жағдайымызда шығармашылық жұмыс: хат жазуды бағалау үшін жасанды интеллектіні (ChatGPT, Grammarly, Docs AI) пайдалануға болады (18-кесте).

18-кесте – Бағалау үшін жасанды интеллект пайдалану үлгісі

№	Бағалау критерийі
1	Құрылым (сәлемдесу, мазмұн, қоштасу)
2	Кейіпкер бейнесі мен стилі
3	Мазмұн логикасы
4	Жеке көзқарас, эмоция берілуі
5	Орфография
6	Пунктуация
7	Грамматикалық сауаттылық
8	Тіл тазалығы, стиль

1-қадам. Білім алушының жазбаша жұмысын жинау

Білім алушының хат мәтінін электронды форматта (Word, Google Docs немесе жай мәтін) алу.

2-қадам. ChatGPT-ге мәтінді енгізу

ChatGPT чатында келесі нұсқаумен жазбаны жүктеу:

«Мына хатты «Кейіпкер атынан хат жазу» тапсырмасы бойынша төмендегі критерийлер бойынша бағала: құрылым, мазмұн, кейіпкер бейнесі, шығармашылық және тілдік стиль. Жұмыстың артықшылығы мен кемшілігін көрсетіп, жалпы баға қой»

Мәтінді толық көшіріп, сұранысқа тіркеу.

3-қадам. ChatGPT-ден алынған кері байланыс пен бағаны жазып алу

ChatGPT құрылымның дұрыстығын, мазмұнның толықтығын, кейіпкер бейнесінің берілуін және шығармашылық көзқарасты талдайды.

Жұмыстың артықшылығы мен жетілдіру керек тұстарын нақтылайды.

10 балдық шкала бойынша баға береді.

4-қадам. Grammarly-де тілдік қателерді тексеру

Білім алушы мәтінін Grammarly-ге көшіріп, толық грамматикалық, орфографиялық және пунктуациялық талдау жасау.

Қателерді, ұсыныстарды және жалпы сапа деңгейін бақылау.

5-қадам. Бағалау қорытындысын біріктіру

ChatGPT-ден алынған мазмұн мен шығармашылық бағасын және Grammarly-ден алынған тілдік сауаттылық деңгейін бірге қарастыру.

Кері байланыс үлгісі

Үлгі кері байланыс мәтіні

Құрметті [білім алушының аты], _____, сенің «Кейіпкер атынан хат жазу» шығармашылығыңды мұқият оқыдым. Жалпы, жұмысыңның құрылымы анық және жүйелі болды. Кіріспеде кімге хат жазатыныңды және хаттың мақсатын нақты көрсеттің. Мазмұн жағынан кейіпкердің сезімдері мен ойлары шынайы жеткізілген, оқиғаның негізгі тұстары жақсы ашылған. Шығармашылық элементтер байқалады, кейіпкердің жеке тіл ерекшеліктері мен эмоционалды бояуы жақсы берілген.

Дегенмен кейбір сөйлемдерді қысқарту немесе нақтылау қажет сияқты. Сонымен қатар Grammarly-дің көрсеткен қателеріне назар аударған дұрыс. Мысалы, орфографиялық екі және грамматикалық бір қате таптым. Жалпы бағаң: 8/10.

Алдағы уақытта хаттың құрылымын сақтап, тілдік қателерді азайтсаң, шығармашылығың одан әрі дамиды болады. Жақсы жұмыс!

*Ізгі ниетпен,
[Педагогтің аты]*

3. Қазіргі білім беру үрдісінде тест тапсырмалары білім алушының білім деңгейін тиімді және жылдам бағалаудың негізгі құралдарының бірі болып табылады. Оларды құрастыру мен бағалауды автоматтандыру оқу процесінің сапасын арттырып, педагогтің жұмысын жеңілдетеді.

Қазіргі білім беру жүйесінде тестілеу – білім алушылардың білім деңгейін объективті және жедел бағалаудың маңызды әдістерінің бірі болып саналады. Қазақ тілі мен әдебиеті пәні білім алушылардың лингвистикалық және шығармашылық қабілеттерін дамытуға бағытталғандықтан, тест алу әдістерін тиімді пайдалану оқытудың сапасын арттыруға мүмкіндік береді.

Тест алуды білімді бағалаудың сенімді, әділ және жүйелі әдісі, оның білім алушылардың оқу материалын меңгеру деңгейін нақты анықтай алады. Сондай-ақ, тестілеу әдістерінің оқыту үдерісіндегі мониторинг пен рефлексияның тиімді құралдары болып табылады.

Тест алудың тиімділігі мынадай негізгі аспектілерде көрініс табады:

- уақыт үнемдеу: тест тапсырмалары арқылы педагогтер білім алушылардың білімін қысқа мерзімде бағалай алады;
- объективтілік: бағалаудың субъективтік ықпалын азайтады, өйткені бағалау белгілі бір критерийлерге сай жүргізіледі.

Қазақ тілі мен әдебиеті сабақтарында тест алудың артықшылықтары туралы айтар болсақ, тест алу қазақ тілі мен әдебиеті пәнінде сөздік қорды, грамматикалық дағдыларды, мәтіндерді талдау және түсіну қабілетін бағалауға мүмкіндік береді. Тест тапсырмаларын орындау білім алушыларды тілдік бірліктерді құрылымдық тұрғыда саралауға дағдыландырып, олардың танымдық және аналитикалық қабілеттерін дамытады.

Тест арқылы мәтіндерді меңгеру деңгейін анықтау білім алушылардың шығармашылық және сыни ойлау дағдыларын дамытуға жағдай жасайды. Бұл ретте ғалымдар тест тапсырмаларының түрлерін – жабық, ашық сұрақтар, сәйкестендіру, эссе жазу түрлерін үйлестіріп қолданудың маңыздылығын атап

өтеді. Қазіргі кезде жасанды интеллект құралдары арқылы тест құрастыру мүмкіндіктері артып келеді (19-кесте).

19-кесте – Жасанды интеллект құралдары арқылы тест құрастыру мүмкіндіктері мен артықшылықтары

Құрал атауы	Қысқаша сипаттамасы	Артықшылықтары
Google Forms	Тегін, пайдаланушыға ыңғайлы, автоматты бағалау мүмкіндігі бар	Жылдам құрастыру, әртүрлі сұрақ түрлері, деректерді Excel-ге экспорттау
Kahoot!	Ойын түрінде тест құру және өткізу	Мотивациялық, интерактивті, нақты уақыттағы бағалау
Quizlet	Сөздік және тест материалдарын жасауға арналған құрал	Сөздік жаттығуларға жақсы, бағалау жеңіл
Moodle LMS	Кешенді оқу басқару жүйесі, автоматты тест бағалау	Кең функционал, үлкен оқыту жобаларына ыңғайлы
Edmodo	Онлайн оқыту платформасы, тест құрастыру және кері байланыс беру	Білім алушылармен тиімді байланыс, автоматты баға беру
Testmoz	Тез әрі қарапайым тест құру және бағалау платформасы	Қарапайым интерфейс, автоматты бағалау

Орындалған тест тапсырмаларын жасанды интеллект құралдары арқылы тест құрастыру, оларды жылдам бағалау және кері байланыс алгоритмі, бағалау критерийлері берілген (20, 21-кесте).

20-кесте – Жасанды интеллект құралдары арқылы тест алу алгоритмі

Кезең	Іс-әрекет	Құралдар / Технологиялар	Нәтиже
1	Тест сұрақтарын құру	Google Forms, Moodle, Kahoot!	Оқу мақсатына сай тест
2	Білім алушыларға тест тапсырмаларын жіберу	LMS, Google Classroom	Тест онлайн жүргізіледі

3	Автоматты бағалау жүргізу	Google Forms автоматты бағалау	Нақты және тез нәтиже
4	Автоматты кері байланыс беру	Google Forms, Quizlet	Қателер мен түзету ұсыныстары
5	Қосымша педагогтік бақылау	LMS, электрондық пошта	Қиын тапсырмалар бойынша кеңес
6	Қайталау және түзету мүмкіндігі	Google Forms қайта тапсыру	Білім алушы білімін жетілдіреді

21-кесте – Бағалау критерийлері

Бағалау критерийлері	Сипаттамасы	Максималды ұпай	Ескертпелер
Дұрыс жауаптардың саны	Барлық тест сұрақтарынан дұрыс жауаптар саны	Педагогтің таңдауы	Әр дұрыс жауап 1 ұпай
Жауап беру жылдамдығы	Тестті белгіленген уақытта толық орындауы	Педагогтің таңдауы	Уақытты сақтау маңызды
Тапсырмаларды толық орындау	Барлық тапсырмаларға жауап беру, бос жауап болмауы	Педагогтің таңдауы	Бос жауаптар ұпай алмайды
Тілдік және логикалық қателер	Қысқа жазбаша жауаптарда грамматика және логикаға сәйкес жауап беру	Педагогтің таңдауы	Қателер минималды болуы керек
Жалпы ұпай саны	Барлық критерийлер бойынша қосынды	Педагогтің таңдауы	Толық жауап пен уақытты сақтау

Кері байланыс үлгісі:

«Тестте көп сұраққа дұрыс жауап бердің, уақытыңды тиімді пайдалану керек».

«Барлық сұрақтарға жауап бергенің жақсы, бірақ кейбір жауаптарда грамматикалық қателер бар, келесі жолы назар аудар».

«Жауаптарың толық әрі логикалық дұрыс, жұмысқа жақсы баға қойылды».

Тест тапсырмаларын бағалауда ЖИ Google Forms + AI, Quizizz AI, ChatGPT (open-ended сұрақтар үшін) құралдары қолдауға болады (22-кесте).

22-кесте – Тест тапсырмаларын бағалау құралдары

Кезең	Әрекет	Құрал
1	Тест сұрақтарын енгізу (қажет болса, жасанды интеллектіге жасату)	ChatGPT/Quizizz AI
2	Автоматты тексеру	Google Forms
3	Қате жауаптарды талдау	ChatGPT
4	Жеке немесе топтық кері байланыс генерациялау	ChatGPT
5	Прогресс графигін автоматты құру	Google Sheets AI + формулалар

Қазіргі білім беру жүйесінде білім алушы жетістігін дәл және әділ бағалау, сапалы кері байланыс ұсыну оқу процесінің негізгі талаптарының бірі болып табылады. Бұл тұрғыда критериалды бағалау жүйесі мен жасанды интеллект құралдарын қолдану білім сапасын арттырудағы тиімді амал бола алады.

Жазбаша жұмыстардың сапасын арттыруда білім алушыға дер кезінде нақты кері байланыс беру шешуші рөл атқарады. Тест тапсырмаларын автоматтандыру және жазбаша жұмыстарды жасанды интеллект арқылы тексеру мұғалім еңбегін жеңілдетіп қана қоймай, бағалаудың нақтылығын қамтамасыз етеді. Жасанды интеллект технологиялары педагогтің жұмыс үдерісін автоматтандыру арқылы педагогикалық тиімділікті арттырып, білім алушыларға дәл әрі мазмұнды кері байланыс беруге мүмкіндік туғызады.

Ұсынылған критерийлер мен технологиялар қазақ тілі мен әдебиеті пәні педагогтеріне нақты бағыт-бағдар беріп, білім алушылардың жазбаша сауаттылығын дамытуда үлкен көмекші құрал бола алады. Ең бастысы, бағалау білім алушының дамуына, өзіндік көзқарасының қалыптасуына және сапалы білім алуына ықпал етуі тиіс.

2. «ҚАЗАҚ ТІЛІ» ПӘНІН ОҚЫТУДА ЖАСАНДЫ ИНТЕЛЛЕКТІНІ ҚОЛДАНУ БОЙЫНША ӘДІСТЕМЕЛІК ҰСЫНЫМДАР

Педагогтердің баса назар аударуын қажет ететін ұсынымдар:

- ЖИ құралдарын сауатты таңдау және мақсатты қолдану;
- Құралдарды оқу үдерісіне қисынды кіріктіру;
- Қызықты әдістерді, ойын әдістерін (геймификация) қолдану;
- Жеке оқу жоспарын құру;
- Жасанды интеллектінің шектеулерін (тілдік, қаржылық, материалды-техникалық) ескеру;
- Жас және жеке ерекшеліктерін ескеру;
- Жасанды интеллектіні білім алушының қызығушылығын арттыру үшін пайдалану;
- Жасанды интеллект арқылы кері байланыс беру;
- Білім алушылардың өзін-өзі бағалауы мен рефлексиясы
- Шығармашылық, сыни ойлау дағдыларын қалыптастыруға бағытталған тапсырмалар беру
- ЖИ ұсынған ақпаратты талдауға, оны өзге дереккөздермен салыстыруға үйрету
- Жасанды интеллектіге тәуелділікті төмендету
- Өздігінен шешім қабылдау дағдыларын дамытатын тапсырмалар ұсыну
- Ақпараттың сенімділігін, шынайылығын тексеру
- ЖИ ұсынған ақпараттың дұрыстығын анықтау үшін қосымша ресурстарды пайдалану
- ЖИ құралдарын тек көмекші құрал ретінде қолданып, өз идеяларын дамытуына басымдық беру
- Деректердің құпиялылығын сақтауға назар аудару
- Академиялық адалдықты сақтау, этикалық нормаларды сақтау.

Лексикалық-грамматикалық тақырыптарды жасанды интеллект мүмкіндігі арқылы жаңартып оқыту мақсатында 5-сыныптың «Жануарлар әлемі мен өсімдіктер дүниесі» тақырыбына арналған әдістемелік ұсыным үлгісін қарастырайық. Бұл оқу бағдарламасының ұзақмерзімді жоспарындағы 5.3.2.1 және 5.3.6.1 оқу мақсаттарын қамтиды.

Тақырып: Жануарлар әлемі мен өсімдіктер дүниесі

Оқу мақсаттары:

5.3.2.1 жанрлық ерекшеліктеріне сай ресімделуі мен құрылымын сақтап хабарландыру құрастырып жазу;

5.3.6.1 мәтіндегі орфографиялық қателерді сөздіктерге сүйене отырып, түзету және редакциялау

Оқу мақсатына жету үшін жасанды интеллект қолдану мүмкіндіктері

1. Хабарландыру құрастыру (5.3.2.1 жанрлық ерекшеліктеріне сай ресімделуі мен құрылымын сақтап хабарландыру құрастырып жазу)

Білім алушыларға «Жануарлар көрмесі», «Құстар фестивалі» немесе «Табиғатты аяла!» секілді тақырыптарда хабарландыру жазу тапсырмасы беріледі.

ЖИ құралдары арқылы сол тақырыпқа хабарландыру үлгісін сұратуға болады.

Білім алушылар өз мәтіндерін ЖИ ұсынған үлгімен салыстырып, жанрлық құрылымын, тілдік ерекшелігін, ресімделуін талдайды.

Мұғалім білім алушыға мәтінді жетілдіру жолдарын түсіндіреді, алады немесе осы үлгіге қарап өз нұсқасын жаза алады.

2. Орфографиялық қателерді түзету (5.3.6.1 мәтіндегі орфографиялық қателерді сөздіктерге сүйене отырып, түзету және редакциялау)

Мұғалім алдын ала қате жіберілген мәтін үлгісін береді немесе білім алушының өз мәтіні алынады.

Білім алушы мәтінді ЖИ-ге жүктеп, қателерді автоматты түрде анықтатып, дұрыс нұсқасын алады.

ЖИ ұсынған түзетулерді орфографиялық сөздікке сүйене отырып, қайта тексеру арқылы қатемен жұмыс жүргізіледі, сөздің дұрыс жазылуын біледі. Білім алушының өз жұмысы үшін жауапкершілігі қалыптасады, редакциялау және тілдік нормаға бейімдеу дағдысын дамытады.

3. Лексикалық тақырыптарды меңгерту (омоним, синоним, антоним)

ЖИ-ден синонимдер, антонимдер, омонимдерге мысал сұрату арқылы білім алушылар лексикалық қорын кеңейтеді.

Мәтін ішінен сол сөздерді тауып, өз сөйлемдерінде пайдалану тапсырмасы беріледі.

Мысал: «Қара» сөзі – түсті білдіреді, бұйрық, көңіл-күй реңкі т.б.

Мынадай біріктірілген тапсырма беруге болады:

«Құстар – табиғат байлығы» тақырыбында тапсырма кезеңдері:

1. Осы тақырыпқа хабарландыру жазу.
2. ЖИ көмегімен үлгі хабарландыру алу.
3. Өз мәтінін ЖИ нұсқасымен салыстыр.
4. Қателерін анықтап, ЖИ арқылы тексер.
5. «Ұшу», «жыл», «жарық» сияқты сөздерге омоним/синоним/антоним тауып, сөйлем құрастыр.

Күтілетін нәтиже:

- білім алушылар хабарландыру стилін меңгереді;
- орфографиялық қателермен жұмыс жүргізуді үйренеді;
- сөздікпен жұмыс дағдысы қалыптасады;
- лексикалық бірліктерді дұрыс қолдануға дағдыланады;
- Өз жазбаларын редакциялап, салыстыру арқылы сыни ойлау мен талдауды дамытады.

«Отбасы және демографиялық өзгеріс» тақырыбында жасанды интеллект көмегімен оқыту (9-сынып)

Бөлім: Отбасы және демографиялық өзгеріс.

Тақырып: Синтаксис. Түсіндірмелі салалас. Талғаулы салалас. Кезектес салалас.

Оқу мақсаттары:

9.2.1.1 тұтас емес (кесте, диаграмма, сызба, сурет) мәтіндердегі мәліметтерді салыстыру, өңдеу;

Осы оқу мақсаттарын жасанды интеллект көмегімен қалай оқытуға болатынын қарастырайық:

Оқу мақсаты 9.2.1.1 тұтас емес мәтіндердегі мәліметтерді салыстыру, өңдеу

Бұл мақсат ЖИ-дің деректерді талдау, визуализациялау және қорытындылау мүмкіндіктерін қолдану арқылы тиімді іске асырылуы мүмкін.

Мұнда үлкен тілдік модельдерді, олардың қазақ тіліне бейімделген нұсқаларын, деректерді талдауға арналған ЖИ құралдары немесе деректерді визуализациялайтын қарапайым ЖИ сервистерін қолдануға болады.

ЖИ-ді қолдану әдістері:

1. Демографиялық деректерді ЖИ көмегімен алу:

Білім алушыларға Қазақстандағы отбасы және демографиялық өзгерістерге қатысты тұтас емес мәтіндерді (мысалы, туу көрсеткіштерінің кестелері, халық санының диаграммалары, көші-қон сызбалары, отбасы түрлерін көрсететін инфографикалар, отбасындағы бала санына байланысты кесте, қазақ отбасына тән көрініс суретін жасатуға немесе ЖИ-ден сұратуға болады.

Мұғалім білім алушыларға деректер бойынша келесі сұрақтарды қоя алады:

- «Осы кестедегі немесе диаграммадағы негізгі үрдістер қандай?»
- «Соңғы 10 жылда Қазақстандағы туу көрсеткіші қалай өзгерді?»
- «Екі диаграммадағы мәліметтерді салыстырып, қандай қорытынды жасауға болады?»
- «Осы деректерді негізге ала отырып, демографиялық өзгерістер туралы қысқаша мәтін жазып бер»

Мынадай тапсырмалар бере алады:

ЖИ ұсынған диаграмма, кесте немесе инфографика негізінде:

- мәліметтерді салыстыр;
- қорытынды жаса;
- өз сөзіңмен түсіндір (ауызша немесе жазбаша);
- мәліметтерді өңдеп, жаңа тұжырым ұсын (мысалы, болашаққа болжам).

ЖИ-дің берген деректерді талдай және қорытындылай ала отырып, білім алушылар тұтас емес мәтіндердегі мәліметтерді дұрыс салыстыруды, өңдеуді және одан ақпарат алуды, тұжырым жасауды үйренеді.

Жазылым және айтылыммен байланыстыру:

- Кесте мен диаграмма бойынша тезис жазу

- «Қазіргі отбасы қандай? Демографиялық үрдіс нені көрсетеді?» тақырыбында пікір білдіру

- ЖИ көмегімен мәтін генерациялап, оны білім алушы өңдеп, өз стиліне бейімдейді.

Күтілетін нәтиже:

- Тұтас емес мәтіндермен жұмыс істеу білігі қалыптасады

- Білім алушылар мәліметті түсіну, салыстыру, талдау және өңдеу дағдыларын дамытады

- ЖИ құралдарын сын тұрғысынан қолдана алады

- Отбасы мен қоғамдағы өзгерістер туралы пікір қалыптастырады

Бұл тәсіл білім алушыларды:

- мәліметпен жұмыс істеуге,

- логикалық қорытынды жасауға,

- ЖИ құралын мақсатты қолдануға үйретеді.

Білім алушы тек мәліметті оқып қана қоймай, өңдеп, талдап, тұжырымдайды – бұл дағдылар жоғары деңгейлі ойлауға бағытталған.

Тақырып: Ғарышты игеру жетістіктері

8.1.3.1 мәтіннен алынған дәйексөздерге, үзінділерге сүйене отырып, көтерілетін мәселені болжау

8.1.6.1 терминдерді, ғылыми деректерді орынды қолданып, диалог, монолог, полилогта өз ойын дәлелді, жүйелі жеткізу

1. Тыңдалым мәтінін ЖИ арқылы генерациялау және дәйексөздерді болжау

- ЖИ платформасында «Ғарышты игеру тарихы», «Байқоңыр» немесе «Халықаралық ғарыш станциясы» тақырыптарында қысқаша ғылыми мәтін немесе аудио мәтіннің нұсқасын жасату.

- Мәтіннен дәйексөздер мен үзінділер бөліп алып, білім алушыларға:

- «Осы үзінді қандай мәселеге негіз болуы мүмкін?»

- «Ғарышты игерудегі басты жетістік неде деп ойлайсың?» деген сұрақтармен болжау тапсырмасын беру.

2. Ғылыми және халықаралық терминдерді қолдануға бағытталған жаттығулар жасау

- ЖИ арқылы «ғарыш, орбита, спутник, NASA, Байқоңыр, телескоп» сияқты терминдердің анықтамасын, қолдану үлгісін жасату.

- Мәтіннен алынған терминдер мен деректерді пайдаланып: диалог (екі ғалымның пікірлесуі),

- монолог (ғарышкердің әңгімесі),

- полилог (конференция үзіндісі) құрастыру тапсырмасын беру.

3. Сөз тіркестерімен жұмыс – синтаксис + айтылым

- Мәтін ішіндегі сөз тіркестерін табу, байланысу тәсілі мен түрін анықтау тапсырмасын беру.
- ЖИ көмегімен:
- «Ғарышкер ұшты», «Ғарышты игеру», «Ғылыми зерттеу орталығы» сияқты тіркестерді талдап, грамматикалық байланысын көрсету.
- Осы тіркестерді қолдана отырып, өз ойларын ауызша дәлелді айту (айтылым) тапсырмасы беріледі.
- Сөз тіркестерін автоматты түрде бөліп, байланысу түрін түсіндіру
- Жаттығулар құрастыру
- Айтылымды жаттықтыруға арналған сұрақтар беру

Интерактивті тапсырма үлгісі:

Тапсырма:

1. «Ғарыштағы жаңа технологиялар» тақырыбында 5 сөйлем жаздыр.
2. Әр сөйлемнен 1 сөз тіркесін алып, байланысу тәсілін анықта.
3. Сөз тіркестерін қолдана отырып, «Ғарыш – болашақтың кепілі» тақырыбында 1 минуттық монолог құрастыр.
4. Монологті микрофон арқылы жазып, кері байланыс ал.

Күтілетін нәтиже:

- Дәйексөздер арқылы ойды болжау, саралау дағдылары дамиды;
- Ғылыми стильде жүйелі, дәлелді сөйлеу қалыптасады;
- Сөз тіркесі бойынша грамматикалық талдау мен практикалық қолдану жүзеге асады;
- ЖИ құралдарын мақсатты, саналы түрде қолдану дағдысы артады.

Қазақ тілін қазақ сыныптарында оқытуда жасанды интеллектіні қолдану білім беру процесін тиімді, қызықты әрі заманауи етуге мүмкіндік береді. Білім алушылардың тілдік дағдыларын дамытуда ЖИ құралдарын пайдалану педагогтер мен білім алушылар үшін көптеген артықшылықтарды ұсынады. Бірақ, бұл құралдарды дұрыс әрі тиімді қолдану үшін бірнеше маңызды кеңестерді ескеру қажет.

-кесте.

Ұсынымдар		Кеңес
1. ЖИ құралдарын таңдау және мақсатты қолдану	Қазақ тілін оқытуда ЖИ-дің түрлі құралдары мен платформаларын қолдануға болады. Әр құралдың өз мақсаты мен тиімділігі бар, сондықтан	Құралдарды зерделеу: түрлі ЖИ жүйелері мен платформаларын зерттеп, олардың қазақ тілінде жұмыс істеу мүмкіндіктерін қарастыру

	оны дұрыс таңдау өте маңызды	
		<i>Мақсатты анықтау:</i> ЖИ құралдарын қолданар алдында өз мақсатын нақты белгілеу. Мысалы, грамматикалық дағдыларды дамыту, сөздік қорды байыту немесе сөйлеу дағдыларын жетілдіру сияқты мақсаттарға жету үшін қандай құралды қолданатынын жоспарлау
2. Құралдарды оқу үрдісіне кіріктіру	ЖИ-ні оқу процесіне тиімді енгізу үшін оны сабақта ұтымды қолдану маңызды	<i>Интерактивті тапсырмалар:</i> ЖИ құралдарын оқу процесіне кіріктіру үшін интерактивті тапсырмалар жасау. Мысалы, сөздер мен фразалардың синонимдерін табуды ұсыну
		<i>Тапсырмаларды автоматтандыру:</i> Google Forms немесе басқа онлайн платформалар арқылы тестілер мен сауалнамалар жүргізу, ЖИ автоматты түрде жауаптарды талдап, нәтижелерін көрсетеді
		<i>Грамматикалық жаттығулар:</i> ЖИ құралдары арқылы грамматикалық қателерді тексеру үшін білім алушыларға жазба жұмыстарын тапсырғанда кей платформаларды қолдануды ұсынуға болады
3. Жасанды интеллект арқылы кері байланыс беру	ЖИ құралдары арқылы білім алушыларға кері байланыс бере отырып, олардың қателерін түсінуге және түзетуге көмектеседі	<i>Жылдам кері байланыс:</i> ЖИ жүйелері қателерді автоматты түрде анықтап, түзету ұсыныстарын береді. Бұл білім алушыларға өз жұмыстарын жылдам

		тексеріп, дұрыс жолды таңдауға көмектеседі. Мысалы, ЖИ автоматты тексерушісі арқылы грамматикалық және орфографиялық қателерді анықтап, олардың қалай түзетілуі керектігін түсіндіру
		<i>Динамикалық кері байланыс:</i> білім алушылардың қателеріне қатысты жеке түсіндірмелер беру үшін ЖИ жүйелерін пайдалану, білім алушылардың сөзін тыңдап, дұрыс айтылмайтын сөздер мен сөйлемдерді түзету
4. Тіл үйренудің қызықты әдістерін қолдану	ЖИ қолдану оқыту процесін қызықты ете алады, әсіресе ойындар мен тапсырмаларды қолданғанда	<i>Геймификация:</i> білім алушыларға қызықты ойындар мен тапсырмаларды ұсыну. ЖИ бар платформалар арқылы тіл үйренуді ойынға айналдыру білім алушылардың мотивациясын арттырады. Бұл арқылы білім алушылар лексика мен грамматиканы жеңіл әрі қызықты түрде меңгереді
		<i>Қазақ тіліндегі бейнемазмұн:</i> білім алушыларға қазақ тіліндегі видеосабактарды тыңдату немесе көрсету. Қазақша фильм үзінділері, тақырыптық бейнемазмұн және тыңдалым жаттығулары ұсынылуы мүмкін

5. Жеке оқу жоспарын құру

Әр білім алушының білім деңгейі әртүрлі болады, сондықтан ЖИ құралдарын қолдану арқылы жеке оқу жоспарын құру өте маңызды.

Кеңес:

- Деңгейге сәйкес тапсырмалар: ЖИ құралдары білім алушылардың деңгейін анықтап, олар үшін тиісті тапсырмалар мен жаттығуларды автоматты түрде ұсынуы мүмкін. Мысалы, Quizlet және Kahoot! платформалары білім алушылардың білім деңгейіне қарай жеке тапсырмаларды дайындауға мүмкіндік береді.

- Прогресс бақылау: ЖИ платформалары арқылы білім алушылардың прогрессін бақылап, олардың әлсіз тұстарын анықтап, соған сәйкес қосымша тапсырмалар ұсынуға болады.

6. Жасанды интеллектінің шектеулерін ескеру

Жасанды интеллект пайдалы құрал болғанымен, оның шектеулері де бар. Білім алушылардың тілдік қабілеттерін дамытуда тек ЖИ құралдарына ғана сенбеу керек.

Кеңес:

- Адамның рөлі: жасанды интеллект жүйелері тіл үйренушілерге көмекші құрал болса да, педагогтің рөлі маңызды. Білім алушыларға ЖИ арқылы алынған ақпаратты талдап, оның нәтижелерін түсіндіріп, қосымша түсіндіру жұмыстарын жүргізіңіз.

- Жиі қателер: ЖИ жүйелері кейде тілдік қателерді дұрыс анықтамауы немесе сөздерді мәнмәтінде дұрыс түсінбеуі мүмкін. Сондықтан білім алушыларға бұл құралдарды қолданған кезде мұқият болуға және нақты түсініктеме алу үшін педагогтермен кеңесу керектігін айту қажет.

7. Жасанды интеллектіні білім алушының қызығушылығын арттыру үшін пайдалану

ЖИ құралдары білім алушылардың қызығушылығын арттыру үшін шығармашылық әдістермен үйлесімді қолданылуы керек.

Кеңес:

- Тілге қызығушылықты ояту: ЖИ арқылы қазақ тіліне деген қызығушылықты арттыру үшін түрлі қызықты тапсырмалар, тақырыптық жобалар мен ойындар ұйымдастыру.

- Әлеуметтік желілер мен мобильді қосымшалар: білім алушыларды ЖИ-ді қолдана отырып, қазақ тілінде пікірталасқа, блог жазуға немесе басқа да интерактивті жұмыстарға тарту. Instagram, TikTok сияқты әлеуметтік желілерде тіл үйренушілерге арналған контент жасау арқылы олардың тілді шығармашылық тұрғыда үйренуіне мүмкіндік беруге болады.

8. Білім алушылардың өзін-өзі бағалауы мен рефлексиясы

Жасанды интеллектінің көмегімен білім алушылар өз білімдерін тексеріп, рефлексия жасай алады. Бұл әдіс олардың өздігінен білім алуына ықпал етеді.

Кеңес:

- Өзін-өзі тексеру: білім алушыларға өз жұмыстарын Grammarly, Google Docs сияқты құралдармен тексеруді ұсыну арқылы өзін-өзі бағалауды дамыту.

- Рефлексия жасау: ЖИ тапсырмаларының нәтижелеріне қарап, білім алушыларға өз нәтижелерін талқылап, қорытынды жасауға мүмкіндік беріңіз.

Қазақ тілін оқытуда жасанды интеллектіні тиімді қолдану білім алушылардың тіл үйрену процесін әлдеқайда қызықты, динамикалық және нәтижелі етуге көмектеседі. Бірақ ЖИ құралдарын сабаққа енгізу кезінде педагогтің жетекшілігі мен қадағалауы өте маңызды. Жасанды интеллект білім беру процесінде білім алушылардың қызығушылығын арттырып, олардың білімін дамытуға үлкен мүмкіндік береді, бірақ ол тек көмекші құрал болып табылады.

5-сыныпқа арналған қысқа мерзімді жоспар үлгілері (ҚМЖ)

*Алматы қаласы № 157 ЖББМ қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі,
педагог-зерттеуші Алдибекова Асемгул Аширбековнаның іс-тәжірибесінен*

ҚМЖ

Сынып: 5-сынып

Тақырып: Бесік жыры

Оқу мақсаты:

5.1.2.4 Мәтінмен жұмыс жүргізу, ауызша және жазбаша жұмыстар орындау барысында сұрақтарға жауап береді. Жазбаша берілген кестені толтырып өзіндік пікір қалыптастырады.

5.3.1.1 Жазбаша тапсырма бойынша өз жұмысын таныстыру, бағалау және жетілдіру.

Сабақ мақсаты:

- ауызша берілген тапсырма бойынша сұрақтарға жауап береді. Тапсырма жұмыстарын орындайды.

- тыңдалған мәтін мазмұны негізінде өз ойын, пікірін қалыптастырады.

1-тапсырма

Мәтін тақырыбы: «Бесік жыры»

<https://massaget.kz/alem-alaqanda/alem-eldernn-besk-jyiryi-17800/>

1. Дәстүрлі бесік жырлары дегеніміз не?

2. Қандай елдердің бесік жырларымен таныстың?

3. Мәтінен қандай негізгі ойды анықтадың?

4. Түркі халықтарының бесік жырында қандай сауалға жауап іздейді?



2-тапсырма

Сауалнама жүргізіп, толтырып шық.

Рөл	Аудитория	Форма	Тақырып
Ата-анасы 	Балалар	Бесік жырын жырлау	Әлди, әлди, ақ бөпем...
Білім алушы 	Сынып білім алушылары	Эссе	«Бесік жыры» мәтінін оқығанан кейін туған ой....
Мұғалім 	Ата-ана	Пікірлесу	«Бесік жыры – халықтың дәстүрі» тақырыбында сынып сағатын өткізу
Ата-әжесі 	немересі	Үгіт-насихат	Бесік жырын туралы аңыз – ертегі айту

3-тапсырма

Білім алушылар «Pix Verse» платформасы арқылы мультфильм құрау.



№	Дескриптор	Балл (жалпы – 10 балл)
1	Мәтінмен жұмыс жүргізу	2
2	Жазбаша берілген кестені толтырып өзіндік пікір қалыптастырады.	2
3	Жазбаша тапсырма бойынша өз жұмысын таныстыру, бағалау және жетілдіру.	3
4	Жазбаша жұмыстағы сауаттылықты арттыру	3

Сынып: 5-сынып

Тақырып: Шынықсаң шымыр боласың

Оқу мақсаты:

5.1.3.1 тыңдалған мәтіннің мазмұнын түсіну, негізгі және қосымша ақпараттарды анықтау

5.4.1.1 ғаламтор желісінен ізденіс жасау, қажетті ақпараттарды ала білу

Сабақ мақсаты:

- берілген тапсырманы мұқият орындай отырып, өзіндік пікір қалыптастыру

- практикалық және бағалауға негізделген сұрақтарын қояды және оның жауабын береді


1-тапсырма.

Шынықсаң шымыр боласың

1-тапсырма

Білім алушылар спорттың түрлеріне байланысты сәйкестендіру тапсырмасын орындайды.





2-тапсырма

Білім алушылар «CoSpace» арқылы суретті тапсырмалар құрастырады. Сурет мәтіні мен сұрақтарға сүйеніп мәтін құрап жазу. Шынықсаң шымыр боласың тақырыбы бойынша мәтін құрау.



1. Адамдар неге спортпен айналысады?
2. Саған қандай спорт түрлерімен айналысқан ұнайды?
3. Спортпен айналысқанның адамдарға пайдасы қандай?
4. Сен тұратын аудан, қала, ауылда «Спорт кешені» бар ма?
5. Дене шынықтыру сабағында қандай спорт түрлерімен таныстыңдар?
6. Мектепте немесе өзіңе таныс спорт чемпиондарын білесің бе?

7. Спортпен қай кезден бастап айналысқан тиімді?
8. Сенің спорт үйірмесіне қатысқың келеді ме?
9. Спорттық ойындарда жеңіліп қалсаң, спортты тастап кетесің бе?
10. Мектепте күнде бір уақытта жаттығу жасау енгізілсе, өз ойың?

Білім алушылар осы сұрақтарға жауап жазып отырып, еркін ойын білдіруге қалыптасады. Білім алушылардың өздері жазған жауаптарын оқып өз ойларын еркін жеткізеді.

3-тапсырма

Ұлттық ойын түрлері мен спорттық ойын түрлерін ажыратып айтады, ауызша диалог құрап сұхбаттасу.

Спорттық ойын түрлері	Ұлттық ойын түрлері
	
	
	
	

№	Дескриптор	Балл (жалпы – 10 балл)
1	тыңдалған мәтіннің мазмұнын түсіну, негізгі және қосымша ақпараттарды анықтау.	2
2	сыни тұрғыда баға береді	2
3	практикалық және бағалауға негізделген сұрақтарын қояды	3
4	сұрақтарға жауабын береді	3

Сынып: 5

Тақырып: Спорттық жетістіктер

Оқу мақсаты:

5.3.5.1 оқылым және тыңдалым материалдары бойынша негізгі ақпараттарды сақтай отырып, сұрақтарға жауап жазу

5.2.5.1 мәтін мазмұнын түсінуге, негізгі және қосымша ақпараттарды анықтау

Сабақ мақсаты:

-мәтіннің мазмұнын түсінуге, көтерілген мәселе бойынша өз ойын білдіреді.

-негізгі ақпараттарды анықтауға бағытталған сұрақтар құрастырып, жазбаша тапсырма жұмыстарын орындайды

1-тапсырма

Мәтінді оқып, маңызды ақпараттарды белгілеп алу.

Сұрақтар құрастыру.

Бокстан да қазақты таныды әлем!

Қазан айының ортасында Алматыда Балуан Шолақ атындағы спорт сарайында бокстан әлем чемпионаты өтті. Екі аптаға созылған айқас Қазақстан былғары қолғап шеберлерінің айқын жеңісімен аяқталды. Жарысқа шыққан 10 боксшының екеуі ғана жеңіліп, сегізі жартылай финалға жетті. Тарихта тұңғыш рет Қазақ елінің боксшылары әлем чемпионатында 4 алтын, 2 күміс, 2 қола медальға қол жеткізіп, әлемді таңқалдырды. 1983 жылдан бері қарай еліміздің ұлттық құрамасы әлем біріншіліктеріне үздіксіз қатысып келеді. (Айқап журналы)

Медальдар	Медальдар саны	Өз пікіріңді жаз медальдың саны маңызды ма?
	4 алтын	
	2 күміс	

	2 қола	
---	--------	--

1. Қандай чемпионат өтті?
 2. Қазақста құрамасынан қанша бокшы қатысты?
 3. Жартылай финалға қанша боксшы қатысты?
 4. Қай жылдан бастап қатысып келеді?
- 2- тапсырма Өздеріңе ұнаған спорттық ойын түрлеріне байланысты «CoSpace « «Mozaik 3d», « PixVerse» мультфильм құрау.



№	Дескриптор	Балл (жалпы – 10 балл)
1	оқылым және тыңдалым материалдары бойынша негізгі ақпараттарды сақтай отырып, сұрақтарға жауап жазу	2
2	сұрақтар құрастырып, ой қорыту	2
3	жазбаша жұмыстың сауаттылығы	3
4	ғаламтор желісімен ізденіс тапсырмасы	3

Сынып:5

Тақырып: Уақыт алға жетелейді. Бос уақыт.

Оқу мақсаты:

5.1.5.1 тыңдалған мәтін мазмұны негізінде сұрақтарға жауап беру, көтерілген мәселе бойынша өз ойын білдіру.

5.2.5.1 мәтін ішінен керекті ақпараттарды жазу, жанрлық ерекшеліктеріне сай рәсімделуі мен құрылымын сақтап сұрақтарға жауап жазу.

Сабақ мақсаты:

-шығарманы іштей оқиды, ондағы қажетті, маңызды ақпараттарды белгілейді, сыни тұрғыда баға береді.

-практикалық және бағалауға негізделген сұрақтарын қояды және оның жауабын береді.

1-тапсырма. Қызықты деректер арқылы негізгі және қосымша ақпараттарды анықтайды, сұрақтаға жауап береді?

<https://muslim.kz/article/kitap-turaly-en-qyzyqty-dereker>



1. Дүниежүзінде сатылатын кітаптарды қанша жаста асқандар алады?
2. Дүниедегі ең үлкен сөздік қай мемлекетке тиесілі?
3. Дүниедегі ең ауыр кітап қай жерде?
4. О. Бальзак жарты сағатта қанша бет оқыған?
5. Қазіргі кезде ең үлкен кітаптың салмағы қанша?
6. Әлемдегі ең үлкен кітапта қанша бет бар?

2-тапсырма. Мәтін ішінен кейіпкер мен сандар тізбесін құрап жаз

Кейіпкері	Сандар тізбесі	Кітап атауы
О. Бальзак		
Герман Бурхавен		
Билл Гейтс		
Наполеон		
Агата Кристи		

3-тапсырма. «Жасанды интеллект» арқылы суреттер алып, мәтін құрап жазу.

Диалог құрау.

Тапсырма

Өзім кез келген кітапты, кез келген шығарманы оқи бермеймін. Ең алдымен мәтіннің тақырыбы менің назарымды өзіне аударуы қажет. Мазмұны көріктеуіш сөздерден, терең түсініктемелерден алшақ тұруы керек. Айтатын мәселесін нақты және үзбей түсіндіруі керек. Сонымен қатар туындыда жазушының қиялындағы әлем емес, өмірден алынған қысқа әрі нұсқа оқиғалар болу керек. Осындай ерекшеліктері болмаса, ол туындыны

?...




1-тапсырма. Берілген үзіндіде автор журналистің қай сұрағына жауап берген деп ойлайсыз?

- A) Кітапты қай жасыңыздан бастап оқыдыңыз?
- B) Бір кітапты шамамен неше күн оқисыз?
- C) Фантастикалық жанрда жазылған кітаптар оқисыз ба?
- D) Орта сынып білім алушыларына қандай кітапты оқуды ұсынасыз?

2-тапсырма. Журналистің орнында болсаңыз, тағы қандай сауалдар қояр едіңіз?

- 1. _____
- 2. _____
- 3. _____

3-тапсырма. Сіз оқуға кітап тандағанда кітаптың қандай ерекшеліктеріне баса назар аударасыз? Ұсынылған тірек сөздерді тандап, ойыңызды тарқатып жазыңыз.



3-тапсырма « PixVerse»

Бос уақытта демалу, серуендеу



Бағалау критерийлері

№	Дескриптор	Балл (жалпы – 10 балл)
1	тыңдалған мәтін мазмұны негізінде сұрақтарға жауап беру	3
2	көтерілген мәселе бойынша өз ойын білдіру	3
3	жанрлық ерекшеліктеріне сай рәсімделуі мен құрылымын сақтап сұрақтарға жауап жазу	2
4	мәтін ішінен керекті ақпараттарды жазу	2

Сынып: 5

Тақырып: Саяхат – таным бастауы

Оқу мақсаты:

5.2.1.2 шығарманы іштей саналы түрде түсініп, көз жүгіртіп, шолып, түртіп алып, қажетті ақпаратты тауып, белгі қойып, сын тұрғысынан бағалап оқу

5.2.2.1 қолдануға (практикалық) және бағалауға негізделген сұрақтар қою және жауап беру.

Сабақ мақсаты:

- мәтінді іштей оқиды, ондағы қажетті, маңызды ақпараттарды белгілейді, сыни тұрғыда баға береді, ғаламтор желісінен ізденіс жасау.

- мәтінді бойынша практикалық және бағалауға негізделген сұрақтарын қояды және оның жауабын береді.

1-тапсырма

Мәтінді оқып, негізгі ақпараттарды белгілеп алу.

Саяхатқа жиі шығуға жеті себеп

Кей адамдардың саяхаттауға деген құмарлығын айтып жеткізу мүмкін емес. Бұл адамдар саяхаттау үшін ғана жаралғандай. Жаңа қызықты оқиғаларды бастан кешуді жаны қалап тұрады. Ал кейбір адамдар саяхатты дүниетаным кеңейтудің жолы деп емес, тек демалыс деп қана ұғады. Қалай десек те, екі топтағы адамдар да қаражаты мен күш-қуатын саяхатқа жұмсайды. Сіздің қай топқа жататыныңызды білмейміз, алайда саяхаттаудың басты себептерін атап бере аламыз.

1. Демалыс және күш-қуатты қалпына келтіру. Күнделікті күйбең тіршіліктен бір мезет өзге кеңістікке көңіл жүгіртіп көріңізші, қаланың шуы мен дабылынан даланың дархан желі артық емес пе?! Таза ауа мен жасыл табиғат сізге серпін беріп, күш-қуат сыйлайды. Күнделікті мезі етер, шешімі қиын мәселелерден арылып, тыныш табиғатта тыныққанға не жетсін. Бірнеше күн саяхаттап, демалып көріңізші, сергіп қаласыз.

2. Ойын ойнау. Өміріңіз тым бірқалыпты, тұрақты болуы да сізді жалықтырады. Сондықтан саяхаттау арқылы ішкі балалық белсенділігіңізді балалық балақай біліміңізді шыңдайсыз, оятасыз. Әлемге, табиғатқа өзге

талпыныспен, көзқараспен қарайсыз. Бала күніңізде жасамаған әрекетіңізге барып, ойнамаған ойыныңызды ойнап көресіз. Мәселен әткеншекке тербеліңіз, суда жүзіңіз.

1. Сіз қай топқа жатасыз?
2. Сізге саяхаттың қай түрі ұнайды?
3. Саяхаттаудың денсаулыққа пайдасы қандай?
4. Өзің саяхат жасап, отбасыңмен қай жерлерде демалдың?

2-тапсырма

Сұрақтар құрастырып жазу. Суреттер арқылы әңгіме құрау, өзіңнің таңдауың бойынша қай саяхаттауға баратын едің. Ғаламтор желісінен мәліметтер тауып жаз.



Ой-Қарағай



Көлсай



Бурабай



Түркістан



Маңғыстау, Бекет ата



Рахман қайнары

3-тапсырма. «Pix Verse», «CoSpace» «Mozaik 3d» арасынан өзіңе ұнаған бір платформаны таңдап алып, «Ауылға саяхат» тақырыбында мультфильм құрау.



№	Дескриптор	Балл (жалпы – 10 балл)
1	шығарманы іштей оқиды, ондағы қажетті, маңызды ақпараттарды белгілейді	2
2	сыни тұрғыда баға береді, ғаламтор желісінен ізденіс жасау.	2
3	практикалық және бағалауға негізделген сұрақтарын қояды	3
4	сұрақтарға жауап береді	3

Сынып: 5

Тақырып: Қазақ халқының салт-дәстүрлері. Ашамайға мінгізу.

Оқу мақсаты:

5.2.4.1 өлеңді түсініп оқу, мазмұнын түсіну, көнерген сөздерді теріп жазу.

5. 4.1.1 сурет бойынша хабарландыру жазу, сұрақтарға жауап беру.

Сабақ мақсаты:

-өлең мазмұнын түсініп оқу, сұрақтар құрастыру, көтерілген мәселе бойынша өз пікірін қалыптастыру.

-сурет бойынша өз ойын жеткізу, хабарландыру жазу.

1-тапсырма. Өлеңді оқып, мазмұнын айту, көнерген сөздердің мағынасын ашып жазу.

«Бәсіре»

Жылқышы атам қамқоршы асыл еді.

Әкелді де, ерттеді бәсірені.

Үзеңгімді тең теуіп орныққанша.

Бәсірені құлақтан басып еді.

Асау тай мөңкүйтұғын көрінбеді,

Тебінбеді немесе шегінбеді,

Атам тайдың құлағын қоя беріп,

Тізгін-шылбыр ұстатып, тебін! – деді.

Сарт еткізіп бір теуіп мамағашты,

Әзер тұрған асау тай ала қашты.

Бір тентектің үстінде бір тентек бар,

Екі тентек әйдай кеп жағаласты.

Жүйрік желмен біз қашан жарысқалы,

Атамдар да, ауыл да алыстады.

Қос тентектің қылығын көп көрді ме,

Көршілердің иті де қалыспады,

Ұласып иттер дауысы аттан құрды,

Мұқағали Мақатаев

Үзеңгі – ер-тұрман әбзелдерінің бірі. Ерге екі қапталдан қайыс бауы арқылы тағылады.

Екі сурет бойынша хабарландыру жаз. Екі суреттің «Бәсіре» өлеңіне байланысы бар ма? Қандай байланысы бар екенін атап айт.



3-тапсырма. Өзіңе ұнаған бір платформаны таңдап алып, «Pix Verse», «CoSpace» «Mozaik 3d» мультфильм құрау.



№	Дескриптор	Балл (жалпы – 10 балл)
1	өлеңді түсініп оқу, мазмұндау	3
2	көнерген сөздерді теріп жазады	2
3	сурет бойынша хабарландыру жазу	3
4	сұрақтарға жауап береді	2

Сынып: 5

Тақырып: Қиял – адамға тән қасиет

Оқу мақсаты:

5.3.5.1 мәтінді оқу, мазмұны негізінде жоспар құрастырып, жауап беру.

5.2.5.1 негізгі ақпараттарға сүйене отырып, мәтін бойынша берілген тапсырманы орындап, нақты ақпараттарды анықтауға бағытталған сұрақтар құрастыру.

Сабақ мақсаты:

- мәтін мазмұнын түсінуге, нақты ақпараттар анықтауға бағытталған сұрақтар құрастырады.

- мәтін мазмұнына сүйене отырып, берілген тапсырманы орындайды.

1-тапсырма

Мәтінді оқып, сұрақтар құрастыру, жоспар құрып жазу.

Қиял – адамға тән қасиет

Қиял – сыртқы дүние заттары мен құбылыстарды адамның қайтадан жаңғыртып, өңдеп бейнелеуде көрінетін, тек адамға тән құбылыс. Адамда қиял пайда болған кезде ми қабығында бұрын жасалған уақытша байланыстар өзгеріске ұшырап, жаңа нәрселердің бейнесі туып отырады. Уақытша байланыстарды ойша қайта жасап, өңдеу кезінде адамның ішкі ойы шешуші роль атқарады.

Әр адамның қиялы әртүрлі болады. Ол адамның жасына, өмірден көрген-білгеніне, мақсаты мен қызығушылығына байланысты. Қиял шындыққа жақын болса, ол шығармашылыққа оң әсер етеді. Ал мүмкін емес нәрсені қиялдаған адамның ойы айналасындағылар үшін күлкілі болып көрінуі мүмкін. Бірақ қиял қалай да адамның ойын дамытып, оны алға жетелейтінін жоққа шығаруа болмайды.

Қиял адам бойындағы ерік-жігерді де тәрбиелейді. Қиялы мен арманы сай келген бала өскенде мықты, ортасында сыйлы азамат болады. Өйткені қиял арқылы алдағы істің нәтижесін, өмір сүру ортасын байқауға болады.

Сұрақтар

1.....

2.....

3.....
 4....
 5....
 Жоспар
 Кіріспе бөлім
 Негізгі бөлім
 Қорытынды

2-тапсырма. Сенің қиялың немесе арманың қандай? Сен қиялдаған ойың немен сәйкес келеді?

Қиялыңдың байланысы түрлері	Сенің қиялың қайсысымен сәкес келеді?	Өз арманыңа сәйкес келген кестені толтырып жаз
табиғат немесе қоршаған орта 		
техника 		
ертегі кейіпкері немесе әңгіме кейіпкері 		
мультфильм кейіпкері 		
өзіңнің жеке ойыңдағы қиялың 		

3-тапсырма. Өздерің таңдаған немесе қиялың бойынша ертегі құрастыру «CoSpace « «Mozaik 3d», « PixVerse « мультфильм құрау.



№	Дескриптор	Балл (жалпы – 10 балл)
1	мәтінді оқу, мазмұны негізінде жоспар құрастырып, жауап беру	2
2	нақты ақпараттарды анықтауға бағытталған сұрақтар құрастыру	2
3	практикалық және бағалауға негізделген сұрақтарын қояды	3
4	Ғаламтор желісінен өзіндік ізденіс	3

Астана қаласы «NURORDA» мектеп-лицейінің «Қазақ тілі мен әдебиеті» пән мұғалімі, педагог-шебер Бекибаева Сангуль Госмановнаның іс-тәжірибесінен

Сынып: 5

Бөлім: 1-бөлім. Мәдениет: тіл және қарым-қатынас

Тақырып: Тіл – ұлттық қазына

Оқу мақсаты:

5.2.1.1 Ақпаратты түсіну: Мәтіндегі негізгі және қосымша ақпаратты түсіну, анықтау.

5.3.1.1 Жоспар құру: Берілген мәтінге сәйкес кіріспе, негізгі және қорытынды бөлімдерді қамтитын қарапайым жоспар құру.

Сабақ мақсаты:

- мәтіндегі негізгі және қосымша ақпаратты түсінеді және анықтайды;
- берілген мәтінге сәйкес кіріспе, негізгі және қорытынды бөлімдерді қамти отырып, қарапайым жоспар құрайды.

Оқылым

1-тапсырма.

Қымбат қазына

Ертеде бір тілге жүйрік шешен қария көз жұмарында ұлына:

- Балам, «әкем кедей болды» деп қамықпа. Менің саған тастаған көп қазынам бар, соны тауып алып, қадіріне жет, - депті.

Бала кейіннен оны әрі іздеді, бері іздеді, таба алмайды. Арып-ашып жүріп, ауылдағы абыз-ақсақалдарға мұңын шағыпты. Өлгі дана қарт тыңдап болып:

-Е, балам, әке баласына өтірік айтпас болар, ақтық демінде ақиқатын айтқан екен. Әкең өте шешен адам еді, жарықтық. Оның саған қалдырған мол мұрасы – қасиетті тіл. Бәріміз сөздің дәмін келтіріп, қалай сөйлеуді сенің әкеңнен үйренген едік. Дүниеде тілден қымбат, мәңгілік мұра болмақ па, сірә! – деп аталы сөздің жұмбағын шешіп беріпті.

(5-сынып оқулығы, 2007ж)

Мәтіндегі негізгі және қосымша ақпараттарды анықтаңыз, қорытынды ойыңызды білдіріңіз.

Негізгі ақпарат:

Қосымша ақпарат:

Қорытынды ойым:

Жазылым: 2-тапсырма.

«*Тіл – халықтың жаны*» деген тақырыпты пайдаланып, кіріспе, негізгі және қорытынды бөлімдерге жоспар құрып, өз көзқарасыңызды мысалдармен дәлелдеп, пайымдау мәтінін жазыңыз.

3-тапсырма. Gamma платформасы арқылы «Тіл – ұлттық қазына» атты тақырыпқа 4 беттен тұратын презентация жасаңыз.

№	Дескриптор	Балл (жалпы 10 балл)
1	мәтіндегі негізгі және қосымша ақпараттарды түсінеді, оларды анықтап, қорытынды ойын жазады	3
2	Мәтінге сәйкес кіріспе, негізгі, қорытынды бөлімдер бойынша жоспар құрай алады	3
3	Gamma платформасын тиімді қолдана отырып, презентация жасай алды	4

Сынып: 5

Бөлім: 2-бөлім. Киім. Сән.Талғам.

Тақырып: Ең әдемі киім – ұлтыңның киімі

Оқу мақсаты:

5.1.4.1. Тірек сөздер мен жетекші сұрақтар арқылы негізгі ойды анықтау.

5.3.2.1. Жанрлық ерекшеліктеріне сай ресімделуі мен құрылымын сақтап, хат, жарнама, хабарландыру құрастырып жазу.

Сабақ мақсаты:

- тірек сөздер мен жетекші сұрақтар арқылы негізгі ойды анықтайды;
- жанрлық ерекшеліктеріне сай ресімделуі мен құрылымын сақтап, хат, жарнама, хабарландыру құрастырып жазады.

Айтылым: 1-тапсырма.

Төмендегі берілген тапсырмаларды **ChatGPT** платформасы арқылы орындаңыз.

1. «Ең әдемі киім – ұлтыңның киімі» деген тақырыпта сурет таңдап алыңыз.

2. Сурет бойынша тірек сөздер жазыңыз.

3. Тақырып негізінде талдау сұрақтарын жасаңыз.

4. 1- суретке қарап, ұлттық киімнің маңыздылығын түсіндіріп, бір сөйлеммен негізгі ойды анықтап айтыңыз.

5. Суретті сипаттап, «Мен бұл киімді қайда және не үшін киер едім?» деген сұраққа 4-5 сөйлеммен айтып беріңіз.



Жазылым: 2-тапсырма.

1. Классикалық және спорт киім үлгісіне қатысты мектеп білім алушыларына хабарландыру немесе жарнама құрастырып жазыңыз.

Жарнамаға нұсқаулық:

- сән үлгісінің атын ойлап табу;
- сипаттама беру, мәтінін жазу;
- сән үлгісінің суретін салу.

2. «Менің стилім» немесе «Менің сән үлгім» тақырыбында досыңызға хат жазыңыз және **ChatGPT** платформасымен қалай жазады екен, салыстырыңыз.

Бағалау критерийлері

№	Дескриптор	Балл (жалпы 10 балл)
1	тақырыпқа сай сурет таңдалған және тірек сөздерді жазады	2
2	талдау сұрақтарын арқылы негізгі ойды анықтап, өз ойын негізгі оймен ұштастыра алады	3
3	жанрлық ерекшеліктеріне сай құрылымын сақтап, хат, жарнама, хабарландыру құрастыра алады	3
4	тапсырмаларды ChatGPT платформасы арқылы ұтымды қолданады	2

1-сурет сілтемесі: <https://ocsnt.kz/kz/events/item/7122>

Сынып: 5

Бөлім: 3-бөлім. Отбасылық дәстүрлер мен мерекелер

Тақырып: Отбасы – шағын мемлекет

Оқу мақсаты:

5.2.2.1. Лексиканың ауызекі сөйлеу және жазба стильдік айырмашылықтарын мәтіндер арқылы тану.

5.3.3.1. Сюжетті суреттердің (фотосуреттер) желісі бойынша әңгіме құрастыру.

Сабақ мақсаты:

- мәтіннің стильдік ерекшелігін, лексиканың ауызекі сөйлеу және жазба стильдік айырмашылықтарын мәтіндер арқылы түсінеді;
- жазба жұмыстарын әртүрлі формада ұсынады, сюжетті суреттердің желісі бойынша әңгіме құрастырады.

Оқылым: 1-тапсырма.

1. Екі мәтінді мұқият оқыңыз.

1-мәтін.

Ұлттық құндылықты қалай сақтаймыз?

Шерхан Мұртазаның «Ай мен Айша» романында: «Парижде болдым – Париж түсіме кірмеді. Мысырда болдым –Мысыр түсіме кірмеді. Қытай, Моңғолия, Үндістан, Пәкістан, Иранға бардым. Мұқиттың арғы бетіндегі Техаста, Нью-Йоркте болдым – олар да түсіме кірмеді. Баяғыда Мәскеуде бес жыл оқыдым – оны да түсімде көрмедім. Түсімде ылғи балалық шағымды көрдім. Түсіме күн сайын Мыңбұлақ кіреді. Түсімде Ақсу-Жабағылыны көремін. Түсімде ылғи туған үйімді көремін» дейді. Жазушының өзінің туған жерінің бәрінен артық қара шаңырағы екенін жазады.

(«Qadam» оқу-әдістмелік құрал, Астана-кітап: 39-бет)

2-мәтін.

Әңгімемен алданып, абайламай қалған Шыңғыс баласының жалғыз кетіп бара жатқанын көріп, шақырып алды:

- Сен, жалғыз қайда бара жатырсың?
- Атеке, кешегі Мысыққа – әлгі мүсінші балаға келемін деп уәде берген едім. Соған барамын.
- Кейін-ақ бармайсың ба, немене, ол бір жаққа кетіп қалар деп пе едің?
- Уәде беріп, артынан алдасам, ұят емес пе? Бұдан былай ол менің сөзіме сенбейді ғой!
- Ө, жарайды, бара ғой, екі айтпаған жақсы...

(С. Бегалин «Бала Шоқан» әңгімесінен үзінді)

2-тапсырма. Сұрақтарға жауап беріңіз.

1. Әр мәтін несімен ерекшеленеді?
2. Екі мәтіннің тәрбиелік ойын анықтаңыз.
3. Екі мәтінде де қандай отбасылық құндылық айтылады?

4. Берілген мәтіндерді салыстырып, талдаңыз.

Стиль	
1-мәтін	2-мәтін
Мәтіннің тілі	
Мазмұны	

5. Берілген сөйлемді жазба стильге ауыстырыңыз.

Ауызекі сөйлем:

Бәрі күшті болды, атам керемет әңгімелер айтып берді!

Жазба стильде:

Жазылым

3-тапсырма. *Canva* платформасы арқылы «Отбасы – шағын мемлекет» тақырыбында «Ана мен бала» арасындағы отбасы құндылығы туралы 3-4 беттен тұратын суретті комикс әңгіме түрінде құрастырыңыз.



№	Дескриптор	Балл (жалпы 10 балл)
1	лексиканың ауызекі сөйлеу және жазба стильдік айырмашылықтарын мәтіндер арқылы тани біледі	5
2	комикс желісі бойынша тақырып негізінде арнайы платформада әңгіме құрастыра алады	5

Сынып: 5

Бөлім: 4-бөлім. Жануарлар әлемі мен өсімдіктер дүниесі.

Тақырып: Табиғат ғажайыптары

Оқу мақсаты:

5.2.6.1. Оқылым стратегияларын қолдану: жалпы мазмұнын түсіну үшін оқу, нақты ақпаратты табу үшін оқу.

5.4.3.1. Тура және ауыспалы мағыналы сөздерді, көп мағыналы сөздер, омоним, антоним, синонимдерді көркемдік ерекшеліктеріне сай қолдану.

Сабақ мақсаты:

- оқылым стратегияларын қолдануда мазмұнын түсіну үшін оқиды, нақты ақпаратты табу үшін оқиды;

- тура және ауыспалы мағыналы сөздерді, көп мағыналы сөздер, омоним, антоним, синонимдерді көркемдік ерекшеліктеріне сай қолдана алады.

-

Оқылым: 1-тапсырма.

Тұңғық гүлі

Табиғат тұңғықты суда **тіршілік етуіне** бейімдеп, оған құрлықтағы өсімдіктерге ұқсамайтын ерекше қасиеттер беріпті. Адам суда қалқып жүрген жасыл табақшаны көргенде, жапырақ деп ойламауы мүмкін. Қолыңызға ұстап қарасаңыз, табаға піскен нан сияқты қалың екеніне көзіңіз жетеді. Оның ішінде ауа жинайтын қуыстар көп. Сондықтан да мұндай жапырақ суға батпай, қалқып тұрады.

Үнді әйелдері жас **нәрестелерін** «Амазонка тұңғығы» деп аталатын өсімдіктің суда қалқып тұрған жапырағының үстіне жалғыз қалдырып, өздері жұмыстарын істеп жүре береді екен. Бұл тұңғықтың жапырағының көлденеңі екі метрге дейін жетеді. Бұл – нәрестенің еңбектеп ойнауына алаң жеткілікті деген сөз. Ал жапырақ жиектері биік **қақпа** тәрізді жоғары қарай қайрылып тұрғандықтан, бала одан аса алмайды және жапырақпен бірге батып та кетпейді. Жапырақтың мұндай жүк көтергіштігі оның табиғат жасап берген **тамаша** архитектуралық жүйесіне байланысты.

Тұңғық жапырағының осы жүйесін пайдаланып, белгілі ағылшын архитекторы Д. Пакстон Лондандағы жұртқа мәлім хрусталь сарайының жобасын жасапты.

(Қ. Сыбанбеков, «Жасыл әлем сырлары»)

1. Мәтін – «Тұңғық гүл»
2. Тұңғықтың басқа өсімдіктерден басты айырмашылығы неде деп ойлайсыз?
3. Суға батпаудың себебі не?
4. Жүк көтергіштігі неге байланысты деп ойлайсыз?

2-тапсырма. Мәтінді оқып, оқылым стратегияларын қолданыңыздар.

Өзіңізге әсер еткен сөйлемдер	Комментарий (өзіңіз таңдаған сөйлемге ой білдіру)	Мәтінге жалпы пікір

2. Мәтін мазмұны бойынша төмендегі сөйлемдердің шын «Ш» немесе жалған «Ж» екенін анықтаңыздар.


Сөйлемдер	«Ш»	«Ж»
-----------	-----	-----

1. Адам суда қалқып жүрген жасыл табақшаны көргенде, жапырақ деп ойлауы мүмкін.		
2. Кейде бала одан аса алмайды, кейде жапырақпен бірге батып та кетеді.		
3. Сондықтан да мұндай жапырақ судың бетінде, қалқып тұрады.		
4. Д. Пакстон Лондандағы жұртқа мәлім хрусталь сарайының жобасын ұқсатыпты.		
5. Табиғат тұңғықты суда тіршілік етуіне бейімдеген.		

2-сурет.



Үндістандағы «Тұңғық гүлі»



Қазақстанда өсірілген «Тұңғық гүлі»

3. Екі суретті мәтінге сүйене отырып, салыстырыңыз.

Белгілері	Үндістандағы «Тұңғық гүлі»	Қазақстанда өсірілген «Тұңғық гүлі»
Өсу ортасы		
Сыртқы түрі		
Ерекшеліктері		

3-тапсырма. Мәтінде қарамен көрсетілген сөздерің синонимдерін тауып жазыңыз.

2. Тура және ауыспалы мағыналы сөздерді, көп мағыналы сөздер, омоним, антоним, синонимдерді көркемдік ерекшеліктеріне сай **Kahoot** платформасы арқылы **10 сұрақтан** тұратын викториналық сұрақ құрастырыңыз.

№	Дескриптор	Балл (жалпы 10 балл)
1	оқылым стратегияларын қолдануда тапсырмаларды түсініп, нақты орындайды	5
2	Тест құрастыру барысында тура және ауыспалы мағыналы сөздерді, көп мағыналы сөздер, омоним, антоним, синонимдерді көркемдік ерекшеліктеріне сай қолдана алады.	5

2-суретке сілтеме: <https://masterokblog.ru/?p=69917>

Сынып: 5

Бөлім: 8-бөлім. Адамның сыртқы келбеті

Тақырып: Сырт келбет пен ішкі жан дүние

Оқу мақсаты:

5.1.1.1. Тірек сөздер мен ұсынылған иллюстрациялар арқылы тақырыпты болжау;

5.4.4.3. Сын есімдердің, шырай түрлерінің көркемдік ерекшелігін тану, сын есімді зат есім орнына қолдана білу.


Сабақ мақсаты:

- тірек сөздер мен ұсынылған иллюстрациялар арқылы тақырыпты болжайды;

- сын есімдердің, шырай түрлерінің көркемдік ерекшелігін және сын есімді зат есім орнына қолдана біледі.

Айтылым: 1-тапсырма.

1. Суретке қарап болжап, тақырып қойыңыз.
2. Суреттегі кейіпкерлерге байланысты ойыңызды айтыңыз.
3. Адамның сырт келбеті алдамшы болады дегенді қалай түсінесіз?
4. Кейіпкерлердің мінезі қандай болуы мүмкін? Ойыңызды тарқатыңыз.



5. 3- суреттегі адам ертегі кейіпкері болса, оның оқиғасы қандай болар еді деп ойлайсыз? Сол бойынша тақырып ойлап табыңыз.

6. **Тірек сөздермен болжау.** Төменде берілген сөздерге сүйеніп, сырт келбеті сыйпатталған адамның өмірі немесе әңгімесі қандай тақырыпта болуы мүмкін екенін болжаңыз.

Тірек сөздер: бет әлпеті, көңіл күйі, киім үлгісі, қимылы, көзқарасы, қарым-қатынасы, сыпайылығы.

Жазылым.

2-тапсырма. 1. «Нағыз сұлулық неде?» деген тақырыпта Ұлы Абай мен қазіргі адам (блогердің) сұхбатын жазыңыз. Бұл туралы **ChatGPT** не жазатынын қараңыз. Өзіңіздің жазғаныңызға сәйкес келе ме?

Сұхбат:

Абай	Блогер

2. Жазылған сұхбаттың ішінде кездесетін сын есімдерді теріп алып, оларға шырай формаларын жалғап, түрлендіріңіз.

Үлгі: ақ- ақшыл, ақшылдау, аппақ.

3. Көркем мінезге қатысты төмендегі ұлы адамдардың пікірлерімен келісетін немесе келіспейтінізді білдіріп, «Екі жақты күнделік» әдісімен ойыңызды тарқатып жазыңыз.

«Екі жақты күнделік»

Ұлы адамдардың	Менің ойым ...
----------------	----------------

пікірі	
И.Гете: «Мінез-құлық – әркім өзінің кейпін көрсететін айна»	
Абай: «Адамға мінез-құлық үш түрлі адамнан жұғады екен. Бірінші ата-анадан, екінші ұстазынан, ал үшінші құрбы-жолдастарынан. Қайсысын көбірек жақсы көрсе, сол кісіден көбірек алады екен»	

3-суретке сілтеме: <https://images.app.goo.gl/DX2iBr9hu9Z3wUJs5>

№	Дескриптор	Балл (жалпы – 10 балл)
1	тірек сөздер мен ұсынылған иллюстрациялар арқылы тақырыпты болжай алады	5
2	сын есімдердің, шырай түрлерінің көркемдік ерекшелігін және сын есімді зат есім орнына қолдана біледі	4
3	ЖИ жүйесін тиімді қолданады	1

Сынып: 5

Бөлім: 9-бөлім. Аспан әлемінің құпиялары

Тақырып: Ғаламның ғажайыптары

Оқу мақсаты:

5.3.3.1 сюжетті суреттердің (фотосуреттер) желісі бойынша әңгіме құрастыру;

5.4.4.4 сан есімнің мағыналық түрлерін ажырата білу, сан есімді зат есім орнына қолдана білу.

Сабақ мақсаты:

- сюжетті суреттердің желісі бойынша әңгіме құрастырады;
- сан есімнің мағыналық түрлерін ажыратады, сан есімді зат есім орнына қолдана біледі.

Жазылым: 1-тапсырма.

1. «Мен Марсқа ұштым» деген тақырыпта 4-фотосурет желісі бойынша 70 сөз көлемінде қиял-ғажайып әңгіме құрастырып жазыңыз.



4-сурет

2. «Аспан әлемінің сырлары» туралы **Gamma платформасы** арқылы қызықты 5 бетті презентация дайындаңыз.

3. Өзіңізді болашақ ғалым кейіпкері ретінде ғаламның ғажайыптарына **сценарий** құрастырыңыз.

- қайда және қандай мақсатта сапар шегіп жатқаныңызды анықтаңыз (Ай, Марс, галактика, жұлдыз).

- қандай ғаламшарды зерттеп, жаңалық ашқыңыз келеді?

- кімдер үшін маңызды деп санайсыз?

Әдеби тіл нормалары: 2-тапсырма.

1.Сөйлемдерді сан есімнің мағыналық түрлеріне қарай сәйкестендіріңіз.

Сан есімнің мағыналық түрлері	Сөйлемдер
Есептік сан есім	Біздің галактикада жай көзге көрінбейтін 200 миллиардтай жұлдыз бар деген болжам жасалды.
Реттік сан есім	Ғалымдар галактикалардың жасы 12-15 миллиардқа жуық жыл аралығында құрайды деп санайды.
Жинақтық сан есім	Аспандағы жай көзбен көрінетін самсаған 6000 жұлдыз біздің галактикада деп аталатын бір ғана бөлікке енеді.
Топтау сан есім	Өмір сүруге ыңғайлы бір ғаламшар 2007 жылы табылған.

Болжалдық сан есім		2020 жылдары Юпитер жүйесін зерттеуге кіріспек.
Бөлшектік сан есім		Күн сәулесі электромагнитті сәулелердің 7 түрін қамтиды.

2. Kahoot платформасы арқылы ғаламның ғажайыптарына байланысты викториналық ойын құрастырыңыз. Викториналық тапсырмада сан есімнің мағыналық түрлерін де ескеріңіз.

№	Дескриптор	Балл (жалпы – 10 балл)
1	- жазба жұмыстарына түрлеріне байланысты фотосурет желісі бойынша қиял-ғажайып әңгіме құрастыра алады - ғаламның ғажайыптарына сценарий құрастырып жаза алады - ЖИ-ді тиімді пайдалана отырып, презентация жасай біледі	2 3 2
2	- сан есімнің мағыналық түрлерін ажырып, сәйкестендіре алады	3

4-суретке сілтеме: <https://gclnk.com/C1UzxRbG>

Сынып: 5

Бөлім: 10-бөлім. Саяхат және демалыс

Тақырып: Табиғат аясында демалудың пайдасы

Оқу мақсаты:

5.2.5.1. Мәтін мазмұнын түсінуге, нақты ақпараттарды анықтауға бағытталған сұрақтар құрастыру.

5.3.5.1. Оқылым және тыңдалым материалдары бойынша негізгі ақпараттарды сақтай отырып, жинақы мәтін жазу.

Сабақ мақсаты:

- мәтін бойынша сұрақтар құрастыра білу, мәтін мазмұнын түсінуге, нақты ақпараттарды анықтауға бағытталған сұрақтар құрастырады;
- оқылым бойынша негізгі ақпараттарды сақтай отырып, жинақы мәтін жазады.

Оқылым.

1-тапсырма. Мәтінді түсініп оқыңыз.

1-мәтін

Туризм демалыс күндері мен мереке күндері өтілетін белсенді және танымдық демалыстың біріне жатады. Сондықтан тиімді пайдалану маңызды.

Автокөліктердің, поезд немесе басқа да дыбыстар, шулы әуендер адамның көңіл-күйіне кері әсер етеді.

Австриялық ғалымдардың айтуынша, шуылдар адам өмірін 8-12 жылға қысқартады екен. Осы шуылдардан құтылу үшін адамдарға демалуға уақыт жете бермейді. Әлеуметтанушылардың пікірі бойынша ұйқыға, тамақ ішуге жұмсалғаннан басқа жылына 300 сағат бос уақытымыз бар екен. Ал біз 1 жылда 58 сағатты ғана табиғатты тамашалауға жұмсаймыз. Оны бір күнге шаққанда 4-ақ минутты құрайды екен. Ал дәрігерлер туризммен айналысатын адамдардың 1,5 есе аз ауыратынын растап отыр.

Аристотельдің айтуынша, әрекет жасамағаннан сорақы ешнәрсе жоқ. Осыдан жүз жыл бұрын әр адам дене жұмысының 90 пайызын өзі атқарған. Ал қазіргі техниканың дамуына байланысты бұл көрсеткіш едәуір төмендеген.

XVIII ғасырда өмір сүрген француз дәрігері Тиссон: «Қозғалыс кез келген дәрі-дәрмектің әсерін алмастыра алады, ал барлық дәрі-дәрмек қозғалыстың орнын басуға дәрменсіз. Демалыс - еңбек тәрізді белсенді болуы керек» дейді. Ал қазіргі туризм осыған сәйкес келеді. Туризмнің өзі - қозғалыс. Әр адам өзіне қаншалықты қозғалу қажет екенін өзі анықтап алуы керек немесе дәрігердің көмегімен анықтау керек. Сондықтан да адам ағзасына пайдасы зор екенін білеміз.

Туризм бұдан басқа адамның ішкі жан дүниесін байытады, мінез-құлқын тәрбиелеуге әсерін тигізеді.

<https://www.zharar.com/kz/diplom/16880-turistik.html>

1. **«5 проблемалық сұрақ және жауап» әдісі** арқылы мәтін мазмұнын түсінуге сұрақтар құрастырыңыз.

Сұрақ		Жауап
Не себепті?	5	
Неге?		
Неліктен?		
Ненің салдарынан		
Не үшін ...?		

2. Мәтіндегі нақты ақпараттарды анықтауға бағытталған **«Блум түймедағы» әдісі** бойынша сұрақтар құрастырыңыз.

1. Қарапайым сұрақ:

2. Анықтаушы сұрақ:

3.Интерпретациялық (түсіндіруші) сұрақ:

4. Шығармашылық (егер, болса, қалай болар еді?) сұрақ:

5. Бағалау (неліктен ...) сұрақ

6. Тәжірибелік (өмірмен байланыстыру) сұрақ:

Жазылым.

2-тапсырма. 1-мәтіндегі негізгі ақпараттарды сақтай отырып, «Саяхат адамға не береді?» деген тақырыпта **Canva платформасы** арқылы 5-6 кадрдан тұратын комикс түрінде жинақы мәтін жазыңыз.

Түсініктеме:

Жинақы мәтін – бастапқы мәтіндегі негізгі идеялар мен ақпараттарды сақтай отырып, мәтін көлемін ықшамдау және өңдеу.

Комикс жасау үшін басты қадамдарды ескеріңіз.

1. Мәтінді қысқарту – негізгі ойды және маңызды оқиғаларды анықтаңыз

2. Кадрларға бөлу – оқиғаны логикалық бөлімдерге бөліңіз.

3. Диалогтер мен репликалар жазу – кейіпкердердің сөйлеуін қысқа әрі нақты жазыңыз.

4. Суретпен толықтыру – әр кадрдың мазмұнына сай иллюстрациялар жасаңыз.

№	Дескриптор	Балл (жалпы 10 балл)
1	мәтін мазмұнын түсінуге, нақты ақпараттарды анықтауға бағытталған сұрақтарды құрастыра біледі.	5
2	оқылым бойынша негізгі ақпараттарды сақтай отырып, жинақы мәтін жазады.	3
3	арнайы платформа арқылы жинақы мәтін жаза алады.	2

6-сыныпқа арналған қысқа мерзімді жоспар үлгілері (ҚМЖ)

Астана қаласы № 55 орта мектебінің қазақ тілі мен әдебиеті пән мұғалімі, педагог-зерттеуші Нуркина Акжан Марденовнаның іс-тәжірибесінен ҚМЖ

Сынып: 6

Бөлім: Ұлттық және отбасылық құндылықтар. Фонетика. Екпін, оның түрлері

Тақырып: Отбасы – шағын мемлекет

Оқу мақсаты:

6.2.5.1 мәтіннен негізгі және қосымша ақпаратты, көтерілген мәселені анықтауға бағытталған нақтылау сұрақтарын құрастыру:

6.3.2.1 жанрлық және стильдік ерекшеліктеріне сай құрылымын сақтай отырып мінездеме, құттықтау құрастырып жазу.

Сабақ мақсаты:

Ұлттық және отбасылық құндылықтар негізінде нақтылау сұрақтарын құрастырып, құрылымын сақтай отырып құттықтау жазады.

1-тапсырма

Мәтінді мұқият оқып, кемінде 5 негізгі ақпарат пен 5 қосымша ақпаратты кестеге түсіріңіз.

Отбасы дегеніміз – бұл шағын мемлекет. Мемлекеттің шаңырағы биік, керегелері тең, уықтары нық болуы үшін ұлттық бағытта тәрбие берудің маңызы жоғары. Ұлттық дәстүрлерден қол үзушілік тәрбиенің қайнар көзінен үзушілікке әкелетінін, ұрпақтар байланыстығы мен сабақтастығын бұзатынын, адамгершіліктің құлдырауын, еңбектің тәрбиелік мәнін құнсыздандыратынын тарихи тәжірибе қуаттап отыр.

Еліміздің болашағы бала тәрбиесінде отбасылық құндылықтарды, ұлттық тәлім-тәрбиені дұрыс насихаттау арқылы жүзеге асады. Жаңа Қазақстан үшін қазақ өркениетін дамыту, салт-дәстүрін, әдет-ғұрпын, тілін ұлттық құндылықтар аясында кеңейту – өзекті мәселенің бірі. Сондықтан алдымызда тұрған үлкен мақсат – ұлттық мұра құндылықтарын қазіргі таңның мәдени жетістіктерімен үйлестіру. Отбасы – мемлекеттің іргетасы. Отбасы – адам баласының өсіп – өнер, қанат жайып түлеп ұшатын алтын ұясы. Адамзат өміріндегі мейірімділік пен адалдық, адамгершілік пен тектілік секілді асыл қасиеттерді бойына жинайтын жандар, отбасындағы тәрбиеден бастау алады. «Отан – отбасынан басталады» дегендей отанды сүю – отбасынан басталатыны рас! Себебі, отбасы – бала тәрбиесінің ең алғашқы баспалдағы. Оның ер жетіп, бойжетіп өсуі, бойындағы алғашқы адамгершілік қасиеттерінің белгілері отбасында қалыптасады. Барлығымызға белгілі – әлемдегі біздің ең шынайы байлығымыз – ол, әрине біздің отбасымыз.

Өз ұлтын қадірлеп, қастерлеген, ұлт қадірін білген азаматтың бірі Ж.Аймауытов: «Мен халыққа кіндігіммен байланып қалғанмын. Оны үзе алмаймын. Үзу қолымнан келмейді» - дейді. Бұл дегеніміз бір адамзаттың тағдыры, тәрбиесі күллі ұлттың тәрбиесіне байлаулы деген сөз. Отбасы – жеке құндылықтарды қалыптастырудың қайнар көзі, тәрбиенің бастауы, әр үйде балалар санасына ұлттық құндылықтарға деген көзқарастарды, салт-дәстүрлер мен әдет-ғұрыптарды, даналық сөздерді, тәрбиенің жоғарғы үлгілерін сіңіретін

де отбасы. Осы негізде отбасынан жалғасын табатын құндылықтар негіздерін ұмыт қалдырмай, жаңғыра түсейік, рухани болмысымызды жоғалтпайық!


<https://adyrna.kz/post/151351>

	Негізгі ақпарат	Қосымша ақпарат
	Ұлт тағдыры мен тәрбиесі – жеке адамның тәрбиесіне тікелей байланысты.	Ж.Аймауытовтың «Мен халыққа кіндігіммен байланып қалғанмын» деген сөзі мысал ретінде келтірілген.

2-тапсырма. Мәтіннен ақпарат табу мен түсінуге арналған сұрақтар мен мәтін мазмұнын талдау, пікір білдіру сұрақтарын сәйкестендіріңіз.

А. ақпарат табу мен түсінуге арналған сұрақтар

Б. мәтін мазмұнын талдау, пікір білдіру сұрақтары

Отбасы неліктен шағын мемлекетке теңеледі?		Б
»Отан – отбасынан басталады» деген сөз мәтіндегі қандай ойды дәлелдейді?		А
Ұлттық тәрбие мен отбасы арасындағы байланыс қандай?		Б
Жүсіпбек Аймауытовтың сөзі мәтіндегі негізгі идеяны қалай толықтырады?		А
Ұлттық дәстүрлерден қол үзудің қандай зиянды салдары бар деп көрсетілген?		А
Отбасы қандай ұлттық құндылықтарды баланың бойына сіңіреді деп айтылған?		Б

3-тапсырма. ЖИ-суретке қарап құттықтау сөздің тақырыбын болжаңыз.



«Отбасылық құндылық» тақырыбында жанрлық және стильдік ерекшеліктеріне сай құрылымын сақтай отырып құттықтау хат құрастырып жазыңыз.

Сілтемеге өту арқылы құттықтау жазу нұсқаулығымен танысыңыз.

<https://youtube.com/shorts/ocIG5RZGxTo?feature=share>

№	Дескриптор	Балл (жалпы – 10 балл)
1	мәтіннен негізгі және қосымша ақпаратты анықтайды	2
2	көтерілген мәселені анықтауға бағытталған нақтылау сұрақтарын құрастырады	2
3	мәтіннен ақпарат табу мен түсінуге арналған сұрақтар мен мәтін мазмұнын талдау, пікір білдіру сұрақтарын сәйкестендіреді	3
4	жанрлық және стильдік ерекшеліктеріне сай құрылымын сақтайды	1
5	құттықтау хат құрастырып жазады	2

ҚМЖ

№2

Сынып: 6

Бөлім: Астана – мәдениет пен өнер ордасы

Тақырып: Бәйтерек

Оқу мақсаты: 6.3.3.1 ұсынылған тақырып бойынша деректер жинақтай отырып, графиктік мәтін (диаграмма, кесте, сызба) түрінде құрастыру

Неологизм, термин, диалект сөз, кәсіби сөздердің қолданыс аясын түсіну және ажырата білу

Сабак мақсаты: ұсынылған тақырып бойынша деректер жинақтай отырып, графиктік мәтін (диаграмма, кесте, сызба) түрінде құрастырады; неологизм, термин, диалект сөз, кәсіби сөздердің қолданыс аясын түсініп және ажырата біледі.

1-тапсырма

Мәтінді түсініп оқып, ұсынылған тақырып бойынша деректер жинақтаңыз және кестені толтырыңыз

Бәйтерек монументі

Бәйтерек монументі – Қазақстан астанасы Астана қаласындағы ең танымал сәулет ескерткіштерінің бірі.

Бұл монумент Тәуелсіз Қазақстанның нышаны ретінде 2002 жылы Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың бастамасымен салынған. «Бәйтерек» сөзі қазақ тілінде «үлкен ағаш», «тіршілік ағашы» деген мағына береді және ол қазақ халқының өмір мен болмысты түсінуіндегі мифологиялық ұғымдарға негізделген.

Сәулеттік ерекшеліктері:

Монумент металл, әйнек және бетон материалдарына жасалған.

Ішінде үш деңгейлі кеңістік бар:

Жерасты бөлігі – көрме залдары мен дәмхана орналасқан.

Жер үсті бөлігі – негізгі тірек бағандары мен жеделсаты орналасқан.

Шар ішіндегі алаң – панорамалық көрініс алаңы

Алтын шар (әйнек шар):

Бұл шар қазақ мифологиясындағы Самұрық құсы салған күн жұмыртқасын бейнелейді.

Ішіндегі биіктіктен Астананың көрінісі ашылады.

Сондай-ақ, ішінде «Аялы алақан» атты композиция бар, онда Қазақстанның Тұңғыш Президенті Нұрсұлтан Назарбаевтың алақанының ізі орнатылған. Бұл – ел бірлігі мен тұрақтылықтың белгісі ретінде қабылданады.

Тарихи маңызы:

Бәйтерек монументі Қазақстанның елордасын Алматыдан Астанаға көшіру құрметіне арналып тұрғызылған.



1997 жылы Астана жаңа астана болып жарияланды, ал монумент 2002 жылы салынды.

Туристік маңызы:

Бәйтерек – Астанаға келген туристердің ең бірінші баратын орны.

Жаз мезгілінде және мерекелер кезінде мыңдаған адам келіп тамашалайды.

Ол Қазақстанның жаңа бет-бейнесі мен даму бағытының символына айналған.

Бәйтерек – Қазақстанның жаңаруын, болашаққа ұмтылысын және ұлттық бірлікті білдіретін маңызды символ. Ол елорданың басты көрікті жерлерінің бірі болып саналады және туристер мен қала тұрғындарының сүйікті орнына айналған.

<https://chatgpt.com/share/6815f746-a884-8001-87c0-5b6a840be1b8>

Орналасқан жері	
Бәйтерек монументінің салынған жылы	
Биіктігі	
«Бәйтерек» сөзінің мағынасы	
Монумент кімнің бастамасымен салынды?	
Сәулеттік ерекшеліктері	
Алтын шар	
Тарихи маңызы	
Туристік маңызы	

2-тапсырма. Мәтінді реттілігі бойынша орналастырыңыз.

Бәйтерек – Қазақстанның жаңаруын, болашаққа ұмтылысын және ұлттық бірлікті білдіретін маңызды символ	4
Бәйтерек монументі Қазақстанның елордасын Алматыдан Астанаға көшіру құрметіне арналып тұрғызылған	6

198

2

Бәйтерек монументі – Қазақстан астанасы Астана қаласындағы ең танымал сәулет ескерткіштерінің бірі	
Жерасты бөлігі – көрме залдары мен кафе орналасқан	1
»Бәйтерек« сөзі қазақ тілінде «үлкен ағаш», «тіршілік ағашы» деген мағына береді	5
1997 жылы Астана жаңа астана болып жарияланды, ал монумент 2002 жылы салынды	3

3-тапсырма. ЖИ. «Wordwall» әдісі арқылы термин сөздер мен жаңа сөздерді тиісті орнына қойыңыз

Керекті сөздер: мифология, композиция, металл, бетон, жеделсаты, монумент, дәмхана, турист, елорда, символ

<https://wordwall.net/ru/resource/91512228>

Термин сөздер	Жаңа сөздер

№	Дескриптор	Балл (жалпы – 10 балл)
1	мәтінді түсініп оқиды, деректерді жинақтайды	2
2	кесте, сызба түрінде құрастырады	2
3	мәтіннің реттілігін анықтайды	3

4	термин сөздердің қолданыс аясын түсінеді	1
5	термин сөздер мен жаңа сөздерді ажырата біледі	2

ҚМЖ

Сынып: 6

Бөлім: Су – тіршілік көзі. Қазақстандағы өзен-көлдер

Тақырып: Су – тіршілік көзі.

Оқу мақсаты:

6.1.5.1 тыңдалған мәтін мазмұны бойынша жалпы және нақты сұрақтарға жауап беру, мәтіндегі ақпаратты шынайы өмірмен байланыстыру;

6.2.4.1 ауызекі және ресми стильдегі мәтіндердің тақырыбын, мазмұнын, тілдік ерекшелігін салыстыру;

Сабақ мақсаты:

Тыңдалған мәтін мазмұны бойынша жалпы және нақты сұрақтарға жауап беру, мәтіндегі ақпаратты шынайы өмірмен байланыстырады ;

ауызекі және ресми стильдегі мәтіндердің тақырыбын, мазмұнын, тілдік ерекшелігін салыстырады

1-тапсырма. Мәтінді тыңдап, жалпы және нақты сұрақтарға жауап беріңіз және шынайы өмірмен байланыстырыңыз.

Су –тіршілік көзі



1. Неге суды тіршілік көзі дейді?
2. Табиғатта су қандай күйде кездеседі?
3. Адам үшін судың маңыздылығы қандай?
4. Адам күніне неше литр су ішу керек?
5. Суды үнемдеудің жолы қандай?
6. Суды ластамау үшін не істеу керек?

2-тапсырма. Ауызекі және ресми стильдегі мәтіндердің тақырыбын, мазмұнын анықтаңыз

1-мәтін

Хабарландыру!

Суды үнемде – болашағыңды қорға!

Су – өмірдің қайнар көзі. Ол тіршілік үшін ауадай қажет. Алайда бүгінде таза ауыз су тапшылығы бүкіл әлемде өзекті мәселеге айналып отыр.

Сізден сұралатын басты міндет – суды үнемдеу және ластамау.

- Су ашық күйде ағып қалмасын!
- Қажетсіз жерге төкпеңіз!
- Таза судың әр тамшысы – болашақтың кепілі!

Таза су – ортақ байлығымыз!

Оны сақтау – әр адамның азаматтық парызы.

2- мәтін

Мәдина:

- Сәлем, Нұржан! Сен білесің бе, су адамның денсаулығы үшін өте пайдалы екен.

Нұржан:

- Сәлем, Мәдина! Иә, мен де оқыдым. Су ағзадағы барлық процестерге қатысады екен ғой.

Мәдина:

- Дұрыс айтасың. Мысалы, су ас қорытуға көмектеседі, денені тазартады, шаршауды азайтады.

Нұржан:

- Иә, таңертең бір стакан су ішкен өте пайдалы дейді. Ол ағзаны оятады екен.

Мәдина:

- Рас. Су терінің сұлулығына да әсер етеді. Көбірек су ішкен адамның терісі таза әрі жарқырап тұрады.

Нұржан:

- Мен енді газды сусынның орнына су ішетін болдым. Ол әлдеқайда пайдалы.

Мәдина:

- Жақсы шешім! Суды дұрыс пайдалансақ, денсаулығымыз да жақсы болады.

Нұржан:


- Келісемін. Енді достарымызға да судың пайдасы туралы айтып жүрейік.

Мәдина:

- Әрине! Су – өмірдің негізі ғой!

Мәтіндер	Мазмұны	Тілдік ерекшелігі
1-мәтін		
2-мәтін		

3-тапсырма. ЖИ. Шүмектегі ағып тұрған су жайлы суретті көріп «Сенің ойыңша, білім алушылар бұндай жағдайда не істеу керек?».... деген сұраққа жауап беріңіз.



№	Дескриптор	Балл (жалпы – 10 балл)
1	мәтінді тыңдайды	2
2	жалпы және нақты сұрақтарды ажырата алады	2
3	ақпаратты шынайы өмірмен байланыстыра алады	3
4	ауызекі және ресми стильдегі мәтіндердің тақырыбын, мазмұнын анықтайды	1
5	тілдік ерекшелігін салыстырады	2

Сынып: 6

Бөлім: Спорт. Белгілі спорт жұлдыздары

Тақырып: Көкпар – ұлттық ойын.

Оқу мақсаты:

6.3.1.1 Әртүрлі жанрдағы мәтіндерді жазу үшін құрылымын ескере отырып, қарапайым жоспар құру

6.4.1.4 Етістіктің етіс түрлері мен салт- сабақты етістіктердің тіркесімдік мүмкіндігін ауызша және жазбаша тілдесім барысында қолдану

Сабақ мақсаты:

Әртүрлі жанрдағы мәтіндерді жазу үшін құрылымын ескере отырып, қарапайым жоспар құрады;

етістіктің етіс түрлері мен салт- сабақты етістіктердің тіркесімдік мүмкіндігін ауызша және жазбаша тілдесім барысында қолданады.

1-тапсырма. Мәтін бөліктері бойынша жасалған түйінді сөйлемдерден қарапайым жоспар құрыңыз

Көкпар – ұлттық ойын.

Көкпар – ұлттық ат спорты ойындарының бірі. Ойынның атауы «көк бөрте» (лақ) сөзінен шыққан.

Дәстүрлі қазақ қоғамында Көкпарға жасқа толған серкенің семізі таңдалған. Семіз серке терісі жыртылмайды. Орташа салмағы 70-80 келідей болады. Басқа малдың терісі жыртылғыш болғандықтан Көкпарға тартпайды.



Көкпар – Орталық Азия халықтары арасында кең тараған ойын түрі. Ол қырғыз, өзбек тілінде «Улак тартыш», тәжік тілінде «бузкаши» деп аталады. Көкпар тарту сияқты ұлттық ат спорты ойындары басқа да Шығыс елдерінде де бар. Ауғанстанда кең тараған «бузавиш» ойыны Көкпарға өте ұқсас. Сондай-ақ, Аргентина халқының да Көкпарға ұқсас ат спорт ойыны болған.

Көкпар жігіттердің күш-жігерін, төзімділігін, батылдығы мен ептілігін, ат үстінде мығым отыруын қалыптастырады. Сонымен қатар Көкпар – аттың қалай бапталып үйретілгенін, жүйріктігін де сынайтын спорт. Көкпар жаппай және дода тартыс болып екіге бөлінеді. Жаппай тартыста әркім Көкпарды өзі иелік етуге тырысады. Дода тартыста құрамы бірдей екі топ сынға түседі. Мұны кейде «марта тарту» деп те атайды.

Қазақстанда 1949 жылы Көкпар жарысының ережесі бекітілді.. Жарыс басталар сәтте командалар орталық шеңбердің сыртында тұрады. Жарыс алаңындағы төрешінің хабары бойынша басталады. Көкпар тарту қатысушылардың санына байланысты 8-15 минут аралығында өтеді. Көкпаршылардың мақсаты – орталық шеңберде жатқан Көкпарды өз командасының «отауына» жеткізу. Көкпар «отауға» жеткізілгеннен кейін, ойын алаң ортасынан қайта басталады. Белгіленген уақыт ішінде қай команда Көкпарды өз «отауына» көп жеткізсе, сол жеңіске жетеді.

<https://massaget.kz/22-nauriz/kokpar-ulttyik-at-sportyi-oyyinyi-9179/>

Кіріспе бөлім

Негізгі бөлім

Қорытынды бөлім

2-тапсырма. Көп нүктенің орнына қажетті етістіктерді қойып, етіс түріне ажыратыңыз.

К – Көкпар деген ежелден көк бөрте сөзінен

Ө – Өзбек тілінде «Улақ тартқыш деп ---

К - Көкпар жігіттердің күш-жігерін, төзімділігін, батылдығы мен ептілігін, ат үстінде мығым отыруын

П - Көкпар жаппай және дода тартыс болып екіге

А - Арнайы семіз серке терісі ...

Р - Қазақстанда 1949 жылы Көкпар жарысының ережесі ...

3-тапсырма. ЖИ Learning.Apps «Мозайка» әдісімен мәтін бойынша сұрақтарға жауап беріңіз.



<https://learningapps.org/watch?v=p1mqae09n25>

1. Көкпар атауы қандай сөзден шыққан?
2. Көкпарға қандай түлік тартылады?
3. Қазақстанда Көкпар ережесі қашан бекітілді?
4. Көкпарды тағы қай елдер ойнайды?
5. «Марта тарту» деген қандай әдіс болып саналады?
6. Көкпар ойнайтын жігіттер қандай болуы керек?

№	Дескриптор	Балл (жалпы – 10 балл)
1	Мәтін бөліктерін түсініп оқиды	2
2	әртүрлі жанрдағы мәтіндерді жазу үшін құрылымын жаза біледі	2
3	қарапайым жоспар құра алады	3
4	етіс түрлерінің жасалу жолын біледі	1
5	етістікті етіс түріне ажыратады	2

ҚМЖ

Сынып: 6

Бөлім: Ғылым мен технология жетістіктері. Пунктуация

Тақырып: Жаңа технология жетістіктері

Оқу мақсаты:

6.2.1.1 мәтіннен негізгі және қосымша, детальді ақпаратты анықтау, түсіндіру


6.3.5.1 оқылым және тыңдалым материалдары бойынша негізгі ойды

білдіретін сөйлемдерді іріктей отырып, жинақы мәтін жазу

Сабақ мақсаты:

Мәтіннен негізгі және қосымша, детальді ақпаратты анықтайды, түсіндіреді;

оқылым және тыңдалым материалдары бойынша негізгі ойды білдіретін сөйлемдерді іріктей отырып, жинақы мәтін жазады.



1-тапсырма. Мәтінді оқып, негізгі және қосымша детальді ақпаратты анықтаңыз

Жаңа технология жетістіктері

Қазіргі заманда жаңа технологиялар адам өмірінің барлық саласына терең еніп, үлкен өзгерістер алып келуде. Ғылым мен техниканың дамуы қоғамның тұрмыс-тіршілігін жеңілдетіп, өндіріс пен білім беру, медицина, көлік, байланыс, ауыл шаруашылығы сияқты салаларда зор жетістіктерге қол жеткізуге мүмкіндік беріп отыр.

Жаңа технологиялардың негізгі жетістіктері:

Ақпараттық технологиялар: компьютер, смартфон, интернет, жасанды интеллект, бұлтты технологиялар кең таралды.

Онлайн білім беру, электронды кітаптар, виртуалды сыныптар өмірге енді.

Медицина саласы: Роботталған операциялар, гендік инженерия, телемедицина, диагностиканың автоматтандырылған жүйелері дамыды. Жасанды мүшелер мен дене протездері жоғары сапалы әрі функционалды бола бастады.

Көлік және логистика: Электромобильдер, пилотсыз көліктер, интеллектуалды көлік жүйелері пайда болды. Жүк тасымалдауда дрондар мен автоматтандырылған жүйелер қолданыла бастады.

Өндіріс және робототехника: Өнеркәсіпте роботтар мен автоматтандырылған құрылғылар қолданылады.

3D-принтерлер арқылы күрделі бұйымдар, тіпті үй-жайлар да басылып шығарылады.

Байланыс және ақпарат алмасу: 5G желісі арқылы интернет жылдамдығы артты. Әлемдік ақпараттар бір сәтте қолжетімді болды.

Жасанды интеллект пен нейрондық желілер: Ақылды жүйелер деректерді өңдеп, шешім қабылдауға көмектеседі. Чат-боттар, дауыспен басқарылатын құрылғылар кең қолданысқа ие болуда.

Қорытындылай келе, жаңа технологиялар қоғамның қарқынды дамуына әсер етіп, адамның өмір сапасын арттыруда. Алайда бұл жетістіктермен бірге киберқауіпсіздік, жұмыссыздық және жеке мәліметтердің қорғалуы сияқты мәселелер де қатар жүруде. Сондықтан технологияны тиімді әрі жауапкершілікпен қолдану маңызды.

<https://chatgpt.com/share/681609c0-6d7c-8001-9b44-99fa50c2bcfe>

1-тапсырма. Детальді ақпараттармен сызбаны толықтырыңыз.



2-тапсырма. Негізгі ойды білдіретін сөйлемдерді іріктей отырып, жинақы мәтін жазыңыз.

3-тапсырма. ЖИ. Padlet тақтасына SWOT талдау әдісі арқылы ғаламтордың пайдасы мен зияны жайлы өз көзқарасыңызды білдіріңіз.

<https://padlet.com/tmhynhnj48/swot-m3609kzvwpq9zz9>

Мықты	Әлсіз
Мүмкіндік	Қауіп-қатер

№	Дескриптор	Балл (жалпы – 10 балл)
1	мәтіннен негізгі және қосымша детальді ақпаратты анықтайды	2
2	көтерілген мәселені анықтауға бағытталған нақтылау сұрақтарын құрастырады	2
3	негізгі ойды білдіретін сөздерді іріктейді	2
4	жинақы мәтін жазады	2
5	ғаламтордың пайдасы мен зияны жайлы өз көзқарастарын білдіреді	2

*Астана қаласы № 101 жайлы мектебінің қазақ тілі мен әдебиеті пән мұғалімі,
педагог-зерттеуші Калибаева Сая Уалхановнаның іс-тәжірибесінен*

Сынып: 6

Тақырыбы: **Бурабай ұлттық саябағы**

Оқу мақсаты:

6.1.3.1 тыңдалған мәтіннің мазмұнын түсіну, детальді ақпаратты анықтау;

6.4.1.1. Тақырып бойынша жеке сөздер, бірге, бөлек және дефис арқылы жазылатын сөздерді орфографиялық нормаға сай жазу.

Сабақ мақсаты:

-тыңдалған мәтіннің мазмұнын түсініп, детальді ақпаратты анықтайды;

-тақырып бойынша берілген сөздерді орфографиялық нормаға сай жазады.



1-тапсырма. Мәтінді мұқият тыңдап, детальды ақпараттарды анықтаңыздар.

Мәтін бойынша «Жедел тест» тапсырмасын орындау.

<https://www.youtube.com/watch?v=MugutAYNMxs>

4. «Бурабай» көлі теңіз деңгейінен _____ биіктікте орналасқан. Бурабайда _____, _____, _____ және «Жұмбақтас» бар.
3. Алакөл емдік шипажаймен танымал. Көлдің суы _____, _____, _____ бай болғандықтан дертке шипа.
2. Іле Алатау 1996 жылы _____, _____ мен _____ қорғау мақсатындағы саябақ. Ең биік шыңы _____ шоқысы.
1. «Баянауыл» ұлттық табиғи саябағы. Ол _____ орналасқан. Баянауыл көне заманнан қазақ халқының атамекені болып табылады. Мұнда ежелгі дәуірден сыр шертетін _____ мүсіндері көп.

Тыңдалым мәтіні.

Ақмола облысының солтүстігінде «Бурабай» ұлттық паркі орналасқандығы баршамызға мәлім. Бурабайдың тау-тасы да, көлі де, жазық даласы да ертегілер мен аңыздарға толы. Көкше жеріндегі Бурабайдың тамаша табиғаты, тылсым бейнесі – қарағайлы орманы, бір-бірінен көлдері арқылы бөлініп жатқан қатпарлы жартастары, биік құз басындағы тастары мен шыңдары небір бейнені көз алдыға елестетеді.

Қазақстан Республикасы Президенті Іс Басқармасының «Бурабай» мемлекеттік табиғи ұлттық паркі 2000 жылы тамызда құрылды.

Бурабайдың әрбір қия тасына аңыздар негізінде және бейне ерекшелігіне қарай ат қойып отырған: Оқжетпес, Жұмбақтас. «Жұмбақтасты» бір қырынан қарасаң – бұрымды жас қызға балайсың, екінші қырынан қарасаң - орамал тартқан келіншекке балайсың, үшінші қырынан қарасаң – бетіне әжім түскен кемпірге балап таңқаласың.

Бурабай көлдеріне Бурабай, Шортанды, Үлкен Шабакты, Кіші Шабакты, Қотыркөл жатады. Сонымен қатар Сары-арқаның, Көкшетау тауларының аралығында бір-біріне жақын орналасқан ұсақ көлдер тобы бар. Олар суының тазалығымен ерекшеленеді.

Дескриптор:

- мәтінді тыңдайды
- детальды ақпаратты анықтайды
- тест тапсырмасын орындайды

2-тапсырма.

Оқылым мәтініндегі морфологиялық ұстаным бойынша жасалған күрделі сөз бен сөз тіркестерін жазыңдар.

Дескриптор:

- Оқылым мәтініндегі морфологиялық ұстаным бойынша жасалған күрделі сөз бен сөз тіркестерін жазады;
- Ойын дәлелдейді.
- айырмашылықтарын ажыратады.

3-тапсырма



<https://learningapps.org/createApp.php> сайты арқылы «Бурабай ұлттық саябағы» тақырыбында сұрақтар арқылы кроссворд құрастыру

Сынып: 6

Тақырыбы: Алтынемел ұлттық саябағы


Оқу мақсаты:

6.1.1.1. Мәтіннің атауын талқылау және алғашқы бөлігін тыңдау арқылы көтерілетін мәселені болжау.

6.4.1.1. Тақырып бойынша жеке сөздер, бірге, бөлек және дефис арқылы жазылатын сөздерді орфографиялық нормаға сай жазу.

Сабақ мақсаты:

- Мәтіннің атауын талқылай алады.
- Бөлімдерін тыңдай отырып, көтерілген мәселені болжай алады.
- Тақырып бойынша жеке сөздер, бірге, бөлек және дефис арқылы жазылатын сөздерді орфографиялық нормаға сай жаза алады.



1-тапсырма

Тыңдалым тапсырмасы.

«Стоп-кадр» әдісі

«Алтынемел саябағы» туралы бейнебаянның алғашқы бөлігі көрсетіледі. Кадр тоқтатылып, екінші жартысы болжанады.

<https://www.youtube.com/watch?v=ooKmaeH7atM>

Сұрақ: 1. Мәтіннің алғашқы бөлігінде қандай мәселе қозғалып тұр?

2. Екінші бөлікті болжаңыз: «Алтын емелге туристерге есік ашық болса, тағы басқа қандай мәселе туындап кетуі мүмкін?»

Білім алушыларды қолдау мақсатында «Попс» формуласы беріледі.


«Попс» формуласы

- Бірінші сөйлем «Менің ойымша,...»
- Екінші сөйлем «Себебі, мен оны былай түсіндіремін ...»
- Үшінші сөйлем «Оны мен мына фактілермен, мысалдармен дәлелдей

аламын ...»

Білім алушылар топта өз болжамдарымен бөліседі.

«Болжау» кестесінің сол жақ бөлігін толтырады. Кесте тақтаға ілініп тұрады.



Бейнебаянның жалғасы көрсетіледі. Білім алушылар өз болжамдарымен бейнебаяндағы нұсқаны салыстырады. Кестенің оң жақ бағанын толтырады.

Соңғы сөйлем «Осыған байланысты мен мынадай қорытынды шешімге келдім ...»

Дескриптор:

- Әр топ екі-үш болжам жазады
- Өз ойын білдіреді;
- Себебін түсіндіреді;
- фактілермен, мысалдармен дәлелдейді;
- қорытынды шешімін айтады.

2-тапсырма.

Бірігіп жазылған сөздердің астын сызып, ережесін түсіндіріңдер.

Таутеке, арқар елік шапқылаған,
Бүркіті қыран болып жарқыраған,
Сазанменен көксерке, ақмарқалар,
Кең көлінде ұландай боп шалқыған.
Алтынемел, асуың асқақтаған,
Әдемі ғой табиғатың тас қаптаған.
Шыныменде тауып қойған жерімізге,
Лайық па атауыңа басқа ат саған.

Дескриптор:

- бірігіп жазылған сөздердің астын сызып, көшіріп жазады;
- ережесін түсіндіреді.

3-тапсырма.

Топтарға бөлініп, Алтынемел ұлттық бағы туралы Canva немесе

PowerPoint қосымшалары арқылы презентация дайындау немесе видео-таныстырылым дайындау

№3

Сынып: 6

Тақырыбы: Бозжыра, Шарын шатқалдары

Оқу мақсаты:

6.2.6.1 оқылым стратегияларын қолдану; комментарий жасау, іріктеп оқу, рөлге бөліп оқу;

6.3.5.1 оқылым және тыңдалым материалдары бойынша негізгі ойды білдіретін сөйлемдерді іріктей отырып, жинақы мәтін жазу.

Сабақ мақсаты:

-Мәтін бөліктерінен қажетті мәліметтерді іріктейді.

-Мәтінде берілген ақпаратқа комментарий жасайды.

-Мәтін материалдары бойынша жинақы мәтін жазады

1-тапсырма

«Іздену» әдісі.

Әр топқа мәтін үзінділері беріледі. Мәтін үзіндісінен нақты ақпараттарды іріктеп, комментарий жасаңыз. Кестеге түсіріңіздер.

Тақырыбы	Нақты мәлімет	Комментарий
Бозжыра	Бекет-ата мешітіне барал жолда кездесетін ерекше мекен Бозжыра шатқалы. Бозжыра Маңғыстауда орналасқан. Жер бедерінің химиялық, органикалық, биологиялық түрлерінің қосындысынан тұрады.	Не десек те қазақ жерінің таңғажайыбы қараған жанды таңғалдырмай қоймайды. Ал оған өз аяғыңмен барып, көзіңмен көргенге не жетсін!?

«Шатқал» тобының мәтіні

Кең байтақ қазақ жері байлыққа ғана толы емес, сұлулыққа да тұнып тұр. Ұшы-қиыры жоқ дала мен аспанмен таласқан таулары адамзат баласын өзіне тәнті етпей қоймайды. Шетелдіктерді тамсандырған еліміздің үздік 10 өлкесінің ішінде Бозжыра мен Шарын шатқалдары кіреді.

«Бозжыра» тобының мәтіні

Бекет-ата мешітіне барал жолда кездесетін ерекше мекен Бозжыра шатқалы. Маңғыстаудағы ерекше таудың бейнесін Қазақстанның 1000 теңгесінен де көруге болады. Кез-келген альпинист пен саяхатшы бұл өлкені көруге міндетті деп есептейді көпшілік. Себебі өлкенің көз тартарлық сұлулығы мен қайталанбас

пейзажы мың құбылады. Бірнеше миллион жылдар бойы тау түзілімдерінің бұзылуынан пайда болған төрткілдер күн шұғыласымен ерекше көрінеді. Мамандардың айтуынша, жер бедерін қалыптастырудың үш түрі болады: химиялық, органикалық, биологиялық. Бұл шатқал осы үшеуінің қосындысының нәтижесінде пайда болған екен.

«Шарын» тобының мәтіні

Ал Алматы облысы, Райымбек ауданында орналасқан Шарын шатқалы Қазақстанның көрікті жерлерінің бірі. Шарын шатқалы табиғатының әсемдігі мен көзтартар ерекше сұлулығымен белгілі. Шарын шатқалында биіктігі 150-300 метрге дейін жететін «Қамалдар аңғары», «жалмауыз кемпір шатқалы» және т.б. құмды жарлар бар. Жергілікті халық шатқалды «қорғанды қамалдар аңғары» деп атайды. Ғалымдардың зерттеуінше, шатқалға 12 миллион жыл болған. Әйтседе, Шарын шатқалының табиғаты жануарлар мен өсімдіктерге бай. Өңірде құстардың 103, бауырмен жорғалаушылардың 25, сүтқоректілердің 62 түрі мекендейді. Шатқалда өсетін 1500 өсімдіктің 17 түрі «Қазақстан Республикасының Қызыл кітабына» енген.

Дескриптор

1. Мәтінді түсініп оқиды.
2. Мәтіннен негізгі ақпараттарды іріктейді.
3. Кестеге түсіреді, комментарий ұсынады.

2-тапсырма. «Кім жылдам» әдісі арқылы топтарға тапсырма.

Сыңарын тауып, дәптерге жаз.

бір	барыс	ақ	тұмсық	қол	қарақшы
ақ	қазан	алты	бақа	суық	торғай
жеті	бақан	жол	сүйек	мүйіз	қу

2. Мәтіннен біріккен сөздерді тауып, сөйлем құрастырыңдар.

3. Мәтіннен күрделі сөздерді табыңдар. Ережесін айтыңдар.

Дескриптор

- Сыңарын табады.
- Мәтіннен біріккен сөздерді табады, дұрыс жазылуына көңіл бөледі, сөйлем құрайды.
- Мәтіннен күрделі сөздерді табады, ережесін айтады.

3-тапсырма

«Kahoot» әдісі арқылы білім алушылардың жаңа тақырып бойынша білімдерін жинақтау (тест).

1. Бекет-ата мешітіне барар жода кездесетін шатқал?
А) Ақсу Ә) Бозжыра Б) Шарын В) Жалмауыз кемпір

2.Маңғыстаудағы ерекше таудың бейнесін Қазақстанның қай теңгесінен көруге болады?

А) 200 Ә) 500 Б) 1000 В) 5000

3. Мамандардың айтуынша жер бедерін қалыптастырудың неше түрі бар?

А) 5 Ә) 4 Б) 3 В) 2

4. «Шарын» шатқалы қайда орналасқан?

А) Маңғыстау Ә) Батыс Қазақстан Б) Оңтүстік Қазақстан В) Алматы облысы

5. Ғалымдардың зерттеуінше «Шарын»шатқалына қанша жыл болған?

А)12млн. Ә) 13млн. Б) 14млн. В) 15млн.

6. Шатқалда өсетін 1500 өсімдіктің қанша түрі «Қызыл кітапқа» енген?

А) 13 түрі Ә) 15 түрі Б) 12 түрі В) 17 түрі

7. Өңірде құстардың қанша түрі мекендейді?

А) 103 Ә) 105 Б) 107 В) 109

Сынып: 6

Тақырыбы: Су – тіршілік көзі.

Оқу мақсаты:

6.2.5.1. Мәтіннен негізгі және қосымша ақпаратты, көтерілген мәселені анықтауға бағытталған нақтылау сұрақтарын құрастыру.

6.4.4.1. Сөйлемдегі есімдіктің қызметін түсіну, Сөйлемдегі есімдіктің қызметін түсіну

Сабак мақсаты:

-Мәтіннен негізгі және қосымша ақпаратты, көтерілген мәселені анықтауға бағытталған нақтылау сұрақтарын құрастырады.

- Сөйлемдегі есімдіктің қызметін түсінеді.

1-тапсырма. Мәтінді толық түсініп оқып,негізгі және қосымша ақпаратты іріктеп жаз.

Сусыз тіршілік жоқ, ол бүкіл тірі жан иесінің бойында бар.

Жер бетіндегі ең көп тараған зат – су. Глобусқа немесе жартышарлар картасына қарайықшы онда жершарының төрттен үш бөлігі көгілдір түске боялған.Ол – су: мұхиттар, теңіздер, өзендер көлдер. Судың біразы жер астына шоғырланған. Мұның бәрі – сұйық күшіндегі су.Мұздықтар мен айсбергтер де қатып қалған су болып табылады.Су атмосферада да аз емес, онда ол бұлт, тұман,бу және жаңбыр мен қар түрінде болады.Табиғатта қоспасы жоқ, тап – таза су дегенді таппайсың. Таза суды тек лабораторияда ғана алуға болады. Ондай судың ешбір дәмі жоқ, онда тірі организмге қажетті тұздар да болмайды. Теңіз суының құрамында өте көп мөлшерде еріген тұздар бар, оның ішуге жарамайтыны сондықтан.Суды алғаш 1781-82 жыл ағылшын ғалымы Г.Кавендиш синтездеген.1783 жылы А.Лавуазье сутегі жанғанда оттегімен қосылып суға айналатынын дәлелдеді. 1785 жылы А. Лавуазье. француз ғалымы Ж .Мёньмен бірге судың сандық құрамын анықтады.

Су – 0 градуста қатып, 100 градуста қайнайды. Табиғатта таза су кездеспейді, онда еріген түрлі қоспалар болады, сондықтан ауыз суды, өндірістік мақсаттарға қажет суды арнайы тазартады.

Негізгі ақпараттар	Қосымша ақпараттар

Дескриптор:

Мәтінді оқиды.

Мәтіннің мазмұнын талдайды.

Негізгі және қосымша ақпараттарды анықтайды

2-тапсырма

Мәтінге есімдікті қосып, қайта өңдеп жаз

Жер бетіндегі ең көп тараған зат – су. Глобусқа немесе жартышарлар картасына қарайықшы онда жершарының төрттен үш бөлігі көгілдір түске боялған. Ол – су: мұхиттар, теңіздер, өзендер көлдер. Судың біразы жер астына шоғырланған. Мұның бәрі – сұйық күшіндегі су. Мұздықтар мен айсбергтер де қатып қалған су болып табылады. Су атмосферада да аз емес, онда ол бұлт, тұман, бу және жаңбыр мен қар түрінде болады. Табиғатта қоспасы жоқ, тап – таза су дегенді таппайсың. Таза суды тек лабораторияда ғана алуға болады.

Дескриптор:

- Мәтінге есімдікті қосып, қайта жазады.

-топта талқылайды.

-есімдіктің қызметін түсінеді.



3-тапсырма

<https://quizizz.com> платформасы арқылы «Су - тіршілік көзі» тақырыбына 5 сұрақ-жауап дайындау.

Сынып: 6

Тақырыбы: Белгілі спорт жұлдыздары. Күш атасы – Қажымұқан

Оқу мақсаты:

6.3.2.1. Жанрлық және стильдік ерекшеліктеріне сай құрылымын сақтай отырып, мінездеме, құттықтау, өмірбаян құрастырып жазу.

6.4.4.2. Етістіктің етіс түрлері мен салт- сабақты етістіктердің тіркесімдік мүмкіндігін ауызша және жазбаша тілдесім барысында қолдану.

Сабақ мақсаты:

-Жанрлық және стильдік ерекшеліктеріне сай құрылымын сақтай отырып, мінездеме, құттықтау, өмірбаян құрастырып жазады.

- Етістіктің етіс түрлері мен салт- сабақты етістіктердің тіркесімдік мүмкіндігін ауызша тілдесім барысында қолданады.

1-тапсырма

«Күш атасы-Қажымұқан» мәтінін тыңдап,Қажымұқанның өмірбаянын құрастырып жаз

Қажымұқан 1871 жылғы 7 сәуірде Ақмола уезіне қарасты Сарытерек болысының Жәдік деген елді мекенінде дүниеге келген. Кедей жанұядан шыққан Қажымұқан орыс байларына жалданып, жұмыс істейді. Уақыт өте келе күрес жолына түсіп, той-жиындарда халықтың назарына ілігіп, «бала балуан» атанады. Ол кезде байға жалданып, күн көріп жүрген бала Мұқанға жұмыстың ауыры жоқ еді. Мұқан арбаны да өзі сүйреп, ауыр қапты да бұйым көрмей ұршықша иіріп әкетіп, бес адамның жұмысын жалғыз өзі атқаратын болған. Осылайша, бала кезінен бастап Мұқан туралы аңыз ауыл арасына тарап кетеді. Қажымұқанның арғы аталары да қарулы, айбатты батырлар болған. Қажымұқан Қобыланды батырдың 11 ұрпағы деген де деректер бар. Балuanның анасы да, әжесі де осал болмаған. Қажымұқан небәрі 12-13 жасында вагон сүйреуден орыстың 6 бірдей мұжығымен жарысқан. Ол кезде күш, техника жетіспейді. Қызылжар жақта жүк тасушы болып жұмыс істеп жүрген кезінде бір өзі 1 вагонды сүйреп, 6 орыстан озып кетеді екен. Бұдан бөлек батып бара жатқан өгізді сүйреп алып шыққан. Қажымұқан – күрес өнерінің бірнеше түрін жетік меңгеріп, бәсекелестерінен басым түсіп, әлем чемпионы атағына қол жеткізген тұңғыш қазақ батыры. Дүние жүзінің 28 мемлекетін аралап, сол жердің саңлақтарымен белдесіп, 56 медаль иеленген. Көрші жатқан Ресей жерінің өзінде де Қажымұқанға тең келетін балуан жоқ еді. Иван Поддубный, Иван Шемякин, Иван Заикин, Алекс Аберг, Георг Лурих, Поль Понс, Вейланд Шульц сынды балуандармен бірге боз кілемде күштері таудай балуандарды шеттерінен жығып, алтыннан алқа таққан Қажымұқан қазақ жерінің нағыз мақтанышына айналған.

Дескриптор:

-Мәтінді оқып, мазмұнын түседі.

-өмірбаянын құрастырады.

-Мәтін материалдары бойынша жинақы мәтін жазады

2-тапсырма

«Спорт жұлдыздары» тақырыбында диалог құрастыру

Дескриптор:

- диалог құрастырады.
- құрылымын сақтайды
- ойын жүйелі жеткізеді

3-тапсырма

<https://wordwall.net> платформасы арқылы Қажымұқан жайлы 5 ақиқат 5 жалған дерек дайындап, сынып арасында талқылау



Сынып: 6

Тақырыбы: Астана – болашақтың қаласы

Оқу мақсаты:

6.1.4.2 Әлеуметтік-мәдени, ресми-іскери тақырыптарға байланысты диалог, монологтердегі (нұсқаулық, құттықтау, хабарландыру, өмірбаян, жаңалық, интервью) көтерілген мәселені талдау.

6.3.1.4 Эссе тақырыбынан ауытқымай, абзац түрлерін жүйелі құрастырып, көтерілген мәселе бойынша келісу-келіспеу себептерін айқын көрсетіп жазу.

Сабақ мақсаты:

- монологте көтерілген мәселені талдайды.
- эссе тақырыбын өмірмен байланыстырады.
- эссенің құрылымын сақтайды.

1-тапсырма: «Төрт бұрыш» тәсілі

Төрт бұрышқа төрт түрлі сөйлем жазылған қағазды қараңыз, өздеріңе жақын суреттің қасына барып, соған байланысты өз пікірлеріңді білдіріңдер.

Еліміздің бүкіл әлемге танылуында Астананың ролі зор	Астана-болашақтың қаласы
EXPO-2017 көрмесіндегі басқа елдер ұсынған жобалар	Астанаға қатысты поэзиялық, прозалық шығармалар бойынша туынды

Дескриптор:

- суреттің мазмұнын түсінеді.
- өз пікірін білдіреді.
- ойын жүйелі жеткізеді

2-тапсырма: «Шанышқы» әдісімен эссе жазу

Ж. «Астанамның өркендеуіне үлес қоса аламын ба?» тақырыбына кіріспе, негізгі, қорытынды бөлімдерін сақтай отырып эссе жаз

Дескриптор:

- эссенің құрылымын сақтайды.
- өмірмен байланыстырады.
- ойын жүйелі жеткізеді

3-тапсырма**Сынып: 6**

Тақырыбы: Тұңғыш олимпиада чемпионы атанған қазақ.

Оқу мақсаты:

6.1.3.4 Мәтіннің құрылымдық ерекшелігіне назар аудара отырып, жетекші сұрақтар арқылы негізгі ойды анықтау.

6.3.1.2 Жанрлық және стильдік ерекшеліктеріне сай құрылымын сақтай отырып, мінездеме, құттықтау, өмірбаян құрастырып жазу.

Сабақ мақсаты:

- Мәтіннің құрылымдық ерекшелігіне назар аударады.
- Жетекші сұрақтар арқылы негізгі ойды анықтайды.
- Стильдік ерекшеліктерді сақтай отырып, құттықтау
- хат құрастырып жазады.

1-тапсырма. Бейнетаспа Ж.Үшкемпіров туралы көрсетіледі.

Интербелсенді тақта <http://www.kaztrk.kz>

«Тұңғыш олимпиада чемпионы атанған қазақ» мәтінін тыңда.Мәтіннің құрылымдық ерекшелігіне назар аудара отырып негізгі ойды анықта.

«Кім?Қайда?Қашан?» әдісі

- »**Кім**» сұрағы. Ж.Үшкемпіров туралы мағлұмат береді.
- «**Қайда**» сұрағы.Қай жерлерде жеңіс тұғырынан көрінгенін баяндайды.
- »**Қашан**»сұрағы.Жеңіске жеткен даталарды айтады.

Дескриптор:

- мәтінді тыңдайды
- сұрақтарға жауап береді.
- негізгі ойды анықтайды.

2-тапсырма Ж.

«СМС хат» әдісі.

-Тұңғыш олимпиада чемпионы атанған қазақ-Жақсылық Үшкөмпіровке құттықтау хат жаз.

Дескриптор:

- кейіпкерді құттықтап хат жазады.
- жанрлық және стильдік ерекшеліктерін сақтайды.
- ойын жүйелі жеткізеді.



3-тапсырма

ЖИ көмегімен «Менің сүйікті қалам - Астана» тақырыбына эссе жаз.

Сынып: 6

Тақырыбы: **Күй атасы – Құрманғазы**

Оқу мақсаты:

6.2.1.5 Мәтіннен негізгі және қосымша ақпаратты, көтерілген мәселені анықтауға бағытталған нақтылау сұрақтарын құрастыру

6.3.2.3 Ұсынылған тақырып бойынша деректер жинақтай отырып, графиктік мәтін (диаграмма, кесте, сызба) түрінде құрастыру.

Сабақ мақсаты:

- мәтінінен негізгі және қосымша ақпаратты анықтайды.
- нақтылау сұрақтарын құрастырады.
- деректер жинақтай отырып, сызба түрінде құрастырады.

1-тапсырма

«Талдап білу» әдісі

Білім алушыларға «Күй атасы-Құрманғазы» мәтіні беріледі. Білім алушылар мәтінмен танысып, ортада талқылайды.

Құрманғазы Сағырбайұлы (1823-1896) — қазақтың ұлы күйші-композиторы. Қазақтың аспапты музыка өнерінің классигі. Туып-өскен жері Бөкей хандығы, қазіргі Батыс Қазақстан облысының Жаңақала ауданына қарасты Жиделі деген жер. Топырақ бұйырған орны — Астрахан облысының бұрынғы »Шайтани батага», қазіргі »Құрманғазы төбе» деп аталатын жер.Шыққан тегі — Кіші жүз, он екі ата Байұлынан өрбіген Сұлтансиықтың Қызылқұрт бұтағы болып табылады. Құрманғазының жетінші атасы Ерші деген кісі от тілді, орақ ауызды, сөз дарыған адам болыпты. Ал, нағашы жұрты — Беріш руы. Қалмақ шапқыншылығы кезінде асқан ерлігімен көзге түскен Ағатай батырдың есімі исі Берішке ұран болған. Одан берідегі Өтеміс би, Махамбет Өтемісұлы, Исатай Тайманұлы бір ғана Беріш руының емес, исі қазақтың ардақты ұлдары. Құрманғазының әкесі Сағырбай

(шын аты Дүйсенбай деген сөз бар) өнерге мойын бұра алмаған, шаруа адамы болыпты.

Талқылаушы берілген мәтіннен негізгі және қосымша ақпаратты анықтайды.

Белгілеуші мәтін мазмұны бойынша сұрақ дайындайды.

Байланыстырушы мәтіндегі тарихи шындықты өмірмен байланыстырады.

Дескриптор:

1. Берілген мәтіннен негізгі және қосымша ақпаратты анықтайды.
2. Мәтін мазмұны бойынша сұрақ құрастырады.
3. Мәтіндегі тарихи шындықты өмірмен байланыстырады.

2-тапсырма

«Себеп-салдар диаграммасы»

« Күй атасы – Құрманғазы» мәтінінен күйлер мен шығу тарихын себеп-салдар диаграммасына орналастыр.

Дескриптор:

1. Күйлер мен шығу тарихын диаграммаға жазады.
2. Құрманғазының күйлерін орындайтын күйшілерді атайды.
3. Диаграмманы дұрыс толтырады

3-тапсырма <https://www.educaplay.com> платформасы арқылы Құрманғазы өмірі мен шығармашылығы туралы тест құрастыру



7-сыныпқа арналған қысқа мерзімді жоспар үлгілері (ҚМЖ)

Астана қаласы Ж.Аймауытұлы атындағы №24 қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі, педагог-модератор Алина Айжан Бахтовнаның іс-тәжірибесінен

Пәні: Қазақ тілі

Сынып: 7

Сабақтың тақырыбы:

Синонимдер арқылы мәтінді жинақтап жазу

Оқу мақсаты:

7.3.4.1 оқылым/тыңдалым материалдары бойынша тірек сөздер мен сөз тіркестерін синонимдік қатармен ауыстыра отырып, жинақы мәтін жазу немесе жасанды интеллектіні қолдану

Сабақтың мақсаты:

Білім алушылар тыңдалым және оқылым материалдарын түсініп, тірек сөздерді синонимдермен алмастырып, қысқаша мазмұн құрайды және бір тапсырмада жасанды интеллектіні тиімді пайдаланады.

Тапсырма 1. Оқылым және сөздікпен жұмыс (топтық жұмыс)

Мәтін: «Білімді ұрпақ – болашақ кепілі» атты 150–200 сөздік мәтін беріледі.

Білімді ұрпақ – болашақ кепілі

Білім – адамзат өркениетінің алтын діңгегі, ұлттың рухани тірегі. Әрбір елдің болашағы – оның білімді, тәрбиелі, жауапкершілікті ұрпағына байланысты. «Білімді ұрпақ – болашақ кепілі» деген терең мағыналы тіркес бүгінгі күні бұрынғыдан да өзекті. ХХІ ғасыр – білім мен инновация ғасыры. Бұл кезеңде тек табиғи ресурстарға ғана емес, адам капиталына – яғни білім мен ғылымға сүйенген елдер ғана алға шыға алады.

Қазіргі таңда елімізде білім беру жүйесіне баса мән беріліп, білім алушының функционалдық сауаттылығын, шығармашылық әлеуетін, сыни ойлау қабілетін дамыту басты мақсатқа айналып отыр. Мұндай құндылықтарды бойына сіңірген ұрпақ – мемлекетіміздің бәсекеге қабілеттілігін арттыра түседі. Мектеп – осы ізгі қасиеттердің бастауы. Ал ұстаз – ұрпақ бойына білім мен тәрбие дәнін егуші басты тұлға.

Ұлттық болмысын сақтап, жаһандану көшінен қалмай, ғылым мен технологияны меңгерген, өз елінің патриоттары болатын жастар – Қазақстанның нық әрі жарқын болашағы. Ендеше, әр білім алушының жүрегіне білім шырағын жағу – бәрімізге ортақ жауапкершілік. Білімді ұрпақ – тек елдің емес, адамзат өркениетінің де іргетасын берік ететін басты күш.



<https://dingek.kz/kogam/strong-t-rkistan-bilimdi-rpa-lt-bolasha-y-strong/>

Міндеттер:

Мәтіннен 10 тірек сөзді анықта.

Әр тірек сөзге 2 синоним жаз.

Берілген тірек сөздерді синонимдермен ауыстырып, 5–6 сөйлемдік жинақы мәтін құрастыр.

Бағалау критерийі:

Тірек сөздерді дұрыс анықтайды.

Синонимдерді орынды қолданады.

Сөйлем құрылымы мен логикасы сақталған.

Тапсырма 2. Жасанды интеллектімен жұмыс (жұптық/жеке жұмыс)

Нұсқаулық:

ChatGPT немесе Google Bard платформасына мына тапсырманы енгіз:

«Мына мәтінді қысқартып, тірек сөздердің синонимін қолданып, 5 сөйлемге жинақтап беріңіз...»

Өз мәтінің мен ЖИ-дің берген мәтінін салыстыр.

Қандай сөздерді ЖИ өзгертті? Не себепті?

Кеңейту бағыттары:

ЖИ көмегімен синонимдердің стилистикалық реңкін анықтау.

«Неліктен бұл синоним таңдалды?» деген сұраққа жауап жазу.

ЖИ-ден алынған мәтінді түзету/қайта өңдеу ұсынылады.

Тапсырма 3. Жазылым (жеке жұмыс)

Тақырып: «Мен үлгі тұтатын тұлға»

Міндет:

Өзің үлгі тұтатын адамды сипаттайтын 5 тірек сөз таңда.

Әр сөзге 2–3 синоним жаз.

Синонимдерді қолданып, 6–8 сөйлемдік сипаттама жаз.

Қосымша талап:

Мәтінде кемінде 3 сөйлемде синоним қолданылсын.

1 сөйлемді метафора немесе теңеу арқылы кеңейт.

Тапсырма 4. Тыңдалым негізіндегі тапсырма (жұптық/топтық)

Мазмұны: Қазақтың көрнекті тұлғасы туралы шағын аудио/бейнемәтін тыңдатылады (мысалы, Ахмет Байтұрсынұлы туралы).

Міндет:

Тыңдалымнан кейін 5 тірек сөз жаз.

Сол сөздердің орнына синоним сөзбен 5 сөйлем жаз.

Тыңдалған дерек негізінде қысқаша мазмұн жаса.

Бағалау:

Сөздік қордың байлығы

Ойдың жүйелілігі

Тыңдалым мазмұнын түсіну деңгейі

Тапсырма 5. Сыни ойлау: «Қай мәтін көркем?» (талдау және дәлелдеу)

2 мәтін ұсынылады:

Тірек сөздері өзгертілмеген қарапайым нұсқа

Синонимдер қолданылған көркем мазмұн

Міндет:

Қай мәтін тіл жағынан әсерлі?
Қай мәтінді оқыған қызығырақ?
Дәлелде. Неліктен солай ойлайсың?
Бағалау:

Дәлелдеу дағдысы

Стильдік талдау қабілеті

Эмоциялық тілдік сезім

Қорытынды тапсырма (рефлексия/шығармашылық)

«Сөз байлығы – ой байлығы» тақырыбында:

1 абзац пікір жаз

3 тірек сөз қолданып, олардың синонимін де жақшада көрсет

Мысалы: Білімді (оқымысты, сауатты) ұрпақ ел болашағы. Жастардың
ізденгіш (талпынғыш, талапты) болуы – уақыт талабы.

Сынып: 7

Сабақтың тақырыбы: Мәдениет: тіл және қарым-қатынас

Оқу мақсаты:

7.3.4.1 оқылым/тыңдалым материалдары бойынша тірек сөздер мен сөз
тіркестерін синонимдік қатармен ауыстыра отырып, жинақы мәтін жазу немесе
жасанды интеллектіні қолдану.

Сабақ мақсаты:

Тақырыпқа байланысты тірек сөздерді анықтайды;

Синонимдік қатар құрастырады;

ЖИ платформасын қолданып, мәтінді өңдейді;

Фонетикалық заңдылықтарды меңгереді.

Бағалау критерийлері:

Тірек сөздер мен синонимдерді орынды қолданады;

Мәтінді жинақы және мазмұнды жазады;

Фонетикалық ерекшеліктерді ажыратады.

1-тапсырма:

3. Оқылым және сөздікпен жұмыс (10 мин)

Мәтін: «Тіл – мәдениеттің айнасы» тақырыбында шағын мәтін

Тіл – мәдениеттің айнасы

Тіл – ұлттың рухани қазынасы, тарихи жадының, мәдениетінің,
дүниетанымының айнасы. Халықтың ғасырлар бойғы өмір салты, дәстүрі, діні
мен ділі, мінез-құлқы, дүниеге көзқарасы – бәрі тіл арқылы көрініс табады.
Сондықтан тілге тек қатынас құралы ретінде қарау жеткіліксіз; ол – бір ұлттың
болмысын танытатын басты белгі, ұлттың жан дүниесінің көркем шежіресі.

«Тіл – мәдениеттің айнасы» деген тіркес бекер айтылмаған. Қай халықтың
тілін зерделесек те, оның сөз байлығынан бастап, мақал-мәтелдері мен тұрақты
тіркестерінен сол ұлттың салт-санасы мен өмір философиясын аңғаруға болады.
Мысалы, қазақ тіліндегі «жеті атасын білу», «қонаққәде», «сыбаға», «нағашы-

жиен» секілді ұғымдар – тек тілдік бірлік емес, сонымен бірге терең мәдени кодтар. Яғни тіл – ұлттың өзін-өзі тануының, басқаға танытуының құралы.

Тілді білмей, ұлттың мәдениетін толық түсіну мүмкін емес. Шет тілін меңгеру арқылы біз сол ұлттың әлемін танысақ, ана тіліміз арқылы өз болмысымызды танимыз. Осы орайда тілдің сақталуы – мәдениеттің сақталуы дегенді ұғыну аса маңызды. Себебі тілі жоғалған ұлт – өзінің рухани тірегінен айырылады.

Бүгінде жаһандану дәуірінде әр ұлттың тілдік және мәдени бірегейлігін сақтау – басты міндеттердің бірі. Қазақ тілі – тек қарым-қатынас тілі емес, ұлттық идеяның, мәдениеттің тірегі. Сондықтан әрбір азамат ана тілін құрметтеп, ұлт мәдениетін дамытуға үлес қосуы тиіс.

Түйіндей келгенде, тіл – ұлттың мәдени келбеті мен рухани әлемінің айнасы. Ол арқылы өткенімізді танимыз, бүгінімізді баяндаймыз, болашаққа жол саламыз.



<https://agaltsovav.ru/blog/improve-team-communication/>

Тапсырма:

Тірек сөздерді анықта

Әр тірек сөзге синоним жаз

Синонимдерді қолданып, 4-5 сөйлемдік жинақы мәтін құрастыр

Бағалау: Өзара бағалау парағы арқылы

4. ЖИ-платформамен жұмыс (10 мин)

Тапсырма:

ChatGPT / Google Gemini-ге «Мәтінді синониммен өңдеп, қысқарт» деп

енгіз

Нәтижені өз нұсқасымен салыстыр

Қай тірек сөздер өзгерді? Не себепті?

5. Фонетикалық талдау (10 мин)

Тапсырма:

Сөйлем ішіндегі дыбыстардың үндесуін анықта

Ассимиляция, аккомодация, орфоэпия ұғымдарын түсіндіру
Мысалдар арқылы:
Тілдік қарым-қатынас → [тілдік қарым қатынас] – дыбыстық өзгеріс талдау

Қорытынды (5 мин)
Рефлексия әдісі: «Бағдаршам» әдісі
Қызыл – түсінбедім
Сары – жартылай түсіндім
Жасыл – толық меңгердім



<https://qarmaqshy-tany.kz/tanym/7394-badarsham-turaly-zyty-derektter.html>

Үй тапсырмасы:
«Қарым-қатынас мәдениеті» туралы шағын мақала жазып, ЖИ арқылы редакциялау

Қажетті ресурстар:
Бейнематериал (мәдениет пен тілдің байланысы жайлы)
ChatGPT немесе Google Gemini
Padlet, Jamboard платформалары
Орфоэпиялық сөздік (онлайн/қағаз түрінде)

Пәні: Қазақ тілі
Сыныбы: 7
Сабақтың тақырыбы: Киіну. Сән. Талғам.
Оқу мақсаты:
7.3.2.1 – жанрлық және стильдік ерекшеліктеріне сай шағын мақала, интервью, әңгіме құрастырып жазу.

Сабақ мақсаты:
Киім, сән, талғам туралы ақпаратты түсініп, пайдаланады;
Жанрлық ерекшеліктерге сай мәтін (мақала, сұхбат, әңгіме) құрастырады;
Фонетикалық нормаларды сақтап, сөздерді дұрыс жазады.

Бағалау критерийлері:
 Мәтін құрылымын сақтап жазады;
 Стыльдік талаптарға сай сөз таңдайды;
 Фонетикалық нормаларды қолданады.

Сұрақ: Сән деген не? Киіну мен талғам адамның қандай қасиетін білдіреді?
 Әдіс: «Ой қозғау» (Jamboard-та сәнді/талғамсыз киіну суреттері көрсетіледі, білім алушылар пікір айтады)

Негізгі бөлім

3. Жанрларды түсіндіру және мысал келтіру

Жанр	Ерекшелігі
Мақала	Көбіне бейтарап стильде, нақты дерекке сүйенеді
Интервью	Сұрақ-жауап үлгісінде жазылады
Әңгіме	Шығармашылық, көркем тіл, кейіпкер бейнесі болуы мүмкін

4. Тапсырма 1 (жеке жұмыс)

Тапсырма: Таңдаған жанрда «Киіну мәдениеті – адам талғамының көрінісі» тақырыбында

шағын мақала немесе сұхбат, не көркем әңгіме жаз. (70–100 сөз)

Бағалау: Жұптық кері байланыс – «Авторлар алмасады» әдісі

5. Тапсырма 2 (топтық)

Мұғалім мақаланы ЖИ арқылы өңдеу туралы мәлімет оқиды:

Мақаланы жасанды интеллект арқылы өңдеу туралы мәлімет

Бүгінгі цифрлық ғасырда мәтін жазу және өңдеу үдерісіне жасанды интеллектінің араласуы – білім беру мен ғылыми-публицистикалық жұмыстарда жаңа кезеңнің басталғанын білдіреді. ЖИ жүйелері, әсіресе тіл үлгілері, кез келген мәтінді мазмұндық, құрылымдық, тілдік, стилистикалық тұрғыда сапалы өңдеуге қабілетті. Бұл – уақыт үнемдеудің, сапаны арттырудың, шығармашылық әлеуетті кеңейтудің тиімді жолы.

ЖИ арқылы мақала өңдеу бірнеше негізгі кезеңді қамтиды. Біріншіден, жүйе мәтінді құрылымдап, кіріспе, негізгі бөлім және қорытынды арасындағы логикалық байланыстарды реттейді. Бұл – мәтіннің ғылыми стилін сақтау, бірізділік пен қисындылықты қамтамасыз етуге көмектеседі. Екіншіден, ЖИ тілдік редакция жасайды: грамматикалық қателерді түзетіп, артық қайталанған сөздер мен сөйлемдерді қысқартады. Үшіншіден, терминологиялық бірізділік

сақталып, синонимдік алуандық қамтамасыз етіледі. Бұл ғылыми және академиялық мәтіндердің сапасына тікелей әсер етеді.

ЖИ стильдік өңдеуге де бейімделген. Мысалы, мақаланы ғылыми стильге бейімдеу үшін экспрессивтілік пен субъективті сөздерден арылып, нақты, дәл, нақтылауыш құрылымдарды қолданады. Публицистикалық мақалада — эмоциялық реңк пен көркемдік бояуды күшейтеді, сөйтіп мәтінді тартымды әрі әсерлі етеді. Осылайша, ЖИ — мақсатқа сай стиль қалыптастырудың қуатты құралы.

Мақаланы ЖИ арқылы өңдеу кезінде плагиаттық қауіп те азаяды. Себебі мәтін автоматты түрде қайта құрылып, авторлық баяндау стиліне сай жаңа тілдік өрнектермен беріледі. ЖИ көмегімен халықаралық стандарттарға сай автоматты аударма және көптілді редакциялау да оңай іске асырылады.

ЖИ тек редактор ғана емес, кеңесші де бола алады. Ол берілген мәтінге тақырып ұсынып, аннотация немесе түйін жасай алады. Бұл — әсіресе ғылыми мақала, эссе, баяндама жазатын білім алушылар мен педагогтер үшін өте тиімді мүмкіндік.

Қорыта айтқанда, жасанды интеллект арқылы мақала өңдеу — заманауи білім беру мен ғылыми қызметтің ажырамас бөлігіне айналып келеді. Ол сапалы жазылым, логикалық құрылым, дұрыс стиль және уақыт үнемдеу тұрғысынан үлкен артықшылық береді.



Топтарға бөлу:

1-топ: мақаланы өңдеу

2-топ: сұхбат мәтінін дайындау

3-топ: әңгіме сюжеті мен кейіпкер ойлап табу

Мақсаты: Мәтін ішінде фонетикалық нормаларды, орфоэпиялық үлгілерді сақтау

6. Тапсырма 3 (ЖИ қолдану)

Міндет: ChatGPT немесе басқа ЖИ құралында өз мәтініңді теріп, стилін анықтату және қайта өңдету.

Сұрақ: Мәтінің қандай стильге сәйкес келеді? Қандай сөздер артық/дұрыс емес?

Қорытынды

Рефлексия: «Бір сөзбен жауап бер» – бүгінгі сабақты қандай сөзбен сипаттайсың?

Үй тапсырмасы: «Сән мен адам мінезі» тақырыбында эссе жазып, ЖИ көмегімен стильдік түзету жүргізу.

Қажетті ресурстар:

Мультимедиа слайдтар (киім үлгілері)

Jamboard, Padlet

ChatGPT, Copilot секілді жасанды интеллект платформалары

Жанрлар үлгісі жазылған кесте

Пәні: Қазақ тілі

Сыныбы: 7

Сабақтың тақырыбы: Ғаламтордың пайдасы мен зияны

Оқу мақсаты:

7.3.2.1 – жанрлық және стильдік ерекшеліктеріне сай шағын мақала, интервью, әңгіме құрастырып жазу

Сабақ мақсаты:

Ғаламтор жайлы ақпаратты түсінеді;

Мақала, сұхбат, көркем әңгіме құрылымын сақтап, шағын мәтін жазады;

Жанрлық және стильдік ерекшеліктерді ескере отырып, өз көзқарасын білдіреді.

Бағалау критерийлері:

Жанр түрін дұрыс таңдайды;

Мәтін құрылымын, тілдік ерекшелігін сақтайды;

Ғаламтор тақырыбын ашып, өз ойын нақты жеткізеді.

Педагогтің түсіндіруі: Мақала, интервью, әңгіме жанрының ерекшеліктері

Жанр	Ерекшелігі	Стиль
Мақала	Нақты деректер, ақпараттық	Ресми, бейтарап
Интервью	Сұрақ-жауап, пікір білдіру	Еркін, диалогтік
Әңгіме	Оқиға, кейіпкер, сюжет	Көркем стиль

4. Тапсырма 1 (жеке жұмыс)

Міндет: Таңдаған жанрда «Ғаламтордың пайдасы мен зияны» тақырыбында 70–100 сөздік мәтін жазу.

Саралау: Білім алушылардың таңдауы бойынша мәтін түрі беріледі.

Бағалау: «Екі жұлдыз, бір тілек» – жұптық кері байланыс

5. Тапсырма 2 (топтық жұмыс)

Топтарға бөлу:

1-топ: «Ғаламтордың пайдасы» мақаласын өңдеу

2-топ: Сұхбат дайындау (мұғалім мен білім алушы рөлінде)

3-топ: Өңгіме кейіпкері ретінде білім алушыны сипаттап жазу (ғаламтор тәуелділігі тақырыбында)

Бағалау: «Бағдаршам» әдісі арқылы

6. Тапсырма 3 (ЖИ қолдану)

Міндет: ЖИ (мысалы, Copilot/ChatGPT) көмегімен жазған мәтінді тексеру

Тапсырма: ЖИ-ге мәтінді енгізіп, грамматикалық немесе стильдік түзету ұсынуын сұрау

Талқылау: ЖИ не ұсынды? Қаншалықты келісесіз?

Copilot платформасын қолдану нұсқаулығының негізгі қадамдары:

Тіркелу және авторизация:

Copilot платформасын қолдану үшін алдымен тіркелу қажет. Ресми сайтқа кіріп, тіркеу процесін аяқтаңыз.

Тіркелгеннен кейін, электронды пошта мен парольді енгізіп, жүйеге кіріңіз.

Жаңа жоба құру:

Платформаға кіргеннен кейін, жаңа жоба құру үшін басты бетте «Жаңа жоба» немесе «Create New Project» түймесін басыңыз.

Жобаңыздың тақырыбын және сипаттамасын енгізіңіз.

Кодты енгізу және өңдеу:

Copilot жүйесі автоматты түрде код жазу процесін жеңілдетуге арналған. Код енгізген кезде, Copilot сізге ұсыныстар мен толықтырулар береді.

Жүйе ұсынған өзгерістер мен толықтыруларды қабылдауға немесе өзгертуге болады.

Бақылау және тестілеу:

Жобаңыздағы кодтың дұрыс жұмыс істеп тұрғанын тексеру үшін «Test» немесе «Run» түймесін басып, тестілеуді бастаңыз.

Егер қателіктер болса, Copilot сізге оларды табуға көмектеседі және түзету бойынша ұсыныстар береді.

Кеңестер мен қолдау:

Copilot жүйесі автоматты түрде әртүрлі тапсырмалар үшін кеңестер ұсынады. Оларды қолдану үшін, жүйе ұсыныстарын қараңыз.

Қосымша көмек үшін Copilot платформасындағы анықтамалық бөлімге немесе қолдау қызметіне хабарласуға болады.

Жобаны сақтау және бөлісу:

Жобаңыз дайын болған соң, оны сақтау және бөлісу мүмкіндігі бар. «Save» немесе «Share» түймесін басып, жобаны қажетті адамдармен бөлісе аласыз.



<https://timeweb.com/ru/community/articles/kak-proverit-tekst-napisanny-neyrosetyu>

Қорытынды (3 мин)

Рефлексия: «Бес саусақ» әдісі – бүгінгі сабақта не үйрендім, неге таңғалдым, неге қиналдым?

Үй жұмысы: Таңдаған жанрда мәтінді 150 сөзге дейін кеңейтіп жазу. Мәтінге синонимдер мен терминдер енгізу.

Ресурстар:

Слайд (жанр сипаттамасы)

Padlet немесе Google Docs (мәтін жазу үшін)

ЖИ платформалары: ChatGPT, Copilot

№5

Пәні: Қазақ тілі

Сыныбы: 7-сынып

Тақырыбы: Бауырмалдылық – тарихи тамырымыз

Оқу мақсаты:

7.1.6.1 коммуникативтік жағдаятқа сай ресми-іс қағаздары стилінде диалог, монолог құрастыру

7.4.2.1 жанрлық және стильдік ерекшеліктерге сай құрылымын сақтай отырып, эссе жазу

Сабақтың мақсаты:

Білім алушылар «бауырмалдық» ұғымының мәнін ұғына отырып, тарихи және қазіргі қоғамдағы рөлін сипаттайды, мәтін мазмұнын талдайды және өз көзқарасын жазады.

Сабақ барысы

Ұйымдастыру кезеңі

– Сәлемдесу, түгендеу

– Ынтымақтастық атмосферасын орнату (Қазақтың туыстық атаулары арқылы жұпқа бөліну)

Жаңа сабақ

Қызығушылықты ояту

– Мұғалім «бауырмалдық» сөзіне синонимдер айтуды сұрайды.

– Интерактивті тақтада қысқаша видео (1 минут) көрсетіледі: «Қазақ халқының бауырмалдық дәстүрі».

Мағынаны тану

– Мәтінмен жұмыс: «Бауырмал халық – бірлік тірегі» (қысқаша мәтін беріледі).

– Білім алушылар мәтінді жеке оқып, жұпта талқылайды.

– Сұрақтар:

- Мәтіндегі негізгі ой қандай?

- Бауырмалдық қандай тарихи үлгілер арқылы көрінеді?

Бауырмалдылық – адамның рухани байлығы

Бауырмалдылық – бұл адамның өзге адамдарға деген жанашырлығы мен мейірімділігі. Ол қоғамның қалыпты дамуы мен тыныш өмір сүруінің маңызды негізі болып табылады. Адамдар арасындағы қарым-қатынаста бауырмалдылық үлкен рөл атқарады, себебі ол өзара сенімділікті қалыптастырып, бір-біріне қолдау көрсетуге ықпал етеді. Бауырмалдылық тек сөзбен ғана емес, іс-әрекетпен де көрінеді.

Бауырмалдылықтың негізгі ерекшелігі – бұл жанашырлық. Кез-келген адам өмірінде қиын кезеңдерді бастан өткереді, ал бауырмал адамдар осы сәттерде жанында болып, көмектесуге тырысады. Олар мұқтаж адамдарға көмек көрсетеді, қиыншылықтарды бірге жеңуге, қуанышты сәттерді бөлісуге дайын. Бауырмалдылықтың арқасында, адам өмірінің ауыртпалықтары жеңілдетіледі, ал бір-біріне көмек көрсету арқылы қоғамда ізгілік пен қайырымдылық орнайды.

Бауырмалдылық адамгершілік құндылықтарының бірі болып табылады, әрі ол жеке тұлғаның ғана емес, бүкіл қоғамның дамуына ықпал етеді. Әлеуметтік тұрғыда бауырмалдылық қоғамдағы үйлесімділік пен тыныштықты сақтауға септігін тигізеді. Адамдардың бір-біріне деген мейірімділігі мен жанашырлығы қоғамды әл-ауқаты жоғары, достық пен сүйіспеншілікке толы ортаға айналдырады.

Өкінішке орай, қазіргі қоғамда бауырмалдылық кейде ескерусіз қалатын құндылыққа айналып барады. Адамдар жеке қызығушылықтарын басқалардың мүдделерінен жоғары қояды, бұл өз кезегінде әлеуметтік мәселелерге әкеп соғуы мүмкін. Сондықтан, бауырмалдылықты насихаттау және оны күнделікті өмірде пайдалану маңызды болып табылады.

Қорыта айтқанда, бауырмалдылық – бұл тек бір адамға немесе бір отбасына ғана емес, бүкіл қоғамға пайда әкелетін құндылық. Әрқайсымыз

өзіміздің күнделікті өмірімізде бауырмал болу арқылы қоғамның дамуына үлес қосып, ізгілік пен мейірімділіктің таралуына себепкер бола аламыз.



https://illustrators.ru/illustrations/1681112.slider_itype=&slider_order=

Сергіту сәті

– «Туыстық атаулар» ойыны. (Мұғалім туыстық атауды айтады, білім алушылар оның кім екенін айтады.)

Қолдану

1-тапсырма: «Бауырмалдық» ұғымы бойынша эссе жазу (80–100 сөз)

2-тапсырма (ЖИ арқылы): ChatGPT немесе басқа ЖИ құралын пайдалана отырып, «бауырмалдық» тақырыбында сұхбат құрастыру (білім алушы және кейіпкер ретінде)

3-тапсырма: Жұпта тарихи дерекке сүйеніп, бауырмалдықтың ұлттық кодпен байланысын дәлелдеңдер.

Қорытынды

– «Сабақта не үйрендің?», «Қандай жаңа ой алдың?» – 3 сөйлеммен жазу.

– «Бауырмал болу – ұлт болмысы» деген сөйлемді жалғастыр.

Бағалау

– Мұғалім формативті бағалау жүргізеді (дескрипторлар негізінде)

– Өзін-өзі бағалау парағы арқылы білім алушы рефлексия жазады

Үй тапсырмасы:

«Бауырмалдық – ұлттық болмыс» тақырыбында өз отбасыңнан мысал келтіріп, 5 сөйлем жазу.

Құралдар:

Интерактивті тақта, мәтін парақшалары, ЖИ платформасы (телефон/планшет), эссе үлгісі

Шығыс Қазақстан облысы Білім басқармасы «Örken» Шығыс Қазақстан өңірлік білім беруді ақпараттандыру және дамыту ғылыми-әдістемелік орталығы» КММ қоғамдық-гуманитарлық бағыттағы пәндердің әдістемелік бөлімінің әдіскері Билялова Айгуль Жанахметовнаның іс-тәжірибесінен

**«Қазақ тілі» пәнін оқытуда жасанды интеллектіні
қолданудың негізгі бағыттары**

**2-БӨЛІМ
ҚМЖ**

№1

Сынып: 7

Тақырып: Ғылыми фантастика жанры. Тыныс белгілері

Оқу мақсаты:

7.2.4.1 Идеясы ұқсас публицистикалық және көркем әдебиет стиліндегі мәтіндердің тақырыбы, құрылымы, мақсатты аудиториясы, тілдік ерекшелігін салыстыра талдау;

7.4.5.1 Сөйлем соңында және сөйлем ішінде қойылатын тыныс белгілерін (даралаушы және ерекшелеуші) дұрыс қолдану

Сабақ мақсаты:

- Публицистикалық және көркем әдебиет стильдеріндегі мәтіндерді салыстырып, ұқсастықтары мен айырмашылықтарын анықтап, тілдік ерекшелігін салыстыра талдайды.

- Тыныс белгілерін сөйлем ішінде және соңында дұрыс қолданады.

1- тапсырма.

І.ОҚЫЛЫМ АЛДЫ.

Қызығушылықты ояту

Фантастикалық жанрдағы бейнеролик көрсетіп, түрткі сұрақтар қою.

<https://quizizz.com/admin/quiz/681855cf9cb2b7821bd44402>

1. Фантастиканың бастауы қайда жатыр?
2. «Ғылыми фантастика» деген не?
3. Ауыз әдебиетінен қиял-ғажайып ертегілерді атаңыз.
4. Қандай фантастикалық шығармаларды білесіңдер?

Сабақтың мақсаттары мен бағалау критерийлерімен таныстыру

1 Мәтін – «Болашақтың қаласы»

<https://drive.google.com/file/d/1NoWeP16lcIKCpze4zzvekoCfESnh7yd/view?usp=s>



[haring](#)

1. Бейнежазбаны көріп, өз ойыңмен жалғастырып айт.
2. Қалай ойлайсыңдар, болашақтың қаласы қандай болады? Неге?
3. Болашақ қаланың ерекшеліктерін сипаттап бер. Қажетті сөздер: ғаламшар, материк, жасанды интеллект.

«Болашақ қала» мәтіні

.....

.....

.....

.....

.....

.....

.....

.....

2-тапсырма.

Мағынаны тану



ОҚЫЛЫМ ТАПСЫРМАСЫ.

Білім алушыларға сабақ мақсатына сай 2 мәтін ұсынылады.

Топтық жұмыс.

Берілген мәтіндерді мұқият оқып, тақырыбын, құрылымын, мақсатты аудиториясын, тілдік ерекшелігін салыстырыңыз.

ЕББҚО


А- мәтін	Ә мәтіні
Тақырыбы	
Мәтіндердің құрылымын ажыратып көрсетіңіз	

Кіріспе бөлім	Кіріспе бөлім
Негізгі бөлім	Негізгі бөлім
Қорытынды бөлім	Қорытынды бөлім
Мәтіндер кімдерге оқуға арналған? (аудиториясы кімдер?)	
Тілдік ерекшелігін салыстырыңыз	

3-тапсырма. Жұптық жұмыс

Тапсырма. Венн диаграммасы. Публицистикалық және ғылыми фантастикалық шығарманың ерекшелігі мен ұқсастығына назар аударыңыз.

Венн диаграммасы



А мәтіні	Ортақ қасиеттері	Ә мәтіні

Дескриптор:

- публицистикалық стильге тән сөз тіркестерін теріп жазады; 1 б
- публицистикалық стиль тіліне тән ерекшелікті анықтайды; 1 б
- мәтіндегі көркем сөйлеу тіліне тән сөз тіркестерін теріп жазады; 1 б
- ортақ қасиеттерін табады. 1б

/

III. ОҚЫЛЫМНАН КЕЙІН. ӘТН

2-тапсырма. «Нақты қадам» әдісі Жеке жұмыс.

1-қадам оқулықта берілген «Тыныс белгілері» грамматикалық тақырыпты оқыту

2-қадам Грамматикалық тақырыптан соң берілген 2-тапсырманы орындату.

Сөйлем соңына тиісті тыныс белгілерін қойып жазыңыздар

Рефлексия. Падлет тақтада ватсап группасы арқылы жіберілген сілтеме бойынша кіріп, жауаптарын жазады.

<https://padlet.com/8vdkqhkvx/padlet-3knw5vx8xjgnpkff>

№2

Сынып: 7

Тақырып: Денсаулық – зор байлық. Лексика

Оқу мақсаты:

7. 1. 3. 1 тыңдалған мәтіннің мазмұнын түсіну, ұсынылған ақпарат бойынша факті мен көзқарасты ажырата білу;

7. 3. 4. 1 эссе құрылымы мен даму желісін сақтап, тақырыпқа байланысты берілген мәселенің оңтайлы шешілу жолдары немесе себептеріне өз көзқарасын жазу (дискуссивті эссе)

7. 4. 3. 1 фразеологизм, мақал-мәтелдердің эмоционалды мәнін, көркемдік ерекшеліктерін түсініп қолдану

Сабақ мақсаты:

- Тыңдалған мәтіннің мазмұнын түсіну, ұсынылған ақпарат бойынша факті мен көзқарасты ажыратады;

- Эссе құрылымы мен даму желісін сақтап, «Денсаулық – зор байлық» тақырыбына байланысты берілген мәселенің оңтайлы шешілу жолдары немесе себептеріне өз көзқарасын білдіре отырып, дискуссивті эссе жазады;

- Фразеологизм, мақал-мәтелдердің эмоционалды мәнін, көркемдік ерекшеліктерін түсініп қолданады;

Қызығушылығын ояту:

- Мақал-мәтелдер арқылы ой тастау:

«Денсаулық – зор байлық», «Тазалық – саулық негізі»

Сілтемеде берілген тыңдалым мәтінімен танысыңыз.

https://youtu.be/Yh_ZXYB1cOU?si=qUxGZdUbjAEJlbKn

1-тапсырма

Тыңдалған мәтіннен факті мен көзқарасты анықтаңыз, пікіріңізді дәлелдеңіз.

Факт – (лат.factum – болған, жасалған нәрсе) – растығы қатаң бекітілген пайым формасындағы дерек.

Факт - бұл объективті тұжырым, дәлелденген пікір ретінде қарастыруға болатын мәлімдеме.

Көзқарас — фактілердің түсіндірмесі мен оған деген эмоционалды қарым-қатынасқа құрылған, толықтай объективтілікке жету мүмкін емес тақырып туралы көзқарас, пікір немесе мәлімдеме.

2-тапсырма

«Денсаулық бұрышы» атты ақпараттық постер жасаңыз. Фразеологизм, мақал-мәтелдердің эмоционалды мәнін, көркемдік ерекшеліктерін түсініп қолданыңыз.

- 2 мақал-мәтел;
- 1 фразеологизм;
- 1 кеңес (мысалы, «Күнде су іш», «Жаттығу жаса» т.б.);
- 1 қысқаша ой (өз көзқарасы) жазу қажет.
- Постерді сынып алдында қорғау (2 минуттан).



3-тапсырма

Эссе құрылымы мен даму желісін сақтап, «Денсаулық – зор байлық» тақырыбына байланысты берілген мәселенің оңтайлы шешілу жолдары немесе себептеріне өз көзқарасыңызды білдіре отырып, дискуссивті эссе жазыңыз.

.....

.....

.....

.....

.....

.....

.....

.....

Тапсырма №	Дескриптор:	Балл (жалпы – 10 балл)
1	Тыңдалған мәтіннен фактіні анықтайды Көзқарасты анықтайды Пікірін дәлелдейді	1 1 1
2	«Денсаулық бұрышы» атты ақпараттық постерде фразеологизм, мақал-мәтелдердің эмоционалды мәнін, көркемдік ерекшеліктерін түсініп қолданады: 2 мақал-мәтел; 1 фразеологизм; 1 кеңес; 1 қысқаша ой (өз көзқарасы)	 1 1 1 1
3	Эссе құрылымы мен даму желісін сақтап, «Денсаулық – зор байлық» тақырыбына байланысты дискуссивті эссе жазады Берілген мәселенің оңтайлы шешілу жолдары немесе себептерін анықтайды Көзқарасын білдіреді	 1 1 1

Рефлексия:
«Мен бүгін білдім?...»

№ 2

Сынып: 9

Бөлім: Ғылым мен технология жетістіктері

Тақырып: Ауа райы және климаттық өзгерістер. Фонетика

Оқу мақсаты:

7.2.5.1 – Мәтін бойынша проблемалық сұрақтар құрастыру

7.3.5.1 – Оқылым және тыңдалым материалдары бойынша тірек сөздер мен сөз тіркестерін синонимдік қатармен ауыстыра отырып, жинақы мәтін жазу

Сабақ мақсаты:

Мәтін мазмұнына сәйкес проблемалық сұрақтар құрастырады.

Мәтін мазмұны бойынша тірек сөздер мен сөз тіркестерін синонимдік қатармен ауыстыра отырып, жинақы мәтін жазады.

Қайталауға арналған тапсырма:

<https://wordwall.net/resource/85381622>

1-тапсырма

Берілген ақпаратқа сүйене отырып талдау жасайды.

«Климаттың соңғы 20 жылдағы өзгерісі» (жылдық орташа температура диаграммасы) көрсетіледі.



2-тапсырма.

Ж.Ж. Кестемен жұмыс. Мәтінді оқып. Мәтін бойынша кестеге тірек сөздерді анықтап, тірек сөздерге сүйене отырып, проблемалық сұрақ құрастырып жазу.

<https://app.magicschool.ai/tools/data-table-analysis?share=c41405a1-c530-4114-a498-cdca4e870843>

Тірек сөздер	Проблемалық сұрақ
	1
	2
	3

3-тапсырма.

«Сәйкестендіру» әдісі

Берілген сөздердің синонимдерін анықтап сәйкестендіру.

Кері әсер		Жер жүзі
-----------	--	----------

Денсаулық		Зиян
Әлем		Күш қуат

4-тапсырма

Мәтін мазмұны бойынша тірек сөздер мен сөз тіркестерін синонимдік қатармен ауыстыра отырып, жинақы мәтін жазу.

Тапсырма №	Дескриптор:	Балл (жалпы – 10 балл)
1	Берілген ақпаратқа сүйене отырып талдау жасайды	1
2	Мәтін мазмұны бойынша тірек сөздерді анықтайды Тірек сөздерге сүйене отырып, проблемалық сұрақ құрастырады	1 1
3	Берілген сөздердің синонимдерін анықтап сәйкестендіреді: 1 2	1

	3	1 1
4	Жинақы мәтін жазады Мәтін мазмұны бойынша тірек сөздерді синонимдік қатармен ауыстырады Сөз тіркестерін синонимдік қатармен ауыстырады Мәтіннің негізгі мазмұнын сақтайды	1 1 1 1

Кері байланыс

«Менің ұраным»

Өз деңгейлерін анықтайды.

«ҚҚҚ» әдісі

Қызықты...

Құнды...

Қиын....

Сынып: 7

Тақырып: Гендік өзгеріске ұшыраған тағамдар

Оқу мақсаты:

7.3.2.1 жанрлық және стильдік ерекшеліктеріне сай көркемдегіш құралдарды орынды қолдана отырып, шағын әңгіме құрасырып жазу.

7.4.4.4 одағай түрлерін ажырата білу, қолдану.

Сабақ мақсаты:

- жанрлық және стильдік ерекшеліктеріне сай көркемдегіш құралдарды орынды қолдана отырып, шағын әңгіме құрасырып жазады;

- одағай түрлерін ажыратып, қолданады.

1-тапсырма. ЖИ. «Сәйкестендіру» әдісі. Кестедегі жанр, стиль, көркемдегіш құралдардың ерекшеліктеріне сай, анықтамаларын сәйкестендіру.

<https://quizbot.ai/ru/dashboard/user/openai/documents/single/VqcTzePnazerke-kasymkhanova-workbook>

Жанр – ...		Ауыспалы мағынада, бір сөздің ерекше қасиетін айқындау үшін қолданылатын басқа сөз не сөйлем.
------------	--	---

Стиль – ...		Затты, нәрсені, құбылысты немесе заттың, нәрсенің, құбылыстың белгісін, қасиетін, сапасын көрсетеді.
Тұрақты тіркес – ...		Өнердің барлық түрлерінде тарихи қалыптасқан іштей жіктелім жүйесі.
Метафора – ...		Сөйлеушінің (жазушының) белгілі бір тақырыпқа қатысты сөз саптаулары.
Теңеу – ...		Екі немесе одан да көп сөздің тіркесуінен жасалып, бір мағынаны білдіретін бейнелі сөз тобы.

ЕББҚ.

1. Дисграфия. Жазу кезінде төл дыбыстарды ажырата алмайтын білім алушы үшін сөздердің астын сызып беру.

Жанр – ...		Ауыспалы <u>мағынада</u> , бір <u>сөздің</u> ерекше <u>қасиетін</u> айқындау үшін қолданылатын басқа <u>сөз</u> не сөйлем.
Стиль – ...		Затты, <u>нәрсені</u> , құбылысты немесе заттың, нәрсенің, құбылыстың <u>белгісін</u> , қасиетін, сапасын көрсетеді.
Тұрақты тіркес – ...		<u>Өнердің</u> барлық <u>түрлерінде</u> <u>тарихи</u> қалыптасқан іштей <u>жіктелім</u> жүйесі.
Метафора – ...		Сөйлеушінің (жазушының) белгілі бір <u>тақырыпқа</u> қатысты <u>сөз</u> саптаулары.
Теңеу – ...		Екі немесе одан да көп <u>сөздің</u> тіркесуінен жасалып, бір мағынаны білдіретін бейнелі сөз тобы.

2. Құлағы нашар еститін білім алушыны барлық білім алушылардың айтқан ақпаратын жақсы ести алуы үшін ыңғайлы орынға отырғызу.

2-тапсырма. Берілген сілтемеге еніп, одағай сөздерді қатыстырып, әңгіме құрастыр.

<https://drive.google.com/file/d/1c7Rhr5AyGzlSeKojxG3oiiOpV33Snrr9/view?usp=sharing>



1-топ. Көңіл-күй одағайлары (жағымды)

2-топ. Көңіл-күй одағайлары (жағымсыз)

3-топ. Тыйым салу, бұйыру одағайлары

ЕББҚ.

Жазу кезінде төл дыбыстарды ажырата алмайтын білім алушы үшін орфографиялық сөздік беру.

3-тапсырма. «Түйінді ой» әдісі. Мәтін бойынша жанрлық және стильдік ерекшеліктеріне сай көркемдегіш құралдарды, одағай түрлерін орынды қолдана отырып, *«Құрамы өзгерген тағамның адам ағзасына әсері бар ма?»* тақырыбында шағын әңгіме құрасырып жазу.

ЕББҚ.

Дисграфия. Жазу кезінде төл дыбыстарды ажырата алмайтын білім алушы үшін дайын сөз тіркестерін беріп, төл дыбыстарды қою әріптермен көрсету.

Сөз тіркестері: *Дүкенге бару, сөрелерге қарау, елімізде етек алып кеткен, гендік өзгеріс, ағзаға қауіпті, таңдай білу...*

Рефлексия.

«Пирамида» әдісі. Берілген қадамдар бойынша үйренген, қиындық тудырған, маңызды болған ақпараттармен бөлісу.

Үйге: 1-тапсырма. Б. Кестеге сүйеніп шағын әңгіме жазу. 217-бет

Сынып: 7

Тақырып: Домбыра – қазақтың рухы

Оқу мақсаты:

7.2.7.1 ғаламтор, энциклопедия, газет-журналдар, оқулықтардан алынған деректерді қолдану, авторына сілтеме жасау;

7.3.6.1 мәтіндегі сөздердің тақырыпқа сай орынды қолданылуын тексеру, синонимдік қатармен ауыстыра отырып, лексикалық түзетулер енгізу, редакциялау

Сабақ мақсаты:

- Білім алушылар ғаламтордан алынған деректерді қолданады, авторына сілтеме жасайды;
- Мәтіндегі сөздердің тақырыпқа сай қолданылуын тексереді, синонимдік қатармен ауыстырып лексикалық түзетулер енгізеді, редакциялайды

1-тапсырма «DEAL» әдісі

Ғаламтордан алынған домбыра туралы мәтінді оқып, деректерді қолданып, кестені толтыру

<https://forms.gle/SRYJeLCYo7bY549f6>

Негізгі ойды анықтау	Домбыраның ерекшеліктерін түсіндіру	Домбыраның құрылысын талдайды	Домбыра туралы өз білімімен байланыстыру

ЕББҚ.

1. Пәнді жақсы оқығанымен зейіні тұрақсыз білім алушы - топтық жұмыста спикер етіп сайлау, топ ішінде белсенділігін көрсетеді.

2. Қолайсыз психологиялық фактор әсерінен тұйықталған білім алушы - өзіне сенімді болу үшін тапсырма орындау кезеңінде қолдануға домбыра құрылысы берілген суретті ұсыну.



2-тапсырма:

«Лотерея барабаны» әдісі

1 https://drive.google.com/file/d/1rtV4scm_0crjo52sjXW3g188hCDaghYw/view?usp=drive_link

Сілтемеде берілген бейнесуретті іріктеп, сөздердің тақырыпқа сай қолданылуын тексеру, деректерді қолдана отырып, авторына сілтеме жасау

- автордың ойынша...
- алынған дереккөздегі мәліметтерге қарағанда...
- ... айтқандай ...
- ... дәлелдеймін

ЕББҚ.

1. Пәнді жақсы оқығанымен зейіні тұрақсыз білім алушы- мәтінде берілген

деректерді іріктеп, ақын Қадір Мырза Әлі сөзінің және ғалым Александр Ефимович Алекторов пікірінің тақырыпқа сай қолданылуын түсіндіру, авторына сілтеме жасау.

1) Ұлы ақын Қадір Мырза Әлінің «Нағыз қазақ қазақ емес, нағыз қазақ – домбыра» деген сөзінің зор мәні бар.

2) Ғалым Александр Ефимович Алекторов – «Қолдан істелген екі ішекті домбырадан мұндай нәзік, мұндай әсем дыбыстар шығады дегенге мен еш уақытта сенбеген болар едім! Егер де мына қарапайым жаныңа тиетін әнді өз құлағыммен естімеген болсам, мен оның ызыңдаған жаратылыс үнімен ұласатын күшіне де сенбес едім» деп бекер айтпаса керек!

2. Қолайсыз психологиялық фактор әсерінен тұйықталған білім алушыға тірек сөздер жазылған кесте ұсыну

- автордың ойынша... - алынған дереккөздегі мәліметтерге қарағанда... - ... айтқандай ... - ... дәлелдеймін	киелі аспап
	домбыра түрлері
	домбыра үні
	қасиетті ұғым

3-тапсырма «DEAL» әдісі

Ғаламтордан алынған домбыра туралы мәтінді оқып, деректерді қолданып, кестені толтыру

<https://forms.gle/SRYJeLCYo7bY549f6>

- Негізгі ойды анықтау
- Домбыраның ерекшеліктерін түсіндіру
- Домбыраның құрылысын талдау
- Домбыра туралы өз білімімен байланыстыру

Негізгі ойды анықтау	Домбыраның ерекшеліктері н түсіндіру	Домбыраның құрылысын талдайды	Домбыра туралы өз білімімен байланыстыру

Рефлексия:

«Сендірерлік дәлел»

менің ойымша...

маңызды болды ...

бірақ ...

яғни ...

деп ойлаймын ...

Үй тапсырмасы:

Энциклопедия, газет-журналдардан домбыра туралы деректер жинақтау.

Астана қаласы «NURORDA» мектеп-лицейінің «Қазақ тілі мен әдебиеті» пән мұғалімі, педагог-шебер Бекибаева Сангуль Госмановнаның іс-тәжірибесінен

ҚМЖ

Сынып: 7

Бөлім: 4-бөлім Сүйіспеншілік пен достық

Тақырып: Достық – ұлы ұғым.

Оқу мақсаты:

7.2.5.1. Мәтін бойынша проблемалық сұрақтар құрастыру;

7.4.4.1. Етістіктің есімше, көсемше түрлерін, тұйық етістікті тілдесім барысында қолдану.

Сабақ мақсаты:

- мәтін бойынша проблемалық сұрақтар құрастыра алады;

- етістіктің есімше, көсемше түрлерін, тұйық етістікті тілдесім барысында қолданады.

1-тапсырма.

Сұрақтарға жауап беріңіз


1. Дос деген кім?

2. Достық шынайы сесім бе, әлде жай ұғым ба?

3. Дос жасты талғай ма?

4. Достықта әділдік керек пе қалай ойлайсыз?

5. Сүйіспеншілік пен достықтың айырмашылғы неде деп ойлайсыз? Екеуінің ұқсастығы қандай? «Венн диаграммасы» арқылы ойыңызды білдіріңіз.
- 6.



2-тапсырма.

1. Диалог құрастыру.

Шарты:

- екі дос арасында достық пен сүйіспеншілік туралы әңгіме құрастру;
- бірі қиын жағдайға тап болғанда, екіншісі оған қолдау көрсету.

2. Canva платформасы арқылы «Нағыз достық жүректен» тақырыбында 4-6 кадрдан тұратын комикс құрастырыңыз.

Құрылымы:

- танысу сәті;
- ортақ қызығушылықтар;
- нағыз достық;
- қорытынды.

3-тапсырма. Оқылым.

Дос туралы

Ертеде бір ақылды қария болыпты. Бір күні ақылды қарияға бір жігіт келіп:

- Ақсақал, мен қандай жігітпін? Сынаңызшы, - депті.

Қарт жігітке қарап:

- Жолдасыңды көрсет, сонан соң қандай екенінді айтамын, - депті.

Жігіт жолдасын қартқа жіберіпті. Қарт жігіттің жолдасымен ұзақ сөйлесіп, ақырында жігіттің өзін шақырыпты.

Сонда қарт былай деген екен:

- Шырағым, жаман жігіт емессің, -депті.
- Қалайша олай дейсіз? Мені бұрын көрген жоқсыз ғой? –депті жігіт.

Қарт күліп: «Жігітті жолдасына қарап бағала» дейді халық.

1. Жоғарыдағы мәтін негізінде проблемалық сұрақтар құрастырыңыз.

4-тапсырма. Әдеби тіл нормалары

1. Төмендегі кестедегі берілген сөздерді мағынасына қарай бір-бірімен тіркестіріп, күрделі етістікке айналдырып, сөйлем құраңыз.

апару, кіру, жинау, ойлау, ұйықтау, салу, келу, жүгіру, секіру	тастау, келу, отыру, алу, жату, кету, тұру, шығу, өту
---	--

1. «Сөйле, сипатта, бөліс!» әдісі бойынша тілдесім барысында берілген тақырыпшалар негізінді ойыңызды білдіруде есімше, көсемше және тұйық етістік формаларын қолдану.

Тақырыптар:

- «Ең жақын досым»;
- «Менің арманым»;
- «Мектептегі бір күн».

2. «Сүйіспеншілік -жүректен шығатын жылу» тақырыбында шағын ойтолғау жазыңыз. Ойтолғауда етістік формаларын қолданыңыз.

Етістіктер: жасаған, танытқан, көрсете отырып, қарауды үйренгенін, үйрену, сыйлау, сүйе білу, тудырады, қарау, болу.

№	Дескриптор	Балл (жалпы 10 балл)
1	Мәтін бойынша проблемалық сұрақтарды кеңінен құрастыра алады	4
2	Етістіктің есімше, көсемше түрлерін, тұйық етістікті тілдесім барысында берілген тапсырмалар негізінде қолдана алды	3
3	Canva платформасын тиімді қолдана отырып, комикс жасай құрастырды	3

ҚМЖ

Сынып: 7

Бөлім: 8-бөлім: Дұрыс тамақтану. Гендік өзгеріске ұшыраған тағамдар

Тақырып: Ас – адамның арқауы.

Оқу мақсаты:

7.1.2.1 әлеуметтік-қоғамдық, оқу-еңбек тақырыптарына байланысты диалог, монолог, полилогтердегі (пікірталас, жаңалық) автор көзқарасы мен көтерілген мәселені талдау;

7.4.4.4 одағай түрлерін ажырата білу, қолдану.

Сабақ мақсаты:

- әлеуметтік-қоғамдық, оқу-еңбек тақырыптарына байланысты диалог, монолог, полилогтердегі (пікірталас, жаңалық) автор көзқарасы мен көтерілген мәселені талдайды;
- одағай түрлерін ажырата біледі және қолданады.

1-тапсырма.

1.Полилогпен жұмыс (топтық жұмыс).

Тақырып: «Жастар арасында дұрыс тамақтану неге маңызды?» деген тақырып төңірегіндегі көтерілген мәселелерді талдау.Төмендегі берілген рөлдер бойынша білім алушылар мен денсаулық сақтау маманы арасындағы пікірталас.

Рөлдер:

- *спортпен шұғылданатын білім алушы;*
- *фас-фудты ұнататын білім алушы;*
- *медбике апай немесе денсаулық маманы;*
- *мұғалім (тәрбие сағаты).*

2.»Екі жақты күнделік» әдісі негізінде автор көзқарасына ойыңызды білдіріңіз.

Автордың көзқарасы	Менің ойым
Омар Хайям: «Өмір сүрудің екі заңын білген адам бақытқа қол жеткізеді. Бірі – не болса соны жей бермей, азығына талғаммен қарайтын кісі; екіншісі – кім болса, сонымен дос болмай, достыққа дұрыс адамдарды таңдай білетін жан»	
Бенджамин Франклин: «Ғұмырынды ұзартқың келсе, тамақты тарта іш»	
Сократ: «Мен өмір сүру үшін тамақтанамын, кейбіреулері тамақтану үшін өмір сүреді»	

3. «Салауатты тамақтану – ұлт денсаулығының негізі» деген тақырыпта дәрігер ретінде өз ойыңызды көпшілікке қалай жеткізер едіңіз? Басқалардың пікірімен қандай ой бөлісесіз? Осы тапсырманы **Gamma платформасы** арқылы 5 бетті презентация дайындаңыз.

Презентацияда төмендегілерді қамту қажет:


- тамақ құрамында негізгі қоректік заттардың болуы (белок, май, көмірсу);
- тамақ рационында қосымша заттардың болуы (витаминдер, микроэлементтер);
- тамақ нәрлігі адам жасына, денсаулық күйіне, табиғат климатына байланысты;
- тәулік бойынша тамақтану тәртібінің мөлшерін сақтау;
- тамақтанудың санитарлық – гигиеналық нормаға сай болуы.

2-тапсырма. Әдеби тіл нормалары.

1.Графикалық диктантты. Төмендегі сөйлемдердің ішінен одағай түрлерін тауып, орналастырыңыз.

1. Ойпырмай-ай, тәл тауыппын ғой.
2. Шөре-шөре, лағым, тентек болма, шырағым!
3. Бәрекелді, жарайсың, сұңқарым!
4. Алақай, бүгін мен үшін ең бақытты күн, естен кетпес шаттық күн!

5. Құп, тапсырманы орындауға қазір-ақ кірісемін!
6. Әйт-шу, жануар!
7. Дала бүгін қандай керемет, шіркін-ай, бос болсам, серуендеп келетін едім!
8. Мәссаған, сіздің атыңызды сұрамаған екенмін-ау.



2. Көп нүктенің орнына тиісті одағайларды қойып, олардың мағыналық түрлерін ажыратыңыз.

1. - ..., бірлігіміздің арқасында үлкен іс бітірдік.
2. ..., сонша күш-жігерім мен уақытымды босқа кетірдім.
3. ..., балалар, сапты бұзбай бірқалыпты жылдамдықпен екі айналым жүгіріп келіңдер.
4. ..., сен де бір, жағаласа бермей қоя тұршы.
5., достар, бүгінгі бағдарламада сіздерге жеміс-жидектің пайдасы туралы ақпарат береміз.
6. ..., байеке, сөзіңізді екі етпеймін, қалаға бүгін-ақ жол тартамын.

1. Одағайдың түрлерін ажырата білу үшін **Kahoot** платформасы арқылы **10 сұрақтан** тұратын викториналық сұрақ құрастырыңыз.

№	Дескриптор	Балл (жалпы 10 балл)
1	Полилогтердегі автор көзқарасы мен көтерілген мәселені талдай алады	6
2	Одағай түрлерін ажырата біледі және қолданады.	3
3	Gamma платформасын және Kahoot платформасы тиімді қолдана алады	3

ҚМЖ

Сынып: 7

Бөлім: 6-бөлім. Ғаламтор және әлеуметтік желілер. Шылау түрлері.

Тақырып: Ғаламтор – ақпарат әлемі.

Оқу мақсаты:

7.3.5.1. Оқылым және тыңдалым материалдары бойынша тірек сөздер мен сөз тіркестерін синонимдік қатармен ауыстыра отырып, жинақы мәтін жазу.

7.2.1.1. Мәтіндік және графиктік (кесте, диаграмма, сурет, шартты белгілер) ақпаратты интерпретациялау;

Сабақ мақсаты:

- оқылым және тыңдалым материалдары бойынша тірек сөздер мен сөз тіркестерін синонимдік қатармен ауыстыра отырып, жинақы мәтін жазады;
- мәтіндік және графиктік (кесте, диаграмма, сурет, шартты белгілер) ақпаратты интерпретациялайды.

Жазылым: 1-тапсырма.

1.Сұрақтардың жауабы бойынша жинақы мәтін жазыңыз.

- 1.Соңғы кезде қандай кітап оқыдыңыз?
2. Ол кітаптан қандай әсер алдыңыз?
3. Адамға берер қандай тәрбиелік мәні бар?
4. Күнделікті өмірде адам өмірін жеңілдетуге ғаламтордың пайдасы бар ма?
5. Ғаламтордан кітап оқып көрдіңдер ме?
6. Қағаз кітап пен электронды кітапты оқудың айырмашылығы бар ма?

Жинақы мәтін:

2.»Ғаламтордың пайдасы мен зияны?» деген тақырыпта **Canva** платформасы арқылы 5-6 кадрдан тұратын комикс түрінде синонимдік қатармен ауыстырып, жинақы мәтін жазыңыз.

Түсініктеме:

Жинақы мәтін – оқылым мәтіндеріндегі негізгі идеялар мен ақпараттарды сақтай отырып, мәтін көлемін ықшамдау және өңдеу.

Комикс жасау үшін басты қадамдарды ескеріңіз.

1.Мәтінді қысқарту – негізгі ойды және маңызды оқиғаларды анықтаңыз

2.Кадрларға бөлу – оқиғаны логикалық бөлімдерге бөліңіз.

3.Диалогтер мен репликалар жазу – кейіпкердердің сөйлеуін қысқа әрі нақты жазыңыз.

4. Суретпен толықтыру – әр кадрдың мазмұнына сай иллюстрациялар жасаңыз.

2-тапсырма. Оқылым.

Ғаламтор

Көптеген адам, әсіресе, ғаламтор қолданушылары, ғаламторды адамзаттың ең үлкен жетістігі екендігімен келісері анық. Ол ақпарат көзі болуымен қатар адамдарға қажет біліммен сусындауға, қиюы келмес мәселелердің шешімін табуға көмектеседі. Жан-жақты білімді болуымызға, көптеген қызықты дүниелерді үйренуімізге ғаламтордың себебі мол. Оған қоса, ғаламтордың тағы бір артықшылығы – мемлекеттер мен құрлықтар арасындағы шекараны жойып, адамдарға араларындағы қашықтыққа қарамастан, бір-бірімен араласуға, сөйлесуге мүмкіндік беруінде. Тіпті ғаламтор арқылы әлемнің екі бұрышындағы адамдар достасып, махаббаттарын да тауып жатады. Танымдық бағдарламаларды көру, жаңа ақпарат алу, білімімізді толықтыру, шет тілдерін үйрену арқылы ғаламторда уақытымызды тиімді әрі пайдалы өткізе аламыз. Кей адамдар ғаламтор арқылы мамандық алып, жұмысқа орналасып жатады. Бұлардан бөлек ғаламтормен байланысты түрлі мамандықтар да пайда болған. Әрине, ғаламтордың пайдасы мол екендігі даусыз. Алайда оның зияны да аз емес. Ғаламтордың зияны жайлы сөз болғанда, ең бірінші, қозғалатын тақырып – ғаламторға тәуелділік. Ғаламтор қолданушыларының он пайызының оған тәуелді екендігі ғылыммен дәлелденген. Тіпті олардың бірқатары ғаламторды үй, тағам, су іспетті өмірлік маңызды дүние деп есептейді. Оңтүстік Корея, Қытай және Тайваньда ғаламторға тәуелділікті ұлттық деңгейдегі мәселе ретінде қарастырады. Ғаламтордың зияны тек мұнымен шектелмейді. Компьютер мониторының алдында ұзақ уақыт отыру көздің көруіне теріс әсер етсе, компьютер алдында дұрыс қалыпта отырмағанның салдарынан қимыл-тірек аппаратына зиян келеді. Адам психикасына кері әсер ететін ақпараттарды да ғаламтордың зиянды жағына қоса аламыз. Ғаламтор арқылы алаяқтар жеке тұлға жайлы мәлімет алып, оны өз мақсатына қолдануы мүмкін. Сонымен қатар әлемдік тор арқылы компьютер жүйесіне зақым келтіріп, зиянын тигізетін вирустар тарайды. Әрқашан әр нәрсенің жақсысын үйреніп, жаманынан жиреніп, пайдасын көріп біліп, ал зиянынан сақтанайық.

<https://melimde.com > elem-kitaphan.>

1. Мәтінді оқып, FILA кестесін толтыру

Мәтіндегі фактілер (Facts)	Мәтіннің идеясы (Ideas)	Сұрақтар (Learning issues)	Әрекет жоспары (Action plan)

--	--	--	--

2. Жоғарыдағы мәтін негізінде өз ойыңызды дәлелдеп жазыңыз.

Пікір: *Менің ойымша, әлеуметтік желілер ...*

Дәлел: *Себебі, ...*

Мысал: *Ғаламторға тәуелділік, шын әлемді ұмытып, виртуалды әлемнен шықпай қалу. ...*

Қорытынды: *Қорытындылай келе, ...*

№	Дескриптор	Балл (жалпы 10 балл)
1	Оқылым және тыңдалым материалдары бойынша тірек сөздер мен сөз тіркестерін синонимдік қатармен ауыстыра отырып, жинақы мәтін жаза алады	5
2	Мәтіндік және графиктік (кесте, диаграмма, сурет, шартты белгілер) ақпаратты интерпретациялай алды	3
3	Canva платформасын тиімді қолдана алады	2

Шығыс Қазақстан облысы Өскемен қаласы №47 жалпы білім беретін мектебінің қазақ тілі мен әдебиеті пән мұғалімі, педагог-зерттеуші Жиенбаева Дана Болатбековнаның іс-тәжірибесінен

2-бөлім

Сынып: 8

Бөлім: Жасөспірім және заң.

Тақырып: Құқық. Заң. Құқықтық сауаттылық.

Оқу мақсаты:

8.2.6.1 оқылым стратегияларын қолдану: комментарий жасау, іріктеп оқу, талдап оқу

8.3.1.1 тақырып бойынша материал жинақтап, тезистік жоспар құру

Сабақ мақсаты:

Оқылымның комментарий жасау, іріктеп оқу, талдап оқу стратегияларын қолданады;

Тақырып бойынша материал жинақтап, тезистік жоспар құрады;

1-тапсырма

«Танысу. Тәжірибе. Қолдану» әдісі

Берілген тірек сөздерге мысалдар келтіріп, пікір білдіріңіз. Өмірдегі кейбір жағдаяттармен байланыстырыңыз.

1-қадам:	Танысу Құқық. Заң. Құқықтық сауаттылық.
2-қадам:	Тәжірибе Берілген тірек сөздерге мысал келтіріп пікір айтыңыз.
3-қадам:	Қолдану Өмірдегі кейбір жағдаяттармен байланыстырыңыз.

2-тапсырма

Оқылымның комментарий жасау, іріктеп оқу, талдап оқу стратегияларын қолданып, мәтін мазмұнымен танысып, негізгі ақпараттарды анықтаңыз.



I топ: «Комментарий жасап оқу»

Комментарий жасап оқу – стилі мен жанрын, кімдерге арнап жазылғанын талдап оқу.

II топ: «Іріктеп оқу»

Іріктеп оқу – әрбір сөздің мағынасын түсіну үшін мәтінді сөзбе-сөз оқу.

III топ: «Талдап оқу»

Талдап оқу – стилі мен жанрын, кімдерге арнап жазылғанын талдап оқу.

3-тапсырма

Тақырып бойынша материал жинақтап, тезистік жоспар құрыңыз.

Тезистік жоспар: Мәтін бөлімдерінің тақырыпшалары мен азат жолдардың негізгі мазмұнына қатысты атаулар қамтылады.

Тезистік жоспар

<https://curipod.com/22c5042b-5ec8-4d5f-843e-f0b49ce272da/lessons/7557492f-bb1e-4944-8ba2-248cd8025884?showpreview=true>

I. Кіріспе

1. Тезистік сөйлем:

II. Негізгі бөлім.

1. Тезистік сөйлем:

а) тезисті қолдаушы сөйлем:

б) тезисті қолдаушы сөйлем:

2. Тезистік сөйлем:

а) тезисті қолдаушы сөйлем:

б) тезисті қолдаушы сөйлем:

3. Тезистік сөйлем.

а) тезисті қолдаушы сөйлем:

б) тезисті қолдаушы сөйлем:

III. Қорытынды

Рефлексия

«Сендірерлік дәлел»

Менің ойымша ...

Есте сақтарлық маңызды жайт, ол ...

Дегенмен ...

Менің түйгенім ...

Тапсырма №	Дескриптор:	Балл (жалпы – 10 балл)
1	Берілген тірек сөздерге мысал келтіреді Пікір айтады Өмірдегі кейбір жағдаяттармен байланыстырады	1 1 1
2	Оқылымның комментарий жасау, іріктеп оқу, талдап оқу стратегияларын қолданып, мәтін	1

	мазмұнымен танысып, негізгі ақпараттарды анықтайды	1
3	Тақырып бойынша материал жинақтап, тезистік жоспар құрады: <i>I. Кіріспе</i> <i>1. Тезистік сөйлем:</i> <i>II. Негізгі бөлім.</i> <i>1. Тезистік сөйлем:</i> <i>а) тезисті қолдаушы сөйлем:</i> <i>б) тезисті қолдаушы сөйлем:</i> <i>2. Тезистік сөйлем:</i> <i>а) тезисті қолдаушы сөйлем:</i> <i>б) тезисті қолдаушы сөйлем:</i> <i>3. Тезистік сөйлем.</i> <i>а) тезисті қолдаушы сөйлем:</i> <i>б) тезисті қолдаушы сөйлем:</i> <i>III. Қорытынды</i>	1 1 1 1 1 1 1

Сынып: 8

Бөлім: Кәсіп пен еңбек. Болашақ мамандықтары.

Тақырып: Заманауи мамандықтар

Оқу мақсаты:

8.1.5.1. Перифраз түрінде берілген сұрақтар арқылы мәтіннен қажетті ақпаратты таба білу, көтерілген мәселе бойынша ой тұжырымдау

8.3.4.1. Эссе құрылымы мен даму желісін сақтап, мәселе бойынша ұсынылған шешімнің артықшылығы мен кемшілік тұстарын салыстыру, өз ойын дәлелдеп жазу (аргументативті эссе)

Сабақ мақсаты:


Тыңдалым мәтінінен перифраз түрінде берілген сұрақтар арқылы қажетті ақпаратты табады және көтерілген мәселе бойынша ой тұжырымдайды.

Құрылымы мен даму желісін сақтап, мәселе бойынша ұсынылған шешімнің артықшылығы мен кемшілік тұстарын салыстыра отырып, өз ойын дәлелдеп аргументативті эссе жазады.

1-тапсырма

Топпен жұмыс: «Торлы талқылау» әдісі

Сілтемеде берілген тыңдалым мәтінімен танысыңыз.



<https://youtu.be/z8-CZ396u3E>

Перифраз түрінде берілген сұрақтар арқылы мәтіннен қажетті ақпаратты тауып, көтерілген мәселе бойынша ой тұжырымдаңыз.

<https://www.thinking.com/user/1903611018269950820>

Temirkhanova.ainur2023@gmail.com (Ainurka_2025E)



2-тапсырма

Жұппен жұмыс: «Жұптас, ойлан, пікірлес» әдісі

«IT медицина қызметкері» мамандығының артықшылығы мен кемшілік тұстарын салыстыра отырып, өз ойыңызды дәлелдеңіз.

(тірек сөздер: заманауи дәрігерлер, жеке қабылдау, табиғи өсу, өмір сүру сапасы, мәліметтер, диагностика)

3-тапсырма

Жеке жұмыс: «Жүйелеп жазу» әдісі

Құрылымы мен даму желісін сақтап, мәселе бойынша ұсынылған шешімнің артықшылығы мен кемшілік тұстарын салыстыра отырып, өз ойын дәлелдеп аргументативті эссе жазыңыз.

Рефлексия: «3-2-1» әдісі

Күтілетін нәтижені негізге алып, талдау жасайды.

3 – маңызды мәселе

2 – жаңа ақпарат

1 – қорытынды түйінді ой

Тапсырма №	Дескриптор:	Балл (жалпы – 10 балл)
1	Перифраз түрінде берілген сұрақтарға жауап бере отырып, мәтіннен қажетті ақпаратты табады Көтерілген мәселе бойынша ой тұжырымдайды	1 1
2	«ІТ медицина қызметкері» мамандығының артықшылығын анықтайды Кемшілік тұстарын анықтайды Салыстыра отырып, өз ойын дәлелдейді	1 1 1
3	Эссенің құрылымы мен даму желісін сақтайды Мәселе бойынша ұсынылған шешімнің артықшылығын анықтап жазады Кемшілік тұстарын анықтап жазады, салыстырады Өз ойын дәлелдеп аргументативті эссе жазады	1 1 1 2

Сынып: 8

Бөлім: Театр өнері мен мәдениеті

Тақырып: Театр – мәдениет ошағы

Оқу мақсаты:

8. 2. 7. 1 ғаламтор, энциклопедия, газет-журналдар, оқулықтардан алынған деректерді дәлел ретінде қолдану, авторына сілтеме жасау

8.3.1 Оқылым және тыңдалым материалдары бойынша мәтіннің баяндау желісін сақтап, әр бөлігінен алынған ақпараттардан жинақы мәтін (тезис, аннотация) жазу

8.4.4.4 Жай сөйлемдерді айтылу мақсаты мен құрылымдық ерекшелігіне сай қолдану

Сабақ мақсаты:

Ғаламтор, энциклопедия, газет-журналдар, оқулықтардан алынған деректерді дәлел ретінде қолданып, авторына сілтеме жасайды;

Оқылым материалы бойынша мәтіннің баяндау желісін сақтап, әр бөлігінен алынған ақпараттардан жинақы мәтін (тезис) жазады;

Жай сөйлемдерді айтылу мақсаты мен құрылымдық ерекшелігіне сай қолданады;

1-тапсырма

Топпен жұмыс. Берілген суретке сүйене отырып, ой бөлісіңіз.



Жұппен жұмыс «Астын сызып оқу» әдісі



QR код арқылы мәтін мазмұнымен танысыңыз, берілген сөйлемдерді толықтырыңыз. Деректерді дәлел ретінде қолданып, авторына сілтеме жасаңыз.

Басқа өнер түрлері сияқты театр өнерінің _____
Атақты режиссер Робер Лепаждың пікірі _____
Егер кино мен театрға баруға таңдау түссе _____

Жеке жұмыс 2-тапсырма

Мәтіннен жай сөйлемдердің айтылу мақсатына қарай түрлеріне мысалдар келтіріңіз.

Сілтеме: <https://curipod.com/22c5042b-5ec8-4d5f-843e-f0b49ce272da/lessons/73e2c92a-7789-4378-9266-cc86043d730f?showpreview=true>

3-тапсырма

Оқылым материалы бойынша мәтіннің баяндау желісін сақтап, әр бөлігінен алынған ақпараттардан жинақы мәтін (тезис) жазыңыз. Жай сөйлемдерді айтылу мақсаты мен құрылымдық ерекшелігіне сай қолданыңыз.

Рефлексия

«Сендірерлік дәлел» әдісі

Менің ойымша....

Мынаны естен шығармау керек....

..... қарамастан

..... болса да

Яғни.....

Тапсырма №	Дескриптор:	Балл (жалпы – 10 балл)
1	Мәтінді оқып, берілген сөйлемдерді толықтырады Деректерді дәлел ретінде қолданады Авторына сілтеме жасайды	1 1 1
2	Мәтіннен жай сөйлемдердің айтылу мақсатына қарай түрлеріне мысалдар келтіреді: Хабарлы сөйлем Лепті сөйлем Сұраулы сөйлем Бұйрықты сөйлем	1 1 1 1
3	Мәтіннің баяндау желісін сақтап, әр бөлігінен негізгі ақпараттарды іріктейді Жинақы мәтін (тезис) жазады Жай сөйлемдерді айтылу мақсаты мен құрылымдық ерекшелігіне сай қолданады	1 1 1

№ 4

Сынып: 8

Бөлім: Биологтардың қызыл кітапқа енген жануарлар мен өсімдіктер

Тақырып: Қызыл кітапқа енген жануарлар мен өсімдіктер

Оқу мақсаты:

8. 2. 1. 1 тұтас және аралас мәтіндердегі (кесте, диаграмма, сызба, сурет) ақпараттарды салыстыру;

8. 3. 3. 1 мәтін құрылымын сақтай отырып, графиктік мәтіндегі (диаграмма, кесте) деректердің маңызды тұстарын анықтап жазу


Сабақтың мақсаты:

Тұтас және аралас мәтіндердегі (сурет) ақпараттарды салыстырады;

Мәтін құрылымын сақтай отырып, графиктік мәтіндегі (диаграмма, кесте) деректердің маңызды тұстарын анықтап жазады;

1-тапсырма

Берілген суреттерге сүйене отырып, пікір білдіріңіз.



2-тапсырма

Мәтінді оқып, берілген сұрақтарға жауап беріңіз.

<https://curipod.com/22c5042b-5ec8-4d5f-843e-f0b49ce272da/lessons/46b2b97c-1656-4bb3-9e43-03624d24dfb0>

Сұрақтар	Жауаптар
Who? Кім?	
What? Не?	
When? Қашан?	
Where? Қайда?	
Why? Неге?	
How? Қалай?	

3-тапсырма

Мәтіндердегі ақпараттарды салыстырыңыз.

4-тапсырма

Мәтін құрылымын сақтай отырып, графиктік мәтіндегі (диаграмма, кесте) деректердің маңызды тұстарын анықтап жазыңыз.

Рефлексия

«Төрт сөйлем» әдісі

Пікір:

Дәлел:

Мысал:

Қорытынды:

Тапсырма №	Дескриптор:	Балл (жалпы – 10 балл)
1	Берілген суреттерге сүйене отырып, пікір білдіреді	1
2	Мәтінді оқып, берілген сұрақтарға жауап береді: Who? Кім? What? Не? When? Қашан? Where? Қайда?	1 1

	Why? Неге? How? Қалай?	1
3	Мәтіндегі ақпараттарды салыстырады: I санат – II санат III санаты – IV санат II санат – V санаты	1 1 1
	Мәтін құрылымын сақтай отырып, графиктік мәтіндегі (диаграмма, кесте) деректердің маңызды тұстарын анықтап жазады	1 1 1

Сынып: 8

Бөлім: Қазақстандағы туризм және экотуризм. Пунктуация

Тақырып: Қазақстандағы туризм мәселесі

Оқу мақсаты:

8. 2. 5. 1 перифразаның түрлі тәсілдерін қолдана отырып, мәтін бойынша сұрақтар құрастыру;

8. 3. 4. 1 эссе құрылымы мен даму желісін сақтап, мәселе бойынша ұсынылған шешімнің артықшылығы мен кемшілік тұстарын салыстыру, өз ойын дәлелдеп жазу (аргументативті эссе)

8. 4. 5. 1 сөйлем соңында қабаттасып қойылатын тыныс белгілерін дұрыс қолдану

Сабақтың мақсаты:

Перифразаның түрлі тәсілдерін қолдана отырып, мәтін бойынша сұрақтар құрастырады;

Эссе құрылымы мен даму желісін сақтап, мәселе бойынша ұсынылған шешімнің артықшылығы мен кемшілік тұстарын салыстырып, өз ойын дәлелдеп аргументативті эссе жазады

Сөйлем соңында қабаттасып қойылатын тыныс белгілерін дұрыс қолдану

Топқа бөлу: <https://qazmath.net/quraldar/topka-bolu/>

1-тапсырма

Қызығушылығын ояту

Берілген суретке назар аударып, ой бөлісіңіз.




Берілген сұраққа жауап беріңіз.
Туристік қызмет көрсету дегеніміз не?

2-тапсырма

«Көз жүгіртіп оқу» әдісі

Мәтіннің жалпы мағынасын, идеясын түсіну үшін мәтінді оқып шығыңыз.



3-тапсырма

«Бастама-жауап-кейінгі әрекет» әдісі

Перифразаның түрлі тәсілдерін қолдана отырып, мәтін бойынша сұрақтар құрастырыңыз.

Синонимдер қолдану арқылы...

Жанама сұрақтар құрастыру...

Жалпылау және нақтылау сұрақтары...

3-тапсырма

Мәтіннен эссе жазуға қажетті тірек сөздерді анықтаңыз.

<https://curipod.com/22c5042b-5ec8-4d5f-843e-f0b49ce272da/lessons/c9f4525e-3978-4a74-a781-c9df4c042629?showpreview=true>

4-тапсырма

Эссе құрылымы мен даму желісін сақтап, мәселе бойынша ұсынылған шешімнің артықшылығы мен кемшілік тұстарын салыстыра отырып, өз ойын дәлелдеп аргументативті эссе жазыңыз. Сөйлем соңында қабаттасып қойылатын тыныс белгілерін дұрыс қолданыңыз.

Рефлексия



Тұлмин аргументтерінің құрылымы

Тапсырма №	Дескриптор:	Балл (жалпы – 10 балл)
1	Берілген суретке назар аударып, ой бөліседі Берілген сұраққа жауап береді	1 1
2	Перифразаның түрлі тәсілдерін қолдана отырып, мәтін бойынша сұрақтар құрастырады: Синонимдер қолдану арқылы... Жанама сұрақтар құрастыру... Жалпылау және нақтылау сұрақтары...	1 1 1
3	Мәтіннен эссе жазуға қажетті тірек сөздерді анықтайды	1
4	Құрылымы мен даму желісін сақтап, аргументативті эссе жазады Мәселе бойынша ұсынылған шешімнің артықшылығы мен кемшілігін анықтап, салыстырады, Өз ойын дәлелдейді Сөйлем соңында қабаттасып қойылатын тыныс белгілерін дұрыс қолданады.	1 1 1 1

Астана қаласы Ыбырай Алтынсарин атындағы BINOM SCHOOL мектеп-лицейінің қазақ тілі мен әдебиеті пән мұғалімі, педагог-модератор Қайроллаев Әсет Жанатұлының іс-тәжірибесінен

ҚМЖ

№1

Сынып: 8

Пән: Қазақ тілі

2-бөлім. «Адамзаттық құндылықтар және әлем мәдениеті».

Тақырып: «Билер сөзі – нақылдың көзі»

Оқу мақсаты:

8.1.4.1 мәтінде көтерілген мәселені (тұрмыстық, әлеуметтік) талдай отырып, негізгі ойды анықтау.

8.2.4.1 тақырыбы ұқсас ғылыми және публицистикалық стильдегі мәтіндердің тақырыбын, түрлерін (әңгімелеу, сипаттау, талқылау), құрылымын салыстыра талдау.

Сабақ мақсаты:

Оқылым мәтінінің мазмұны бойынша 2 сұрақ құрастырады. Жандарында отырған сыныптастарымен дәптерлерін алмасып, бір-бірінің құрастырған сұрақтарына жауап жазады;

Оқулықтың 36-37 және 38-беттеріндегі оқылым мәтіндерін тақырып, түр, стиль, үлгі, құрылым бойынша салыстыра талдайды.

1-тапсырма.

Оқылым мәтіні негізінде көтерілген мәселені анықтауға бағытталған сұрақтар құрастыру.

2-тапсырма.

Оқулықтың 36-37 және 38-беттеріндегі оқылым мәтіндерін тақырып, түр, стиль, үлгі, құрылым бойынша салыстыра талдандар.

1-мәтін	2-мәтін
Стилі	
Тақырыбы	
Мәтін түрі	
Мәтін үлгісі	
Құрылымы	

--	--

3-тапсырма.

ЖИ көмегімен жасалған сурет негізінде диалог құру.

«Төле биге жолықсаң қандай ақыл сұрар едің?»



№	Дескриптор	Балл (Жалпы - 10 балл)
1	оқылым мәтінінің мазмұны бойынша 2 сұрақ құрастырады	2
2	оқылым мәтіндерін тақырып, түр, стиль, үлгі, құрылым бойынша салыстыра талдайды	5
3	Кейіпкермен диалог құрайды	3

ҚМЖ

№2

Сынып: 8

Пән: Қазақ тілі

4-бөлім. «Ғарышты игеру жетістіктері».

Тақырып: «Байқоңыр – ғарыш алаңы». *Сөз тіркесі*

Оқу мақсаты:

8.1.3.1 мәтіннен алынған дәйексөздерге, үзінділерге сүйене отырып, көтерілетін мәселені болжау;

8.4.4.1 сөз тіркесінің байланысу тәсілдері мен түрлері, есімді, етістікті сөз тіркестерін ажырату, қолдану.

Сабақ мақсаты:

- Оқылым мәтінін негізге ала отырып, мәтіннің түрі мен стилін анықтап, мәтінде көтерілген мәселе мен негізгі ойын анықтап жазады;

- Оқылым мәтіні негізінде тиісті азатжолдан есімді, етістікті тіркестерді анықтап, оқулықтағы кестеге ажыратып, жасалу жолын түсіндіріп жазады.

1-тапсырма.

«Байқоңыр» ғарыш айлағы тақырыбындағы бейнежазбаны тамашалаңыздар.



<https://www.youtube.com/watch?v=A2wzRL6JcYg>

Бейнежазбадағы ақпараттар негізінде «Дейін және кейін» тапсырмасын орындаңыздар.

Дейін	Кейін

2- тапсырма.

Оқылым мәтінін түсініп оқыңыздар.

Оқылым мәтінін негізге ала отырып, кестені дәптерге толтырыңыздар.

1	Мәтіндегі көтерілген басты мәселе	
2	Мәтіннің стилін анықтаңдар. 3 дәлел келтіріңдер.	
3	Мәтінге тақырып қойыңдар.	
4	Мәтін мазмұнын нақтылайтын қорытындыны жаз.	

3-тапсырма.

Quizgecko ЖИ негізінде есімді және етістікті тіркестерге арналған дұрыс/бұрыс тапсырмасын орындаңыз.

№	Ақпараттар	Дұрыс	Бұрыс
1	ғарыш алаңы - <i>есімді сөз тіркесі</i>		
2	адамзат тарихы - <i>етістікті сөз тіркесі</i>		

3	қазығы қағылды - <i>есімді сөз тіркесі</i>		
4	жерді алып жатыр - <i>есімді сөз тіркесі</i>		
5	ғарышқа аттанды - <i>етістікті сөз тіркесі</i>		
6	старттық орнына айналды - <i>есімді сөз тіркесі</i>		
7	метеорологиялық бақылаулар - <i>етістікті сөз тіркесі</i>		
8	қазақ ғарышкері - <i>етістікті сөз тіркесі</i>		
9	ғарыш экипажы - <i>есімді сөз тіркесі</i>		
10	ғарыш кешені - <i>есімді сөз тіркесі</i>		
11	комиссия құрылды - <i>етістікті сөз тіркесі</i>		
12	уақыт дәлелдеді - <i>есімді сөз тіркесі</i>		
13	ғарышқа ұшуына - <i>етістікті сөз тіркесі</i>		
14	ұшу жетістіктеріне - <i>етістікті сөз тіркесі</i>		
15	мемлекеттік басқару органдары		
16	қала тұрғындары - <i>есімді сөз тіркесі</i>		
17	жұмыс атқарады - <i>етістікті сөз тіркесі</i>		
18	ғарыш саласы - <i>есімді сөз тіркесі</i>		
19	аумақты кешен - <i>есімді сөз тіркесі</i>		
20	жоғары оқу орындары - <i>етістікті сөз тіркесі</i>		

№	Дескриптор	Балл (Жалпы - 10 балл)
1.	бейнежазбадағы ақпараттар негізінде «Дейін және кейін» тапсырмасын орындайды	2
2.	Мәтіндегі көтерілген басты мәселені, стиліне, тақырыбына, мазмұнына талдау жасайды	4
3.	Есімді және етістікті сөз тіркестерін анықтайды.	4

ҚМЖ

№3

Сынып: 8

Пән: Қазақ тілі

6-бөлім. Қоршаған орта және энергия ресурстары.

Тақырып: «Қоршаған орта және адам». Жалпылауыш сөздер

Оқу мақсаты:

8.2.4.1 тақырыбы ұқсас ғылыми және публицистикалық стильдегі мәтіндердің тақырыбын, түрлерін (әңгімелеу, сипаттау, талқылау), құрылымын

салыстыра талдау;

8.1.6.1 коммуникативтік жағдаятқа сай ғылыми және халықаралық терминдерді, ғылыми деректерді орынды қолданып, диалог, монолог, полилогте өз ойын дәлелді, жүйелі жеткізу.

Сабақ мақсаты:

Оқулықтың 147-148-беттерінде берілген оқылым мәтіндерін салыстыра отырып, талдау жасайды;

Бірыңғай мүшелер мен жалпылауыш сөздерді қатыстырып, қоршаған ортаның адамға әсері туралы 7-8 сөйлемнен тұратын шағын мәтін құрастырады.

1-тапсырма.

Жеке жұмыс

Оқылым мәтіндерін түсініп оқыңыздар. Салыстыра (түр, стиль, ұқсастық, айырмашылық) отырып, талдау жасаңыздар.

1-мәтін	2-мәтін
Екі мәтіннің ұқсастығы	
Екі мәтіннің айырмашылығы	
Мақсаты	
Мазмұны	
Стилі	
Тілі	

2-тапсырма.

Жұптық жұмыс

Төменде берілген терминдерді, ғылыми деректерді қолдана отырып, диалог құрыңдар.

Климат, табиғат ресурстары, жер қойнауы, табиғи қорлар, су энергетикасы, экология, күн энергетикасы

3-тапсырма.

Топтық жұмыс

Chatgpt ЖИ көмегімен дайындалған инфографиканы пайдаланып, бірыңғай мүшелер мен жалпылауыш сөздерді қатыстырып, қоршаған ортаның адамға әсері туралы шағын мәтін (7-8 сөйлемді) құрыңдар.



№	Дескриптор	Балл (Жалпы - 10 балл)
1	оқылым мәтіндерін салыстыра талдайды	3
2	ғылыми және халықаралық терминді, ғылыми деректі қатыстыра отырып, диалог құрайды	4
3	қоршаған ортаның адамға әсері туралы 7-8 сөйлемнен тұратын шағын мәтін құрастырады, бірыңғай мүше мен жалпылауыш сөздерді қатыстырады,	3

ҚМЖ

№4

Сынып: 8

Пән: Қазақ тілі

7-бөлім. Жасөспірім және заң.

Тақырып: Уақытты қадірлеу – жасөспірім үшін заңдылық

Оқу мақсаты:

8.2.6.1 –оқылым стратегияларын қолданады: коментарий жасайды, іріктеп оқиды, талдап оқиды;

8.4.4.4 - жай сөйлемдерді айтылу мақсаты мен құрылымдық ерекшелігіне сай қолдану.

Сабақ мақсаты:

Оқылым тапсырмаларына коментарий жасайды, іріктеп оқиды, талдайды.

Жай сөйлемдерді айтылу мақсаты мен құрылымдық ерекшелігіне сай қолданады.

Топқа біріктіру.

I топ – «Бұйрықты»; II топ -»Сұраулы»; III топ - «Лепті»

Қима қағаздағы сөйлемнен хабарлы, сұраулы, лепті, бұйрықты сөйлемді анықтап, топқа бөлінеді.

1-тапсырма. Интербелсенді тақтадан «Уақытыңды бағала» уақыт туралы бейнежазба көрсетіледі.


«3 қадам» әдісі бойынша:

1. Тыңдалым мәтінінен көтерілген мәселені 1 сөйлеммен жеткізіңіз.

2. Тыңдалым мәтіні бойынша 1 сұрақ құрастырыңыз.
3. Тыңдалым мәтіні бойынша 1 лепті сөйлем, 1 бұйрықты сөйлем айтыңыз.

2-тапсырма. Топтық жұмыс.

- 1-топ. Берілген үзінді бойынша «ПОПС формуласын» толтырады.
- 2-топ. Берілген үзінді бойынша «Фрейер моделі» бойынша толтырады.
- 3-топ. «7 септік» формуласын берілген үзінді бойынша толтырады.



«Фрейер моделі»

Ұғым / Түсінік	
Анықтамасы	
Қасиеттері / Белгілері	
Мысалдар	
Қарсы мысалдар (болмайтын жағдайлар)	

3-тапсырма. Жұптық жұмыс. ЖИ (ChatGPT) көмегімен құрылған түрлі жағдаяттарға байланысты берілген сұрақтарға жұбыңызбен бірге ақылдаса отырып, жауап беріңіз.

1. «Көше батырлығы»

Ернар мен оның достары сабақтан кейін саябақта жиналды. Біреуі көше шамына тас лақтырып сындырды. Қасында тұрған Ернар оларға қосылмады, бірақ тоқтатпады да. Бірнеше минуттан кейін полицейлер келіп, бәрін бөлімшеге алып кетті.

Сұрақтар:

- Ернардың әрекеті дұрыс па? Ол жауапкершілікке тартыла ма?
- «Қасақана істемесем де, жауап берем бе?» деген ой заңда қалай көрініс табады?

2. «ТікТок-тағы әзілің неге қылмысқа айналды?»

Дана мен Айару ТікТок-қа «әзіл видео» түсіріп, сыныптасын ұрлық жасады деп көрсетіп, монтаж жасап салды. Видео көп қаралым жинады. Сыныптасы өзін мазақ етіп, беделін түсіргені үшін шағымданды.

Сұрақтар:

- Бұл жағдайда қандай заң бұзылды?
- Кибербуллинг деген не? Оның салдары қандай болуы мүмкін?

№	Дескриптор	Балл (Жалпы - 10 балл)
---	------------	---------------------------

1	Тыңдалым мәтінінен көтерілген мәселені 1 сөйлеммен жеткізіңіз. Тыңдалым мәтіні бойынша 1 сұрақ құрастырыңыз. Тыңдалым мәтіні бойынша 1 лепті сөйлем, 1 бұйрықты сөйлем айтыңыз.	4
2	«ПОПС формуласы» «Фрейер моделі» «7 септік» формуласы	4
3	Жағдаятты шешу	2

ҚМЖ

№5

Сынып: 8

Пән: Қазақ әдебиеті

2-бөлім. «Көркем әдебиет және эпикалық сарын»

Тақырып: Мұрат Мөңкеұлы «Үш қиян» толғауы.

Оқу мақсаты:

8.2.2.1 автор бейнесі мен кейіпкерлер қарым-қатынасының тілдік көрінісін талдау;

8.1.1.1 әдеби шығарманың жанрына байланысты сюжеттік желілерін, эпилог, прологтарды анықтау;

Сабақ мақсаты:

М.Мөңкеұлының өмірі мен шығармашылығынан мәлімет ала отырып, автор бейнесі мен кейіпкерлер қарым-қатынасының тілдік көрінісін талдау, шығармаларын идеялық мазмұны жағынан талдау, топтастыру.

1-тапсырма. «Үш қиян» толғауынан үзіндіні тыңдап, төмендегі сұрақтарға жауап бер.

<https://www.youtube.com/watch?v=SvbUvkqv4Qw>

1. Үзіндіде аты аталатын тарихи тұлғалардың тізбегін жасайды, сұрақтарға жауап береді.

2. Тарихи тұлғалардың автор шығармасындағы орны қандай?

3. Неліктен автор Асанқайғы, Қазтуған, Орақ, Мамай, Телағыс, Шора, Исатай сынды аруақты ерлердің абыройын төккен жер деп зарланады?

2-тапсырма. Авторға мінездеме

Білім алушыларға «Үш қиян» өлеңінің 6,7,8,9,10,11,12-бөлімдері таратылады.

Үзінділерді топта оқып, автордың ішкі қаупі, толғанысы, жауапкершілігі, болжамы т.б. арқылы авторға мінездеме береді.

Үзінділер	Автор көтерген мәселе (шынайылығы)	Қауіп қатер, болжамдары	Авторға мінездеме

3-тапсырма. Ашық хат

«Неліктен сіз өз заманыңыздың ұнамсыз жағын ғана көрдіңіз?» деген сауалға дәлелді жауап алу мақсатында, авторға ашық хат жазады (70-80 сөз) ЖИ ұсынған ашық хат құрылымын қолданады.

1. Кіріспе тармақ Хат жазу себебін таныстыру

- Мұрат Мөңкеұлына деген құрметінді білдіру;
- «Үш қиян» толғауын оқығаннан кейінгі әсерің;
- Неліктен дәл осы сұрақты қою қажеттілігі туғанын түсіндіру.

2. Негізгі тармақ – Ақын толғауын талдау және сұраққа дәлел іздеу

- «Үш қияндағы» тарихи жағдайлар мен қоғамның ауыр халіне тоқталу;
- Ақынның неге осындай мұнды сарынға бет бұрғанын түсінуге тырысу;
- Білім алушының жеке көзқарасы мен пайымдауы.

3. Қорытынды тармақ – Түйін жасау және авторға үндеу

- Ақын сөзі арқылы өткенге көз жүгіртіп, бүгінгіге баға беру;
- Ақынға құрмет пен ризашылық білдіру;
- Жыр мәнін түсінгенінді көрсету және қорытынды ой айту.

№	Дескриптор	Балл (Жалпы - 10 балл)
1	Үзінді тыңдайды, тарихи тұлғалардың тізбегін жасайды, сұрақтарға жауап береді, ойын дәлелдейді.	4
2	Автордың ішкі қаупі, толғанысы, жауапкершілігі, болжамы көрінетін жерлерді талдайды, авторға мінездеме береді, ойын дәлелдейді.	4
3	Автормен сұхбаттасады, хат құрылымын сақтайды.	2

ҚМЖ

№6

Сынып: 8

Пән: Қазақ әдебиеті

3-бөлім. «Махаббат және абырой»

Тақырып: Мұқағали Мақатаев «Аққулар ұйықтағанда» поэмасы

Оқу мақсаты:

8.1.3.1 көркем шығармадағы кейіпкерлерді сомдауда тура және жанама мінездеулерді жіктеу;

8.2.2.1 автор бейнесі мен кейіпкерлер қарым-қатынасының тілдік көрінісін талдау.

Сабақ мақсаты:

- көркем шығармадағы кейіпкерлерді сомдауда тура және жанама мінездеулерді жіктеу, шығарма мазмұнын талдау арқылы автор бейнесін анықтау;

- кейіпкердің образға қызмет етіп тұрған маңызды әрекеттерін талдайды, шығарма мазмұнын талдау арқылы автор бейнесін анықтау;

- автор бейнесі мен кейіпкерлер қарым-қатынасының тілдік көрінісін талдау.

1-тапсырма. Жұптық тапсырма. Кейіпкер портреті

Ұсынылған үзінділер арқылы «Аққулар ұйықтағанда» поэмасындағы кейіпкерлердің тура және жанама мінездеулерін жіктеп көрсетіңіздер.

Кейіпкер	Тура мінездеу	Жанама мінездеу

2-тапсырма. Жеке тапсырма. Білім алушыларға екі түрлі тапсырма ұсынылады. Өздері біреуін таңдап орындайды.

№1 Шығармадағы Ана бейнесі мен қазіргі өмірдегі аналар бейнесімен салыстырыңыз.

Поэмадағы Ана бейнесі	Бүгінгі өмірдегі аналарымыз

№2 «Ана махаббаты киеліліктен де құдіретті» деген пікірмен келісесіз бе?

«ПОПС» формуласы

1-сөйлем «Менің ойымша,...»

2-сөйлем «Себебі, мен оны былай түсіндіремін...»

3-сөйлем «оны мына фактілермен,мысалдармен дәлелдей аламын...»

4-сөйлем «Осыған байланысты мен мынадай қорытынды шешімге келдім...»

3-тапсырма. Топтық жұмыс.

«TARSIA» әдісі. Автордың өмірі мен шығармашылығы, шығарма желісі бойынша тарсия фигурасында сұрақтар мен жауаптарды жинап, қағаздың артында шығатын QR-кодты сканерлеу керек. Ол жерден әрбір топқа арналған «Автор» сұрағы көрінеді.

Қосымша сұрақ: D-ID платформасында дайындалған автор сұрағы.



№	Дескриптор	Балл (Жалпы - 10 балл)
1	кейіпкердің портреттік бейнелерін тауып жазады, тура және жанама мінездеуді ажыратады	3
2	ана бейнесін салыстырады. өз пікірін білдіріп, қорытынды шығарады	4
3	кейіпкер сұрағына жауап нақты әрі толық дұрыс жауап береді	3

ҚМЖ

№7

Сынып: 8

Пән: Қазақ әдебиеті

4-бөлім. «Қиял мен шындық»

Тақырып: Жүніс Сахиев «Айдағы жасырынбақ»

Оқу мақсаты:

8.2.3.1 әдеби шығарманың идеясы мен пафосын ұлттық мүдде тұрғысынан ашу;

Сабақ мақсаты:

- білім алушылар өздеріне берілген тапсырмаларды орындау негізінде шығарманың идеясы мен пафосын ұлттық мүдде тұрғысынан анықтайды;

- ұсынылған тақырыптардың бірін таңдап, қызықты оқиға желісі баяндалатын фантастикалық әңгіме құрастырады.

Білім алушылар <http://castlots.org> бағдарламасының көмегімен 4 топқа бөлінеді.

1-тапсырма. Топтық жұмыс.

Әр топ мүшелері бірлесе ақылдаса отырып, берілген тақырып бойынша шағын зерттеу жүргізіндер.

1. *Ғылым мен техниканың дамуынан біздің жерімізге қандай қауіп төнуі мүмкін? Бұл қауіптің алдын алу үшін ғалымдар не істеп жатыр?*

2. *Жасыл экономика, табиғи қуат көзі, күн, су, жел энергиясы деген сөздердің беретін мағынасы қандай?*

3. *ЭКСПО-2017 халықаралық көрмесінің басты тақырыбы қандай болды? Қазақстан бұл көрмеде қандай таныстырылымдар жасады?*

4. *Келешекте жер ғаламшарын сақтап қалу мүмкін бе?*

2-тапсырма. Жұптық жұмыс.

Төменде берілген тақырыптардың бірін таңдап, ЖИ (ChatGPT) көмегімен құрылған қызықты оқиға желісі бойынша фантастикалық әңгіме құрастырындар.

Әңгіме тақырыптары:

1. «Егер кенеттен күн жоқ болса, не болар еді?»

Кіріспе: *Күннің жоғалуы – әлемдік дағдарыс басталуы;*

Негізгі бөлім: *Жаңа үміт – Жасанды Күн жобасы;*

Қорытынды: *Қайта оралған жарық – адамзаттың жаңа дәуірі.*

2. «Басқа ғаламшар адамдарымен бетпе-бет кездессек, не істер едік?»

Кіріспе: *Байланыс – бөгде өркениетпен алғашқы байланыс орнату;*

Негізгі бөлім: *Кездесу – басқа ғаламшарлықтармен бетпе-бет;*

Қорытынды: *Таңдау – сенім мен қақтығыс арасындағы шешім.*

3. «Егер кенеттен ай жоқ болса, не болар еді?»

Кіріспе: *Айдың жоғалуы – табиғаттың бұзылуы;*

Негізгі бөлім: *Іздеу мен түсінік – Ай қайда кетті?;*

Қорытынды: *Қайтару – Айсыз өмір мен таңдау.*

4. «Жерден аспан әлеміне барып тіршілік етсек қалай болады?»

Кіріспе: *Жердегі дағдарыс – жаңа үй іздеу;*

Негізгі бөлім: *Ұшу және жаңа әлемге жету;*

Қорытынды: *Жаңа өмір және таңдау.*

3-тапсырма. Жеке жұмыс.

Төменде берілген сұрақтар негізінде өз тұжырымыңызды жазыңыз.

-Автор не айтқысы келді?

-Әңгімедегі ғылыми-фантастикалық мазмұнның астарында қандай ұлттық ой жатыр?

-Қандай сезім, көзқарас, ұмтылыс байқалады?

-Автор адамзат болашағын қалай көреді? Бұл көзқараста қазақи болмыс немесе ұлттық рух бар ма?

-Әңгіменің мазмұны мен кейіпкерлері арқылы қандай ұлттық құндылықтар көрініс тапқан?

-Қазіргі заман жастарына ұлттық рухты, ел болашағына деген жауапкершілікті қалай жеткізеді?

№	Дескриптор	Балл (Жалпы - 10 балл)
1	Берілген тақырыптар бойынша шағын зерттеу жұмысын жасайды	4
2	- ұсынылған тақырыптардың бірін таңдай отырып, жанындағы жұбымен кемінде 15 сөйлемнен тұратын фантастикалық әңгіме құрастырып жазады; - әңгіме құрылымы (кіріспе, негізгі, қорытынды бөлім) сақталады - әңгіменің сюжеттік желісі, яғни белгілі бір оқиға желісі болуы тиіс; - әңгімеде кейіпкерлер мен олардың арасында диалог болуы ескерілу қажет	4
3	Берілген сұрақтар негізінде өз тұжырымын жазады	2

Қазақ тілінен 9-сыныпқа арналған тапсырмалар

Астана қаласы, А.Байтұрсынұлы атындағы №48 мектеп-лицейінің қазақ тілі мен әдебиеті пән мұғалімі Аренова Жамила Сабитовнаның іс-тәжірибесінен

1-сабақ

Сынып: 9

Тақырып: Білімді ұрпақ – іргелі елдің кепілі

Оқу мақсаты: 9.1.4.1 мәтіннің мақсаты арқылы негізгі ойды анықтау;

9.3.6.1 жазба жұмысын абзацтар мен бөліктерге бөлу, ойын (ақпарат, идея) дұрыс жүйелеп, логикалық түзетулер енгізу, редакциялау

Сабақ мақсаты:

- мәтін мақсатын анықтайды, ойын дұрыс тұжырымдай алады;

- жазба жұмысын бөліктерге бөледі, логикалық түзетулер енгізеді, редакциялайды

Мәтін. Берілген мәтінді оқыңыз, тапсырманы орындаңыз.

Білімді ұрпақ – іргелі елдің кепілі

Бүгінгі таңда әлем қарқынды дамып, технологиялар күн сайын жаңарып жатыр. Осындай заманда бәсекеге қабілетті болу үшін әрбір ел білімді ұрпақ тәрбиелеуге ерекше көңіл бөлуі тиіс. Өйткені білім – ол елдің болашағын айқындайтын, оның іргесін қалайтын басты күш.

Білімді ұрпақ – өз елінің тарихын, мәдениетін терең білетін, әлемдік ғылым мен техниканың жетістіктерін меңгерген, ойлау қабілеті жоғары, шығармашыл, белсенді азаматтар. Олар ғана елімізді өркендетіп, әлемдік аренада лайықты орнын қамтамасыз ете алады.

Елбасымыздың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» бағдарламасында да білімнің маңыздылығы ерекше атап өтілген. Сапалы білім беру, жастардың ғылымға деген қызығушылығын арттыру, олардың интеллектуалды әлеуетін дамыту – мемлекеттің басты міндеттерінің бірі.

Сондықтан да әрбір ата-ана, әрбір ұстаз жас ұрпақтың білімді, саналы, еңбекқор болып өсуіне жауапкершілікпен қарауы қажет. Өйткені білімді ұрпақ – тек қана жеке тұлғаның емес, бүкіл елдің жарқын болашағының кепілі. Білімді ұрпақ қана іргелі елді қалыптастыра алады.

Осы мақсатта елімізде білім беру жүйесін үздіксіз жетілдіру, оқытудың жаңа әдістерін енгізу, педагог кадрлардың біліктілігін арттыру жұмыстары жүргізілуде. Заманауи талаптарға сай жабдықталған мектептер мен университеттердің саны артуда. Жастардың білім алуына, ғылыми ізденістер жүргізуіне барлық жағдай жасалуда.

Дегенмен бұл бағытта атқарылар жұмыстар әлі де көп. Әрбір жас ұрпақтың сапалы білім алуына қол жеткізу, олардың өз қабілеттерін толық ашуына мүмкіндік беру – біздің ортақ мақсатымыз. Білімді ұрпақ – бұл тек қана дипломдар мен сертификаттардың жиынтығы емес, сонымен қатар жоғары адамгершілік құндылықтарды бойына сіңірген, өз елінің патриоты болған тұлғалар.

Сондықтан да біз бар күш-жігерімізді жас ұрпақтың білімді, білікті әрі саналы азамат болып қалыптасуына жұмсауымыз керек. Себебі, бүгінгі білімді ұрпақ – ертеңгі іргелі Қазақстанның тірегі мен қуаты болмақ. Олар ғана елімізді жаңа биіктерге көтеріп, әлемдік өркениетте өзіндік орнын сақтай алады.

Ақпарат дереккөзі: (<https://g.co/gemini/share/0fca32e7ecce>)

1-тапсырма

➤ Мәтіннен тірек сөздерді табыңыз

➤ Әр абзацтың бірінші және соңғы сөйлемдерін оқыңыз

➤ Қайталанатын идеялар мен сөздерге көңіл аударыңыз

➤ Төмендегі сұрақтардың жауабын мәтіннен іздеңіз:

Автор бұл мәтінді не үшін жазды?

Осы мәтін арқылы оқырмандарға не айтқысы келеді?

Автордың айтқысы келетін ең маңызды нәрсе не болды?

Автор қандай дәлелдер келтіреді?

➤ Барлық жиналған ақпаратты біріктіріп, мәтіннің негізгі ойын бір немесе екі қысқа сөйлеммен тұжырымдаңыз.

2-тапсырма. Берілген мәтінді мұқият оқыңыз, тапсырмаларды орындаңыз.

Білімді жастар – еліміздің болашағы

Білімді жастар – ел болашағы. Халық даналығы айтқандай, білекті бірді жығар, білімді мыңды жығар. Қоғамның басты міндеті – саналы, рухани бай, білімді ұрпақ тәрбиелеу. Бүгінгі әлемде білім мен тәрбие – адамзатты алға апаратын күш.

Әр елдің келешегі мектептен басталады. Қазақстандық мектептердің дамуы мемлекеттің назарында. Сапалы білім беру – ұстаздың міндеті, ал білімді, өнегелі азамат болу – білім алушының міндеті. Тәуелсіздік жылдарында Қазақстан экономикада жетістікке жетті. Қазіргі кезде білім беру жүйесінің рөлі артып, оған жаңа талаптар қойылуда.

Ескірген білім беру жүйесін жаңарту, білім мазмұнын өзгерту қажет. Елдің ұзақ мерзімді дамуында білім мен ғылым – басым бағыттардың бірі. Президент интеллектуалдық серпіліс жасауды талап етеді. Ұлы Абай айтқандай, адам ақыл, ғылым, ар, мінезбен озады. Қазақстандық білім беру жүйесі реформаланып, мектепке дейінгі және жоғары білім беру жүйелерін қамтиды.

Білім беру – «Қазақстан-2030» Стратегиясының негізгі мақсаты. Реформалардың мақсаты – білім беру жүйесін жаңа әлеуметтік-экономикалық ортаға бейімдеу.

Президент Қазақстанды әлемнің бәсекеге қабілетті 50 елінің қатарына кіргізу мақсатын қойды. Бұл мақсатқа жетуде білім беру жүйесі маңызды рөл атқарады.

Жаңа мақсаттарды шешу үшін бірқатар бағдарламалар қабылданды. Президенттің «Болашақ» бағдарламасы дарынды жастардың әлемнің үздік университеттерінде білім алуына мүмкіндік берді.

Әрбір тұлғаның болашағы мектепте қалыптасады. Ұлы жазушы М. Әуезов айтқандай, халықты халықпен, адамды адаммен теңестіретін – білім. Мектеп – өркениетке апарар жолдың бастауы.

Білімді ұрпақ – елдің болашағы. Тек білімді жастар ғана ұлтты асқақтатып, елді өрге сүйрейді. Қоғам жастардың сапалы білім алуына ықпал етуі керек.

Елбасы білім мен ғылымға көп көңіл бөледі. Қазақстанның жарқын болашағы – білімді жастармен ғана мүмкін.

Ақпарат дереккөзі: ([https://bilimdiler.kz/okushi/26898-bilimdi-zhastar-elimizdin-](https://bilimdiler.kz/okushi/26898-bilimdi-zhastar-elimizdin-bolashagy.html?ysclid=maa3gkqmi910562096)

[bolashagy.html?ysclid=maa3gkqmi910562096](https://bilimdiler.kz/okushi/26898-bilimdi-zhastar-elimizdin-bolashagy.html?ysclid=maa3gkqmi910562096))

- ✚ Мәтінді мұқият оқыңыз.
- ✚ Оқыған мәтініңізді мағынасына қарай логикалық бөліктерге бөліңіз.
- ✚ Әр бөлікке қысқаша тақырып қойыңыз.
- ✚ Содан кейін әр бөліктің ішіндегі ойларды абзацтарға бөліңіз.
- ✚ Әр абзацтың негізгі ойын анықтаңыз.
- ✚ Қай абзацтың логикасын/стилін/мазмұнын өзгертер едіңіз?

3-тапсырма.

«AstanaDaryny» орталығы өз логотипін өзгертуге шешім қабылдады. Жаңа логотип дизайнын әрлендіруге Сізді шақырды. Өз идеяңыздың дизайнын салып көрсетіңіз. (Бағдарламалардың бірін таңдаңыз: <https://www.canva.com/>, Piktochart, Adobe Illustrator, Figma, Ibis Paint).



№	Дескриптор	Ұпай саны (10ұпай)
1	-мәтіннің негізгі ойын анықтайды; -сұрақтарға жауап береді	1 4 (әр дұрыс жауапқа 1 ұпай)
2	- абзацтар мен бөліктерге бөледі; -мәтінге түзетулер енгізеді	1 1
3	- жаңа логотип дизайнын әзірлейді; - өзінің идеясын ұсынады	2 1
Барлығы:		10

2-сабақ

Сынып: 9

Тақырып: Адам баласының алтын діңгегі-отбасы

Оқу мақсаты: 9.3.1.1 жинақталған материалдар негізінде көзделген мақсатқа сәйкес ауызша және жазбаша мәтіндер үшін күрделі жоспар құру.

9.3.4.1 эссе құрылымы мен даму желісін сақтап, көтерілген мәселе

бойынша екіжақты пікірді немесе жағдаятты талқылау, біреуіне

таңдау жасап, өз ойын дәлелдеп жазу (аргументативті эссе)

Сабақ мақсаты:

- жинақталған материалдарды талдайды, күрделі жоспар құрады;
- көтерілген мәселе бойынша екіжақты пікірді талқылайды, өз ойларын дәлелдеп аргументативті эссе жазады

1-тапсырма. Үлкен ағаң шаңырақ көтермек ойы бар, болашақ жарын да танысытып қойды. Енді олардың жақсы отбасы болуы үшін қандай отбасылық қағидалардан тұратын жоспар құрып беріңіз. Нұсқаулықты және берілген суреттерді негізге алыңыз.



1-сурет



2-сурет (сурет ғаламтордан

алынды)

Нұсқаулық

Жоспарлаудың алдындағы дайындық:

1. Тақырыпты анықтау: («Отбасының сәні – сыйластық»)

2. Материалдарды жинақтау: Тақырып бойынша әртүрлі дереккөздерден

ақпарат жинаңыз (кемінде 3 дереккөз, т.б.).

3. Мақсатты айқындау: Жазбаша жұмысыңыздың мақсатын анықтаңыз

(тақырыпқа байланысты пікір, мәселені талдау, оқырмандарды белгілі бір әрекетке шақыру).

4. Күрделі жоспар құру: Жинақталған материалдар мен айқындалған мақсатқа сәйкес жазбаша жұмыс үшін күрделі жоспар құрыңыз.

Жоспарда мыналар болуы керек:

✚ **Кіріспе:** Тақырыпты ашыңыз, негізгі тезисті (сіздің басты пікіріңізді) қалыптастырыңыз.

✚ **Негізгі абзац 1:** Сыйластықтың отбасындағы орны мен маңыздылығын нақтылаңыз.

(үлкеннің кішіге құрметі, кішінің үлкенге ізеті, өзара көмек, пікір алмасу, т.б.).

Мысалдар келтіріңіз.

✚ **Негізгі абзац 2:** Қазіргі отбасылардың сыйластықта өмір сүруіне кедергі келтіретін факторлар және оларды жою жолдары туралы ойларыңызды білдіріңіз.

2-тапсырма. «Отбасының сәні – сыйластық» тақырыбына өз ойыңызды аргументтер мен нақты мысалдар келтіре отырып, аргументативті эссе жазыңыз.

(150-170сөз). Жазған эссеңізді көршіңізбен пікір алмаса отырып талдаңыз.

Конструктивті пікір алмасуға арналған кеңес:

- ✚ Мәтінді мұқият оқыңыз. Жалпылама сөз тіркесерін қолданбай, нақты болыңыз;
- ✚ Сын айтумен ғана шектелмей, мәселені шешудің ықтимал жолдарын, жағдайды қалай жақсартуға болатыны туралы шешім ұсыныңыз;
- ✚ Позитивті болыңыз, көршіңіздің ынтасы мен өзін-өзі бағалауына оң әсер ететін сөздермен ескерту жасаңыз.

3-тапсырма. Сіздің отбасыңызда сыйластық қаншалықты маңызды рөл атқаратынын білгіңіз келе ме? Ол үшін ЖИ көмегімен сауалнама құрыңыз. Отбасы мүшелерімен сауалнама жүргізіңіз, қорытындысын жазыңыз. Қорытындысы көңіліңізден шықпаса, «Отбасыңыздағы сыйластықты жақсарту үшін қандай қадамдар жасауға болады? деген тақырыпқа ұсынылған платформада екінші сауалнама құрыңыз.

Мысалы:

Сауалнама:

1. Отбасымда әрбір мүшенің пікірі құрметпен қабылданады.

1 ☐ 2 ☐ 3 ☐ 4 ☐ 5 ☐

2. Біз бір-бірімізді тыңдай білеміз және сөзімізді бөлмейміз.

1 ☐ 2 ☐ 3 ☐ 4 ☐ 5 ☐

№	Дескриптор	Ұпай саны (10ұпай)
1	-материалдарды талдайды;	1
	- күрделі жоспар құрады	1
2	- көтерілген мәселені талқылайды;	1
	-өз ойын дәлелдейді;	2
	- эссе құрылымын сақтайды;	1
	- конструктивті пікір білдіреді;	1

	- не ұнады, нені жақсартуға болатыны туралы пікір білдіреді	1
3	-сауалнама құрады; -ЖИ орынды қолданады	1 1
Барлығы:		10

3-сабақ

Сынып: 9

Тақырып: Бұқаралық ақпарат құралдары

Оқу мақсаты: 9.2.1.1 тұтас емес (кесте, диаграмма, сызба, сурет) мәтіндердегі мәліметтерді салыстыру, өңдеу;
9.4.4.1 құрмалас сөйлем жасалу жолдарын, түрлерін білу

Сабақ мақсаты:

- тұтас емес мәтіндердегі мәліметтерді салыстырып, өңдейді;
- құрмалас сөйлем жасалу біледі, түрлерін ажыратады

1-тапсырма. БАҚ-тың адам өміріне ықпалының динамикасын зерттеңіз (1-3 суреттерге қараңыз). Берілген сұрақтарды негізге ала отырып, екі мәтіндегі ақпараттарды салыстырып, талдаңыз.

Сұрақтар:

👉 1. Бірінші суреттегі мәтінде қандай ақпараттар берілген?

2. Екінші және үшінші суреттердегі ақпараттар туралы не айтасыз?

3. Екі мәтінде қандай ортақ ақпараттар кездеседі?

4. Берілген ақпараттарды бүгінгі күнгі дереккөздермен салыстыра отырып, оларды толықтырыңыз.

1. Мәтіндерге жаңа деректер енгізіп, түрлендіріңіздер.



(1-сурет)

Ақпаратты қалай қабылдаймыз?



2-сурет (ғаламтордан алынған)



3-сурет (ғаламтордан алынған)

2-тапсырма.

1. Берілген мәліметтерді «Өртүрлі БАҚ түрлерінің артықшылықтары мен кемшіліктері» тақырыбына кесте жасаңыз. (<https://www.canva.com/>)

3-тапсырма.

Берілген мәтінді мұқият оқып шығыңыз.

Мәтіндегі барлық құрмалас сөйлемдерді теріп жазыңыз.

Әрбір құрмалас сөйлемнің жасалу жолын (жалғаулықтар, шылаулар, интонация) және түрін (салалас, сабақтас, аралас) анықтаңыз.

Теледидардың адам денсаулығына зияны

Экранға жақын отыру зиянсыз деген пікір қате. Теледидардан келетін қауіп көп, бірақ біз оны байқамаймыз, әсіресе бағдарламаға беріліп кеткенде. Дегенмен денсаулық бәрінен маңызды.

1960 жылдардың соңына дейін шығарылған теледидарлар ультракүлгін сәуле шығаратындықтан, экраннан 2 метр қашықтықта отыру ұсынылатын. Бұл әсіресе алыс-жақынды бірден ажырата алмайтын балаларға қауіпті болды. АҚШ-та 40 жыл бұрын қабылданған заң киноскоп шығарушыларды қорғасынды әйнек қолдануға міндеттеді, содан кейін теледидарлар қауіпсіз саналды.

Теледидардың басты қаупі аз қимылда болуында. Соңғы 20 жылда балалар мен жасөспірімдер арасында белсенділіктің төмендеуі байқалады. 3 пен 6 жас аралығындағы балалар күніне 14 сағатқа дейін теледидар көреді, ал спортпен 1

сағатқа жетпей айналысады. 2004 жылғы зерттеу көрсеткендей, күніне 3-4 сағат теледидар көретін балаларда зейін қоюдың бұзылу қаупі 30%-ға артады. 2005 жылғы мәлімет бойынша, АҚШ-та теледидары күні-түні қосылып тұратын үйлер көбейген. Орташа есеппен әрбір америкалық 70 жасқа келгенде 8 жылын теледидар алдында өткізеді.

Теледидардан бас тарту мүмкін емес, бірақ оны қай бөлмеге қою керектігін білу маңызды.

Ақпарат дереккөзі: (<https://massaget.kz/zharatylystanu/teledidardiyin-adam-densaulyigyina-ziyanyii--1424/>)

№	Дескриптор	Ұпай саны (10 ұпай)
1	- мәтіндердегі ақпаратты салыстырады; - өңдейді, тұтас мәтін жазады	2 2
2	- кесте құрады; - мәліметтерді орынды қолданады	2 1
3	- құрмалас сөйлемдерді дұрыс табады; - әрбір құрмалас сөйлемнің жасалу жолын біледі; - құрмалас сөйлемнің түрін дұрыс ажыратады	1 1 1
Барлығы:		10

4-сабақ

Сынып: 9

Тақырып: Әлем назарын өзіне аударған қақтығыстар.

Оқу мақсаты: 9.1.3.1 тыңдалған мәтіндегі ақпаратты өмірлік мәселелермен байланыстыра білу;

9.4.1.1 мәнмәтін бойынша тілдік бірліктерді орфографиялық нормаға сай жазу

Сабақ мақсаты:

- мәтін ақпаратын өмірлік мәселелермен байланыстырады;
- мәнмәтіндегі сөздерді орфографиялық нормаға сәйкес жаза алады

1-тапсырма. Ақпарат дереккөзі:

(<https://www.youtube.com/watch?v=zlEXcOH1ihE>)

Мәтін мұқият тыңдатыңыз, екі жағдаяттың тыңдаған мәтіндегі ақпаратпен байланысын табыңыз.

Өмірлік жағдаяттар:

1-жағдаят: Қақтығыс аймағындағы босқын

Сіз теледидардан қарулы қақтығыс болып жатқан ел туралы бағдарлама көріп жатырсыз. Кейіпкердің тұрып жатқан қаласы бомбаланып, үйі қирады. Отбасымен қауіпсіз жерге қашуға мәжбүр болды.

- Босқын қандай қиындықтарға тап болуы мүмкін?

- Қандай шешімдер қабылдауы керек?
- Оған қандай көмек қажет деп ойлайсыз?
- Басқа елге босқын ретінде барса, сол елге бейімделуіне қандай қиындықтар кездеседі?

2-жағдаят: Қақтығысты тоқтатуға тырысушы

Сіз халықаралық ұйымның бітімгершілік миссиясының мүшесісіз. Сізге қақтығысып жатқан екі тарап арасында келіссөздер жүргізу тапсырылды.

- Келіссөздерді қалай бастайсыз?
- Әр тараптың талаптарын қалай анықтайсыз?
- Ымыраға келу үшін қандай стратегиялар қолданасыз?
- Келіссөздер сәтсіз аяқталса, сіздің әрекетіңіз қандай болады?

2-тапсырма. Берілген жағдаятты мұқият оқып, тапсырманы орындаңыз.

Жағдаят:

Мектепте (немесе қалада/ауылда) **жастар арасында алауыздық, түсінбеушілік** байқалып жатыр. Қоғамда уайым күшейді. Осы жағдайды шешу үшін мектепте **«Бейбітшілік кеңесі»** атты жиналыс ұйымдастырылады. Онда түрлі көзқарастағы өкілдер өз пікірін білдіреді.

РӨЛДЕР (білім алушылар арасында бөлінеді):

1. **Жас зерттеуші** – тарихтағы бірлік пен алауыздықтың салдарын деректермен дәлелдейді.
2. **Қарапайым ана** – өз отбасының, балалардың амандығы үшін алаңдайды.
3. **Мектеп директоры** – жастардың тәрбиесі мен рухани құндылығы үшін алаңдайды.
4. **Жас блогер** – қазіргі жастар арасындағы идеологиялық ықпал, фейк ақпарат туралы ой айтады.
5. **Білім алушы белсенді** – жастардың бірлігі мен бейбітшілік болашағы туралы өз ойын ұсынады

Тапсырма барысы:

1-қадам: Білім алушылар өз рөлдерімен танысады, мәтіннен немесе қосымша ақпараттан идеялар жинайды.

2-қадам: Әр рөл өз көзқарасын қорғап, 1-2 минут ішінде сөз сөйлейді.

3-қадам: Сұрақ-жауап кезеңі – кейіпкерлер бір-біріне сұрақ қояды, пікірталас жүргізіледі

4-қадам: Кеңес қорытындысы – бәрі бірігіп, ортақ «Бейбітшілік хартиясын» қабылдайды (5-6 сөйлемдік ұстанымдар жиынтығы).

Мазмұнды мақалалар мен зерттеулер тізімі:

1. Серік Малеевтің мақаласы. Қазақстанның ядролық қарудан бас тартуы мен Семей полигонының жабылуы туралы баяндалады. Мақалада Қазақстанның

бейбітшілікке қосқан үлесі мен халықаралық қауымдастықтағы рөлі талқыланады.

2. «Бейбітшілік – ең асыл құндылық» мақаласы. Бейбітшіліктің адамзаттың ең ұлы құндылығы екені, саяси дипломатия мен мемлекетаралық сыйластықтың маңызы туралы сөз болады. Қазақстанның Тұрақты даму мақсаттары аясындағы жұмыстары қарастырылады.

3. «Бейбітшілік өмірдің тірегі – манифест» мақаласы. Нұрсұлтан Назарбаевтың «XXI ғасыр. Соғыссыз әлем» бағдарламасы мен оның әлемдік қауымдастыққа әсері туралы баяндалады. Қазақстанның ядролық қарусыз әлем құру жолындағы қадамдары талқыланады.

4. «Бейбітшілік – ел тірегі» мақаласы. Қазақстанның көп ұлтты қоғамындағы бейбітшілік пен келісімнің маңызы, ислам дінінің бейбітшілікке шақыруы туралы сөз болады.

Ақпарат дереккөзі: (https://el.kz/content-4146_3402/?utm_source=chatgpt.com)

3-тапсырма.

1-нұсқа. Мәтінді мұқият оқып шығыңыз, орфографиялық қателерді тауып, қазақ тілінің орфографиялық сөздігі арқылы дұрыс нұсқасын жазыңыз және сол сөздің жазылу емлесін қысқаша түсіндіріңіз. Түзетілген мәтінді қайтадан тексеріп, барлық қателердің жойылғанына көз жеткізіңіз.

Бейбітшілік – адамның ең ұлы, ең асыл құндылығы екені сөзсіз. Күллі әлемдегі тыныштықтың, бейбітшіліктің ең басты кілті – сарымайдан қыл суырғандай саяси дипломатия, адами қарым-қатынас, мемлекет аралық сыйластық. Бір мемлекеттің басқа мемлекеттің территориялық тұтастықын, ішкі саясатын құрметтеуі.

Ғалымдардың зерттеуіндегі адамзат тарихы алғаш рет хатқа түскеннен бергі кезеңге көз жүгіртсек, соңғы мыңдаған жылда, яғни 5 жарым мың жылда адам баласы 292 жыл ғана тыныштықта өмір сүрген....

Ақпарат дереккөзі: (<https://egemen.kz/article/331114-beybitshilik---enh-asy1-qundylyq>)

2-нұсқа. Мәтінді мұқият оқып шығыңыз, жасанды интеллектіге негізделген орфографиялық тексеру құралдарының біріне жүктеңіз немесе мәтіндік редактордағы тексеру функциясын қолдананыңыз. Жасанды интеллект барлық қатені таба алды ма? Қандай қателер назардан тыс қалды?

Ұсынылатын платформалар:

- Онлайн орфографиялық тексеру сайттары (мысалы, Imle, Tilqural).
- Мәтіндік редакторлардың орфографиялық тексеру функциялары (мысалы, Microsoft Word, Google Docs).
- Жасанды интеллектіге негізделген грамматикалық тексеру құралдары (мысалы, Grammarly, LanguageTool).

№	Дескриптор	Ұпай саны (10ұпай)
1	- мәтін мазмұнын түсінеді; - мәтін ақпаратын өмірлік мәселелермен байланыстырады	1 1
2	- рөлді шынайы және сенімді жеткізеді; - нақты мысалдар мен дәлелдер қолданады; - бейбітшілік туралы идеяны өмірмен байланыстырады; - пікірталасқа белсенді қатысады	1 1 1 1
3	- қате жазылған сөздерді таба алады; - сөздікпен түзетеді; - орфографиялық нормаға сай жазады; - дұрыс жазылу емлесін түсіндіреді	1 1 1 1
Барлығы:		10

5-сабақ

Сынып: 9

Тақырып: Гендік өзгеріске ұшыраған тағамдар

Оқу мақсаты: 9.2.3.1 тұжырымдамалардың құрылымы мен ресімделуі арқылы жанрлық ерекшеліктерін ажырату;

9.1.5.1 мәтіндегі айтылған ойға өз көзқарасын білдіреді, сыни

тұрғыдан

баға беріп айту;

Сабақ мақсаты:

- мәтіннің жанрлық ерекшеліген ажыратады;
- мәтіндегі ойды түсінеді, өз көзқарасын білдіреді;
- сыни тұрғыдан баға береді

1-тапсырма. Берілген мәтінді оқыңыз, тапсырма орындаңыз. Төмендегі кестені толтырыңыз.

Генетикалық модификацияланған өнімдер: пайдасы мен зияны.

Генетикалық модификацияланған өнімдер – бұл гендік кодына бөтен гендер «жабыстырылған» ағзалар. Гендік модификация жолмен суыққа, ыстыққа төзімді өсімдік өсіруге болады. Мысалы: картоп генінің құрамына сарышаян генін қосып, ешқандай жәндік жемейтін картоп түрін алуға болады. Немесе, күнделікті пайдаланып жүрген томатты алсақ, оған солтүстік камбаласының генін қосып, аязға төзімді, үсімейтін қызанақ түрлерін шығаруға болады. Ал зиянкес жәндіктер зиян тигізбес үшін жүгеріге жыланның уынан алынған белсенді ген енгізеді. Ғалымдар осылайша генетикалық модификацияланған өнімдерді шығару арқылы ғаламшарымызды аштықтан алып қалудың жолын ашып отыр

деуге болады. Себебі бұл жол арқылы аз уақыттың ішінде жаңа сорттар шығарылып отыр. Өсімдіктер үшін пайдасы генетикалық модификацияға ұшыраған өсімдіктер өте төзімді, ұзақ уақыт сақталады. Зиянкестерден және арамшөптерден өздерін қорғай алады. Құрамы генетикалық модификациялық өнімдер өндірушілер үшін өте жақсы табыс көзі болып табылады себебі, олардың пішіндері бірдей болып, көздің жауын алып тұрады.

Әрине осы қасиеттер бүгінгі заманғы әлемде ең маңызды болып табылады, бірақ әр нәрсенің екінші тұсы бар екенін білеміз.

Гендік өзгеріске ұшыраған өнімдердің денсаулыққа әсерін анықтау әлі зерттеліп біткен жоқ. Әзірге анықталғаны – гені түрлендірілген өнім зат алмасу процесін бұзып, имунитетті төмендетеді. Өте қауіпті аллергиялық реакциялар пайда болуы мүмкін. Сонымен қатар асқазан сілемейлі қабатының құрылымын өзгеріске ұшыратады. Ісік ауруына шалдықтыруда мүмкін. Жасушаларды мутацияға ұшыратады.

Гендік модификацияланған дақылдардың көп таралған түрі – соя.

Ресей ғалымдары тәжірибелердің бірінде егеуқұйрықтардың бірін кәдімгі, екіншісін трансгенді соямен қоректендірген. Нәтижесінде трансгенді соямен қоректенген егеуқұйрық ары қарай ұрпақ жалғастыра алмайтын әлсіз ұрпақты дүниеге әкелген.

Соя ұны әрбір нан өнімдерінің, шоколад пен кәмпіттердің кейбір түрлерінің құрамында кездеседі. Ірімшік, айран өнімдері соя майынсыз жасалмайды. Тіпті соя майы балалар тамағында бар болып шықты.

Біздің елімізге соңғы жылдары құрамында гендік модификацияланған өнімдері бар азық-түлік пен тағам өнімдері келе бастады және бұл үдеріс уақыт өткен сайын үдеп келеді. Ал еліміз Дүниежүзілік сауда ұйымына кіргеннен кейін бұл үдеріс тіптен арта түседі. Сондықтан да еліміздің заңнамаларында гендік модификацияланған өнімдерді олардың қауіпсіз екені расталғаннан кейін ғана айналымға жіберуге болатыны жөнінде бірқатар талаптардың бар екендігіне қарамастан, мұндай өнімдер елімізде толық бақыланбайды. Жалпы біздің заңдарымызда генді модификацияланған өнімдердің айналымын бақылайтын тиімді тетіктер жоқтың қасы. Сондықтан бізге мұндай заң қазір аса қажет. Мұндай заңдар болуы керек және ол тұтынушының қауіпсіздігін қамтамасыз етіп, бір жағынан гендік-инженерлік қызметті жетілдіруге ықпал ете алуы тиіс.

Ақпарат дереккөзі:

(https://kopilkaurokov.ru/biologiya/prochee/gienietikalyk_modifikatsiialang_an_onimder_paidasy_mien_ziiany)

Аудиторияны анықтау	Мәтіннің түрін анықтау	Тілдік ерекшелікте рді талдау	Құрылымдық ерекшеліктерді талдау	Негізгі идеяны анықтау	Мақсат пен негізгі идея арасындағы байланыс
----------------------------	-------------------------------	--------------------------------------	---	-------------------------------	--

					ты орнату
Мәтін кімге арналған? Автор кімге әсер етуді қалайды?	Мәтін қандай жанрда жазылған	Автор қандай сөздер мен тіркестерді қолданады?	Мәтін қалай құрылған?	Мәтіннің басты ойы не?	Анықталған негізгі идея автордың мақсатына қызмет ете ме?
Мәтін кімге арналған? Автор кімге әсер етуді қалайды?	Әр жанрдың өзіне тән мақсаты бар екенін ескеріңіз.	Эмоционалдық бояуы бар сөздер бар ма?	Абзацтардың орналасуы, тақырыпшалардың болуы мақсатқа қалай қызмет етеді?	Автор оқырманға қандай негізгі хабарлама жеткізгісі келеді?	Автордың мақсатына жету үшін қандай құралдар қолданылған?
		Бұл тілдік құралдар мақсатқа қалай әсер етеді?			

2-тапсырма. Сіз төмендегі сұрақтарға жауап беру арқылы сыни талдау жасаңыз.

1. Мәтіндегі пікірлерге қандай дәлелдер ұсынылған?
2. Бұл дәлелдер сенімді ме? Сіз қандай дәлел ұсынар едіңіз?
3. Сіздің ойыңызш, мәтінде көтерілген мәселе маңызды ма?
4. Бұл мәселе қоғамға, ғылымға немесе адам өміріне қалай әсер етеді?
5. Мәтінде келтірілген мысалдар немесе жағдайлар нақты ма?
6. Олар оқырманды дұрыс түсінікке бағыттай ма?
7. Өзіңіздің жеке пікіріңізді білдіріңіз.
8. Мәтіндегі айтылған ойларға келісесіз бе әлде қарсылығыңыз бар ма?
9. Өз көзқарасыңызды келтірген дәлелдермен бекітіңіз.

3-тапсырма.

1-нұсқа

Жасанды интеллектінің көмегімен табиғи ингредиенттерді қолданып, қарапайым және пайдалы рецепттер құрастырыңыз. Бұл рецепттермен әлеуметтік желілерде, блогтарда немесе арнайы вебсайттарда бөлісіңіз. Адамдардың пікірі мен ұсыныстарын жинап, сарапшылармен, диетологтармен немесе нутрициологтармен пікірталастар ұйымдастырыңыз.



(суреттер ғаламтордан алынды)

2-нұсқа

«Менің қазіргі тамақтану әдеттерім дұрыс емес. Қалайша оларды түзетуге болады?»

Осы сұрақтардың жауабын табу үшін жасанды интеллект көмегіне жүгініңіз. Жауабын жасанды интеллектімен бірге талқылап, дұрыс тамақтанудың ережесін жасаңыз. Бұл ереженің Сізге көмегі тиіп жатса, жасаған ережеңізді мектептің асханасына, білім алушыларға немесе адамдарға ұсыныңыз.

Мысалы: Дұрыс тамақтанудың 10 ережесі:

1. Тамақты уақытылы ішіңіз:

– Күніне 3 негізгі (таңғы ас, түскі ас, кешкі ас) және 1-2 жеңіл қосымша тамақ ішу керек.

– Тамақ ішу уақытын тұрақты ұстану ағзаның ас қорыту жүйесін реттейді.

2. Таңғы асты міндетті түрде ішіңіз:

– Таңғы ас – ең маңызды тамақ. Ол күні бойы энергия мен зейінділікті қамтамасыз етеді.

3. Тағам құрамын теңестіріңіз:

– Әрбір тағамда ақуыз (белок), май, көмірсу, дәрумен мен минерал болуға тиіс.

– Рационның 50-60%-ы көмірсулар, 15-20%-ы ақуыз, 20-30%-ы майлардан тұруы керек.

№	Дескриптор	Ұпай саны (10ұпай)
1	-мәтіннің жанрлық ерекшелігін ажыратады; -кестені толтырады	2
		1
2	-сұрақтарға жауап береді; - сыни талдау жасайды; -өз көзқарасын білдіреді	2
		2
		1
3	- рецепттер құрастырады; -ЖИ орынды қолданады	1
		1
Барлығы:		10

6-сабақ

Сынып: 9

Тақырып: Қазақстанның қазба байлықтары

Оқу мақсаты: 9.2.5.1 мәтінде көтерілген мәселеге оқырманның қарым-қатынасын

анықтауға арналған талқылау сұрақтарын құрастыру

9.3.2.1 мақсатты аудиторияның қызығушылығын ынталандыру

үшін

әртүрлі жанрда мәтіндер құрастыру

Сабақ мақсаты:

- мәтінде көтерілген мәселені анықтайды;
- мәтінде көтерілген мәселеге қатысты сұрақтар құрастырады;
- әртүрлі жанрда мәтіндер құрастырады

1-тапсырма. Мәтінді мұқият оқып, тапсырманы орындаңыз.

Кенді пайдалы қазбалар

Республикада металлургияның дамуы кенді пайдалы қазбаларсыз мүмкін болмас еді. Қазақстан келесідей ресурстарға бай: темір, хром, марганец, никель, полиметалдар, алтын, мыс, сирек металдар.

Қазақстандағы темір кен орындары солтүстікте шоғырланған. Қашар және Соколов-Сарыбай кен орындары ең бай және дамыған болып саналады. Республика хромының барлық табиғи қорлары Мұғалжар тауында, Кемпірсай және Дон кен орындарында табылды.

Қазақстанның марганец ресурстары орталық аймақтарда өндіріледі. Ең үлкені – Атасу және Жезді кен орындары.

Хром сияқты, никельдің негізгі бөлігі республиканың батысындағы Мұғалжар тауларында өндіріледі. Орталық және солтүстік өңірлерде геологтар белсенді игеріп жатқан 50-ге жуық бай кен орны бар.

Полиметалл деп аталатын Қазақстанның табиғи ресурстары құрамында мырыш, қорғасын, алтын, күміс сияқты құнды қосылыстар бар. Бұл минералды ресурстар Кенді Алтай мен Текеліде өндіріліп жатыр.

Қазақстанда алтын 200-ге жуық кен орнынан табылды. Олар негізінен Қазақстанның шығысы мен солтүстік-батысында орналасқан. Орталық Қазақстанда және елдің солтүстік-шығысында шағын кен орындары бар.

Қазақстандағы мыс кен орындары бүкіл әлемге әйгілі. Мыс кенінің 92%-ы шетелге экспортталады. Бай кен орындары республиканың орталық бөлігінде Жезқазғанға жақын жерде шоғырланған.

Сирек металдарға келетін болсақ, олар Қазақстан Республикасының картасында вольфрам, сурьма, ванадий, молибден, висмут және басқа металдар деп көрсетілген. Көбінесе олар Жоңғария мен Алтайда орналасқан полиметалл кен орындарында кездеседі.


Ақпарат дереккөзі: (<https://kaz.nur.kz/nurfin/economy/1862086-kazakstanny-pajdaly-kazbalary-zne-ken-oryndary/>)

- Берілген мәтінде көтерілген негізгі мәселені анықтауға бағытталған 7-8 талқылау сұрағын құрастырыңыз.

1. Мәселені тану	<i>Қандай? Кімге?</i>
2. Қарым-қатынасты анықтау	<i>Неліктен? Не себепті?</i>
3. Өмірмен байланыстыру	<i>Болды ма? Қайдан?</i>
4. Ой қорыту және шешім ұсыну	<i>Қалай? Не үшін?</i>
5. Қосымша көзқарас талдау	<i>Егер, ...</i>

- Берілген мәтін мен талқылау сұрақтарын пайдаланып, көршіңізбен талқылаңыз.

- Жұпта талқылау барысында келесі сұрақтарға көңіл аударыңыз.
1. Қандай сұрақтар жеткіліксіз немесе түсініксіз деп ойлайсыз?
 2. Оларды қалай жақсартуға немесе толықтыруға болады?
 3. Негізгі мәселені тереңірек ашуға көмектесетін қосымша сұрақтар ұсыныңыз.
- 2-тапсырма.** ChatGPT көмегімен «геологпен виртуалды сұхбат» жасаңыз. Геологтың орнына ЖИ жауап берсін. Сұхбат құру үшін төмендегі нұсқаулыққа қараңыз.



(сурет ғаламотрдан алынды)

3-тапсырма.
1-нұсқа.

Нұсқаулық:

1. Сұрақтар тізімін жасаңыз (мысалы: «Қазақстандағы ең ірі кен орны қайда?»).
2. ChatGPT-ден геолог ретінде жауап беруін өтініңіз.
3. Сұхбатты жазбаша немесе диалог түрінде

Төменде берілген жанрлардың әрқайсысы бойынша шағын мәтін құрастырыңыз. Мақсат – аудиторияның назарын өзекті мәселеге аудару. Мәтін құрастырғанда мына сұрақтарға жауап беріңіз.

Қай мәтінде қандай стиль мен тіл қолданылады?

Қандай жанрда сенің даусың (үндеуің) көбірек әсерлі шықты?

Тақырып: «Суды үнемдеу – болашаққа жауапкершілік»

1. Хат

А) Өзіңіздің оқып жатқан мектебіңіздің мектеп директорына хат жазыңыз.

Ә) Өзіңіздің тұрып жатқан қалаңыздың, ауылдыңыздың әкіміне хат жазыңыз.

2. Жарнама

Көпшілікке арналған плакатқа жарнама мәтінін жазыңыз.

3. Әлеуметтік желідегі пост

Жастарға арнап әлеуметтік желіге пост жариялаңыз.

2-нұсқа. «Табиғатты сақтау – тренд пе, қажеттілік пе?» тақырыбына қызықты, креативті кіріспе құрастырыңыз.

 Аудитория – жастар

Маңызды:

Кіріспе мәтін 5-6 сөйлемнен аспасын.

Қызығушылық тудыратындай сұрақ, факт, немесе оқиға қолданыңыз.

№	Дескриптор	Ұпай саны (жалпы – 10 ұпай)
1	талқылау сұрақтарын құрастырады	2
2	сұхбат құрастырады	2
	ЖИ орынды пайданады	1
3	мәтіндер құрастырады	2
	сұрақтарға жауап береді	1
	әртүрлі жанрда мәтін құрастырады	2
Барлығы:		10

Шығыс Қазақстан облысы Өскемен қаласы №46 орта мектебінің қазақ тілі мен әдебиеті пән мұғалімі, педагог-зерттеуші Сатенбаева Дамира Бекетовнаның іс-тәжірибесінен

ҚМЖ

Сынып: 9

Тақырып: Мәңгілік ел – Тәуелсіз Қазақстан

Оқу мақсаты:

9.1.1.1 мәтін мазмұны бойынша дайындалған сұрақтарға болжаммен жауап беру.

9.4.1.1 мәнмәтін бойынша тілдік бірліктерді орфографиялық нормаға сай жазу;

Сабақ мақсаты:

- мәтінді түсініп оқиды, ондағы сұрақтарға болжаммен жауап береді, сыни тұрғыда баға береді.

- тілдік бірліктерді орфографиялық нормаға сай жаза алады.

1-тапсырма.

https://drive.google.com/file/d/1rtV4scm_0crjo52sjXW3g188hCDaghYw/view?usp=drive_link



Мәңгілік ел дегеніміз – өзінің ұлттық қадір-қасиеті сақталған, рәміздеріне халқы тік тұрып құрмет көрсететін, азаматтардың барлық мәселесі заң аясында шешілетін, адамдар сол елде арманына жететініне шынайы сенетін мемлекет.

Бауыржан Момышұлы айтқанындай, «ел дегенде езіліп, жұрт дегенде жұмылып, бірігіп, ел үшін қызмет ететін» алдыңғы буын аға толқынның сындарлы ісін жаңа толқын – жас буын жалғастыруға шын жүректен ықыласты болу керек. Сонда ғана ел болып, еңсе тіктеген тарих көшінде жүзіміз жарқын болары даусыз.

Осы бүгінгі басымызға бақ болып қонған Тәуелсіздік деген, өз алдымызға ел болу деген аяулы ұғымды аялай сөз етіп, тарих толқынында батыр бабаларымыз, ұлт зиялыларымыз, алаштың арда қайраткер ұлдары өтті өмірден. Біз, жастар, осыны ешқашан естен шығармауымыз керек. Біздің арман-тілегіміз, мақсаттарымыз ел мүддесімен астасып жату керек. Ел ішіндегі адамдарға қалай жанымыз ашыса, сырттағы қазақтардың да қамын солай ойлау керек. Қазақ деген мемлекеттің қуатын жүрегі ел деп соққан әрбір адам сезінуге тиіс. Сонда ғана біздің мәңгілік ел деген ұғымымыз шын мәнінде өміршең болады. Мәңгілікке ұмтылған, ғасырлармен бірге жасауды өмірлік бағдар еткен ел мұратына сәуле түсіре алатынымызға сенемін.

1. Мәңгілік ел деген не?

2. Мәтінді оқып, негізгі 3 ақпаратты іріктеп жаз.

3. Мәтіндегі автор көзқарасын танытатын сөйлемді тауып оқы.

4. Мәтін мазмұнына сай төмендегі сөздерді орфографиялық нормаға сай жазып шық. Қажетті сөздер: ұлттұқ, бұуұн, аиаулы, өмүр

.....

.....

.....

.....

.....

.....

.....

.....

.....

.....

.....

2-тапсырма.

Сурет мазмұны бойынша 2 проблемалық сұрақ жаз.



1-сурет

.....

.....

.....

.....

.....

.....

.....

.....

3-тапсырма.

Төмендегі мақал-мәтелдерді екінші бағанға орфоэпиялық заңдылық бойынша жазып шық.

<https://app.magicschool.ai/tools/data-table-analysis?share=70fecf03-1196-4816-860e-906d2ae699ca>

Орфография	Орфоэпия
Ел үмітін ер ақтар, Ер атағын ел сақтар.	
Тәуелді елдің сұлтаны болғанша, Тәуелсіз елдің ұлтаны бол.	
Су жүрген жер береке, Ел жүрген жер мереке	
Отан – елдің анасы, ел – ердің анасы.	
Отанды сүю от басынан басталады.	

ЕББҚ. Қолайсыз психологиялық фактор әсерінен тұйықталған білім алушы

-автордың ойынша... - алынған - дереккөздегі - мәліметтерге қарағанда... - ... айтқандай ... - ... дәлелдеймін	киелі аспап
	домбыра түрлері
	Домбыра үні
	Қасиетті ұғым

ҚБ. «Ноталы бағалау»



https://www.drive2.ru/r/lada/priora_sedan/1596992/logbook?to=AgECQ1BJVAG0J8IDNmlKjnQ172DgP4PHm4kUAw

Рефлексия: «Мен бүгін білдім?...»

Үй тапсырмасы:

Тәуелсіздікке қатысты өлең жолдарын жинастырып келу

№2 ҚМЖ

Сынып: 9

Тақырып: Қазіргі жаһандық мәселелер

Оқу мақсаты:

9.3.4.1 оқылым/тыңдалым материалдары бойынша автордың негізгі ойын сақтай отырып, перифраз тәсілдері арқылы жинақы мәтін (аннотация, тезис) жазу, немесе жасанды интеллектіні қолдану;

Сабақ мақсаты:

- оқылым мәтін бойынша автордың негізгі ойын анықтайды;

- перифраз тәсілдері арқылы жинақы мәтін жаза алады.

1-тапсырма. Мәтін бойынша перифраз тәсілдері арқылы жинақы мәтін жаз.



https://drive.google.com/file/d/1OpWJ5-YvY-IVXJqSxbfQHiy3JzGGGYLz/view?usp=drive_link

Ғалымдар қазіргі таңда адамдар арасында ғаламторға тәуелділік синдромы пайда болғанын айтып дабыл қағуда. Ғаламтор қолданушылардың бірқатары оны тағам мен су іспетті өмірлік маңызы бар дүние деп есептейді. Оңтүстік Корея, Қытай және Тайваньда ғаламторға тәуелділікті ұлттық деңгейдегі әлеуметтік мәселе ретінде қарастырады. Десе де, ғаламтордың зияны мұнымен шектелмейді. Компьютердің алдында ұзақ уақыт отырудың салдарынан көздің көру қабілеті нашарлайды. Соңғы уақытта ересек адамдардан бөлек, балалар арасында миопия ауруы жиі кездеседі. Бір ғана дерек, көзі нашар көретін балаларға арналған бала-бақшалар мен мектептерге келушілер күрт көбейген. Компьютер алдында дұрыс отырмаудың әсерінен тірек-қимыл жүйесіне де зиян келеді. Ал жастайынан омыртқа ауруына шалдыққан баланың ағзасы көп уақыт емделуді қажет етеді. Сонымен қатар медицина мамандары компьютерді ұзақ уақыт пайдалану бас ауруы, жүйкенің жұқаруы, ұйқының нашарлауы, шаштың түсуі, терінің қызаруы, аллергиялық іш ауруы секілді дерттің пайда болуына әкеліп соғатынын айтады. Ақпараттық технология ғасырында ғаламторсыз өмірімізді елесету қиын. Десек те, интернетке, компьютерге тәуелділік синдромына шалдықпау үшін оны шектеп пайдалануды әдетке айналдырыңыз. Күнделік бастап әлемторға қанша уақытыңызды арнайтыныңызды жұмыс кестеңізге жазып қойыңыз. Тек қажеттілік туғанда ғана ғаламдық желіге жүгініңіз. Одан тыс уақытыңызды спортқа, өзіңізді дамытатын істерге жұмсауға дағдыланған жөн.

.....

.....

.....

.....

.....

.....

.....

.....

Дескриптор:

- мәтінді мұқият тыңдайды
- аннотация жаза алады

2-тапсырма.

Тура және ауыспалы мағыналы сөздер қатысқан сөйлемдерді сәйкестендіріп жаз.

А) тура

В) ауыспалы

1. Қас пен көздің арасында.
2. Жұмысшы шортан ұстап алды.
3. Шортанның түсі суық екен.
4. Еріншектің ертеңі бітпес.

<https://app.magicschool.ai/tools/mc-assessment?share=4b7e630a-328d-4cf2-b57a-3ffed320fa14>

Дескриптор:

- тура және ауыспалы мағыналы сөздерді таба алады
- дұрыс жауаппен сәйкестендіре алады

.....

.....

.....

.....

.....

3-тапсырма

Сурет мазмұнына сүйене отырып, перифраз тәсілдері арқылы жинақы мәтін құрастырып жаз.

«Ғаламшардағы жаһандық мәселелер»



2-сурет
«Ғаламшардағы жаһандық мәселелер»

[illegible]

Рефлексия:

Білім алушылар сабақта қандай мүмкіндікке қол жеткізгенін «**Теңгерім дөңгелегі**» әдісі арқылы айтып шығады

Үй тапсырмасы: Табиғат тақырыбына мақал-мәтелдер дайындап келу.

ҚМЖ

Сынып: 9

Тақырып: Қазақстандағы және әлемдегі демографиялық ахуал

Оқу мақсаты:

9.3.3.1 мәтін құрылымын сақтап, бірнеше графиктік мәтіндегі (диаграмма, кесте, сызба, сурет) деректерді салыстыру, маңызды тұстарын анықтап жазу;

Сабақ мақсаты:

- графикалық мәтіндерді салыстыра алады;
- маңызды тұстарын анықтап жаза алады.

1-тапсырма. Графикалық мәтіндегі деректерді салыстырып, төмендегі тақырыпқа сай маңызды тұстарын анықтап жаз.

«Демографиялық өсім Қазақстан экономикасына қалай әсер етеді?»

Жыл	Жалпы халық саны	Қала халқы	Қала халқы (%)	Ауыл халқы	Ауыл халқы (%)
2025	20,286,084	12,774,743	63.0%	7,511,341	37.0%
2050	27,500,000	19,300,000	70.2%	8,200,000	29.8%

.....

.....

.....

.....

.....

.....

.....

.....

.....

.....

.....

Дескриптор:

- графикалық мәтіндегі деректі салыстыра алады;
- тақырыпқа сай мәтін жазады.

2-тапсырма.

Сөйлемдерді мағыналық түрлерімен сәйкестендір.

А) Тоқсанбай қарт немересін құшырлана иіскеді.

В) Олар қымбат кілем, әсем түскиіз, алаша көрпелерді алды.

1-айқындауыш мүше

2-жалпылауыш мүше

3-тұрлаулы мүше

4-бірыңғай мүше

Дескриптор:

- сөйлемдердің мағыналық түрлерін таба алады
- дұрыс жауаппен сәйкестендіре алады

3-тапсырма. Мәтін мазмұны бойынша оқу сауаттылық тест шешу

https://drive.google.com/file/d/1_jg7KLAz7QgBlu5L30606BLuEDpvID9Y/view?usp=drive_link

Шыншыл бол

Шыншыл болу – шындықты айту, ақиқатты жасырмау. Оның қарама-қарсы мағынасы – өтірік айту, жасырып қалу, артық сөз қосып жіберу. Бұл екеуінің ара-жігін өздерің де жақсы білесіңдер. Адам шындықты айтқанда ешқашан ұтылмайды. Өзіңе қауіп келтіретінін біле тұра, шындықты айту – нағыз адамдықтың, шынайы мұсылманның қасиеті. Шындықты айтуда туыскандық, жақындық, достық, ақша, билік деген түсініктер жүрмейді. Сен айтқан ақиқаттан бауырың түрмеге түсер болса да, одан тайсалмау керек. Қазақта «тура биде туған жоқ, туғанды биде иман жоқ» деген керемет мақал бар. Қасиетті Құран Кәрімнің аяттары да осы жолды мықты ұстануды бұйырады.

Біз қай кезде шынымызды айтпай, өтірікпен көлгірсіп құтыламыз? Көбіне, қорыққанда. Қымбат телефонды сындырып алып, әке-шешем ұрсады деп қорыққанда, «ұрлап кетті» деп жалған айта салуымыз мүмкін. Жүрегінде иманы бар, құдайдың көріп тұратынын сезінетін адам қолымен жасағанын мойнымен көтеріп, шынын айтудан қорықпауы керек. Мәселе – қымбат телефонның сынғаны емес, бұдан кейін осындай жағдай туып жатса, әрдайым өтірік айтып құтылу әдеті пайда болады. Телефонның жаңасын алуға болады. Ал, бірақ өтірікті қайтара алмайсың.

Өтірік айтқан адам пәледен уақытша құтылуы мүмкін, ал басқа адамдар зиянын шегіп жатады. Керек болды деп біреудің ақшасын жымқырған білім алушы өтірік айтып құтылады, ал тергеуші басқа білім алушыларды тергей бастайды. Мұндайда жүрегі таза адамдардың көңіліне қайғының табы орнайды. Өтірік сөз қар секілді нәрсе, оны дөңгелектеген сайын үлкейе береді, үлкейе береді. Жұрттың бәріне бір күн маскара боласың да қаласың.

Шындықты айтатын адамның әрдайым жүрегі тыныш болады. Ешкімнің алдында ұялып қуыстанбайды. Өткенін ойлағанда «осындай бір өтірік айтып едім» деп қиналмайды. Ондай адамның достары да, бауырлары да соған ұқсап, шыншылдық қасиетті бойларына дарытады.

Кейбір достарың бұл мінезінді ұнатпай «ашықауыз», «сатқын» деп мазақтауы мүмкін. Бұл уақытша ғана болатын нәрсе. Жаман достар өзі-ақ сенен алшақтайды немесе саған қарай бейімделіп, өтірік айтудан қашатын болады.

«Шын сөйле. Сонда ештеңені есте сақтап жүруге мәжбүр болмайсың» деген екен бір жазушы. Кімге не деп өтірік айтып едім, қашан ұсталып қалар екенмін деп жүретіндерден өткен бейшара бар ма?!

«Өтіріктің құйрығы бір-ақ тұтам». Өтірік айтып, артынан шындық ашылып, ұялғаннан гөрі, ақиқатын айтып, жауапкершілікті қабылдап алғанға не жетсін.

№1

Адамның ұтылмайтын кезі

А) өтірікті айтқанда

В) шындықты айтқанда

С) қолдау көрсеткенде

D) қамқор болғанда

№2

Мәтінге сай ақпарат

- A) Шындықты айтарда әрқашан көңілге қарау керек.
- B) Өтірік сөз ауыр жүк сияқты, ауырлай береді.
- C) Жүрегі таза адамдардың көңіліне қайғының табы орнайды.
- D) Шындықты айтатын адамның жүрегі уайымшыл келеді.

№3

Мәтін мазмұны бойынша жауабы бар сұрақ

- A) Достары мен бауырлары алыстап кете ме?
- B) Қандай адамның жүрегі тыныш болады?
- C) Шындықты айтудан неге қорқу керек?
- D) Жүрегі таза адам болу міндетті ме?

№4

Мәтін мазмұнына сәйкес келетін тақырып

- A) Ақиқат сөз – ащы сөз.
- B) Шындықтың шырағы сөнбейді.
- C) Өтірік пен шындық арасы–екі елі.
- D) Ақ пен қараны шындық айырады.

№5

Менің ойымша, әр адамға шындық жөніндегі «екіжүзді стандарт» деген ұғым балалық кезден бастап алынған тәрбиемен бірге сіңеді. Яғни, балалық жастан бастап біз «алдауға болмайды және әрқашан тек шындықты айту керек» деген өсиеттерді жиі естиміз. Алайда біраз өскен соң шын, бірақ реніш сөздерін айтпау керек екендігі аңықталады. Оған қоса, мақсаттарға жету үшін және қоғамға сіңіп кету үшін, қоршаған адамдарға бейімделіп, ақылдырақ болу керек екені айдан анық. Яғни, шындық айту деген дұрыс, бірақ әр жағдайда орынды бола бермейді. Енді осындай «екіжүзді стандартпен» бірге біз үлкен өмірге қадам басамыз.

Мәтін мазмұны мен берілген үзіндіге қатысты ортақ ой

- A) Шындықты абайлап айту қажет.
- B) Шындық пен өтіріктің арасы екі елі.
- C) Шындықты айту – шырық бұзу емес.
- D) Шындық – бір сөз, өтірік – мың сөз.

ЕББҚ.

Зейіні тұрақсыз білім алушыға көмек-нұсқау

Тірек сөздер мен толық емес сөйлемдер беріледі

Ең жәрдемақы көп ел, ең аз жәрдемақы аз төлейтін ел, қосымша жәрдемақылар мына елдерде..... бар.

Қазіргі кезде демографиялық мәселелер өзекті. Себебі....

Қазақстандағы жәрдемақының артықшылықтары...

Кемшіліктері...

Менің ойымша...

Рефлексия:

«Төрт сөйлем» әдісі

Пікір

Дәлел

Мысал

Қорытынды

Үй тапсырмасы:

Оқулықтан 14-аудиомәтінді оқып, құрмалас сөйлемдерді теріп жазу.

ҚМЖ

Сынып: 9

Тақырып: Қазақстанда ерекше қорғалатын табиғи аумақтар

Оқу мақсаты:

9.1.3.1 тыңдалған мәтіндегі ақпаратты өмірлік мәселелермен

байланысыра білу;

9.4.5.1 құрмалас сөйлемнің тыныс белгілерін ережеге сай қолдану.

Сабақ мақсаты:

- ақпаратты өмірмен байланыстыра алады;
- құрмалас сөйлемнің тыныс белгілерін ережеге сай қолдана алады.

1-тапсырма. Мәтінді тыңдап, ақпаратты кестеге сай толтырып жаз.

https://drive.google.com/file/d/1V-J1BJURO_qIfW-4-I_sojm6EuIIJodC/view?usp=drive_link

Біздің елімізде ерекше қорғалатын табиғи аумақтардың негізгі түрі – мемлекеттік табиғи қорықтар. Қорықтар ғылыми мекемелер қатарына жатады. Қорық аумағында ешқандай шаруашылық жұмыстары жүргізілмейді, онда тек ғылыми-зерттеу жұмыстары ғана жүргізіледі. Сондықтан қорық аумағында жоғары білімі бар арнайы мамандар ғылыми зерттеу жұмыстарымен айналысады. Қазір Қазақстанда 10 мемлекеттік табиғи қорық бар. Қорық аумағындағы барлық табиғат байлықтары түгелдей қатаң түрде қорғалады. Сонымен бірге қорықтар белгілі бір экожүйелерді қорғау мақсатында арнайы ландшафтылық аумақтарда ұйымдастырылады. Мысалы, шөлді, далалы, су-батпақты және т.б. экожүйелердің қорықтары деп бөлінеді.

Далалы аймақта ұйымдастырылған Наурызым, Үстірт және Барсакелмес қорықтары шөлді аймақтың табиғи бірлестіктерін қорғау мақсатында ұйымдастырылған. Бұл қорықта 1953 жылы құлан Түрікменстаннан әкелініп, жерсіндірілді. Алтынемел ұлттық табиғи саябағында да жерсіндірілген. Ал Қорғалжын қорығы сулы-батпақты алқаптың табиғат байлығын қорғайды. Келешекте Торғай, Сарықопа және Тарбағатай қорықтарын ұйымдастыру көзделуде.

Мәселелер	Мәтіннен дәлел
-----------	----------------

Табиғи аумақтар ерекше қорғауда болады	
Табиғи аумақтардың орналасқан жерінің ерекшелігі	
Табиғи аумақтардың мақсаты	

2-тапсырма Сәйкестендіру тест тапсырмасы

Салалас құрмалас сөйлемдерді түсіп қалған тыныс белгілерімен сәйкестендіріңіз

А) Ешбір өзгеріссіз су да ақырын тербеледі қалтқы да жыбыр-жыбыр қозғалады.

В) Райханның зәресі ұшқаны сондай үні шықпай қалды.

- үтір

- нүкте

- сызықша

- қос нүкте

3-тапсырма

«Құрмалас сөйлемнің көп құрамды түрлері» тақырыбы бойынша бөлімді қорытындылауға арналған ТЕСТ СҰРАҚТАРЫ

<https://quizizz.com/admin/quiz/68145385c72696e6b0087dd2>

1. Көп құрамды салалас құрмаласты табыңыз.

А) Көктем келді, күн жылынды, бірақ егістік басталған жоқ.

В) Қар жауса, боран тұрса, бұл өңірде тұру мүмкін емес.

С) Үйге келіп, қағазын іздеп еді, – табылмады.

Д) Сабақ аяқталып, демалыс басталса, олар ауылға кетеді.

Е) Қиын болса да, бараға жері болмаған соң, келісті.

2. Қай сөйлемнің құрамындағы жай сөйлемдер салаласа байланысады?

А) Жарыспалы көп бағыныңқылы сабақтас

В) Аралас құрмалас сөйлем

С) Сатылы көп бағыныңқы

Д) Әр алуан жарыспалы

Е) Көп құрамды салалас құрмалас

3. «Бағыныңқы, бағыныңқы, басыңқы, басыңқы» схемасына сәйкес келетін аралас құрмалас сөйлемді табыңыз.

А) Жолдан бұрыстау болғанмен, егер сен қарсы болмасаң, соға кетуді ойлап келемін.

В) Қыстың қысқа күні түс шағына жеткенде, барлық жылқышы түсіріліп, ат атаулы алынып, Абылғазының айтқаны түгелдей орындалып болған-ды.

С) Ақбоз алдыңғы екі аяғын ербитіп, көзі шатынап тұра бергенде, Шолақ құлағын төмен қарай тұқырта басып қалып еді, ат етпетінен түсті.

Д) Жиын есіне түскенде, бетінен оты шықса да, педагогтің сөзіне көнбесіне Бектайдың шарасы болмады.

Е) Денесі әлсіреп, сүлдері құрығандай болып, зорға келіп арбаға мінді.

4. Көп басыңқылы сабақтас сөйлемді табыңыз.

А) Қоңырау соғылса, балалар қақтығысып, далаға шығады.

В) Жаз келгенде, балыққа барамыз, тауға шығамыз.

С) Күн шықты, таң атты, бірақ далада ешкім жоқ.

Д) Біреуден қрықты ма, асықты ма, қашып барады.

Е) Жел де, жаңбыр да тоқтаған, далаға шықсақ болады.

5. Көп бағыныңқы сабақтас құрмалас сөйлемді табыңыз.

А) Ербол ғана сүйеп қалып, зорға дегенде буынын бекітті, бірақ сонда да өзін-өзі аңғарып жүрген жоқ.

В) Қысқы үкідей аппақ болып, ұзақ күндер ұзақ жортып, көбінесе үнсіз жортып, Омбы қаласына бүгін іңір қараңғысында келіп кірді.

С) Сиырда аунамақ жоқ, жылқыда күйсемек жоқ, тамда белдеу жоқ, таста тамыр жоқ, суда қаймақ жоқ.

Д) Қуаты – ақындық, үміті – халық.

Е) Осы өткен қыс бойында кітап соңында көп отырған Абай үй ішіне, Ербол мен Баймағанбетке, кішкене молдаға және әңгіме тыңдауға жараған балалары: Әбдірахман, Күлбадан, Мағаштарға өзі оқыған кейбір романдарын да қызықты хикая етіп айтып беріп отрамын.

6. Сатылы көп бағыныңқылы сабақтасты табыңыз.

А) Егер бұл тулап, бойды үркітіп жүргенде, Ұлжан көріп қойса, жаман болады.

В) Ереуіл атқа ер салмай, егеулі найза қолға алмай, ерлердің ісі бітер ме?

С) Қыс түсті, қара аттың тізесінен суырынды бұрқыратып, шілденің тозаңындай аспанға шығады.

Д) Тәуелсіздікті анаңдай ардақта, балаңдай мәпеле.

Е) Ақылды кісі мен ақылсыз кісінің, менің білуімше, бір белгілі парқын көрдім.

7. Қай сөйлемнің бағыныңқы сөйлемдері басыңқы сөйлемімен тікелей байланысады?

А) Жарыспалы көп бағыныңқылы сабақтас сөйлем

В) Аралас құрмалас сөйлем

С) Сатылы көп бағыныңқы сабақтас сөйлем

Д) Көп басыңқылы сабақтас сөйлем

Е) Көп құрамды салалас құрмалас сөйлем

8. Төмендегі аралас құрмалас сөйлемнің схемасын табыңыз.

Шөптің бойы биік болады да, қашқан қоян мен түлкі болса, шөптер көрсетпейді, аңдар қалай қарай көшкеніне биік шөптің бойынан орғып шапқан иттің жобасынан ғана байқаймыз.

А) басыңқы, басыңқы, бағыныңқы, басыңқы

В) басыңқы, бағыныңқы, бағыныңқы, басыңқы

С) бағыныңқы, басыңқы, бағыныңқы, басыңқы

Д) бағыныңқы, бағыныңқы, басыңқы, басыңқы

Е) басыңқы, бағыныңқы, басыңқы, басыңқы

9. Аралас құрмалас сөйлемді табыңыз.

А) Көл бетіндегі сырғанақшыларға бармақ болып, Асқар үйден шыққан соң, Айбала шай қоюға кірісті.

В) Мен барар ем, сабалаған қымызым, жетектеген сойыстығым болса.

С) Түсі сұрланып, екі танауы желбірей түсіп, тентек көздері жиреніш отын шашып тұр.

Д) Ертеңінде тұрсақ, жел басылып, бұлт ашылып, маужыраған бір әдемі күн басталыпты.

Е) Жабай шығып кетпегенде, Игілік жігіттерді сөзге айналдырып бөгей тұрмақ еді, ойы жүзеге аспады.

10. Жарыспалы көп бағыныңқылы сабақтастың қай түрі екенін анықтаңыз.

Тау басына бүркітін алып Тұрғанбай жеткенше, Баймағамбет қорым тасты қағуға кіріспей, Қарашолақтың тамағасы тартылғанын тосып тұр екен.

А) Сатылы көп бағыныңқы

В) Әр алуан жарыспалы

С) Қарсылықты бағыныңқы

Д) Бірыңғай жарыспалы

Е) Шартты бағыныңқы

«Құрмалас сөйлемнің көп құрамды түрлері» тақырыбы бойынша тест сұрақтарының жауаптары:

1 – А

2 – Е

3 – С

4 – В

5 – В

6 – А

7 – А

8 – Е

9 – Е

10 – В

Рефлексия «Аяқталмаған сөйлемдер» әдісі

1. Бүгінгі сабақтан ұққаным...

2. Мен үшін жаңалық болғаны..

3. Мен үшін түсінуге қиын болғаны...

4. Сәтті болғаны...

5. Жетілдіруді қажет етеді...

Үй тапсырмасы

10-тапсырма 117-бет

Табиғатты бағындыру үлкен апатта соқтыратыны жөнінде шағын монолог дайындап келу.

ҚМЖ

Сынып: 9

Тақырып: Отбасы және демографиялық өзгеріс

Оқу мақсаты:

Оқылым: 9.2.1.1 тұтас емес (кесте, диаграмма, сызба, сурет) мәтіндердегі мәліметтерді салыстыру, өңдеу;

Жазылым: 9.3.3.1 мәтін құрылымын сақтай отырып, бірнеше графиктік мәтіндегі (диаграмма, кесте) деректерді салыстыру, маңызды тұстары мен үрдістерді (тенденция) анықтап жазу

Сабақ мақсаты:

- білім алушылар тұтас емес мәтіндердегі деректерді салыстыра алады;
- маңызды тұстарын салалас құрмалас сөйлемдерді қолданып жазып алады.


1-тапсырма

«4TTTT» әдісі

Оқылым мәтіні, тұтас емес мәтін бойынша сұрақтарға жылдам жауап тауып жазу


https://docs.google.com/spreadsheets/d/1dYoo2D_cjkV1adsFOrfNMmc74pnTeExPt6l3L9tfNowk/edit?usp=sharing

2025 ж. халық саны және 2050 ж. болжамды халық саны





2025 жыл. Қазақстандағы ауыл және қала халқы үлесі



Сұрақтар:

1. Қазақстандағы ауыл мен қала халқының айырмашылығы қандай?
2. Табиғи өсімнің айырмашылығы қанша?
3. 2015 жылғы көрсеткіш бойынша Қырғызстан мен Өзбекстанның халық санының айырмасы қанша?
4. 2050 жылға қарай халық саны бойынша нешінші орында қай ел тұруы мүмкін?
5. Әлем елдерінің ішінде қай елдерде 2050 жылдары халық саны азаяды?

.....

.....

.....

.....

.....

.....

.....

.....

.....

.....

.....

<https://quizizz.com/admin/quiz/6814811a2b05b619269d546f>

Дескриптор:

- Білім алушылар қабырға газеттеріндегі тұтас емес мәтіндерді зерттеп, сұрақтарға жауап жазады.

2-тапсырма

«Жаңбыр тамшысы» әдісі.

Әр топқа тамшылап тұрған жаңбыр тамшысына мәтіннен алынған сөздер беріледі, сөздерді қатыстырып, құрмалас сөйлем жасайды және тыныс белгілерін (даралаушы, ерекшелеуші) дұрыс қойып шығыңыз

1-топ «Ауыл» тобы

Адамадар, мектеп, бала

2-топ «Халық» тобы

Мемлекет, отбасы, бала-шаға

3-топ «Отбасы» тобы

Құндылық, баспана, салт-дәстүр



<https://ru.depositphotos.com/vector-images/%D0%BA%D0%B0%D0%BF%D0%BB%D1%8F-%D0%B2%D0%BE%D0%B4%D1%8B.html>

.....

.....

.....

.....

.....

.....

.....

.....

Дескриптор:

- сөздерден құрмалас сөйлем жасайды
- құрмалас сөйлемнің түрлерін анықтайды
- тыныс белгілерін (даралаушы, ерекшелеуші, ойдың аражігін ажырататын) дұрыс қолданады
- орфографиялық нормаға сай жазады

3-тапсырма

«Халық санының өсуі экономикаға әсер ете ме?» берілген тақырып негізінде 100–120 сөз көлемінде эссе жазыңыз

- ☐ Эсседе үш бөлім болуын қадағала:
- **Кіріспе:** Тақырыпқа шолу, жалпы ой
- **Негізгі бөлім:** Нақты ойлар, дәлелдер, мысал
- **Қорытынды:** Қысқаша түйін, өз көзқарасың
- ☐ Жазған эссенді **жүппен ауыстырып**, келесі сұрақтар бойынша

ЛОГИКАЛЫҚ ЖӘНЕ ҚҰРЫЛЫМДЫҚ РЕДАКЦИЯ ЖАСА:

- Әр абзац бір негізгі ойды қамтып тұр ма?
- Ойлар бір-бірімен байланысты ма?
- Артық немесе қайталанған сөйлем бар ма?
- Мысалдар нақты ма?

[illegible]

Дескриптор:

1. Эссені кіріспе, негізгі, қорытынды бөліктерге бөліп жазады
2. Әр абзацта бір негізгі ойды дамытады
3. Эсседе дәлел немесе мысал келтіреді
4. Өз жазбасына логикалық және құрылымдық түзетулер енгізеді
5. Эсседе дәлел немесе мысал келтіреді
6. Қайталанатын немесе артық сөйлемдерді өндейді, қысқартады.

Рефлексия. «Білім почтасы» әдісі

<https://www.tiktok.com/@gulzinabahytkyzy/video/7201102187647339781>



ЕББҚ:

1. Психологиялық факторлардың салдарынан қолайсыздық туындаған бала (ұялшақ): педагог бүгінгі өте белсенді қатысқаны үшін мадақтау сөздері арқылы қолдау.

2. Ойлау деңгейі жоғары-қабілеті жоғары білім алушы: педагог құрмалас сөйлемнің тыныс белгілерін (даралаушы, ерекшелеуші, ойдың аразігін ажырататын) ережеге сай қолдану арқылы қабілетін ашады.

Үй тапсырмасы: «Word wall» әдісі арқылы тыңдалым мәтінін пайдаланып әр білім алушы өз қалауында «Word wall» бағдарламасы арқылы тапсырма жасайды.

Қорытынды

Қазіргі білім беру жүйесінің жаңаруы мен цифрлық трансформациясы жағдайында қазақ тілін оқыту үдерісіне жасанды интеллект технологияларын тиімді кіріктіру уақыт талабы болып табылады. 5-9-сынып білім алушыларының тілдік құзыреттілігін қалыптастыру мен сөйлеу әркетінің түрлерін дамытуда ЖИ құралдарын мақсатты және әдістемелік тұрғыда қолдану педагог мен білім алушының мүмкіндіктерін кеңейтіп, білім берудің сапасын арттыруға мүмкіндік береді.

Бұл әдістемелік ұсыным 5-9-сыныптарда қазақ тілін оқыту процесіне жасанды интеллект технологияларын енгізудің теориялық негіздері мен практикалық тәсілдерін ұсынуды мақсат етті. Қазіргі цифрлық дәуірде ЖИ білім беру саласында, соның ішінде тілдік пәндерді оқытуда зор әлеуетке ие екендігін атап өткен жөн. Ұсыным қазақ тілі педагогтеріне, әдскерлеріне ЖИ технологияларының әлеуетін толық ашуға, оны оқыту процесіндегі инновациялық тәсілдердің бірі ретінде тиімді қолдануға және білім алушылардың қазақ тіліне деген сүйіспеншілігін арттыруға бағыт беретіні анық. Білім берудегі ЖИ-дің дамуы – бұл үздіксіз процесс, сондықтан педагогтің үнемі ізденісте болып, жаңа технологияларды меңгеруі маңызды.

Бұл әдістемелік ұсынымда жасанды интеллектінің қазақ тілі пәніндегі оқылым, жазылым, тыңдалым және айтылым дағдыларын дамытуға қосатын үлесі, оны сабақта қолдану жолдары, нақты платформалар мен тапсырма түрлері қарастырылды. Әсіресе, білім алушылардың жас ерекшеліктерін ескере отырып, ЖИ технологияларын саралап қолдану – оқытудың тиімділігін арттырып қана қоймай, олардың шығармашылық және сыни ойлау қабілетін жетілдіруге септігін тигізеді.

ЖИ-ді қазақ тілі сабақтарына тиімді кіріктіру келесідей маңызды артықшылықтарға қол жеткізуге мүмкіндік береді:

- Оқытуды жекелендіру: әр білім алушының білім деңгейіне, оқу қарқынына және қажеттіліктеріне сәйкес келетін оқу материалдарын, тапсырмаларды және кері байланысты ұсыну арқылы оқу процесінің тиімділігін арттырады.

- Тиімділікті арттыру: педагогтердің қайталанатын жұмыстарын (мысалы, бағалау, материалдарды іріктеу) автоматтандыру арқылы олардың уақытын үнемдейді, бұл педагогке білім алушылармен жеке жұмыс істеуге және шығармашылыққа көбірек көңіл бөлуге мүмкіндік береді.

- Білім алушылардың қызығушылығын арттыру: интерактивті ЖИ құралдары мен платформалары оқу процесін қызықты әрі тартымды етеді, бұл білім алушылардың тілдік дағдыларын белсенді түрде дамытуға ынталандырады.

- Тілдік құзыреттілікті дамыту: ЖИ сөйлеуді тану, мәтін талдау, аударма және чатботтар сияқты функциялары арқылы білім алушылардың тыңдау, сөйлеу, оқу және жазу дағдыларын кешенді түрде жетілдіруге көмектеседі және т.с.с.

Дегенмен ЖИ технологияларын қолдануда тек техникалық мүмкіндіктермен шектелмей, оның этикалық, құқықтық және әлеуметтік аспектілерін де ескеру маңызды. Білім алушыларды ЖИ берген ақпаратты сыни тұрғыдан бағалауға, жауапкершілікпен пайдалануға және плагиаттан аулақ болуға үйрету – басты міндет. ЖИ құралдарын білім беру процесіне ендіру барысында этикалық, академиялық адалдық, ақпараттың шынайылығы мен дербес деректер қауіпсіздігі секілді маңызды мәселелер де назардан тыс қалмауы тиіс. Педагог ЖИ-ді білім алушы үшін тапсырмаларды орындап беретін құрал ретінде емес, керісінше, бағыт-бағдар беретін, тілдік дағдыны дамытатын, ойлануға жетелейтін көмекші серіктес ретінде қарастыруы керек.

Жасанды интеллект – бұл педагогтің орнын басатын құрал емес, керісінше оның педагогикалық қызметін толықтыратын және кеңейтетін сенімді көмекші. Педагогтің білімі, тәжірибесі және білім алушымен тікелей қарым-қатынасы оқу процесінде әрқашан шешуші рөл атқарады.

Қорыта айтқанда, қазақ тілін оқытуда жасанды интеллектіні мақсатты және тиімді қолдану – білім беру мазмұнын жаңартудың, білім алушы әлеуетін ашудың және педагог еңбегін жеңілдетудің заманауи шешімі. Ұсынылған әдіс-тәсілдер, ұсынымдар педагогтерге инновациялық технологияларды оқу процесіне бейімдеп енгізуге және білім алушылардың тілді меңгеруін жаңа деңгейге көтеруге жол ашады.

Пайдаланылған дереккөздердің тізімі

1. «Жасанды интеллектті дамытудың 2024 – 2029 жылдарға арналған тұжырымдамасын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2024 жылғы 24 шілдедегі № 592 қаулысы
2. Солдатенко Д.М. Искусственный интеллект: прошлое, настоящее и будущее // Российский внешнеэкономический вестник. – 2020. – №9. – С. 127-134.
3. Стивен П. Тіл – инстинкт. – Алматы: «Ұлттық аударма бюросы» қоғамдық қоры, 2019. – 386 б.
4. Шобонов Н.А., Булаева М.Н., Зиновьева С.А. Искусственный интеллект в образовании // Вестник Нижегородского государственного педагогического университета. – 2023. – №4. – С. 288-290.
5. Платов А.В., Гаврилина Ю.И. Искусственный интеллект в образовании: эволюция и барьеры // Научный результат. Педагогика и психология образования. – 2024. – Т. 10. – № 1. – С. 26-43. – DOI: 10.18413/2313-8971-2024-10-1-0-3.
6. Тоқаев Қ-Ж. Digital Bridge 2023 форумында сөйлеген сөзі // <https://egemen.kz/article/350838/>
7. «Жасанды интеллектті дамытудың 2024-2029 жылдарға арналған тұжырымдамасын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2024 жылғы 24 шілдедегі № 592 қаулысы
8. «Қазақстан Республикасында мектепке дейінгі, орта, техникалық және кәсіптік білім беруді дамытудың 2023-2029 жылдарға арналған тұжырымдамасын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2023 жылғы 28 наурыздағы № 249 қаулысы
9. «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2025 жылғы 23 қаңтардағы № 12 бұйрығы
10. <https://www.akorda.kz/kz/memleket-basshysy-kasym-zhomart-tokaevty-nukimettin-keneytilgen-otyrysynda-soylegen-sozi-2801820>
11. Мазанюк Е. Ф. Применение искусственного интеллекта в школах РФ: перспективы и неоднозначные последствия // Социальные и гуманитарные науки. Отечественная и зарубежная литература. Серия 8. Науковедение: реферативный журнал. – 2021. – № 4. – С. 85-99.
12. Natarajan U., Lim K., Cheah H.M. Twenty Years of Thinking Schools, Learning Nation (TSLN) Vision: Reflections on Singapore's ICT Masterplans // THF Working Papers Series. – 2018. – No. 2. – Singapore: The HEAD Foundation. – 27 p.
13. Mytra P., Wardawaty, Akmal, Kusnadi, Rahmatullah. Society 5.0 in Education: Higher Order Thinking Skills // Proceedings of the Borobudur International

Symposium on Humanities and Social Sciences (BIS-HSS 2020), Indonesia, 18 November 2020. – EAI, 2021.

14. https://www.akorda.kz/kz/prezidentke-zhasandy-intellekt-salasyndagy-otandyk-onimder-tanystyryldy-1111203?utm_source=chatgpt.com

15. Bilimland порталы туралы // <https://bilimclass.kz/>

16. OPIQ электронды кітаптары туралы // <https://www.opiq.kz/>

17.

<https://drive.google.com/file/d/1nPL6ngnmZLnz3yFcVi7WaLj38kdotSpy/view>

18. <https://Qazcorporata.kz>

19.

https://begemot.ai/report?utm_source=yandex&utm_medium=cpc&utm_campaign=15407606&utm_content=16618700656&utm_term=---autotargeting&yclid=16810870424146542591

20.

https://giga.chat/?utm_source=yandex&utm_medium=cpc&utm_campaign=gigachat_person_perform_frk_202402050004_rk486314gr3763_context_master_general_rus_update|106890979&utm_content=cid|106890979|gid|5396196835|ad|16963403206_16963403206|ph_id|50282919726|src|none_search|geo|Семей_165|&utm_term=gpt&yclid=1502734446680080383

21. Қазақ тілі: жалпы орта білім беретін мектептің 10-сыныбының жаратылыстану-математикалық бағытына арналған оқулық. Ермекова Т.Н., Тоқтыбаева Г.Б., Дүсіпова Н.Ә. – Нұр-Сұлтан: «Арман-ПВ» баспасы, 2019. – 176 бет.

22. <https://gemini.google.com/app?hl=ru>

23. <https://bardgoogle.ru>

24. <https://quizgecko.com/home>

25. <https://gemini.google.com/app/df12a6c0e1c7fed7?hl=en-GB>

26. <https://kk.khanacademy.org/teacher/dashboard>

27. <https://quillbot.com/paraphrasing-tool>

28. <https://seapik.com/kk-KZ/ai-writer>

29. <https://openai.com/chatgpt/pricing/>

30. <https://sozdik.kz>

31. Ақынжанов, С. (2015). Қазақ тілін оқыту әдістемесі және жаңашыл педагогика. Алматы: ҚазҰПУ

32. Ахметжанова Жанар Балтабекқызы, Балапанова Құндыз Жарылғасынқызы. Қазақ тілін оқытудағы ақпараттық технологиялар // Ғылым мен білім жетістіктері. 2019, № 4

33. Баймұхамбетов, Б.С. Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар және педагогика. Астана: Фолиант, 2018.

34. Калиев А.К., Рыбин С.В. Акустическое моделирование для синтеза казахской речи // Научно-технический вестник информационных технологий, механики и оптики. 2019. №5.

35. Саттарова, А. Р. (2020). Технологияларды қолдану арқылы қазақ әдебиетін оқыту әдістері. Алматы: Мұрат-ПВ.

36. Devlin, J., Chang, M.-W., Lee, K., & Toutanova, K. (2019). BERT: Pre-training of Deep Bidirectional Transformers for Language Understanding. <https://arxiv.org/abs/1810.04805>
37. Google AI Blog (2023). Introducing Gemini: Google's Next-Gen AI Platform. <https://blog.google/technology/ai/google-gemini-ai/>
38. Sozdik.ai. Қазақ тіліндегі сөздік қорын байыту және мәтіндерді түсіну платформасы. <https://sozdik.ai>
39. Kazakh NLP. Қазақ тіліндегі мәтіндерді өңдеуге арналған жасанды интеллект технологиялары. <https://github.com/kaznlp>
40. Read Along by Google. Балалар мен білім алушыларға арналған оқуды жақсартатын интерактивті платформа. <https://readalong.google>
41. QuizGecko. Білім алушылардың білімін тексеру және дамытуға арналған викторина платформасы. <https://quizgecko.com>
42. EMAZE. Интерактивті презентациялар жасауға арналған визуалды платформа. <https://www.emaze.com>
43. Educaplay. Оқу мен білім беруді интерактивті етуге арналған платформа. <https://www.educaplay.com>
44. Kazakh TTS2. Қазақ тіліндегі мәтіндерді дыбыстайтын жасанды интеллект жүйесі. <https://github.com/IS2AI/KazakhTTS2>
45. Educaplay платформасын пайдалану туралы нұсқаулық https://ust.kz/word/educaplay_platformasyna_nusqaylyq-395839.html
46. Құдайбергенова К.Ш. «Білім беруді цифрландыру: жаңа парадигмалар», Алматы, 2021.
47. Әбдірәсілқызы С. «Қазақ әдебиетін оқыту әдістемесі», Астана, 2020.
48. www.bilimland.kz – Цифрлық білім беру ресурстары.
49. UNESCO Digital Education Global Reports, 2023.
50. 2021-2025 жылдарға арналған «Сапалы білім беру «Білімді ұлт» ұлттық жобасы.
51. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың Қазақстан халқына жолдаған «Әділетті Қазақстанның экономикалық бағдары» жолдауы.
52. https://kaz.inform.kz/news/zhasandy-intellekt-damuyn-bakylauda-ustau-kazhet-pe_a4096814/

Мазмұны

Кіріспе.....	3
1. «Қазақ тілі» пәнін оқытуда жасанды интеллектіні қолданудың ерекшеліктері.....	5
2. «Қазақ тілі» пәнін оқытуда жасанды интеллектіні қолдану бойынша әдістемелік ұсынымдар.....	155
Қорытынды	316
Пайдаланылған дереккөздердің тізімі	318